

А 2007  
544 к

М. БАЛАҚАЕВ  
Р. СЫЗДЫҚОВА  
Е. ЖАНПЕЙІСОВ

# Қазақ әдеби тілінің тарихы











М. БАЛАҚАЕВ, Р. СЫЗДЫҚОВА, Е. ЖАНПЕЙІСОВ

# ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ТАРИХЫ

УНИВЕРСИТЕТ ПЕН ПЕДАГОГТЫҚ ИНСТИТУТТАРДЫҢ  
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОҚУ ҚҰРАЛЫ

«МЕКТЕП» БАСПАСЫ  
АЛМАТЫ — 1968

*Қазақ ССР Жоғары және  
орта арнаулы білім  
министрлігі бекіткен*

7-1-3

30 — 67 М

## АЛҒЫ СӨЗ

Университет пен педагогтық институттардың филология факультеттерінде «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты курс оқу жоспарына еніп, лекциялар оқылып жүргенмен, қазақ әдеби тілінің қалыптасу, даму тарихын баяндайтын жүйелі оқулық не оқу құралы жоқ.

Осы оқу құралы — әдеби тіліміздің екі ғасыр ішіндегі даму тарихын жүйелі түрде баяндаудың тұңғыш бастамасы.

Қазақтың жалпы халықтық және әдеби тілінің де жеке мәселелері, дәуірлеу принциптері туралы біраз еңбектер, мақалалар, азын-аулақ материалдар бар. Әсіресе XIX ғасырдың II жартысындағы негізін Абай, Ыбырайлар қалаған жаңа жазба әдеби тіл туралы қазақ тіл білімінде талассыз пікірлер айтылды. Сондай-ақ, тіліміздің осы күндерде — совет дәуірінде — жаңа қарқынмен, жаңа факторларға сай әрі қарай жетілуі, нормалануы тек арнаулы мақалаларда емес, грамматика курстарында, сөздіктерде, қазіргі қазақ тілі мәселелеріне арналған диссертациялық еңбектерде айтылып, недәуір материал жиналып қалды.

Біз ең алдымен әдеби тіліміздің тарихына қатысты қолда бар еңбектерді, мақалаларды пайдаландық. Бірақ көптеген мәселелер әлі де жеке зерттеу объектісі бола алмай, көп жайлары ашылмай келе жатқандықтан, осы оқулықты жазу үстінде біраз материалды талдап, тұжырымды пікір айтуға тура келді. Мүмкіндігінше, көпшілік қолдап жүрген қағида-принциптерге сүйендік. Оқулықты жазуда оның құрылымы, тақырыптарды баяндау жүйесі, тіпті кейде көлемін жеке лекцияларға лайықтау жөнінде орыс әдеби тілінің тарихы туралы жазылған оқулықтарды басшылыққа алдық. Бірақ әр тілдің даму процесінде өзіне тән, сол тілдің иесі болған халықтың тарихына байланысты өзгешеліктер болатындықтан, орыс әдеби тілі тарихы мен қазақ әдеби тілі тарихын баяндау дәлме-дәл, ізбе-із, схемалас түсіп отырмайды.

Әдеби тіліміздің даму кезеңдері төрт дәуірге бөлінеді: 1) XVIII ғасырдың орта тұсы мен XIX ғасырдың I жартысы; 2) XIX ғасырдың II жартысы, 3) XX ғасырдың басы (1900—1920); 4) совет дәуірі (1920—1967).

Көне әдебиеттерде түркі жазуымен және араб графикасымен жазылған мысалдар қазіргі таңбаларымызбен берілді. Бірақ айтылу дәстүрі сақталып, кейбір сөздерді әр дәуірде әр түрлі жазып көрсеттік. Біздің қазіргі орфогра-

фиямызға сай болмаса да, олар қате болып ескерілмеуі керек. Мысалдар, негізінен, жарияланған еңбектерден алынды, мәселен XVIII—XIX ғасыр көркем әдебиетінен келтірілген фактілер «XVIII—XIX ғасырдағы қазақ ақындарының шығармалары» атты кітаптан, совет тұсындағы ақын-жазушылар тілінен келтірілген мысалдар олардың жеке кітап, жинақтарынан алынды. Сондай-ақ, фольклордан келтірілген мысалдар үшін «Батырлар жыры» тәрізді нұсқалар пайдаланылды.

Оқу құралының «Кіріспе» бөлімін және «1940 жылдан кейінгі әдеби тіл» атты тарауын жазған — проф. М. Балақаев; «XVIII—XIX ғасырдағы әдеби тіл» тарауын жазған — Р. Сыздықова, «XX ғасырдың басындағы әдеби тіл» және «1920—30 жылдардағы әдеби тіл» тарауларын жазған — Е. Жанпейісов.

## КІРІСПЕ

### 1. Әдеби тілдің сипаттамасы

Әдеби тіл дегеніміз — жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түскен, стильдік тармақтары бар, қоғамдық қызметі әр алуан тіл. Әдеби тілді осылай, басты-басты белгілеріне қарай анықтау арқылы оның ауызекі тілден елеулі айырмашылығы бар екенін де аңғарамыз. Әдеби тілмен қоян-қолтық қарым-қатынасқа енбеген ауызекі тілде шашыраңқылық, ала-құлалық күшті болады. Ауызекі тілді әдеби тіл дәрежесіне көтеру үшін алдымен оның байлығын арттырып, тілдегі бар материалды жазба әдебиеттің елегінен өткізіп, таңдап, сұрыптап, сымбаттылық қасиетін жетілдіру керек. Әдеби тілдің жалпы халықтық негізі ретке келтірілген сайын оның байлығы, мәдениеті артып, жұмсалуды аясы бұрынғыдан да кеңейеді. Әдеби тіл жалпы халықтық тілдің ең жоғарғы формасы болып есептеледі.

Тілді, оның әдеби түрін де халық жасайды. Оның халықтық негізін бұзбай, ұтымды, өскелең байлықтарын кең түрде пайдаланып, жақсы қасиеттерін дамыта түсуде алдыңғы қатардағы, прогресшіл халық уәкілдерінің, ақын-жазушылардың, өнер-білім иелерінің, басқа да қалам қайраткерлерінің атқаратын қызметі ерекше. Осы тұрғыдан Абай мен Ыбырайлар қазақтың әдеби тілі тарихының төрінен орын алады. Көркем әдебиеттің, алдымен поэзия, сонан соң проза жанрларының, негізінде дамыған әдеби тіл мен ғылымның, өнер-білімнің, газет-журналдың, мемлекеттік іс қағаздарының т. б. тілдері әр кезеңде әр түрлі дәрежеде дамыды. Бәрінің де әдебиеттік қасиетке ие болуы халықтың жазу мәдениетіне байланысты. Сондықтан да жазба тіл — тілдің әдеби қалыпқа түсуінің басты белгісі. Жазба әдебиет арқылы тіл байлықтары екшеліп, оның құрылысы жүйелі қалыпқа түсіп дамиды. Қазақ халқының жазуы болмай тұрған кезде бай ауыз әдебиеті болды. Ауыз әдебиеті — әдеби тілді қалыптастырудың алғашқы лабораториясы, әдеби тілді шыңдаудың әдепкі дүкені. Бірақ фольклор тілінде жалпыға ортақ тілдік нормалар түгел бола бермейді, көп жерде ауыз әдебиеті

үлгілерінің тілі ауызекі сөйлеу тілімен ұштасып жатады. Дегенмен фольклор тілі әдеби тілді жалпы халықтық тіл негізінде дамытуға, халық тілінің байлықтарын, көркемдік мүмкіншіліктерін пайдалануға керек сарқылмас қазына болып табылады.

Сөйтіп, жазба әдеби тіл деген ұғым халықтың жазу мәдениетімен тығыз байланысты екен. Жазба әдеби тіл жазу арқылы, әдеби мұраларды баспаға басып жұртқа тарату арқылы, ауызекі тілдің байлықтарын екшеп саралау арқылы қалыптасады. Онда да қағазға, тасқа жазылғанның, баспаға басылғанның бәрін әдеби тілдің үлгісі дей алмаймыз. Мысалы, VII ғасырларда құлпы тасқа жазылған Орхон-Енисей ескерткіштері тілінің бәрі бірдей әдеби емес.

Әдеби тіл — жүйелі тіл. Жазба тілдің ілгері даму барысында халық тілінің сөз байлығы молайып, грамматикалық құрылысы ықшамдалады, сұрыпталады; жазу мәдениеті өсу арқылы халықтың тіл мәдениеті артады. Сөйлеу тілінде, мысалы, көптеген сөзді әркім әр түрлі айтатын, түрліше қолданатын болса, әдеби тілде олар жұрттың бәріне бірдей, бір қалыпты жұмсалады. Ондай бір ізділік орфографияда да, орфоэпияда да, терминологияда да, грамматикада да, әйтеуір, тілдің, тіл мәдениетінің барлық тарамдарында да болуға тиіс. Нормаға түспеген тіл әдеби тіл деп есептелмейді. Тілдің нормалану дәрежесі неғұрлым айқын болса, оның әдебилік қасиеті соғұрлым жоғары болады.

Жазба әдеби тіл — стильдік тармақтары бар тіл. Жазба әдеби тіл қоғамның, мемлекеттің ресми тілі болғандықтан, оның қызметі де барынша кең болады. Ол — мемлекет бойынша жүргізілетін іс қағаздарының, барлық әдебиеттің, оқу-ағарту жұмыстарының, өнер-білімнің тілі. Сол орайда түрлі-түрлі тілдік стильдер пайда болады. Мысалы, қазақ әдеби тілінде XVIII ғасырдың екінші жартысында іс қағаздар (ресми-эпистолярлық) стилі, көркем әдебиет (өлең-жырлар) стилі болды.

Қазіргі қазақ жазба әдеби тілінің жұмсалу аясы кеңейді. Өмірдің әр алуан салаларында жұмсалатын әдеби тіліміз стильдік түрліше өң алып дамып келеді. Қазір оның мынандай стильдік тармақтары бар: 1) ресми іс қағаздар немесе кеңсе тілінің стилі; 2) публицистикалық стиль (газет-журнал тілінің стилі); 3) ғылыми-техникалық әдебиеттің стилі; 4) оқу-педагогикалық әдебиеттің стилі; 5) көркем әдебиет тілінің стилі.

Әдеби тілдің мұндай стильдік тармақтары әдеби тілдің дамуы нәтижесінде жасалады. Ендеше, тілдің стильдік жүйелерінің саралануы — тілдің әдебилігінің басты белгісінің бірі. Тілдің стильдік тарамдары неғұрлым сараланған болса, әдеби тілдің соғұрлым жан-жақты жетілгендігі көріне түседі.

Әдеби тіл — қоғамдық қызметі ерекше тіл. Сөйлеу тілі бет-бет қарым-қатынас жасаудың құралы болса, әдеби тіл — өнердің, мәдениеттің, ғылымның, оқу-ағарту, тәрбие жұмыстарының, саясаттың, кеңсенің, баспасөздің тілі. Әдеби тілдің бір-

келкі әрі жаппай, қоғамдық өмірдің барлық саласында да жұмсалуды — оның ұлт тілі болуының да белгісі. Әдеби тіл — қоғамның қатынас құралы болуымен қатар, қоғамның ілгері даму күресінің де құралы. Ол өзінің ілгері даму барысында әдебиеттің, мәдениеттің, ғылымның, өнердің дамуына да ықпалын тигізеді.

Халық тілі не оның бір диалектісі негізінде жасалған әдеби тілдің ауызекі сөйлеу тілімен байланысы күшті болады: әдеби тіл, бір жағынан, халық тілі байлықтарын бойына сіңіру орайында кемелденсе, екінші жағынан, халықтың сөйлеу тіліне өз ықпалын тигізеді. Сауатты, мәдениетті жұрт әдеби тілмен сөйлеуге тырысады да, ақырында, ол — жалпы халықтық дәстүрге айналады. Соның нәтижесінде әдеби тілдің екі түрі пайда болады: бірі — жазба әдеби тілі, екіншісі — сөйлеу (ауызша) әдеби тілі.

## 2. Қазақ әдеби тілінің тарихы туралы

«Әдеби тіл», «жазба әдеби тіл» категорияларын, оның жеке кезеңдерін зерттемей тұрып, әдеби тілдің тарихын дұрыс бағдарлауға болмайды. Бізде қазақ әдеби тілінің тарихы туралы көзқарастың әр түрлі болу себебін осы жағдайлармен түсіндіруге болады. Мысалы, Ғ. Мұсабаев II ғасырда Жетісу маңында Үйсіндер мемлекеті өмір сүрді, олардың әдебиеті болды, сондықтан әдеби тіліміздің тарихын II ғасырдан бастау керек дейді; Б. Кенжебаев ауыз әдебиеті, ру әдебиеті V ғасырда пайда болды, сондықтан қазақ әдеби тілінің тарихын V ғасырдан бастауды ұсынады; Н. Т. Сауранбаев, С. А. Аманжолов, І. К. Кенесбаев тағы басқалар қазіргі қазақ әдеби тілінің негізін салушы Абай, Ыбырайлар деп танып, жазба әдеби тіл тарихын XIX ғасырдың екінші жартысынан бастауды жөн деп табады. Әдеби тіліміз Октябрьден кейін жасалды, сондықтан оның тарихын бертіннен бастау керек дейтіндер де бар. Бұл мәселе жайында осындай пікірлердің болуы әдеби тіл дегенді әркімнің әр түрлі түсінуінен және әдеби тіл мен әдеби емес тілдің жігін айырмаудан туған.

Әдеби тілдің тарихын айқындаудың қиын екені рас. Оның қиындығы әдеби тілдің нелерден құралатынын айқындаудың да қиындығынан туады. Әдеби тіл тарихының ұзақ не қысқа болуы да оның қалыптасу процесінде халық тілінің байлықтарын меңгеру дәрежесімен және ол байлықтарды әр алуан әдебиеттің елегінен өткізу тарихымен ұласып жатады.

Әдеби тілдің тарихын зерттегенде белді ақын-жазушылардың орны ерекше. Олардың шығармаларының тілдік материалдары негізінде әдеби тілдің даму, қалыптасу процесін айқындауға болады. Әдеби тілдің тарихы халық ағарту жұмыстарының, мәдениеттің, ғылымның тарихымен, қоғамдық ой-сананың даму тарихымен байланысты. Абай, Ыбырай, Сәкен, Мұхтар, Сәбит сияқты өресі биік, өнегелі жазушылардың жаңа реалис-



тік әдебиет үшін күресі әдеби тіл үшін де күрес болып табылады. Бірақ әдеби тілді тұтасынан жеке жазушы жасамайды. Орыс әдеби тілін Пушкин жасады, өзбек әдеби тілін Новаи жасады, қазақ әдеби тілін Абай жасады деу — нанымсыз пікірлер. Күллі қоғамға қызмет ететін, қарым-қатынас жасаудың ең жоғарғы формасы болып табылатын әдеби тілді ешқашан да бір кісі жасамайды. Бірақ халық тілін, ауызекі сөйлеу тілін сұрыптап, жүйеге салуда, тіл шеберлігінің әдебиеттік, ұтымды, жаңа үлгілерін тудыруда, әдеби тілдің жаңа этаптарының негізін салуда жеке классик ақын-жазушылардың ролі ерекше болады.

Міне, осындай қабілетіне, тіл шеберлігінің, тіл мәдениетінің өзгелерге өнегелі үлгілеріне қарап, Пушкинді, Абайды өз халықтарының жазба әдеби тілдерінің халық тілі арнасымен дамуына жаңа жол салды, жаңа бағыт орнатты деп танып, оларды жаңа әдеби тілдің негізін салушылар деп танимыз.

«Абай өз шығармаларын қазақ тілінің шығыс диалектінде жазған» деген пікірлер де болды. Бірақ, біріншіден, қазақ тілінде ондай жеке диалекті жоқ, екіншіден, Абайды бір ғана диалектіде жазды деу шындыққа жатпайды. Дұрысында, Абай мен Ыбырайлар тұтас қазақ территориясын мекендеген жалпы халық тілінің байлықтарын жақсы біліп, дұрыс ұштап, жарата білді. Егер олар өз шығармаларын бір тайпы елдің, өз елінің ғана «диалектінде» жазған болса, мұншалықты түсінікті болып, кең тарамас еді.

Сөйтіп, әдеби тілдің тарихын бір ғана ақын не жазушының творчествосымен, тек солардың ғана сөз өнерімен байланыстыруға болмайды. М. Әуезов айтқандай: «Әдеби тіл бір дәуірдің бір-ақ жазушысымен бірге туып қана қоймайды ғой. Бұл ретте орыс әдеби тілінің негізі туралы айтқан орыс ғалымдарының пікірін алсақ, олардың да ешқайсысы орыстың әдебиет тілі тек А. С. Пушкиннен басталды деп айтқан емес»<sup>1</sup>. Рас, орыс әдеби тілін жасаудағы, байытудағы Пушкин сөздігінің ерекше әсері болғандығын А. М. Горький де атап көрсетеді. А. М. Горький Пушкин бізге халық тілін қалай қорытып пайдалануды көрсетіп кетті деген болатын. Осы тәрізді Абай да жалпы халықтық тілге сүйене отырып, әдеби тілімізді жаңа сапаға, жаңа биікке көтергендігі рас. Бірақ қазақтың әдеби тілінің басын Абай мен Ыбырайдың тілінен бастайтын болсақ, Абайға дейінгі ғасырдан ғасырға өтіп, ел аузында сақталған халықтық асыл қазынамыз ауыз әдебиетінің сөз өнерін былай қойғанда, Абай мен Ыбырай алдындағы XVIII—XIX ғасыр ішінде өмір сүрген ақындар тобы қалыс қалмақ. Осы орайда М. Әуезовтің мына бір пікірін еске алу орынды: «Абайдың алдындағы қазақ халқының көп ғасырдан келе жатқан мол эпостарындағы, ұзынды-қысқалы

---

<sup>1</sup> М. Әуезов. Қазақтың әдеби тілі туралы.— «Әдебиет және искусство», 1951, № 4.

салттық, тарихтық жырларындағы шебер көркем өлең үлгілерін ұмытуға бола ма? Оларда немесе XVIII ғасырда көпке жайылған жырлар тудырған Бұхарда, XIX ғасыр басында асыл-әсем бай тілмен халықтық асқақ, ескек жырлар тудырған Махамбетте қазақтың әлеуметтік тілінің үлгі-өрнектері жоқ деуге бола ма? Әсіресе Октябрь революциясынан бұрын қазақтың барлық өлкелерінде тіл байлықтары тұтасып қосылып, біркелкі мол қазына болмай тұрған кезінде еңбек еткен Абайдың шығармалары әдебиет тілінің түгел негізін құра қойды деуге сыя ма? Олардың да сөз қолдану үлгілерін әдеби тіліміздің жалпы даму, жетілу, қалыптасу барысынан бөліп алып қарау қаншалықты орынды болмақ?»<sup>1</sup>. Демек, әдеби тіл жоғарыда көрсеткенімздей, бір ақынның тұсында не белгілі бір облыс тұрғындарының тілі негізінде пайда бола қалмайды.

Қазақ халық болмай тұрған кезде, XV ғасырға дейін, одан кейін де, түрік халықтарына ортақ біраз әдебиет және әдеби тіл болған, бірақ оған қазақ ру тайпалары тілдерінің қатысы қанша екенін айыру үшін зерттеулер әлі толық жүргізілген жоқ. Қолда бар мағлұматтарға қарағанда, мысалы, Алтын Орда тұсындағы (XIII—XV) әдеби мұралардың бірқатары оғуз-қыпшақ не қыпшақ, оғуз тілдеріне тән деп есептеледі. Солардың бірі — «Мухаббат-наме» (XIV ғасыр), енді бірі — «Гүлистан». «Мухаббат-намені» 1352 жылы Сырдарияның төменгі жақ бойында Хорезми жазады. Оның тілінің негізі қыпшақ тайпаларының, оған оғуз тайпалары тілдерінің ықпалы тиген сияқты. Жалпы тіл орамына қарағанда, ол «көне өзбек әдеби тіл табиғатының қалай болғанын көрсетеді» (А. Щербак). Қазақ тілінде бар *мұнда, айтым, сөз, төрт* тәрізді сөздер онда да бар, бірақ ондай көп тілге ортақ сөздерге қарап «Мухаббат намені» қазақ әдеби тілі тарихына да енеді деп әзір айту қиын. Сейфа Сарайдың «Гүлистан-бит-тюрки» деп аталатын аудармасы 1391 жылы Мысырда (Египетте) қыпшақ мамлюктері тұсында пайда болады. Оның да тілінің негізі қыпшақ тайпаларына тән болғанмен, сол қыпшақтардың бірі қазақтар тіліне қатысы тікелей емес, жанама түрде ғана.

XI ғасырда (1074 жылы) Иракта араб тілінде «Дивани лугати-ат-тюрк» деген атпен үлкен сөздік шығады. Ол сөздіктің авторы Махмуд Қашкари көптеген түркі тілдерінің, оның ішінде қыпшақ тайпаларының, материалдарын береді, үш жүздей мақал-мәтелдерді, көптеген өлең үзінділерін келтіреді. Солардың тілін зерттеген кісі қазақ тіліне де қатысты біраз материалдар табады. Бірақ сол материалдарға сүйеніп қазіргі қазақ әдеби тілінің тарихын сол заманнан бастау үшін әлі де біраз зерттеу жұмысын керек етеді. Немесе XV ғасырда Сырдарияның төмен-

<sup>1</sup> М. Әуезов. Қазақтың әдеби тілі туралы.—«Әдебиет және искусство», 1951, № 4.

гі бойында Ахмед Яссауидың «Хикмат» деген мистикалық идеяны уағыздайтын кітабы шығады. Оның тілінің негізі қыпшақтық болғанмен, оны да қазақ әдеби тілінің сол тұстағы тікелей үлгісі дей алмаймыз. Бірақ та жоғарыда айтылған әдебиеттерге, тіпті Орхон-Енисей жазу ескерткіштері тіліне, қазақтың қатысы жоқ деп кесіп айту да ағаттау. Оларды көптеген түркі халықтарына, соның бірі қазақ халқына, ортақ мұра ретінде қарауға тиіспіз.

Қазақтың халық болып құралған шағы XV ғасыр екендігі мәлім. Қазақтың халықтық тіл өрнегі де сол тұста айқындалады. Жалпы тіл тарихы мен әдеби тіл тарихының өз алдына екі бөлек құбылыс екенін де есте ұстаған жөн. Себебі белгілі бір халық тілінің тарихы әдеби тіл тарихынан әлдеқайда ерте басталады.

Әдеби тіл әдетте халық тілінің белгілі бір нормалық бітім алып, жекелеген стильдік құбылыстарға тармақтана бастауы десек, халықтық тіл әбден айқындалып болмай тұрып, жазба әдеби тілдің пайда болуы, қалыптаса бастауы, оның кезеңдері туралы сөз қозғаудың қисыны жоқ. Өйткені жазба әдеби тіл — жеке ру, ұлыстық тілдердің емес, халықтық тілдің топырағында пайда болатын құбылыс. Бірақ халықтық тілдің жазба әдеби тілдік сипат алуына байланысты мына бір жағдайды ескермей тағы болмайды. Халықтық тіл пайда болысымен, лезде ол жазба әдеби тілдік бітім ала қоймайды. Жазба әдеби тіл халық тілі әбден қалыптасқан соң, араға едәуір уақыт салып барып пайда болуы да, кейде тіпті іле-шала-ақ пайда бола бастауы да ықтимал. Бұл жағдай ең алдымен сол халықтың мәдени дәрежесімен, жазба әдебиетінің пайда болуымен байланысты. Солай болғандықтан, көне ескерткіштерді, одан беріректегі жазба мұраларды өзімізге қарай қанша тартқылағанмен, қазақтың жазба әдеби тілінің басын сонау II не V ғасырдан шығарудың реті жоқ. Тіл тарихы мен әдебиет тарихының үнемі қатар үзеңгі қағысып, қабат жүріп отыруы мүмкін емес. Тіл тарихына қатысты ескерткіштер әдеби тіл тарихының материалы бола бермейді.

Қазақтың жаңа жазба әдебиеті де, жаңа жазба әдеби тілі де Ыбырай мен Абайдан басталады. Бірақ жаңа әдеби тіл XIX ғасырдың екінші жартысында туды дегенде, бұл арғы жерде де әдеби тіл болмады деген сөз емес екенін жоғарыда айттық. Қазақтың әдеби тілінің тарихын біз сонау V ғасырдан да емес, XIX ғасырдың екінші жартысынан да емес, XVIII ғасырдан бастаймыз. Өйткені халық тілінің жазба әдебиет ыңғайында нормаға түсе бастаған шағы және бірді-екілі стильдік құбылыстардың көрініс бере бастаған кезі, дәлірек айтқанда, әдеби тіл белгілерінің айқындала бастаған мезгілі — осы XVIII ғасыр және авторларының аты-жөні сақталған дәуір де XVIII ғасырдан басталады.

Осы дәуірде көріне бастаған жазба әдебиеттік бағыт туралы айтпас бұрын, арғы жерде қандай жазу-сызу мәдениеті болғандығы жөнінде бірер сөз. Орта Азия халықтарының, оның ішінде қазақ халқының Октябрь революциясына дейінгі жазуы — араб жазуы екенін білеміз. Араб жазуы Орта Азия және Қазақстанға ең алдымен ислам діні арқылы келді. Осыған байланысты қазақ, өзбек, түрікмен тілінде түрлі мазмұнда хатқа түскен ескерткіштерде араб, парсы тілдерінің сөз үлгілері айқын көрінеді. Мысалы, сонау 1600 жылы Қадірғали Қосынұлы жазған «Жамиғат-тауарих» атты еңбекте араб, парсы тілдеріне тән элементтер ұшырасады. Өйткені сол тұстағы басқа да тарихшы оқымыстылар сияқты, Қадірғали Қосынұлы да білімді араб, парсы тілдерінде жазылған әдебиеттердің негізінде алған.

Араб, парсы тілдеріне тән сөздер әріректе қазақ тіліне осындай тарихшы-зерттеушілердің еңбектері арқылы, бертінде жекелеген хан жарлықтары мен XIX ғасырдың екінші жартысындағы және XX ғасырдың басындағы баспасөз арқылы кірді. Қазақ тіліне шағатай тілі деп аталған орта азиялық түркі әдеби тілінің де белгілі бір дәрежеде әсері болғаны даусыз. Түркі халықтарының бірқатарына тән ескі жазба әдеби тіл дәстүрлері қазақ жазба әдебиетінде әсіресе XIX ғасырда едәуір орын алды. Бұл дәстүрлер қазақ топырағында «кітаби тіл» деп аталған, жазба әдебиеттің бір стилін туғызды. Кітаби тілде қазақтың жалпы халықтық тіл нормаларына жуыспайтын морфологиялық өзгешеліктер де, синтаксистік оқшаулық та, лексикалық алшақтық та жиі ұшырасады. Осының салдарынан кітаби жазбалардың, жарлықтардың тілі қарапайым жұртқа онша түсінікті болмады. Бірақ кітаби тілге жазба әдебиеттік нормаға түсе бастаған қазақ әдеби тіл үлгісі қарсы тұрды.

Бұл ақындардың өлеңдері хатқа түспеді емес пе, қалайша әдеби тілдік үлгі болмақ деген сұрақ тууы ықтимал. Әрине, бұл ақындардың шығармалары әдепкіде хатқа түсіп, тасқа басылып тарай алмағаны рас. Бірақ жоғарыда аталған ақындардың қай-қайсысы да арабша хат білген. Олар кейде жазып, кейде ауызша шығарып дағдыланды. Профессор Қ. Жұмалиев айтқандай, олардың өлеңдерін баспадан шығаруға мүмкіндіктері болмады, өлеңдері бізге ауызша жеткенмен, ауыз әдебиетіндегідей бірнеше вариантта емес, қай өлеңді алсақ та, авторы ұмытылмай, бір-ақ вариантта, негізінен сол алғашқы шығарылған күйінде, жетті. Ендеше, бұл ақындардың өлеңдерінің сөз үлгісін жазба әдебиет нұсқасы ретінде, әдеби тілдік нормаға түсе бастаған үлгі ретінде талдауға әбден болады.

Көркем әдеби тілдің алғашқы кезін жазба әдебиет үлгісінде көрінген тұтас бір ақындық мәдениетпен байланыстыра қараған жөн. Жазба әдебиет үлгісінде алғаш рет қазақтың жалпы халықтық тілін негіз еткен әдеби тіл XVIII ғасырдағы Бұхар, Ақтамберді, Жанкісі, Тәтікаралардан бастап, XIX ғасырдағы Ма-

хамбет, Алмажан, Шернияз, Дулат, Шортанбай т. б. сияқты сөз шеберлерінің өңдеуіне түсіп, әрі қарай дамиды да, ХІХ ғасырдың ІІ жартысында Абай мен Ыбырай негізін қалаған жаңа сатымен ұштасады.

Көптеген халықтардың әдеби тілдерінің қалыптасуына сол тілдің белгілі бір диалектісі негіз болған. Қазақ әдеби тілінің негізі, арқауы жалпы халықтық тіл мен халықтың ауыз әдебиеті десек, ал оның тарихта алғашқы көрінген уәкілдері Бұхар, Ақтамберді, Жанкісі, Тәтіқара, Көтеш, Шал ақын-жыраулар десек, бұлардың материалдары белгілі бір өлкенің тілі — пәлендей диалект екен дегендей тұжырымға келтірмейді. Қазақ тілінде жеке территориялық өлкелерге тән ерекшеліктер бұрында да болғаны, қазірде де бар екендігі даусыз. Бірақ эпостардан бастап, мақалдарға дейінгі ауыз әдебиеті үлгілерінде Қазақстанның әр өлкесінің де ерекшеліктері ұшырасады. Оған қарап, жырлардың ішіндегі мына жыр әдеби тілдің негізін құраған, ал мына жыр құрамаған деп бөле алмаймыз. Бәрі де әдеби тілімізге бұлақ болған нұсқалар. Сондай-ақ, ХVІІІ ғ. ақындарының тілінен Қазақстанның шалғай жатқан екі-үш өлкесінің лексика-грамматикалық ерекшеліктерін таба аламыз. Мысалы, Орталық Қазақстанда (Баянауылда) туып, сонда өскен Бұхарда *бергіл, ойлағын* сияқты (*Сыйлай бергіл көнені, Мұның түбін ойлағын*) оңтүстік өлке тіліне тән грамматикалық ерекшеліктер мен *дарақ* (ағаш), *орақ ору*, *масақ теру* тәрізді басқа өлкелік лексика-фразалық элементтер кездеседі.

Осыларға қарағанда, біз қазірде бір өлкеге тән диалектілік ерекшелік деп таныған элементтеріміздің көпшілігі ол кезде өткен ғасырларда жалпы халықтық норма болуы мүмкін немесе қазақ жерінің әр өлкесінің ерекшеліктерін қамтыған халық ауыз әдебиетінің ықпалының күштілігінен жеке ақындар өз өлкесінде жоқ тұлғалар мен дайын фразалық штамптарды пайдаланып отырған да болар. Қайткен күнде де қазақ әдеби тілінің тарихи уәкілдері Бұхар, Ақтамберді, Жанкісі, Тәтіқаралар Орталық Қазақстанда өмір сүрген екен деп, әдеби тіліміздің негізі — осы күнгі Орталық Қазақстан өлкесінің диалектісі (немесе говорлары) болған деген тұжырым айтуға болмайды. Өйткені бұлардың және фольклорлық үлгілердің тіліндегі негізгі лексикалық құрам мен грамматикалық тәсілдер, әсіресе фразеология қазақ даласының барлық өлкесінде бірдей. Сондықтан қазақ әдеби тілі тарихы Қазақстанның барлық аймақтарында бір уақыттарда дамыды деп жобалаймыз.

Бұл кітапта қазақ әдеби тілінің негізі етіп жалпы халықтық тілді, оның ішінде ауыз әдебиеті тілін аламыз да, әр ғасырдағы жаңалықтар мен тілдегі ауытқуларды талдай отырып, қазақ әдеби тілінің даму тарихын баяндаймыз.

## XVIII—XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ӘДЕБИ ТІЛ

### I ТАРАУ

#### § 1. XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының саяси-экономикалық және әлеуметтік жай-күйі

XVIII ғасыр қазақ даласының өз ішінде болсын, сыртқы мемлекеттермен болсын саяси-экономикалық қарым-қатынасының аса бір күрделі кезеңі болды. Бұл кезде әлі де қазақтың ұлан байтақ даласын хандар билейтін. XVIII ғ. II жартысында Кіші жүз өлкесін Нұралы хан, Орта жүзді Абылай хан биледі. Қазақстанның оңтүстік аудандарын 1790 жылдарда Қоқан хандығы басып алды. Бұл хандардың ел билеу, үкім-жаза қолдану, сыртқы елдермен қарым-қатынастарды реттеп отыру, алым-салық жинау т. б. сияқты түрліше тәртіптері сақталғанмен, XVIII ғасырдың II жартысы қазақ тарихындағы хандық дәуірдің ең соңғы кезеңі болды, яғни бұл тұста хандық өктемдіктің жойылуына барлық ішкі-сыртқы жағдай түгел жасалған-ды. Қазақтың билеуші топтарының ескі хандық дәуірді сақтап қалуға жасаған іс-әрекеттері де қоғамның даму екпіні мен қатты қысымшылық туғызған шаруалар көтерілістері де (Кіші жүз қазақтарының Сырым Датов бастаған қозғалысы) осы тұсқа сай келеді. Қоғам дамуындағы ескі ел билеу системасы (хандық билеудің) мен әр алуан саяси-әкімшілік тәртіптерінің бірте-бірте әлсіреп жойылуына байланысты ел билеудің жаңа элементтері пайда бола бастады.

Сөз етіп отырған кезеңде қазақ жерінің батыс өлкесінен бастап Россия патшалығының қол астына кіре бастағаны мәлім. Бұл жағдай елдің саяси-әлеуметтік және экономикалық күй-қалпында өзгеріс-жаңалықтардың пайда бола бастауына бірден-бір себепші болды. Яғни қазақ экономикасына Россияның ықпалы күшейді: ішкі-сыртқы сауда өсті, егіс көлемі ұлғайды, баяу болса да қолөнер кәсіпшілігі өркендей бастады. Қазақ даласына сауда-саттық келді. Әсіресе Россиямен сауда жасау күшейді, осыған орай айырбас сауда туды: қазақ қой мен жылқысын, тері-терсегі мен жүн-жұрқасын, әр алуан аң терілерін орыс купецтерінің матасы мен былғарысына, үй іші бұйымдары мен айна-тарағына айырбастады. Дала тіршілігіне ақша да келе бас-

тады. Қазақ жерін айқыш-ұйқыш кесіп сауда керуендері өтетін болды. Жәрменке дегендер, айырбас орындары (меновые дворы — «мұнанайлар») шықты. Сауда-саттықтың етек алуында қазақ жеріне патша үкіметі тарапынан орнаған қалалар мен қамалдардың ролі күшті болды (Петропавл, Орынбор, Семей, Гурьев, Орал). Орыс қалалары мен бекіністерінде тұратын әскери қызмет бабындағылардан басқа қарапайым орыс адамдары (саудагерлер, отставкадағы солдаттар, шаруалар т. б.) да қоныс теуіп, қазақ пен орыс халқының жүзбе-жүз көрісіп, қоныстас, тағдырлас болып өмір сүруі де осы кезден бастап елеулі сипат алады.

Негізгі шаруашылық түрі бұрынғыша мал өсіру болып қалса да, егіншілік кәсібінің көріне бастауы XVIII ғасырдың II жартысында көзге түсті, бұған Қазақстан жеріне осы кездерде келіп қоныс тебе бастаған орыс шаруаларының кәсіби әрекеттері әсер етті. Егіншілікпен айналысқан аудандарда қазақтар отырықшы тұрмыс қалпына, тұрғын үй мен мал қораларын салуға ұмтыла бастайды. Шөп шабу, оны қысқа дайындаудың да алғашқы нышандары осы кезден бастап көрінеді.

Қазақ халқының мәдени-рухани дүниесіне келсек, бұл кезде сауаттылар саны мейлінше төмен еді. Сауаттылықтың өзі тек мұсылманша, яғни араб жазуымен хат танып, Ислам дінінің ережелері мен дұға-намаздарын үйрену түрінде болды. Азаматтық білім беретін қазақ мектептері жоқ-ты. XVIII ғ. соңғы жылдарында әр жерде Россия өкіметі тарапынан ашылған «гарнизондық» мектептер мен Омбыдағы 1789 ж. ашылған «Азия мектебінде» оқу орыс тілінде жүргізіліп, оларда әскери мекемелердің кадрлары мен әкімшілік орындарының тілмаш, писарьларын дайындады, бірақ бұларда, негізінен, билеуші топтардың бірінсаран балалары оқыды.

Көркем әдебиет, негізінен, поэзия түрінде болды. Бұл кезде де, алғашқы кезендердегідей, әр алуан бағыттағы, әр түрлі идеологияны қолтаған ақындар мен жыраулар өмір сүрді. Әдебиет нұсқалары халық арасына ауызша тарады. Баспа орындары ашылмады. Қазақ әдебиетін кітап етіп бастырып шығару дәстүрі де, қолжазба ретінде жазып қалдыру немесе тарату дәстүрі де болған жоқ.

Міне, осындай саяси, әлеуметтік, экономикалық іс-әрекет, күй-жағдайлар тілде көрінбей қалмады.

## **§ 2. XVIII ғасырдағы қазақ тілін сипаттайтын нұсқалар**

Бұл кезде қазақ даласында баспа орындары, кітап шығару практикасы, оқу-ғылым болмағанмен, сөз етіп отырған дәуірдегі тіліміздің жай-күйін, әсіресе лексикасы мен фразеологиясын, сондай-ақ кейбір грамматикалық категориялары мен нормаларын танытатын үлгі-нұсқалар бар еді. Оларға, біріншіден, көр-



кем әдебиет үлгілері жатады. Соңғы кездегі зерттеулерге қарағанда, қазақ әдеби ескерткіштерінің XVIII ғасырдан бұрын да болғандығын көреміз. XV—XVI ғасырлардағы Қазтуған, Асан қайғы, Доспамбет, Шалкиіз бен XVII ғасырда өмір сүрген Марқасқа, Жиёмбет жыраулардың, XVIII ғасырдағы Ақтамберді, Үмбетей, Көтеш, Тәтіқара сияқты ақындардың аттары сақталып, кейбір үлгілері біздің заманымызға дейін жетіп отыр.<sup>1</sup> Бірақ бұлардан қалған мұралар бір қыдыру анықталып, жиналып болмағандықтан және текстологиялық жағынан көп өзгеріске ұшырап, дәл өз дәуірлерінің сипатын көрсетерліктей дәрежеде сақталмағандықтан, біз әзірге бұларға тілдік талдау жасамадық. Сондықтан XVIII ғасырдан бұрын да қазақ көркем әдеби тілін танытатын үлгілер бар болғанын ескере отырып, әдеби тіліміздің тарихын әзірге қолымыздағы талдау объектісі боларлық материалдары бар XVIII ғасырдан бастадық.

Екінші, әңгіме етіп отырған дәуірде қазақ ауыз әдебиетінің мол нұсқалары бар-ды, бірақ өкінішке орай, олардың сол тұста жазылып алынған варианттары болмағандықтан, мынадай эпостың немесе ертегінің я болмаса тұрмыс-салт лирикасының XVIII ғасырдағы жырланған, айтылған түрі тілі жағынан мынадай болып еді деп сипаттай алмаймыз. Осы күнгі өзіміз оқып-біліп жүрген эпостардың, халық өлеңдерінің, ертегілердің т. б. фольклорлық мұралардың көпшілігінің тілі дәл солардың туған кезеңіндегі немесе тіпті XVIII ғасырдағы түрінде емес. Өзегі сақталуы сөзсіз, сондықтан да оларда архаизмдер, көне грамматикалық тұлғалар, ескі синтаксистік тәсілдер ұшырасады, бірақ ең көлемді эпостық жырлардың да, прозамен берілген ертегілердің де ауызша тарауы нәтижесінде және жеткізушілердің өзгеріс енгізіп, модернизациялау правосының болуы нәтижесінде олардың тілі сол жазылып алынған (XIX—XX ғ.) дәуірдің тілдік нормаларын негіз еткендігі көрінеді.

XVIII ғасырдағы тілді көрсететін нұсқалардың үшінші саласы — ресми іс-қатынас қағаздары. Бұлар: хан-сұлтандардың, кейініректе старшиналардың орыс патшасына, орыс әкімшілік орындарына және бір-бірлеріне жазысқан арыз-өтініштері, мәлімдемелері, хаттары, үндеулері т. т. Бұл әдебиеттің құнды бір ерекшелігі — хатқа (қағазға) түскендігі, сондықтан бұлар сол тұста қазақ даласында (шағын бір топтың аясында болса да) тілдің белгілі бір стилінің қандай сипатта болғанын қиналмай көрсететін материал болып табылады.

Төртінші, бұл дәуірде қазақ өлкесін орыс өкіметі тарапынан танып-білу әрекеті қызу жүрді. Сол кездегі орыс саяхатшылары мен ғалымдарының және қызмет бабындағы кейбір чиновниктерінің орыс тілінде жазған материалдары ішінде жекелеген қазақ

<sup>1</sup> М. Магауин. Казахские акыны и жырау XV—XVIII вв. Автореферат канд. диссер., Алма-Ата, 1966.

сөздері (көбінесе атаулар) кездеседі. Бұлар да әңгіме етіп отырған дәуірдегі тіліміздің лексикалық құрамын айқындауға септігін тигізеді.

Бесінші, соңғы кездерде архив қазыналарынан іздестіріп тапқан материалдарға қарағанда, XVIII ғасырдың соңғы ширегінде Россия мемлекеті тарапынан қазақ тілінің кейбір сөздерінің орысша және кейбір өзге тілдердегіше баламасын (аудармасын) көрсететін шағын сөздік іспеттес тәжірибелер болғанын көреміз. Бұлар: 1) «Парсы және татар диалектілері» деп аталатын 10 беттік қолжазба, 2) 49 орыс сөзінің қазақша және монғолша аудармалары берілген қолжазба; 3) «Хиуа, Бұхар, қырғыз (яғни қазақ — Р. С.) және мешер тілдеріне аударылған орыс сөздерінің тізімі»; 4) 1774 жылы жазылған орысша-қазақша сөздіктің қолжазбасы<sup>1</sup> т. б. Бұларда қамтылған материалдар да кейбір қазақ сөздерінің XVIII ғасырдағы берген мағыналарын, кейде тіпті фонетикалық тұлғалануын (кейбірінде қазақ сөздері орыс әрпімен жазылған немесе орысша транскрипциясы берілген) т. б. тануға көмектеседі. С. Исаевтың осы материалдардың табылғаны туралы хабарлаған шағын мақаласындағы мәліметіне қарағанда, әсіресе соңғы материалдың қазақ тілі тарихын зерттеуде құнды екені байқалады. Өйткені мұнда жеке сөздерден басқа кейбір сөз тіркестері, шағын сөйлемдер де берілген. Оның үстіне, мақала авторы бұл қолжазбада қазірде қолданылмайтын сөздер мен тіркестер барын хабарлайды. Яғни бұл көне сөздер сол тұстағы қазақтың сөздік құрамын танытады.

\* \* \*

Талдап отырған кезеңдегі қазақ әдеби тілін танытатын негізгі үлгілер біздің дәуірімізге ауызша түрде жеткендіктен және тіл тарихын зерттеу ісіне тікелей әсерін тигізетін бір жағдайды ескерту қажет. Ол — текстологиялық қайшылықтар. Әдеби мұраны ұрпақтан ұрпаққа, өлкеден өлкеге ауызша жеткізушінің әрбіреуі сол үлгінің мазмұн-мәнін шінара өзгерту ниетімен, немесе өзіне (өз өлкесіне) түсініксіз көне сөз бен ескі грамматикалық тәсілді контекске қарай түсінікті вариантымен алмастыруды көздеп, я болмаса өз көзқарасына икемдеу мақсатын ойлап шығарма тексін аз-аздап өзгертіп отырған. Оның үстіне, әрірек ғасырлардағы поэзияның дені дидактикалық сипатта болып, нақылға айналып кеткендіктен, бір ақынның айтқанын екіншісінен табылу (авторын жоғалту) орын алған. Мысалы, адам өмірінің әрбір кезеңіне сипаттама беретін өлең тексі 2—3 ақында қайталайды.<sup>2</sup>

<sup>1</sup> С. Исаев. Қазақ тілін зерттеудегі алғашқы қадам.—«Қазақ әдебиеті», 1967, № 7.

<sup>2</sup> XVIII—XIX ғ. қазақ ақындарының шығармалары, Алматы, 1962, 44, 49, 89-беттер.

Жиырма деген жасыңыз  
Ағып жатқан бұлақтай.  
Отыз деген жасыңыз  
Жарға ойнаған лақтай.  
Қырық деген жасыңыз  
Ерттеп қойған құр аттай.

Он бес деген жасым-ай  
Жарға ойнаған лақтай.  
Отыз деген жасым-ай  
Таудан аққан бұлақтай.  
Қырық деген жасым-ай  
Байлаулы тұрған құр аттай.

## Ду л а т т а:

Он бес деген жас қайда,  
Жарға ойнаған лақтай.  
Қайда кеттің жиырма бес,  
Тастан шыққан бұлақтай.  
Жиырма бес бар ма маңайда,  
Жайқалған жасыл құрақтай.

Немесе туындылары едәуір жақсы сақталған Бұхардың «Абылай, сен мен көргенде, Тұрымтайдай ұл едің» деп басталатын өлеңі Керей Қожаберген жыраудікі болып та көрсетіледі<sup>1</sup>.

Ал бір шығарманың ішіндегі жеке сөздердің, фразалардың, морфологиялық тұлғалардың бірнеше вариантта болуы айтарлықтай көп. Мысалы, Бұхардың *Судан қашып қарағай Шөлге біткен бір дарақ* деген жолдарындағы соңғы сөз бір жерде *дарақ* (Мәшһүр Жүсіп дәптерінде), бірде *тарақ* («Таң» журналы, 1925, 1-санында), тіпті кейбір жеткізушілер бойынша *дұрық* болып ұшырасады. «Ашуланба, Абылай» деген өлеңіндегі *Басына мұнша көтерген Жұртыңа жаулық сағынба* деген жолдар екінші бір варианттында *Басыңа моншақ көтерген Жұртыңа жаулық сағынба* болып келеді. Әрине, мағынасы бұзылмағанымен, тіл жағынан алып қарағанда, *басына мұнша көтеру* деген мен *басыңа моншақ көтеру* дегеннің үлкен айырмасы да, мәні де бар. Егер Бұхар жырау текстісі о баста соңғы вариантымен айтылған болса, сол кезде қолданылған *біреудің басына моншақ көтеру* деген фразаны іздестіруге мәжбүр боламыз. Немесе Дулат ақында кездесетін *Молладан сабақ алсаңыз* деген өлең жолы Шал ақында *Мектептен сабақ алсаңыз* түрінде берілген. Бұл жерде екі қайшылық бар: бірі — өлең жолының екі авторға телінгендігі, екіншісі — сөздерінің алмастырылғандығы. Әрине, *мектеп* сөзі — кейінгі кездердің жемісі, өйткені *мектеп* деген термин қазақ тіліне өткен ғасырдың соңы мен XX ғ. басында енген. Оған дейін *молладан* (немесе *молдаға*) *оқу*, *медіреседе оқу*, кейінірек қазақ жерінде орыс-қазақ азаматтық (светские) оқу орындары ашылғаннан кейін *школда оқу*, *интернатта оқу*

1. Ыбырай Алтынсарин, Қазақ хрестоматиясы, 1879, 2—3-беттер.

(Интернатта оқып жүр *Талай қазақ баласы — Абай*) деген варианттарда қолданылған. Демек, шығарма кімдікі болса да (егер автор XVIII ғ. мен XIX ғ. I-жартысында өмір сүрген болса), оның *молдадан сабақ алсаңыз* вариантын дұрысырақ деп табуға тура келеді. Сондай-ақ, Шал ақынның «Бұл дүниенің мысалы» деген толғауы мен Дулаттың «Ата-ананың ақылы» деген өлеңі әуендес. Бұл жерде жалғыз авторларын шатастырып телу емес, қазақ поэзиясында фольклорлық дүниелерден келе жатқан — дайын фраза штамптарын пайдалану дәстүрі де, сөз жок, үлкен орын алады. Егер қатарынан бірнеше тармақ немесе жеке шумақтар көп өзгеріссіз қайталанса, ол көбінесе, авторлары ауыстырылып кеткендіктен болады, ал жеке фразалар ұқсас түсіп отыруы дайын фразаларды, кейде дайын образдарды пайдаланудың салдарынан болған. Мысалы, XVIII ғасырда жасалған Ақтамберді ақындағы:

*Күмбір-күмбір кісінетіп,  
Күреңді мінер ме екенбіз?!  
Күдеріден бау тағып,  
Кіреуке тон киер ме екенбіз?!  
Қоңыраулы найза қолға алып,  
Қоңыр салқын төске алып,  
Қол қашыар ма екенбіз?!—*

деген жолдар XIX ғ. Махамбетте де кездеседі:

*Күмбір-күмбір кісінетіп,  
Күреңді мінер күн қайда!..*

Әрі қарай *кіреуке тон* дегеннің орнына *сауыт, қоңыраулы найзаның* орнына *егеулі найза* сөздері айтылады.

Міне, осындай жайлар белгілі бір суреткердің тілін талдауда едәуір қиыншылықтар туғызады. Әсіресе бұл қиыншылық тілдің әдеби нормаларының қалыптасу, даму, тұрақтану процесін зерттеуде сезіледі. Өйткені әдеби тілді жасау ісінде әр қаламгер азды-көпті өз үлесін қосып отыруға тиіс.

### § 3. XVIII ғасырдағы қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамы

Талдап отырған дәуірдегі қазақ әдеби тілінің сөздік құрамы екі қабаттан тұрады, біріншісі — негізі — қазақтың төл сөздері, екіншісі — араб-парсы сөздері. Осы күнгі үшінші мол қабат — орыс сөздері немесе орыс тілі арқылы енген шет тіл сөздері XVIII ғасырдағы көркем әдебиет үлгілері тілінде жоққа тән, өте сирек. Тіпті ауыз әдебиеті нұсқаларында жиі кездесетін *шай, самаурын, пәуеске, тарантас* сөздері де XVIII ғасырдағы ақын-

жыраулар шығармаларында өте аз ұшырасады. Бұған, бір жағынан, тұрмыс-салт лексикасын сараң пайдаланатын поэзия жанры себепкер болса, екінші жағынан, бұл кезде шай ішу немесе орыстар қолданған көлік түрлерін пайдалану тәрізділер (пәуеске, пар жегу, тарантас т. б.) қазақ тұрмысында әлі етек алмағандығы әсер еткен болу керек. Өзге салаларға қатысты русизмдердің де енуіне әлі қолайлы жағдай тумағандықтан, XVIII ғасырдағы қазақ әдеби тілінің сөздік құрамы орыс сөздері қабатын көрсете алмайды.

### Қазақ тілінің төл сөздері

Қазіргі кезбен салыстырғанда XVIII ғасырдағы қазақ әдеби тілі лексикасындағы төл сөздер құрамын сипаттайтын белгілердің бірі — кейбір тематикалық топтардың актив қолданылуы. Солардың бірі — жауынгерлік лексика тобы. XVIII ғасыр қазақ қоғамы өмірінде елді сыртқы жаулардан, әсіресе Жоңғар шапқыншыларынан, қорғаған жауынгерлік заманы болды. Соған орай тарихи көркем әдебиет тақырыбында да жауынгерлік, ерлік мотиві басым болып келеді. Сондықтан қазақ әдеби үлгілерінің сөздік құрамында қару-жарақ пен әскери киім-кешек атаулары, сондай-ақ ел қорғау, батырлық қасиеттерге байланысты сөздер молынан кездеседі. Бұлардың ішінде қазіргі лексикалық нормамызда көнеріп, пассив қорға кеткен *сауыт, кіреуке, дабыл, дулыға, берен, жебе, күдері, шығыршық* тәрізді зат атаулары да, *жаулық, елдік, бұлу, біту* сияқты сөздер де әлде қайда жиі ұшырасады. XVIII ғасырдағы әдеби тіл үшін бұлар архаизм мен историзмдер емес. Осы күнгі әдеби тілімізге дейін актив қолданылып келген *батыр, мерген, оқ, найза* тәрізді сөздер де жауынгерлік лексика қорына кіреді. Жауынгерлік мотивтің әсері осы тақырыпқа қатысты номинативтік атаулардан басқа нейтралдық лексикаға да тигені байқалады. Яғни *темір, қорғасын, болат* тәрізді металл атаулары қару-жарақты немесе ерлік қасиетті білдіретін сөздер қызметінде жиі жұмсалады. Мысалы, XVIII ғасырдағы Жанкісі жырау Бөгембай батырды *Темір жұмсап, оқ атқан қорғасындай Бөгембай* деп сипаттағанда, *темір* сөзі *зеңбірек* не *мылтықты* білдірген, ал *қорғасын* сөзі *батыр, ер, мықты* сөздерінің қызметінде жұмсалған.

XVIII ғасыр қаламгерлерінің тілінде ертеден келе жатқан *бұлу, қол, қосын, байтақ* сияқты көне сөздер актив қолданылып, олар да сол кездегі әдеби нұсқалардағы басым тематика жауынгерлік мотивін сипаттайды. Мысалы, жеңілу, ойраны шығу мағынасындағы *бұлу* етістігі қазақ тілінде *Бұлген елден бүлдіргі алма* тәрізді мақалдар мен *Осы айтқаным болмаса, Ноғайлы елің бүледі* немесе *Он сан Ноғай бүлген күн* деген сияқты ауыз әдебиеті үлгілерінде кездеседі. Осы етістікті Бұхар жыраудан да табамыз:

Кіші қара қалмақ бүлерде...  
Еңсесі биік кең сарай  
Мортық болар бүлген соң.

Сол сияқты XVIII ғасырдағы әдеби тілімізде осы күнгі *әскер* сөзінен гөрі осы мағынада *қол* сөзі актив қолданылған, ал *армия, солдаттар, жауынгерлер* сөздері тілде бұл кезде мүлдем жоқ.

Жауынгерлік лексика әдеби тілде бір шама орнығып, нормаланғанын олардан жасалған тұрақты тіркестер мен штамп образдар да дәлелдейді. Мысалы, *жаулық сағыну, жер тұлдану (жау әскері қаптау мағынасында), даңқынан батыр шығу, найзасының ұшына жау мінгізу* деген фразалар мен образдарды Бұхар, Ақтамберді, Жанкісі, Шал ақындар толғауларынан табамыз.

Жауынгерлік лексика мен фразеология тек жеке ақын-жыраулар үлгілерінде емес, ертеден келе жатқан ауыз әдебиеті нұсқаларында, олардың ішінде әсіресе батырлар жырларында, көбірек орын алған. Жоғарғы көрсетілген жеке атаулардан басқа *қоңыраулы найза қолға алу, найзаны жауға тіреу, күдеріден бау тағу, қол қашыру, темір жұмсап оқ ату, қалмақты қуып қашыру* т. т. тәрізді бейнелі тіркестер әдеби тілімізге ауыз әдебиеті үлгілері арқылы қалыптасқан нормалар болып табылады. *Буырқану, бұрсану, мұздай темір құрсану* немесе *қорамсаққа қол салу, қозы жауырын оқ ату* тәрізді штамптар ауыз әдебиеті үлгілері мен тарихи әдебиет нұсқалары тілінде астарласа, қабаттаса келіп, бір жағынан, XVIII—XIX ғасырларға дейінгі қазақ әдеби тілінің ғасырлар бойғы ауыз әдебиеті дәстүрлерімен ұштасып жататындығын көрсетсе, екінші жағынан, біз талдап отырған дәуірдегі қазақ әдеби тілінің де нормасын танытады.

Бұл кезеңдегі қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамын сипаттайтын тағы бір белгісі — қазірде архаизм, историзм категорияларына жататын бірсыпыра саяси-әлеуметтік терминдер мен жеке сөздердің өздерінің тура номинативтік мағынасында актив қолданылғандығы. XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік топтарын атайтын *хан, ханзада, қараша (қарашы), қара, ақ сүйек, құл, күң, байғұс, кедей, жарлы, батыр, бек* сөздері сол кездегі көркем әдебиет тілінен берік орын алған. Сонымен қатар бұлар лексикалық норманы танытады.

Мұндағы *хан* сөзі сол кездегі билік иесін білдірсе, соған қарама-қарсы әлеуметтік топ *қара, қараша, қараша халық* деген атаулармен берілген. *Қара* сөзі, тегінде, *ақ сүйек* сөзіне антоним ретінде жиірек қолданылған: *Ақ сүйекті қор тұтқан, Қараны онан зор тұтқан* (Бұхар). Ал қалған жағдайда көбінесе бұл кезде *қараша (қарашы)* варианты актив термин болған. Бұл — *хан* сөзінің антонимін толық аңғартады:

Ханның жақсы болмағы —  
Қарашаның елдігі.  
Уақытыңыз толғанда,  
Қарашаң қашар қасыңнан (Бұхар).

*Қараша* сөзі осы мәнде ХІХ ғасырда да жиі қолданылып, терминдік сипатқа ие болған.

Ал бұл кездегі шығармаларда кездесетін *құл*, *күң* сөздері өздерінің номинативтік мағыналарында қолданылған, өйткені ХVІІІ ғасырда қазақ жерінде құл-күң ұстау немесе қолға түскен әскери тұтқындарды құл-күң есебінде сату бар болатын. Сондай-ақ, бұл кезде осы сөздердің *құдайдың құлы* тәрізді ауыспалы мәнде қолданылуы да орын алады.

ХVІІІ ғасырдағы қазақ әдеби тілі лексикасын құрайтын төл сөздердің үшінші сипаты — олардың бірқатарының мағынасы мен қызметі жағынан әлі де сараланбай жұмсалуды. Мысалы, экономикалық жағынан тәуелді топтарды білдіретін атаулар — *кедей*, *жарлы*, *байғұс* сөздері — бұл кезде мағына жағынан әлі бір-бірінен ажыратылмаған синоним атаулар. Қазірде *байғұс* сөзі *бейшара*, *мүсәпір*, *сорлы* сөздерінің синонимі ретінде қарапайым сөз болып қалыптасқан. Ал ХVІІІ ғасырларда бұл сөз әлеуметтік топтың атауын білдіретін зат есім қызметінде жиі жұмсалған. Сол сияқты, *бай*, *бек*, *батыр* сөздері де әрі тура мағынасында, әрі жалпы атау ретінде қолданыла береді. Мысалы, *бек* сөзі Бұхарда «*жалпы ел билеуші*» деген мағынада *хан* сөзінің синонимі ретінде еркін жұмсалған: *Абылай-ау, Абылай, момынға келіп бек болдың*. Сондай-ақ, кейін, ХІХ ғасырда, көбінесе орыс империясының монархын білдірген *патша* сөзін де ХVІІІ ғасырдың әдеби үлгілері *хан*, *төре*, *бек* сөздерінің дүблеті ретінде пайдалана береді. Мысалы, Бұхар жырауда бір жерде *Әбілмәмбет патшаға қызметкер боп тұр едің* болып келсе, екінші жерде сол *Әбілмәмбетті төре* деп атайды: *Арқада Әбілмәмбет төренің түйесін баққан құл едің*.

ХVІІІ ғ. ІІ жартысында қазақ даласына сауда-саттық пен егіншілік кәсібі жандана түскенмен, сол тұстағы әдеби тілде осы салаға қатысты жеке сөздер мен тіркестер сирек ұшырайды (*саудагер*, *базар* т. б.). Бұл тұста ақшаға, әр алуан өлшемдерге, сауда-саттық бұйымдарына байланысты сөздер халықтың сөйлеу тілінде орын алғаны сөзсіз, бірақ ол кездегі ақындар творчествосындағы тақырып тарлығы мен мұраларының аз сақталғандығынан, бұл сөздердің әдеби тілдегі көрінісін білдіре алмай отырмыз.

Керісінше, қоғам өмірінің бұл екі саласы да ХVІІІ ғ. ақындарының тілінен гөрі халықтық жырларда көбірек ұшырайды: *Қара қасқа тұлпарға арпа-бидай асатты* («Қамбар»), *Ішкендерін сұрасаң, шекер менен шай болған* (сонда). Сондай-ақ «Қыз Жібек» жырынан *қара нан, деміне нан пісу, сексен аршын, қант*



пен шай, пұл, диқан сөздерін, «Қамбар» жырынан базарға салу, борышқа қалу, шай, самаурын, «Айман-Шолпан» жырынан баға-бұл, қант-шай, тоқаш т. б. кездестіреміз. Бұл құбылыс, негізінен, ХІХ ғасырдың әсері. Өйткені осы жырлардың біздің қолымызға тиген варианттары — өткен ғасырда жырланғандар, ал ХІХ ғасырда қазақ тілінде сауда-саттық пен егіншілікке байланысты сөздер едәуір орын алған.

### Араб-парсы сөздері

XVIII ғ. қазақ әдеби тілі сөздік құрамының екінші бір қабаты — араб-парсы сөздері. Бұл кезде халықтың сөйлеу тілінде де, ауыз әдебиетінде де, ақындар шығармаларында да (әсіресе Бұхар мен Шалда) араб-парсы төркіндес сөздер едәуір орын алған. Олардың өзін екі топқа бөлуге болатын тәрізді: бірі — қазақ тіліне ертеден сіңісіп кеткен және жиі қолданылатын топтағы сөздер. Мысалы, *абырой, адам, адамзат, ажал, ақ (хақ), ақшам, ақы (хақы), алла, амал, аман, ар, арам, әйел, әлел, байғұс, бақ, бақыт, бекер, дауа, дәулет, дос, дүние, дұшпан, жаза, жала, залым, заман, кедей, күмән, қаза, қайыр (қайырлы, қайырсыз), құдай, құдірет, қыдыр, құрмет, мақұл, мәлім, мезгіл, мейман, молда, момын, мысал, найза, несібе, несіп, өмір, пана, пара, пасық, пейіл, сабын, сабыр, уақыт, шартарап, халық* т. б. қазақ тілінде ерте замандардан келе жатқан сөздер. Бұлар ауыз әдебиеті үлгілерінде де батыл және жиі қолданылған. Мұндай сөздердің қазақ лексикасына етене болып кеткендігі сонша — кейбірі өз ара қатар келіп, көркемдеу тәсілінің бірі синонимика ретін түзейді. Мысалы, Бұхарда:

*Уақытым менің өткен соң,  
Мезгіліміз жеткен соң.*

Екеуі де араб-парсы элементінен жасалған синонимдік *бақ-дәулет, абырой-ар, алла-тағала* тәрізді қос сөздер де осы іспеттес.

Ал көпшілігі қазақтың төл сөзімен қосақтаса айтылып, қос сөз қатарын түзеп кеткен: *аман-сау, амал-айла, бос-бекер, кедей-кепшік*. Бірқатарынан туынды тұлғалар жасалған: *қайырлы, қайырсыз, дүниелік, мақұлдау, амандасу, амандық, несібелі, жалақор, парақор, бақсыз, бақытты, бақытсыз, құрметті, қадірлі* т. т.

Араб-парсы сөздерінің екінші тобы — халық тіліне сіңісіп кетпегендер, бұлар жеке діни сөздер мен кейбір абстракт ұғымдарды білдіретін сөздер. Мысалы, *арсы-күрсі, маһи, ахрет, пір, төрт шадияр, лаухы, кебе (кәһбе), бейнамаз, фани, ғайбат (сырттан жамандау), һәммәт (ынжық)* т. б. Ал ислам дінінің түрліше ритуалдарына, сенімдеріне, уағыздарына байланысты *иман, намаз, бейнамаз, ұжмақ, қыбла (құбыла), әулие, ахрет, пір, мешіт,*

арсы-күрсі, сәлде, төрт шадияр, хақ (ақ) жолы тәрізді сөздер жеке ақындар (Бұхар мен Шал) шығармаларында ұшырасады. Олар сол кезде халық тілінде де қолданылған болу керек, бірақ бұлардың активтік дәрежесі жоғарғы көрсетілген топтан әлдеқайда төмен болған сияқты, өйткені бұл кезде қазақ арасында ислам діні XIX ғасырдағыдай етек алмаған болатын. Патша үкіметі Қазақстан жерінде мешіттер салдырып, құранды тегін таратуды ұйғарғанмен, бұл әрекеттердің ешбірі де әсерлі нәтиже бере қоймағаны мәлім.

XVIII ғ. ақындары тіліндегі араб-парсылық сөздердің қолданылу сипатының өзі біркелкі емес: жоғарыдағы жалпы халықтық тілде ертеден келе жатқандары (*өмір, дүние, найза, дәулет, бақыт* сияқты) өлең-жырлардың өн бойында қолданылса, діни және сіңіспеген кейбір сөздер белгілі бір шығармалар ішінде ғана, яғни діни тақырыптыларында қолданылған. Мысалы, көбінесе жауынгерлік тақырыптағы мұралары сақталған Тәтіқара, Жанкісі, Ақтамберділерде араб-парсы сөздері өте-мөте сирек, Бұхардың «Керей, қайда барасың» сияқты өз ара рулық қарым-қатынасты жырлайтын шығармасында бірде-бір арабизм-парсизм жоқ, керісінше, «Ей, айтшы, алланы айт» сияқты ислам дінін уағыздаған өлеңінің бір өзінде 20 шақты сөз кездеседі және олардың көбі *мұсқап* (кітап), *кәләм* (сөз), *лаухы, нәубат* тәрізді көпшілік тілге сіңіспеген сөздер.

Өткен ғасырларда жасаған қаламгердің тілінде халық тіліне сіңіспеген әсіресе діни мазмұндағы араб-парсы сөздерінің сирек немесе мольнан қолданылуы олардың ұстанған идеологиясы мен жырлаған тақырыптарына тікелей байланысты. Әдебиет танушылардың зерттеулеріне қарағанда, Бұхар — феодалдық хандық қоғам мүдделерін жақтаған ақын. Ол бұл идеологиясында ислам дінін арқа сүйеу етеді, соны уағыздайды. Өмірді, қоғамды тануында діни дәлелдерге жүгінеді. Сондықтан оның шығармаларында жоғарыда көрсетілген, тікелей ислам дініне қатысты араб-парсы сөздері де, *маһи, зайып, ғалам, ғайбат, зина, һәммәтсіз, һәммәтлі, фәни, мәртебе* тәрізді сөздер де орын алған. Ал Бұхардың кіші замандасы Шал ақында мұндай емес, онда кездесетін шығыс сөздері халық тіліне сіңіскендер ғана (*дүние, момын, мақұл, дәулет, аман, мейман, несібе, әйел, шекер*), өйткені ол ислам дінін пір тұтып уағыздаған емес, керісінше:

Меке менен Медине жолдың ұшы  
*Иман* таба алар ма барған кісі...

немесе:

Қой, сиырын қамасын молда өзі  
*Ұжмақ* көрер бір жан жоқ бұл кісіден,—

деп күмән айтып, келеке еткен ақын, сондықтан дінге қатысты *ұжмақ, иман, хақ* деген бірен-саран сөзді осы мақсатта ғана жұмсаған.

Оқу-ағарту саласына қатысты араб-парсы сөздерінен XVIII ғасыр әдеби тілінде кездесетіндері көп емес және олардың да қолданылуы жеке авторға байланысты тәрізді. Мысалы, Бұхар жырауда *сия, қалам, дәуіт, әлім, ғалым* деген шығыс сөздерінің орын алуы автордың мұсылманша көзі ашық болғандығын танытады. Сірә, өткен ғасырлардағы әдеби нұсқалардың сөздік құрамында араб-парсы элементтерінің аз немесе көп мөлшерде қолданылуы белгілі бір дәрежеде автордың мұсылманша сауаттылығына да тікелей қатысты болған. Өйткені қанша діндар болса да, мұсылманша сауаты жоқ, араб-парсы тілдерінен бей-хабар автор бұл тілдердің жеке сөздерін де өз шығармаларында молынан, еркін енгізе алмаған болар еді.

XVIII ғасыр әдеби тілінде орын алған араб-парсы сөздерінің үлкен тобы абстракт ұғымды білдіретін сөздер болып келеді. Мысалы, *пайда, дәулет, қайыр, қадір, абырой, ар, сабыр, бақыт, пейіл, несіп* т. б. тәрізді шығыс сөздері — қазақ тілі құрамына ертеден еніп, қалыптасып кеткен абстракт есімдер. Бұлардың қазақша (түркіше) дублеттері жоқ және өздері фонетикалық жағынан «қазақшылған» тұлғалар.

Шығыс тілдеріне тән сөз тудырушы жұрнақтардан кездесетіні — **кер** түрі. Ол да Бұхар жырауда екі-ақ сөзде қолданылған (*қызметкер, азаткер*). Араб-парсының басқа элементтері сияқты **-хор, -паз, -кеш** аффикстері арқылы жасалған сөздер бұл кезде кең қолданылмағанға ұқсайды, біздің талдап отырған үлгілерімізде де көп кездеспейді.

### Архаизмдер

Қазақтың XVIII ғ. әдеби тілінде, қазіргі лексикалық нормамыздың тұрғысынан қарағанда, архаизмге жататын бір алуан сөздер тобы бар. Жауынгерлік тақырыпқа байланысты көнерген сөздерді жоғарыда айтып өттік: бұдан екі ғасыр бұрын қолданылған қару-жарақ түрлері жойылып, жаңа түрлері шыққандықтан, оның атаулары да архаизмге айналып кеткендігі даусыз. XVIII ғасырдың тілінде бұдан басқа да көнерген немесе бұл күнде пассивтенген бірқатар сөздерді ұшыратамыз. Бұхарда қолданылған *талыс, шөпшік* деген сөздердің архаизмдер екенін бірнеше зерттеуші атаған болатын. Екеуі де мал терісінен істелінетін ыдыс-жабдықтар. Металл, шыны материалдары кемтаршылық дәуірлерде мал терісі ас-су жабдықтары, киім-кешек, төсеніш-жастаныштар жасауға пайдаланылатын бірден-бір материал болған. Экономикалық даму дәрежесі әлі өте төмен феодалдық қоғамда XVIII ғасырда осындай жабайы құрал-жабдықтардың болғанын сол кездің тілдік фактілері де дәлелдейді.

Сондай-ақ, *үшкілсіз көйлек* деген де қазірде бейтаныс сөз. Бұл «кебін» дегеннің образды түрде аталғаны. *Үшкіл, төрткіл* сөздері бұрыш-бұрышы бар нәрсеге (мата, тақта т. б.) байла-

нысты айтылатын сөздер, сондықтан да бір кезде *үшбұрыш*, *төртбұрыш* деген геометриялық терминдерді *үшкіл*, *төрткіл* сөздерімен беріп жүрдік. Киім — қайткенде де қиылып (бұрыш-бұрышы болып) тігілетін бұйым, ал кебін — тұтас оралатын нәрсе, сондықтан оны образды түрде *үшкілсіз көйлек* деп атаған болу керек. XVIII ғасырдың әдеби үлгілері тіліндегі *дүр*, *талық*, *санат*, *көрпелдес*, *түкпе*, *мортық* сөздері мен *тіркеусіз қайту*, *дулап жүру*, *байсал табу*, *байсалды үй*, *баршындау*, *көбелеу*, *мамыр асу* тіркестері қазірдегі актив қорға кірмейді.

#### § 4. Фразеологиялық тіркестер

Әдеби тілдің бір белгісі фразеологиялық тіркестердің тұрақталып, образ жасауға қатынасуында. Бұл жағынан қазақтың ауыз әдебиеті тілі де, XVIII ғ. көркем әдебиеті тілі де едәуір материал береді. Бірақ ақындар шығармаларындағы тұрақты тіркестер негізінен ауыз әдебиеті дәстүрін сақтайды: ақындар бұрыннан қалыптасқан дайын штамптарды пайдаланады немесе жаңа тіркестер жасай қалса, оның семантикалық және грамматикалық моделі дәстүрлі тіркестерден алынады. Мысалы, *тұрымтайдай ұл*, *басына дәулет құсы қону*, *тоят тілеу*, *тақымы кеппес ұры*, *найзаны жауға тіреу*, *жұлдызы оңынан туу*, *он сан алаш*, *сары жол*, *құдайға құл болу*, *ақ сұңқар құстай түлеу*, *жалаң аяқ жар кешу* деген тіркестер халық тілімен ұштасады. Сірә, XVIII ғасыр әдеби тіліндегі *қаза қалу*, *жер тұлдану*, *дау ұру*, *жандай шабу*, *уағдадан жылысу*, *бойынан түңілу*, *байсал табу*, *қулық туған құлаша*, *алтынның буы*, *дәулет таю*, *жамандық тұту*, *бір ауызды болу* тәрізді тұрақты тіркестерді белгілі бір ақынның туындысы деп те, халық тілінің байлығы деп те кесіп айтуға болмайды. Өйткені сол тұстағы сөйлеу тілінің байлығы бізге мүлде беймәлім, ал ауыз әдебиеті тілінің де дәл XVIII ғасырдағы фразеологиялық нормасын көрсету мүмкін емес. Сондықтан қазір біз тек бір-ақ фактіні батыл көрсете аламыз. Ол — қазіргі әдеби тіліміздің байлығы мен көркемдігін, образдылығын танытатын фразалық, идиомалық тіркестердің сөз етіп отырған дәуірде едәуір мол қолданылып, тұрақталған тіл элементтері болғандығы.

#### § 5. Сөз тудыру тәсілдері мен грамматикалық ерекшеліктері

Қазақ әдеби тілінің қазіргі нормасында қолданылатын өнімді жұрнақтардың бірқатары XVIII ғасырдың әдеби үлгілерінде жоқ немесе пассив. Ал енді біреулері қазіргідей актив тәсіл болғанмен, тудыратын мағынасы, аясы тарлау. Мысалы, XVIII ғ. әдебиетінде есім сөз тудырушы жұрнақтардың ішінде ең жиі қолданылған *-лық* жұрнағы арқылы, негізінен, абстракт зат есімдер жасалған: *жаулық*, *билік*, *жақсылық*, *жамандық*, *тірлік*, *ұрлық*, *қулық*, *кәрілік*, *кемдік*, *елдік*, *жарлық*, *сараңдық*,

зорлық, қорлық, бірлік, жомарттық. Ал осы жұрнақты туынды сын есім жасауға пайдалану бұл кезде мүлде өнімсіз, жоққа тән. Бұл ерекшелік ауыз әдебиеті тілімен іліктес, мұнда да **-лық** жұрнағы **жақсылық, жамандық, жастық, кәрілік, жігіттік, жарлық** (хан жарлығы), **жоқшылық, батырлық, байлық, сұлулық, ашықтық, кедейлік, жарлылық, құдалық** тәрізді зат есімдерді жасайды. Ал **-лық** жұрнақты тұлғаның сын есім болып келуі тек сандық, уақыттық мөлшерді білдіретін жағдайда ғана: **Қырық күншілік шөлі бар** («Қыз Жібек»), **Алпыс сомдық әр кезі үстіне асыл кигізді** («Қамбар»), **күндік жер, неше күндік жол, жүз теңгелік опа** т. б. **Тайлық оқ** («Қыз Жібек»), **тебінгілік жүн** («Қамбар»), **жаулық жол** (Бұхар) тәрізді сандық, уақыттық мөлшерге қатыссыз сын есімдер өте сирек кездеседі.

Қалған жұрнақтардан **-лы, -сыз, -ыш** (**қызғаныш**), **-ақ** (**тілек, қылық, атақ, өтірік**) тұлғалы есімдер бар. **-Кер** жұрнағы **қызметкер, азаткер, үміткер** сөздерінде ғана кездеседі.

Бізге жеткен текстерге қарағанда, грамматикалық тұлға-тәсілдері жағынан XVIII ғасырдағы қазақ әдеби тілінде принципалды, үлкен өзгешеліктер байқалмайды. Морфологиялық категориялар, негізінен, қазіргі нормамызға сай түседі. Оның екі себебі бар тәрізді: бірі — XVIII ғасыр ақын-жыраулары шығармаларының ауызша таратылып, бізге ауызша жеткендіктен, едәуір грамматикалық тұлғалар өзгертіліп, жаңа варианттарымен алмастырылып, қазіргіше түрге ие болғандығы. Екіншісі — біз әнгіме етіп отырған дәуірде септеу, жіктеу, тәуелдеу тәсілдері немесе сын есім шырайлары, етістіктің есімше, көсемше, етіс, рай тәрізді категориялары, негізінен, қалыптасып, бір қыдыру нормаланған тәрізді. Сондықтан XVIII ғасырдағы қазақша әдеби үлгілерден септік жалғауларының немесе басқа да морфологиялық және синтаксистік тұлға-тәсілдердің қазіргіден өзгеше түрлерін таба алмаймыз.

Дегенмен XVIII ғасыр нұсқаларының грамматикасында қазіргі нормамызбен салыстырғанда ешбір айырмашылық жоқ деуге мүлде болмайды. Бірқатар морфологиялық тұлғалардың қызметі ол кезде әлдеқайда актив болғанын немесе кейбіреулерінің әлі де қызмет аясы тар, өнімсіз қолданылғанын көреміз. Мысалы, **-ар, -мақ** жұрнақты етістік тұлғалары қазіргіге қарағанда әлдеқайда актив қолданылған. Келер шақ есімшенің барыс жалғаулы түрін XVIII ғасыр тілінде жиі ұшыратамыз. Мысалы, Бұхарда:

Батпақты сайға су түссе,  
Атың арып келгенде,  
Өткел бермес кешерге.  
Қайырсыз итке мал бітсе,  
Анқаң құрып келгенде,  
Саумал бермес ішерге...

Келмей тұр аузым айтарға,  
Еңкейіп орақ орағға,  
Тоңқайып масақ терерге т. т.

Бұл форма — осы күнгі өнімді *-уға* (*баруға, айтуға*) тұлғасының орнына қолданылған. Өткен ғасырларда *-уға* тұлғасы да қатар жүрген тәрізді (бірақ кейінгі айтушылар кей жерлерде *-арға* қосымшасын алмастырып *-уға* тұлғасында жеткізулері де мүмкін). Мысалы:

Есіл көзден нұр тайса,  
Бір көруге зар болар (Бұхар).

Сондай-ақ, осы күнгі *-у* жұрнағы арқылы берілетін қимыл есімдерінің орнына кейде *-мақ* жұрнақты тұлға қолданылған:

Ханның жақсы болмағы  
Қарашаның елдігі (Бұхар).

XVIII ғ. әдебиетінде бұл күнде аналитикалық тәсілмен немесе жұрнақтар арқылы жасалатын кейбір етістіктер өзгеше тұлғада жұмсалған. Мысалы, Бұхарда: *Даусы құдай саңқыған* (*-саңқылдаған-сұңқылдаған*), *Айтқан сөзге түспеген* (*түсінбеген*), Шалда: *Жатудан жамбастарың жауырады* (*жауыр болады*).

Халық ауыз әдебиетіндегі сияқты, *да* шылауы грамматикалық тіркестердің арасында келіп, ерекше экспрессивтік реңк беретін тәсіл түзейді. Мысалы, Бұхарда:

Қынай *да* белін буынған.  
Жылай *да* жесір қалмасқа.  
Толғай *да* толғай дәурен сүрмес пе?

Салыстыр: Қызыл *да* жібек қырмызы; Баян *да* қылып айтайын («Қамбар»).

XVIII ғасырдағы қазақ әдеби тілін танытатын үлгілерде етістіктің II жақ бұйрық райының *-ғын*, *-ғыл* жұрнақтарымен келген түрлері де кездеседі. Мысалы,

Сыйлай бергіл көнені...  
Ақылың бар хан едің,  
Мұның түбін ойлағын (Бұхар).

Бұл көне тұлғалар қазірде оңтүстік говорларында сақталған. Ал Орталық Қазақстанды мекендеген Бұхар сияқты жырау-ақынның тілінен *-ғын*, *-ғыл* жұрнақты етістіктердің ұшырасуын екі түрлі дәлелдеуге болады. Бірі — бұл көне тәсілдер XVIII ғасыр-

дағы қазақ тілінде әлі де жарыса қолданылып, тәжірибеден шығып қалмағандығына байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайда сөз етіп отырған формалар бұл кезде тек оңтүстік өлкелерге емес, Қазақстанның барлық түкпірінде тегіс қолданылған болуы керек. Екінші дәлел — егер бұл тәсілдер ертеден қазақ жерінің оңтүстік аймақтарына ғана тән болып келген болса, бұлардың Бұхарда кездесуі автордың осы аймақтарды да біраз мекендеп, кейбір тілдік ерекшеліктерін қабылдағандығына байланысты. Бұхардың Абылайға:

Сен мен көргенде  
Түркістанда жүр едің,—

дегеніне қарағанда, оның оңтүстік өлкелерде болғаны байқалады.

Етістіктің II жақ бұйрық райының **-ҒЫН, -ҒЫЛ** жұрнақтарымен келуі ауыз әдебиеті үлгілерінің кейбіреулерінде жиі кездеседі. Мысалы:

Бақытын *ашқыл* баламның;  
Медеткер *болғыл* балама;  
Іздеп *кезгіл* ағанды;  
Көке болмай жерге *кіргін* («Қыз Жібек»)  
Бір құдай жәрдем *бергіл* тіл-жағыма  
(«Айман — Шолпан»).

Есімдерге жалғанып, предикаттық мән беретін көне *дүр* форманты да XVIII ғасырдың әдеби тіліне жат емес. Аса өнімді болмаса да, бұл тәсіл өткен ғасырлардағы қазақ әдеби тілінде қолданылып келгенін ауыз әдебиеті нұсқалары да көрсетеді:

Қүдіретіне алланың  
Бенденің жоқ *дүр* көнбесі («Қыз Жібек»);  
Кім бай *дүр*, кім жарлы *дүр*, тәңірге аян  
(«Айман — Шолпан»).

Сөз жоқ, XVIII ғасырдағы қазақ әдеби тілінің грамматикалық сипаты тек осы көрсетілгендер емес. Осы күнгі нормамен салыстырғанда бұдан екі ғасыр бұрынғы әдеби тіліміздің грамматикалық жүйесіндегі өзгешеліктер әлдеқайда көбірек болуға тиіс. Бірақ сол кезден бізге жеткен материалдың тапшылығынан және олар текстологиялық жағынан біраз өзгеріп жеткендіктен, бұл ерекшеліктерді түгел, толық көрсете алмай отырмыз.

## § 6. XVIII ғ. II жартысындағы эпистолярлық документтердің тілі

Жоғарыда көрсеткеніміздей, XVIII ғ. II жартысындағы қазақ даласындағы тіл практикасының бір түрі, хан, сұлтан және кейбір старшиналардың орыс әкімшілік орындарына (патшадан бастап төменгі сатыдағы жергілікті әкімдерге шейін) және бір-

бірлеріне жазысқан әр алуан қағаздарының тілі болды. Бұлар көбінесе орысша *прошение, уведомление, донесение* деп аталған документтер мен ресми хаттар. Бұлардың архивтерде сақталғандары 1940 жылы жарияланғандықтан, 1785 жылдан 1828 жылға дейінгі бұл топқа жататын материалдардың тілін талдауға мүмкіншілігіміз бар.

Ең алдымен, бұл ресми документтерді жоғарыда сөз еткен көркем әдеби нұсқалардан бөліп қарайтын себептеріміз бар. Біріншіден, бұлар әдебиеттің өзге жанрына — ресми-эпистолярлық жанрға жататын нұсқалар болса, екіншіден, пайдаланылған тілі жалпы халықтық қазақ тілінен басқа болды. Бұл документтердің тілі мен стилі жөнінде дұрыс сипаттама мен құнды пікірлер айтылды. Бұл документтерді 1940 жылы жариялағанда, проф. М. П. Вяткин былай деп көрсетеді: «Хандардың хаттарын жазғандар қазақтар емес, татар молдалары — патша үкіметінің агенттері — болатын, сондықтан да еңбекшілердің көтерілістерін «оңбаған» халықтың бүліктері немесе тіпті кәдімгі ел талау деп сипаттаған. Тіл жағынан алғанда қазақ феодалдары атынан жазылған бұл документтер арнаулы кеңсе тілінің үлгілеріне жатады. Мұнда татар элементтері басым, ал қазақ тіліне тән элементтер әлдеқайда аз. Орта Азия тілдеріне тән архаизмдер мен арабизмдер араласқан татар тілі хандар канцеляриясы практикасында ұзақ уақыт берік сақталып, ресми хат-хабарлардың барлығында қолданылды. Бұл тіл қазақ халқының көпшілік бұқарасына мүлде түсініксіз болды»<sup>1</sup>.

XVIII—XIX ғасырларда қазақ даласында қолданылған кеңсе тілі туралы қазақ лингвистері де осындай баға береді: «Абай дәуіріне дейінгі хан-сұлтандардың түрліше грамота-хаттарына келсек, олар сол кездегі мода болған ресми-эпистолярлық стильдің бөліктері еді.

Мұнда шағатай, татар, араб-парсы элементтері басым болды»<sup>2</sup>.

XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың I жартысындағы қазақтың хан-сұлтан, би, старшиналары атынан жазылған ресми-кеңсе қағаздарының тілі туралы жоғарыдағы пікірлерді толығынан қуаттай отырып, бұл стильдің тілін қолда бар материалдар бойынша сипаттауға болады. Ол материалдар: 1785 жылы Екатерина II-ге Кіші жүз қазақ старшиналарының Әбілхайыр ханның балаларын хандықтан аластатуды сұрап жазған «ғарыз наамасы» (прошение); 1785 жылы Кіші жүздің Нұралы ханының генерал-поручик О. А. Игельстромға жазған хаты; 1787 жылы Ералы сұлтанның полк. Д. А. Гранкин дегенге Нұралы хан мен Айшуақ сұлтанды босатып жіберуін талап етіп жазған «мағлұм наамасы»

<sup>1</sup> Материалы к истории Казахской ССР. т. IV, М.—Л., 1940, 41—43-беттер.

<sup>2</sup> С. Кенесбаев. Абай — основоположник казахского литературного языка.— «Советский Казахстан», 1955, № 9, 124-бет.



(=мағлұм олынадүр)—уведомлениесі; 1790 жылы Қара Көбек би және Шұбар билердің Россия Сыртқы істер коллегиясының мүшесі граф А. А. Безбородкоға жазған хаты; 1790 жылы Сырым Датовтың Екатерина II-ге жазған «ғарыз наамасы» (донесение); Жетісудың бас старшинасы Тіленшінің Шерғазы сұлтанға 1793 жылы жазған «ағләм наамасы» (донесениесі); 1794 жылы қазақ сұлтандары мен старшиналарының Екатерина II-ге жаңа хан тағайындауды өтініп жазған «ғарыз наамасы» (прошение); 1803 ж. Айшуақ ханның Сыртқы істер министрі В. П. Кочубейге жазған хаты; 1821 ж. Шерғазы ханның граф К. В. Нессельродке жазған «ғарыз халі» (прошение); 1825 ж. Қаратай сұлтанның Орынбор әскери губернаторы П. К. Эссенге жазған донесениесі.

Бұл кеңсе қағаздары тілінің орта азиялық түркі тілдеріне ортақ ертеден қалыптасқан стилі болды. Ол стиль кеңсе жазбалары тілінің лексика-фразеологиялық құрамында, грамматикалық тәсілдерінде, тіпті орфографиясында орын алған өзіне тән ерекшеліктерімен белгіленеді. Ең алдымен, орта ғасырлардан бастап біз сөз етіп отырған XVIII—XIX ғасырларға дейін әрбір инстанциядағы әкімдерді хәуіптейтін тұрақты эпитеттердің қолданылуы шарт болды, бұл жалғыз орта азиялық феодалдық қоғамдағы түркі халықтары тілінде емес, өзге де халықтар, оның ішінде орыс тілінде де орын алды. Мысалы, жоғарыда аталған документтердегі *ғызатлу*, *хұрметлу* (уважаемый), *мархабатлу* (милостивый, всемилостивый), *сағадатлу* (блаженный), *биік мәртәбәлі* (высокостепенный), *ғинаятлу* (всеблагый), *құдретлу* (всемогущий), *шафағатлу* (милосердный) тәрізді сын есімдер — осындай тұрақты стильдік эпитеттер. Бұлар түгелімен дерлік араб сөздерінен түркі жұрнағы (-лу/-лу) арқылы жасалған. Бұлардан басқа арабтың *ғали* және *хазірет* деген сөздері өте жиі қолданылып, біріншісі «жоғары, биік» деген компонентті білдірген; мысалы, *ғали кәһали уа ғали жәһәли* — высокостепенный и высокодостойный, *сіздің ғали хазіреттеріңіз* — ваше высокопревосходительство, екіншісі «его (ее) превосходительство, величество» деген ұғымды білдіруге жиі пайдаланылған: *патса хазіретлері* — ее императорское величество, *государыня*, *Игельстром хазіретлеріне* — его высокопревосходительству Игельstromу. Демек, бұлардың әрқайсысы белгілі бір эпитетті білдіретін дәрежеде тұрақталып, стильге тән нормаға айналғаны байқалады.

Хан-сұлтан, би, старшиналардың атынан жазылған түрліше қағаздардың (грамоталардың) атаулары да бірқыдыру дифференциацияланып нормаланғаны сезіледі. Мысалы, жоғарғы орындардан бір нәрсені сұрай, өтіне жазылған қағаздар (прошение) *ғарыз*, *ғарыз наме*, *ғарыз ахуал*, *ғарыз хал* деп берілген және олардың өзіне тән *всеподданнейшее*, *всенижайшее* тәріздес эпитеттердің баламасы сияқты сөздер де қолданылған: *табиғна ғарыз наме* — всеподданнейшее прошение. Бірденені білдіру

үшін жазылған қағаздар (донесение, уведомление) *ағлам наме*, *ғарзе наме* деп аталған. Бұлардан басқа *хат* (письмо) деген термин осы күнгідей *хат* түрінде қалыптаспағанға ұқсайды. Бұл ұғым жоғарғы документтерде 3—4 вариантта берілген: *мәктәбә*, *күтабтү*, *кәтаб* және *хат*. Әкімшілік орындарының түрліше бұйрық-жарлықтары (повеления и приказы, указы) *ярлұқ*, *әмір ярлұқ*, *фарман* түрінде кездеседі, қазақша *бұйрық* сөзі жоқ. Мұның біріншісі түркі тілдерінде ежелден келе жатқан *ярук*, *ярлук* — *жарығ*, *жарлық* сөзі де, екіншісі — осы мағынаны білдіретін араб сөзі, бұл көбінесе хан, сұлтан, қазылар тарапынан берілетін указға сай келеді. *Фарман* сөзі *пәрмен* түрінде халық тіліне де енсе керек: *Патшадан пәрмен болған соң* («Қамбар»), бұл сөзді Н. И. Ильминский де 1861 жылғы сөздігіне енгізген: *пәрмен* — *повеление*.

Кейбір элеуметтік-әскери терминдерді араб-парсы сөздері арқылы білдіріп, бір ізді қолдану тенденциясы бар. Мысалы, қазақтың хан-сұлтандары мен патша үкіметінің жергілікті администрациясына қарсы әрекет етушілерді *харамилар* (разбойники) деп атау қалыптастырылған. Бұл сөзді осы мағынада бірнеше документтен табамыз. *Жамағат* сөзін документті аударушылар *община* деп беріпті, шынында да, бұл жазбаларда «көпшілік, халық» дегенді білдіретін бірнеше сөз қолданылған: *йұрт*, *халық*, *қара халық*, *ел* (ауыл мағынасында), *жамағат*. Мұндағы *йұрт* — этникалық-территориялық тұтастық ретінде біріккен топ мағынасында жұмсалғанға ұқсайды: *қырғыз-қазақ йұрты*, *Россия йұрты*, *Орал йұртындағы башқұртлар* — уральские башкиры, *күллі йұртымызның жамағатлары* — общины всего нашего журта. Сондықтан да осы документтердің орысша жана аудармасында бұл сөз аударылмай, *журт* деп алынған да, оған мынадай түсініктеме берілген: *жұрт* — страна, территория, на котором живет одна семья (усадьба) или род, или народ, но без акцента на последнюю (т. е. на население, народ), обозначающего термином «ель (иль, эль»)»<sup>1</sup>. Ал *халық* сөзі сирек қолданылғанмен, осы күнгі мағынасын берген. Билеуші топтың қарсы жағы ретінде (простой народ) *қара халық* деген де қолданылған. Осындай терминделген сөздердің қатарына *харакат* — поведение, поступки, *ғаскер* (бір жерде *ласкер*) — войско, *саудагер* — купец, *мал* — товар, *шабуыл* — набегі, *елші* — посланец, депутат, *сахара* — степь, *сахара халқы* — степной народ, *баж* — налог; *кеңес* — совет, *мехкеме* — учреждение, управление, *бастық*, *хаким*, *әкім* — начальник, *йаманлық* — дурные действия, *тұтқын* — пленные, *аманат* — заложник, *астрахат* — спокойствие, *қияпат* — предательство сөздері жатады. Бұлардың көпшілігі араб-парсы түбірлері болса, *елші*, *кеңес*, *бастық*, *тұтқын* дегендер — түркі сөздері.

<sup>1</sup> Материалы по истории Казахской ССР, т. IV, М.—Л., 1940, 481-бет.

Қазақ жерінің Россия империясына бағынуына байланысты көптеген жаңа ұғымдарды атау қажеттігі туады. Бұлардың да бірқатарына араб-парсы сөздері алынып, тұрақтана бастағаны байқалады. Мысалы, *подданство*, *подданный* деген ұғымдар *рағаятлік*, *рағаят* сөздерімен беріліп отырылады. Сондай-ақ патша үкіметі қазақ жерін билеуді қолайлы түрде жүзеге асыру үшін шекараға *пограничная линия* деген шеп құрып, қорған, қалалар салғаны мәлім. Осы *пограничная линияны* барлық документте де *сархад* деп беріп отырған. Осы линияда патша үкіметі тарапынан орнаған қала-қорғандардың атауларын да саралап беру тенденциясы көрінеді: кішкене қаласымақты (городок) *қала* деп, кәдімгі үлкен қаланы (город) *шаһар* деп, крепосты бірде *қала* (Ор қаласы — Орская крепость), бірде *кірпіс* — *кірепос* — *кренпш* деп орысша атаған; *форпост* та орысша аударылмай, *фарбос* түрінде қолданылған.

Өткен ғасырлардағы кеңсе-қатынас қағаздары тілінің лексикалық құрамындағы тағы бір ерекшелігі жоғарыда көрсетілгендей тек зат, құбылыс атаулары ғана емес, түрліше көңіл күйі, амал-әрекетті білдіретін сын есім, үстеу, етістіктердің бірқатары шет тілдік (араб-парсы) сөздермен берілгендігінде: *атғақ* — *единодушно*, *ғаяндүр* — *аян*, *бәңә асыл болынды* — мною получены, *махзүн қылдыңыз* — огорчили меня, *ғадаулік қылу* — действовать враждебно, *офат олынды* — скончался. Мұндай етістіктер көбінесе аналитикалық жолмен: негізгісі араб-иран сөзі, көмекшісі түркі етістігі болып жасалған.

Дегенмен бұл стильде де көптеген жаңа ұғымдарды білдіретін терминделген сөздер жоқ, мысалы, қазақ даласына әкімшілік единицаларын белгілі бір мерзімге сайлап қою тәртібі келді, бірақ сол фактіні білдіретін қазақ тілінде бар *сайлау* сөзі эпитолярлық стильге еніп, тұрақталмаған. Сондықтан «выборы», «избрание» ұғымы әр түрлі сөздермен берілген. Мысалы: *хан қоярға* — для избрания хана, *хан ясадылар* выбрали хана. Сондай-ақ, *пленные* бірде *тұтқын*, бірде *кіріфтар адамдар* т. б. деп алынған.

Сөйтіп, кеңсе қағаздары тіліндегі лексикалық ерекшеліктің бірі — ондағы көптеген жеке атаулар мен сын-амал, іс-әрекетті білдіретін сөздердің араб-парсы элементтері болып келгендігінде.

Сөз жоқ, стильдің сөздік құрамының негізі түркі элементтері, бірақ бұл жерде де осы стильге тән ерекшелігі бар. Бұлардағы түркі тілдік лексика сол кездегі қазақтың жалпы халықтық тілі мен көркем әдеби тілінікі (ауыз әдебиеті мен ақындар шығармалары) емес, басым көпшілігі орта азиялық әдеби тіл (шағатай) мен татар тілдерінікі. Мысалы, қазақша *е*, *бол* етістігі *ер*, *ол* түрінде оғұз тілдеріндегіше берілген: *хайран олдым* (болдым), *кіріфтар олынмыш*, *жазған ердім* (едім), *йаз ерді* (жаз еді). *Ада қылғаш*, *ұшбу*, *йүздендіру* — отвернуться, *уflan-*

ларым (ұлдарым), хат келіп йетісті, офкә (-өкпе), дост кібік (сияқты), кеңеске кірішмейінше дегендер қазақ тіліне тән емес.

Сонымен қатар бұл стильде таза қазақ тілі элементтері мүлде жоқ деп айтуға болмайды. Мұндағы біраз жеке сөздер мен тіркестер татарша-шағатайша орфографиямен жазылғандығы болмаса, қазақ тіліне тән екендігі байқалады. Мысалы, *йұрт* (жұрт), *Кіші жүз, ақсақал, қара халық болып, төре, шабуыл, атыстырып-шабыстырып йүрген, қабыл көру, елші қылып, сізге қандай дұшман болса (олса емес), бізге сондай дұшман, сол себептен, екі арада, Жем суының басындағы ел, елні шаптыру, көріп оқып мазмұнын аңғардық, әуелден білгеніміз йоқ, шауып алу, бұрынғы болып өткен* т. б.

Документтердің бір жерлерінде *ерді, ердім, олды, олмыш* болып келсе, келесі бір жерлерінде және көбінесе *еді, болды* түрінде қазақша берілген.

Бұл стильдегі өзге түркі тілдік элементтер лексика саласынан гөрі грамматика (әсіресе морфология) саласында көбірек орын алады. Есімдіктердің септелген түрлері — *бәңә, бенім, сенден, деп* көсемшесі *дайу* түрінде, есімшенің **-ған** жұрнағының орнына **-мыш** түрі (бенім есіміме түзілmiş, жәбір көрмей кіріфтар олынмыш), III жақ жіктік тұлғада *дүр* форманты қолданылған: *мағлұм олынадүр, оңайдүр, офкәміз бардүр, хан деп білмесдүр, ғаяндүр, бұзылып шықтылардүр*; етістіктің III жақ көпше тұлғасында **-лар** жалғауы келеді: *хан ясадылар, шықтылардүр, алғанлардүр, айталар, кеттілер*; **-у** жұрнағының орнына **-Фу** формасы келеді: *дұсманлық қылғушы* (сонымен қатар *қылушы* түрі де бар), *йүргуши*; етістіктің тілек, қалау, өтініш мағынасы **-ғай** тұлғасымен берілген: *әгәр бұ уағда сөзләрімізні қабыл көрсеңіз сіздің қолыңыздағы жамиғ тұтқынларны уа аманатларны йібәргәй едіңіз* (-жіберсеңіз, жіберіңіз), *инанысқай ерді* (-сеніселік); көп жерлерде есім мен етістік арасындағы дәнекер *деп* етістігі түсіріліп айтылған: *дұсман білгенлігімізден, ұлығ білеміз, мархабатлы білеміз*; есімшенің **-тұғын, -тын** тұлғалы түрінің орнына *тұрған* сөзі келеді: *шабуыл қылатұрған*. Шылаулардың қолданылуында біркелкілік жоқ: арабша *уа, һәм* шылаулары өте жиі қолданылған, осы күнгі *мен* шылауының орнында бірде *бірлән*, бірде *иле*, бірде *илән* тұлғалары келеді, *шейін* (*дейін*) шылауының орнына *ше* (бұ *уақытқа ше*) қолданылады, парсының **би-, на-** префиксті сөздері жиірек кездеседі: *бихисаб, бинаһаят, нәмақұл* т. б.

XVIII—XIX ғасырлардағы эпистолярлық материалдардың тілін қазақтың жалпы халықтық тілінен қашықтатып әкеткен белгілердің бірі — олардың орфографиясы: бұларда шағатайша-татарша жазу нормасы қолданылған. Бұл емле бойынша сөз басындағы **ж** әрпінің орнына **й** әрпі (*йоқ, йазған, йұрт, йыл* т. т.) жазылды; жалғау-жұрнақтар қазақ тілінің үндестік заңы-

на бағындырылмай жазылды: *бізлер, сүйікті, йүзнің, бұзғынлығы* т. т.; араб-парсы сөздері көбінесе өз тілдеріндегі тұлғасын сақтап жазылды: *ғарыз, неш, хакім, мәһарбанчылық, фарзантлар* т. т.

Осылардың баршасы кеңсе-қатынас қағаздарының стилін ұзақ уақыттар бойы дәстүрге айналдырып, оларды жазба тілдің өзгеше түріне жатқызуға мәжбүр етті.

Қазақтың хан-сұлтан, би-старшиналарының патша үкіметі әкімшілік орындарымен жазысқан хат-қағаздары тілінің тағы бір ерекшелігі — оларда орыс сөздерінің едәуір қолданылғандығында. Жоғарыда көрсеткеніміздей, XVIII ғасырдағы қазақ көркем әдеби тілінде орыс сөздері мүлде жоққа тән болса, эпистолярлық жазба тілде ондаған сөздерді кездестіреміз. Ең алдымен бұларға лауазым аттары жатады: *генерал* сөзі аударылмай бірде *инерал*, бірде *жанарал*, тіпті бір жерлерде *гинерал* түрінде келеді, сондай-ақ *қуалер — қауалер* (кавалер), *старшина, господин, губернатор, полкоуник; граф, пристав* сөздері бар. Бұлармен қатар *команда, линия, крепос* (кірепіш, кірпіс), *корпус, конфидент* сөздерін сирек болса да кездестіреміз. Орыс сын есімдері аударылмай сол күйінде алынады: *сиателни* (сиятельный) *граф, уайенный* (военный) *губернатор, уойскоуой* (войсковой) *старшина* т. б. Бұл Орта Азия хандықтарында XVIII ғасырдан бұрын қолданылып келе жатқан ресми-эпистолярлық стильден қазақ даласындағы XVIII—XIX ғасырларда қолданылған ресми хат-хабарлар стилінің өзгешелігі. Бұл ерекшелікті ең бірінші көрсеткендер — проф. М. П. Вяткин мен Н. К. Дмитриев.

Эпистолярлық стильдің синтаксистік құрылымында да қазіргі нормамен салыстырғанда бірқатар өзгешеліктер бар. Ең алдымен, сөйлемдердің шұбалаңқы болып, жіктері әрең ажыратылатындай түрде келуі көзге түседі. Мысалы: *Ол харамилар бені өзлеріне дұспан біліп уа бенден йүздендіріп йүргенларны мындан ғали хазреттеріңізге йазсамда әлде болса бәңе инанмай ол қырғыз қазақларыңызға ұғланларыңызны йібәріңіз дерсіз||ол харамилар бенім йарлықымны алмақ дәгүл қайта анда йібәрген фәрзәндымызныда исенлік илә иібәрмәдилар бәлки өлтірдиләр білемін* (Нұралы ханның О. А. Игельстромға 1785 жылы 21 июльде жазған хатынан). Мұндағы сөйлемдердің жігі біздің параллель сызық қойған жерімізде.

Қазақ әкімдері пайдаланған эпистолярлық стильдің синтаксисінде сөйлем мүшелерінің дағдылы орындары ауысып келетін жағдайлары да бар. Сондай-ақ, құрмалас сөйлем компоненттерінің орындары да кейде алмасып, бағыныңқы сөйлемнің басыңқыдан соң тұрған жерлері ұшырасады. Мысалы: *... Ол харамиларны өзіне дұспан білгенімізден ғали кәһали хазіреттеріңізге йазған ердім||ол харамиларға ғаскер йіберіп қорқытмасаңыз||анлар һеште тиылмасалар дәйу* (сонда).

Өзге түркі тілдеріне және араб-парсы тілдеріне тән *уа, һәм, ләкин, дәйу, кім (ки), бәлки, бірлән, билән, илә, ше* жалғаулықтарының қолданылуы да қазақ феодалдары пайдаланған ресми-эпистолярлық стильдің ерекшеліктерінің бірі. Бұл жалғаулықтар — орта азиялық түркі әдеби тіліне тән категориялар, кейіннен XIX ғасырдағы қазақ кітаби тілінде де сақталып қолданылған элементтер: ... *Фәрман бір дарлық қылармыз уа патсаны мархаматлу уа шафағатлу білеміз. Бу уақытқа ше сіздің бірлән бізлерні атастұрып шатұстырып йурген Нұрғали ханның халакаты уа харакаты деп білеміз. Айтыпсызлар кім бірнеше насихат сөзларыңызны...* (1787, 1785 жылғы хаттардан). Бұл документтердің синтаксистік құрылымы қазақ, татар тілдерінің нормаларын сақтағанын көреміз.

Бірнеше ғасырлар бойы түркі тілдеріне тән болып қалыптасқан ресми-эпистолярлық стиль, сөз жоқ, әдеби, оның ішінде жазба әдеби тілдің бұтағы. Бірақ бұл XVIII ғасырдан көп бұрын-ақ қазақтың жалпы халықтық сөйлеу тілі мен көркем әдеби тілінен (фольклор мен ақындар шығармалары тілінен) айтарлықтай алшақтап кеткен тіл болды.

Сөйтіп, біз талдап отырған дәуірде қазақ қоғамында екі әдеби тіл өмір сүрді: бірі — қазақтың жалпы халықтық тілі негізінде пайда болған көркем әдебиет тілі, екіншісі орта азиялық жазба әдеби тілі нормаларына негізделген ресми-эпистолярлық стильдің тілі.

#### ПАЙДАЛАНУҒА ҚАЖЕТТІ ӘДЕБИЕТ

Қазақ ССР тарихы, Алматы, 1957, I том.

Қазақ әдебиетінің тарихы, Алматы, 1961, 7—39-беттер.

Әдеби мұра және оны зерттеу, Алматы, 1961.

XVIII—XIX ғ. қазақ ақындарының шығармалары, Алматы, 1962.

Х. Жұмалиев. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. Алматы, 1958; XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті, Алматы, 1967.

С. Аманжолов. Қазақтың әдеби тілі, Стенограмма, 1949.

Г. Г. Мусабаяев. Становление и развитие казахского литературного языка и вопросы казахской диалектологии, Алма-Ата, 1952.

М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томапов. Қазақ әдеби тілінің мәселелері, Алматы, 1961.

Т. Р. Қордабаев. Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі (XIX ғ. жазбалары негізінде), Алматы, 1966.

Е. Жұбанов. Некоторые проблемы изучения языка произведений фольклора.— Вопросы казахского и уйгурского языкознания. Алма-Ата, 1963, I—III.

## ХІХ ҒАСЫРДЫҢ І ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

### § 7. ХІХ ғ. І жартысындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік және экономикалық сипаты

ХІХ ғ. І жартысы патша үкіметінің Қазақстан жерін отарлау әрекетінің ең бір шешуші кезеңі болды: қазақ даласының көптеген жері Россия империясының құрамына кірді; ел басқару билігін патша үкіметі өз қолына алды. Ол үшін 20-жылдарда хандық үкіметті жойды да, ел басқару мен сот-билік жүргізудің жаңа тәртіптерін енгізді. Олар: Орта жүз бен Сибирьді мекендеген қазақтар үшін 1822 жылғы «Сибирь қазақтары туралы устав» (бұл 1860 жылдарға шейін күшінде болды) пен 1831 жылғы Кіші жүзде «Ел басқарудың дистанциялық системасы» деген тәртіптер. Бұрынғы ата-бабаның әдет-ғұрпымен (негізі Тәуке ханның «Жеті жарғысы») соттап-жазалайтын билердің үстіне ірі қылмыстар (кісі өлтіру, барымта т. б.) мен саяси қылмыстарды қарайтын Россия империялық сот системасы келді. Осыған орай, қазақ даласында ел билеу, әкімшілік-сот істеріне қатысты көптеген жаңа атаулар пайда болды.

Қазақстанның оңтүстік аудандары ХІХ ғ. І жартысында Россия құрамына әлі кірмей, Хиуа мен Қоқан хандықтарының қол астында болды.

Экономикадағы өзгеріс те елеулі болды. Әсіресе сауда-саттық күшейді. Мұнда патша үкіметі саясатының тікелей әсері болды. «Жалпы Россия үкіметінің Қазақстандағы сауда жөніндегі саясаты оның экономикалық саясатының ішіндегі ең бір жетістірілгені болды»<sup>1</sup>. «ХІХ ғ. орта тұсына таман Қазақстан Россияның товар өткізетін ең ірі рыноктарының біріне айналды»<sup>2</sup>.

Саудаға қазақ байлары араласа бастайды. Ақшалы байлар пайда болады. Көтерме сауда шығады, яғни саудагерлер қазақтың малын үйір, отарымен (көтеріп) сатып алып, Россия жәрмеңкелеріне өткізетін болады. Ақша айналымы күшейеді, дегенмен әсіресе қырда бұрынғыша айырбас сауда орын алады (30-жылдарда солтүстік аудандарда товардың  $\frac{2}{3}$ -сі ақшаға,  $\frac{1}{3}$ -і айырбасқа сатылған). Жәрмеңкелер етек алады: 1849 ж. атақты Қоянды (Ботовск) жәрмеңкесі ашылады. Сондай-ақ Шортанды, Чернояр, Семей жәрмеңкелері ашылады. Қазақ даласынан шетке (Россияға) шығарылатын товар: мал, тері-терсек, жүн, май, аң терілері, ал қазақтар сатып алатын товарлар: киімдік мате-

<sup>1</sup> С. З. Зиманов. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX в., Алма-Ата, 1960, 258-бет.

<sup>2</sup> Сонда, 225-бет.

риалдар (әсіресе дәрекі шұға мен шыт, бөз, китайка), темір мен шойыннан жасалған үй іші бұйымдары, ұсақ галантерея мен әшекей бұйымдары болған.

Қазақ даласы экономикасында екінші елеулі өзгеріс — егіншіліктің әрі қарай дами түсуі, егістік құралдардың жабайы түрлерінің келе бастауы: көлігі жоқтар жерді шотпен қопарып, көлігі барлар ағаш соқамен жырты<sup>1</sup>.

Хандар дәуірінде белгілі бір заңға сүйеніп салынатын мемлекеттік алым-салық дейтін жоқ болатын. Хан, сұлтан, би, байлардың қалтасына түсетін олжа салық түрінде емес, ата-баба дәстүрімен келе жатқан түрліше сый тарту, жол-жора түрінде болып келді. Ал XIX ғ. 30-жылдарынан бастап қазақ еңбекшілері мемлекеттік салық төлей бастады. (Кіші жүзде түтін салығы — кибиточный сбор, Орта жүзде — ясақ, Ішкі Ордада — зекет, соғым).

Қазақ даласындағы мұндай саяси-экономикалық өзгерістер қоғам өмірінің барлық саласын қамтығаны аян. Ең алдымен, әлеуметтік өзгеріс-жаңалықтар болды. Қазақ қоғамында әлеуметтік топтардың ескілері ыдырап, жаңа түрлері пайда болды: сауданың дамуына байланысты саудагерлер, саудагер байлар, сауда түрінің өзгеруіне қарай алыпсатарлар, өсімқорлар шықты. Қазақ жерінде құлдардың әлеуметтік тобы жойылды. XIX ғ. орта шенінде тұтқындар мен құлдарды ұстауға мүлде тиым салынды. Сұлтандар жанындағы төлеңгіттер әлеуметтік топтан гөрі этникалық топқа айналды. Ал бірқатары крепостной шаруа сияқты тәуелді халге ұшырады<sup>2</sup>. Батырлар мен билердің әлеуметтік сипаты біраз өзгерді. Жатақ дегендер пайда болды. Кейбір ұсақ қолөнершілер шықты.

XIX ғ. I жартысында қазақ даласында әлі де оқу-ағарту ісі мардымсыз болды. 1822 жылғы ұстав бойынша қазақ балаларына, әрине, байлар мен барлардың балаларына, орыс мектептерінде оқуларына право берілді. Орынбор, Омбылардың кадет корпустарында қазақ шонжарларының аздаған балалары оқи бастады. Бұл оқу орындары отаршылық аппаратына кадрлар дайындады. Мұсылманша оқу орындары да аз болды.

Бұл кезде қазақ даласында баспасөз де, ана тіліндегі мектептер де, таза қазақ тілінде кітап бастырып шығару да әлі жоқ еді.

Патша үкіметі XIX ғасырдың ортасына дейін қазақ жеріне ислам дінін тарату саясатын ұстанды. Екатерина II-нің 1783 жылғы указы бойынша мешіттер салынды, оған Қазан татарларының молдалары жіберілді. Олар соншама көбейіп, күшейіп тіпті кей жерлерде семьялық-азаматтық істерге билік айту пра-

<sup>1</sup> Қазақ ССР тарихы, I том, 319-бет.

<sup>2</sup> М. Вяткин. Политический кризис и хозяйственный упадок в Малой орде в конце XVIII, нач. XIX в.— Материалы по истории Казахской ССР, т. IV, М.-Л., 1940.



восына да қол сұқты. Ауылдағы оқу-ағарту ісі, негізінен, солардың қолдарында болды. Ел ішінде мұндай «үкімет тарапынан» келген молдалармен қатар, орта азиялық миссионерлер мен өзін-өзі молда атандырғандар да аз болмады. XIX ғасырдың екінші ширегінен бастап патша үкіметі мешіт салу ісін тоқтатады. Кейін тіпті ислам діні патшаның отарлау саясатына кедергі келтіре бастайды, өйткені ислам дінінің күшеюі, қазақ арасында орта азия хандықтарының (оның арқа сүйері Англия, Түркия мемлекеттерінің) ықпалын күшейтіп, мұсылман еместерге («кәпірлерге») қарсы идеологияны туғызу қаупі болғандықтан, патша үкіметі әрі қарай бұл дінді қолдауды тоқтатады, тіпті христиан дінін уағыздап, қазақтарды шоқындыру іс-әрекетін де ойластырады.

XIX ғасырдың 30—40-жылдарында Қазақстанның батыс аймақтарын (Кіші жүзді) мекендеген халықтың өмірінде із қалдырған тарихи оқиғалардың бірі Исатай — Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі болды. Көтеріліс хандық-байлық езгіге қарсы шыққан азаттық бағыттағы қозғалыс болды.

Міне, осындай саяси, әлеуметтік және экономикалық хал-жағдайлар мен өзгеріс-жаңалықтар, қазақ тіліне, оның әдеби түріне әсерін тигізбей, із қалдырмай кетпеді. Бұл — әсіресе тілдің лексика саласында айқын көрінді.

## **§ 8. XIX ғасырдың I жартысындағы (60—70-жылдарға дейін) қазақ әдеби тілін танытатын нұсқалар**

Фольклордан ажыратылып, авторы белгілі болып ілгеріректен келе жатқан тарихи әдебиет XIX ғасырдың I жартысында одан әрі жалғасты. Әдебиетті зерттеушілердің пікіріне қарағанда, бұл тұста жігі айқындала түскен идеологиялық екі бағытты ұстанған екі ағымдағы қазақ әдебиеті өмір сүрді: бірі бұқарашыл, екіншісі кертартпа реакцияшыл. Бірінші тобына Махамбет ақынның (1804—1846), Шернияздың (1817—1881), Шөженің (1808—1895) шығармалары жатса, олардың қарама-қарсысында Дулат (1802—1871), Шортанбай (1818—1881), Байтоқ, Жанұзақ т. б. шығармалары болды. Әдебиетті зерттеушілер творчествосының негізгі тематикасы жағынан Шал ақынды XVIII ғасырдың уәкілі ретінде, ал Дулат, Шортанбай, Шөжелерді XIX ғ. орта тұсының (50—70-жылдарының) уәкілдері ретінде танып жүр. Әңгіме етіп отырған дәуірде бұлардан басқа да Жанак, Түбек, Арыстан, Орынбай т. б. тәрізді ондаған ақындардың есімі белгілі. Әдеби тілдің тарихын зерттеуде бұлардың да маңызы зор. Әр алуан идеологиялық бағытта болғандығына қарамастан, әдебиет дүниесінде алған орындары да аса үлкен емес қарапайым ақындар да өз тұстарындағы әдеби тілде жырлады, әрқайсысы сол тілдің дамуына азды-көпті үлесін қосып, әрі қарай дамытуға, таратуға себепкер болды.

XIX ғасырдың I жартысындағы көркем әдебиет мұрасы да оның алдындағы үлгілердей, бізге ауызша таралып сақталған вариантында жетті (Дулат пен Шортанбайдың 70—80-жылдарда жарық көрген бірер кітаптарынан басқасы). Сондықтан бұл кездің тілін зерттеуге әсіресе морфологиялық тұлғаларды бұлжытпай көрсетуге, жоғарыда айтқан текстологиялық қайшылықтар мұнда да орын алады. Дегенмен, XVIII ғасырға қарағанда, бір жағынан, уақыттың жақындығынан, екінші жағынан, тематикасының түрленіп, ауыз әдебиеті тақырыбы шеңберінен шығып, әлдеқайда жеке авторлық сипат алғандығынан, бұл дәуірдегі көркем әдебиет үлгілерінің дәлірек жеткендігін байқаймыз. Ал бұл жағдайдың тіл тарихын зерттеуде үлкен мәні болатыны тағы да аян.

XIX ғ. алғашқы 40—50-жылдарындағы қазақ тілін танытатын көркем әдебиет үлгілерімен қатар ресми-эпистолярлық әдебиет болды. Бұл кезде әлі қазақ тілінде оқу-педагогикалық, әлеуметтік-публицистикалық және ғылыми әдебиет болған жоқ<sup>1</sup>. Көркем әдебиеттің өзі өткен дәуірдегідей, бір ғана формада — поэзия түрінде — келді. Көркем проза, оның әр алуан жанрлық салалары әлі туған жоқ-ты.

### § 9. XIX ғ. I жартысындағы әдеби тілдің лексикасы

XIX ғ. I жартысындағы қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамына келсек, оның негізі — қазақтың жалпы халықтық тілінің төл сөздері, қабаттары — араб-парсы сөздері мен едәуір көбейе түскен орыс сөздері. Бұл үш қабаттың үшеуінде де талдап отырған дәуірде едәуір өзгерістер болды: өздері білдіретін зат, ұғымдардың өмірден бірте-бірте қалып бара жатқанына байланысты кейбір сөздер әдеби тіл тәжірибесінде пассивтеніп сирек қолданыла бастайды, сондықтан бұл кездегі архаизмдерді өз алдына сөз етуге болады. Керісінше, қазақ даласына XIX ғасырда келген жаңа әлеуметтік, экономикалық құбылыстарға орай соларға қатысты көптеген жаңа лексикалық единицалар пайда болады. Жаңа элементтерге қазақ тіліне ене бастаған орыс сөздері де, мағынасы жаңғырып жаңа ұғымды білдіруге көшкен байырғы төл сөздер де, жұрнақтар немесе синтаксистік тәсілдер арқылы жасалған туынды сөздер де жатады. XIX ғасырдың 60—70-жылдарына дейінгі қазақ әдеби тілі сөздік құрамы сол кездегі әдебиеттің мазмұны мен тақырыбына тікелей байланысты. Жоғарыда көрсеттік, бұл дәуірде де қазақ әдеби тілін танытатын негізінен көркем әдебиетте поэзия жанры болғандықтан, сол поэзияның тематикасына қарай бірсыпыра лексикалық топтарды атап көрсетуге болады.

<sup>1</sup> Қазақ тілінің 1861 жылы жарық көрген тұңғыш грамматикасы мен сөздігін (Н. И. Ильминскийдікі), 70-жылдарда пайда болған баспасөз бен кітаптарды біз «XIX ғ. II жартысындағы әдеби тіл» деген тарауда талдаймыз.

XIX ғасырдың I жартысында Қазақстанның батыс өлке-сіндегі халық өмірінде болған елеулі оқиға Исатай мен Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі болды. Бұл көтеріліс Махамбет, Шернияз арқылы қазақ әдебиетінде ізін қалдырды. Жауынгершілік мотивтегі көркем әдебиет XIX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдеби тіліне тән сипатты белгілердің бірі болғандықтан, бұл кездегі сөздік құрамда да жауынгерлік тобы көзге түседі. Бірақ бұл ерекшелік осы дәуірдегі көркем шығармалардың бәріне бірдей тән емес. Ішкі-сыртқы жауға қарсы соғысу, ел мүддесін қорғау сияқты тақырыпты жырлаған авторлардың біреуінде жауынгерлік лексикаға жататын сөздер молырақ, енді біреулерінде кемдеу кездеседі. Мысалы, Махамбет өлеңдерінде бұл лексика тобын молынан кездестірсек, «Мен едім Исатайдың Шерниязы» деп өткен Шерниязда соғыс-ұрысқа қатысты сөздер кемдеу ұшырасады. Ал жыр объектісі сол Жәңгір хан дәуірі болған сарай ақындары Байтоқ пен Жанұзақта бұл сериядағы сөздер тіпті сирек.

Махамбет шығармаларында жауынгерлік лексиканың көзге түсерлік орын алуы — заңды да түсінікті құбылыс. Мұнда ең алдымен қару-жарақ атаулары мол. Оның бір тобы сол көтеріліс кезіндегі әскери жабдықтардың атаулары болды. Олар — *найза, қылыш, мылтық* және әлі де қолданылудан қалмаған *садақ* атаулары. Бұл қару-жарақтың атауларын ақын әр алуан эпигетпен қолданады: *алты құлаш ақ найза, толғамалы найза, қималы найза, қоңыраулы найза, егеулі найза, балдағы алтын құрыш болат (қылыш)*. Махамбет өлеңдерінде *мылтық* та жиі қолданылған, қарудың дәрімен (оқпен) атылатын түрлерінің сол кездегі қазақша атаулары кездеседі: *білтелі* және *мылтық*. *Білтелі* сөзі, сірә, зеңбіректі білдіретін болу керек (ақын шығармаларының кітаптарында бұл сөзге «ерте кездегі ауыр мылтық» деген түсінік берілген), өйткені *Білтеліге доп салмай* дегеніне қарағанда, снаряд оқты білдіретін *доп* сөзі жай мылтықты оқтайтын бытырадан өзгеше. Және ол допты (доп тәрізді домалақ шар — снарядты) білтемен тұтататыны белгілі. Ал *мылтық* сөзінің жиі қолданылуы XIX ғасырда орыс әскери құралдарының қазақ даласына келгенін көрсетеді. *Садақ, садақтың кірісі, сүңгі, жебе, қорамсақ, адырна, сауыт, көдіре бау* сияқты ертедегі қару-жарақ атаулары Махамбет ақында тек өзі араласқан жорықтар картинасын беру үшін емес, жалпы образ жасау үшін де қолданылады. Мұндайда ақын ауыз әдебиеті штамптарын пайдаланады: *садақ толған сай кез оқ, қызыл сырлы жебе, садағына сары жебені салдырған, қозы жаурын оқ, сұр жебелі оқ* т. т.

Көтеріліске қатысушылардың атаулары: *әскер, ауыр әскер қол, найза ұстаған ерлер, қасыма ерген жолдастар, аламан* сияқты сөздер болып келеді. Жалпы өткен ғасырдың алдыңғы үш ширегінде армия ұғымында ертедегі *қол* сөзін жеке-дара қолданудан гөрі, өзге синонимдерімен қабаттастыра қолдану бағы-

ты байқалады: *ауыр әскер қол* (Махамбет), *ұлы шерік қол* (Дулат).

Жауынгерлік лексика Махамбеттен басқаларында, әсіресе XIX ғ. орта тұсынан әрі асатын әдеби тіл нұсқаларында бірте-бірте кеми береді. Бұл саладағы біраз сөздерді Дулаттан кездестіреміз. Оның да көбі Дулаттың «Еспембет» атты батыр туралы дастанында қолданылған. Бұл атаулар жоғарыда келтірілген ертедегі қару-жарақ аттары: *кіреуке, жеңсіз берен, адырна, бадана көз тоғыз тор сауыт, сапы, сары ырғай садақ, найза (толғаулы найза, болат найза), алмас семсер, тұтамдап жонған оқ. Білтелі* сөзі Дулатта да бар («Білтеліні тұтатып»). Ауыз әдебиетінде көбінесе *дабыл, дауылпаз* деп аталатын құралдардың *барабан* атауы тілде қолданыла бастайды. *Барабан* қазақ жеріне орыс әскерінің келуімен байланысты XIX ғасырда енген.

XIX ғасырдағы қазақтың көркем әдебиетінде қоғам өмірін, ондағы ескілік-жаңалықтарды суреттеу басты тақырыптардың бірі болғандықтан, бұл кездегі тілде әкімшілікке байланысты лексика, яғни сол тұстағы қазақ даласындағы ел басқару системасы мен әлеуметтік құрылысты білдіретін *хан, ханзада, ханым, ханыша, төре, сұлтан, би, қазы, ақ сүйек, бай, кедей, қарашы, қара, қара қазақ, қара жұрт* сөздері актив қолданылған, әсіресе бұл кезде тілде билеуші топ пен тәуелді қалың бұқараны қарама-қарсы қойып ажыратып көрсету тенденциясы күшті. Шернияз ақында *қара (Хан қайта сөйлесе егер, болды қара; Қарадан халқы сүйіп ханым деген), қара жұрт (Қазақтың қара жұртын быт-шыт қылған), қара қазақ (Патшаға қара қазақ барысқан жоқ), қарашы (Қасқайып қабақтары қарашыңның)* деп бөліп айтылады.

Сондай-ақ, Махамбетте:

Ақ сүйектің баласын  
Қара ұлына теңгердік.

XIX ғ. II ширегінен бастап қазақ даласына келген жаңа ел билеу системасына байланысты туған жаңа атаулар жоғарғы аталған әдеби үлгілерде (Махамбет, Шернияз тілдерінде) орын алмаған. Ал одан кейінгі, әсіресе 50—70-жылдарды қамтитын, әдебиет тілінде бұл саладағы жаңалық көзге түсерліктей. Ең алдымен, жаңа администрациялық системаға байланысты пайда болған ел билеушілер атаулары қолданылады. Олар: *майыр* (майор) — округтың басындағы орыс администрациясының уәкілі, *аға сұлтан* — осы орындағы қазақ әкімі, *болыс* — болыстықтардың басындағы әкім, *старшын* — ауыл басы, *елу басы* — елу үйден сайланған өкіл, *он басы* т. т.

Аға сұлтан, қазының  
Ел сілкінді ісінен...

*Майырдың алса бұйрығын  
Ел пысығы жортады (Дулат).  
Ендігі байға мал бітсе,  
Елубасы, онбасы...  
Старшын, болыс болам деп  
Ысырап қылып малды төкпендер (Шортан-  
бай).*

Бұрынғы билеушілер аты *хан, сұлтан* сөздері бірен-саран жерде кездесіп, азая түседі. Жоғарғы жаңа атаулардан басқа *ұлық, төре, әкім* сөздері «жалпы әкім» «начальник» дегенді білдіретін, көбінесе орыс чиновниктерін атайтын жаңа мағынада қолданылады:

*Парақор болған төрелер...  
Жақсы болса ұлығы  
Өз елін жаудай таламас (Дулат).*

Сондай-ақ, әкімшілік системасында пайда болған жаңа әлеуметтік топты білдіретін *атқамінер, ел пысығы* деген атаулар да әдеби тілде осы кезеңде пайда болған. Әкімшіліктің сайланып қойылатын жаңа системасына байланысты осы тұста туған сөздің бірі *пара, парақор* 50—70-жылдарда тіпті актив қолданылған. 50—70-жылдардағы қазақ әдеби тілінде сол тұстағы қоғамның әлеуметтік топтарын білдіретін сөздер молырақ кездеседі. Бұл кездегі *бай, кедей* сөздері біріне-бірі қарама-қарсы топтардың атауы ретінде қатар қолданылады:

*Бай кедейді көрмейді (Шортанбай).  
Бай мен кедей аңдысып...  
Қара шығын алымы  
Бай-кедейге бірдей боп (Дулат).*

*Кедей* сөзінің *жарлы (Жарлы да болса баймен тең — Дулат)* синонимі де қатар қолданылады. Белгілі бір әлеуметтік таптың терминдік атауы ретінде біреуі қалыптасып тұрақталмаған. Ресми-эпистолярлық әдебиет тілінде *кедей, жарлы* сөздерінің дублеті ретінде қолданылған *байғұс* сөзі көркем әдебиетте бұл мағынада жұмсалудан шыға бастайды.

Бұрынғы әдеби тілде өз мағынасында жиі қолданылған *құл, күң* сөздері 50—70-жылдарда сирек пайдаланылады. Сондай-ақ, *төлеңгіт* сөзі де сирек кездесіп, онда да әлеуметтік табиғаты мен қызметі өзгерген топтың атауын білдіреді:

*Содырлы сойқан төлеңгіт,  
Тиюсыз тентек төлеңгіт  
Шығарды елдің ұрлықпен  
Дығыры мен ығырын (Дулат).*

*Ұры, ұры-қары* деген сөздер осы дәуірде етек алған белгілі бір топтың атауы ретінде әдеби тілде актив қолданылған:

Құрық берді *ұрыға* (Дулат).

Махамбет, Шернияздар тұсында-ақ қазақ жеріне сауда-саттық келіп, шаруашылықтың егіншілікке, отырықшылыққа қатысты жаңа түрлері пайда бола бастағанына қарамастан, бұл саладағы ескілі-жаңалы сөздер мен тіркестер жауынгерлік тақырыптағы поэзияда көп кездеспейді. Ал одан кейінгі, 50—70-жылдардағы әдеби үлгілерде сауда-саттық пен шаруашылыққа қатысты лексиканың едәуір өзгеріп, жаңа сөздермен толыққанын көреміз. Бұл кезде қазақ тіліне сауданың, оның ішінде орыс саудасының, күшеюіне байланысты тілде бұрыннан бар *сауда, саудагер, базар* сөздерінің үстіне *теңге, сом, тиын, қарыз, пұл (бұл), несие, өсім, кір, пайда, сату* тәрізді сөздер қосылып, жиі қолданылады. *Ылау (ылауға ат алу), ат жалдау, кіре тарту* тәрізді шаруашылықтың жаңа тәсілдеріне қатысты сөздер де әдеби тілден орын алған.

Өткен ғасырдың 2-ширегінен бері қарайғы кезеңде қазақ даласының экономикалық өмірінде болған үлкен жаңалықтың біреуі алым-салық төлеу болды, сол кездің тілінде бұған қатысты *қара шығын, алым, салық, алым-салық, шаңырақ салығы, шығын, зекет, хайыр, қағаздату* сөздері пайда болады:

*Қара шығын алымы,  
Бай-кедейге бірдей боп  
Шаңыраққа салығы (Дулат).  
Қағаздатып бұзауын  
Ноғайына қояды (Шортанбай).*

Сөйтіп, ХІХ ғасырдың әдеби тілі сөздік құрамына тән сипаттың бірі — бұрыннан келе жатқан ауыз әдебиеті мен тарихи әдебиет тілінде қалыптасқан лексикалық нормаларды, әсіресе соның жауынгерлікке қатысты тобы сияқтыларды, әлі де актив пайдалану болса, екіншісі — өмір туғызған жаңа сөздерді жатсынбай қабылдау болды. Мағынасы жаңарған немесе жаңадан жасалған лексемаларды әдеби тіл ауызекі сөйлеу тілінен алып отырды.

### Архаизмдер

Тіліміздің өткен дәуірлеріне байланысты архаизмдер категориясын сөз еткенде, бұл категорияны екі түрлі тұрғыдан тануға тура келеді. Бірі — қазіргі нормамызбен салыстырғанда көнерген сөздер тобына жататындар, екіншісі — талдап отырған өткен дәуірдің өзінде көнере бастаған сөздер. Мысалы, жоғарыда

аталған *садақ*, *садақтың кірісі*, *сүңгі*, *жебе*, *қорамсақ*, *сауыт*, *көдіре бау*, *дулыға*, *адырна*, *найза* тәрізді қару-жарақ пен әскери киім-кешек атаулары — XIX ғасырдың I жартысының әдеби тілі үшін архаизм емес, актив қолданылатын, нормадағы сөздер. Ал қазіргі әдеби тіліміз үшін, бұл — көнерген единицалар. Сондай-ақ, *оқ*, *мылтық*, *болат* сөздері қазірде жеке тұрғанда архаизмдер болмағанмен, солар арқылы жасалған *садақ толы сай кез оқ*, *қозы жауырын оқ*, *сұр жебелі оқ*, *балдағы алтын құршы болат*, *білтелі мылтық* тәрізді тіркестер қазірде архаизмдік элементтер болып табылады. XIX ғасыр үшін бұлар да әлі көне тұлғалар емес.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті, әсіресе жауынгерлік тақырыпты жырлаған әдеби үлгілер, өте ертеден келе жатқан көне сөздерді қазіргіге қарағанда әлдеқайда молырақ пайдаланған. Мысалы, XIX ғасырдан да бұрынғы ақындарда да, ауыз әдебиетінде де кездесетін *байтақ*, *алаш*, *бұлаң*, *қарашы*, *қарындас*, *бұлу*, *теңдікті*, *теңдіксіз*, *қырым*, *ереуіл*, *санат*, *жәдігөй* тәрізді сөздер — біз әңгіме етіп отырған дәуірде көнере бастаған сөздер. Бұлардың көпшілігі образ жасау үшін қолданылатын дәстүрлі штамптар құрамында келеді. Мысалы, *алты алаш*, *он сан алаш*, *теңдікті мал*, *теңдіксіз мал*, *ереуіл атқа ер салу*, *қамалаған қарындас* сияқты образды тіркестер қазақ ауыз әдебиетінен бастап совет дәуіріне дейінгі әдеби тіліміздің поэтикалық сөздік қорынан орын алып келген. Бірақ архаизмдердің барлығы тек штампталынып қалған тіркестер құрамында ғана емес, жеке де қолданылады. Мысалы, *байтақ* сөзі XVIII ғасырдағыдай және ауыз әдебиеті үлгілеріндегідей, «ел, ел-жұрт» мағынасын береді:

Біздің ер Исатай өлген күн —  
Он сан *байтақ* бұлген күн (Махамбет).

Ақылы артық арыстаным  
Озып еді *байтақтан* (Алмажан).

*Алаш* сөзі де «ел, халық» мәнінде жиі қолданылады. Мысалы:

*Алаштан* тандап жүріп қыз айттыр деп...  
Исатай ел еркесі, ел серкесі,  
Бір мен емес, *алашқа* жайылым еді (Шернияз).  
Аузы қарыс *алаштың* (Шортанбай).  
Алты сан *алаш* ат бөліп,  
Тізгінін берсе қолыма (Махамбет).

*Алаш* сөзінің «қарсы жақ, жау» деген мағынада жұмсалыуы осы дәуірде де байқала бастайды, бірақ бұл кезде оның «ел, халық» ұғымында келуі әлдеқайда басым:

Бесеуіміз жүргенде,  
Алашқа болман деуші едік (Махамбет).

Алаш сөзінің «халық, бүкіл қазақ халқы» деген мағынаны білдіретіндігі және бұл сөздің барлық қазақтың тұтас келгендегі ұраны екендігі өткен ғасырда жасалған Л. Будаговтың сөздігінде де көрсетіледі.

XIX ғ. басындағы әдебиетте кездесетін *теңдік* сөзі мен оның туынды түрлерінің (*теңдікті*, *теңдіксіз*) мәні қазіргіден мүлде бөлек. Бұл — о баста, ертеректе, юристік ұғымды білдірген, яғни бұрын айып пен құнды даугердің кез келгені төлете алмайтын болған, ал төлете алған күнде бұл актіні *теңдік алды* деп, төлете алмаған күнде *теңдік бермеді* деп атаған. Сөйтіп, *теңдік* сөзінің ертедегі мағынасы «әділет, әділеттік, заңдылық» ұғымдарын білдіру болған. XIX ғасыр әдеби тілінде бұл сөз осы көне мағынасында қолданылған. Мысалы:

*Теңдікті* малды бермедік,  
*Теңдіксіз* малға көнбедік (Махамбет).  
Сонау жүрген Адайдың  
Біз *теңдіксіз* несін жеп едік (Шернияз).  
Көмексіз болса ер жігіт  
Жалғыз *теңдік* таба алмас (Шернияз).

*Қарындас* сөзі ертеден бастап XIX ғ. дейін «туысқан, ағайын» мағынасында қолданылған көрінеді. Оның қазіргі әдеби тіліміздегі «еректің өзінен кіші бірге туған әйел туысы» деген мағынасы да бұл кездерде қоса жүруі мүмкін, бірақ қолымыздағы материалдарда оның бірінші ұғымы басым. XVIII ғасырда шыққан атақты *Қаратаудың басынан көш келеді* деген халық өлеңіндегі *Айрылған қарындастан жаман екен, Мөлтілдеп екі көзден жас келеді* дегендегі *қарындас* — «бірге туған, туысқан, ағайын», сондықтан да ол бертінде халық аузында *Айрылған ағайыннан жаман екен* деген вариантта да айтылады. Махамбеттің:

Қаумалаған *қарындас*  
Қазақта бар да, менде жоқ.

немесе:

Құншығыстың астында,  
Құнбатыстың тұсында  
*Қарындасым* бар-ды деп...

дегенінде, *қарындас* — әйел жынысты бір туған туысы емес, жалпы туысқан, тіпті сол туысқан мәнінен шыққан ауыспалы мағынадағы «қолдаушы, жан ашыр».

*Тентек* сөзі — бұл күнде көбінесе балаға, жастарға, олардың тәртібі мен мінез-құлқына байланысты айтылатын сын есім. Ал



ертеректе, оның ішінде біз әңгіме етіп отырған дәуірде ер жүрек, батыл, ел қамын ойлаушы деген мағынада да жұмсалғаны байқалады:

Қасарысқан жауына  
Қанды көбік жұтқызбай,  
Халыққа *тентек* атанбай,  
Ерлердің ісі бітер ме! (Махамбет.)

*Ереуіл атқа ер салмай* дегендегі *ереуіл* сөзі бұл күнде түсініксіз. *Ереуіл* — түркі-монғол тілдеріндегі көне элементтердің бірі. Монғолдарда ұрыс алдында екі жақтан жекпе-жекке екі адам шығарылып, солардың айқасына қарай ұрыста қай жақ жеңетінін болжайтын болған. Сол жекпе-жекке шығатын адамдар монғолша *ереуул* деп аталған. Л. Будаговтың көрсетуі бойынша шағатай (көне өзбек) тіліндегі *hereул*, қазақ тіліндегі *ереуіл* — бас отрядтан кейін жүріп отыратын әскердің алдыңғы шебі (авангард) дегенді білдіреді.<sup>1</sup> *Ереуіл ат* деп, сірә, осындай *ереуіл* отрядтың немесе *ереуілге* (жекпе-жекке) шығатындардың мінетін аты аталған болу керек<sup>2</sup>. Жауынгерлік заманға байланысты бұл көне сөз Махамбет дәуірінде халыққа әлі де жат емес сияқты.

*Қырым* сөзі қазақ тілінде «алыс жер, шет жер» деген мағынада жалпы есім ретінде қолданылған:

«Ұлы ұрымға, қызы *қырымға*» (мәтел).  
Текті құс қарар *қырымға*,  
Ит айналар жырымға (Шортанбай).

*Бақыршы* — жорықта жүргенде әскерге ас пісіретін адам:

*Бақыршы* ток, олжа мол (Дулат).

*Жәдігөй жауғыш* — шаманизм дәуіріндегі сиқыршылардың бір түрі. Жәдігөйлер бұлт шақырып, жаңбыр, қар жаудыратын болған.

*Санат* сөзі ертеде «мереке, той, салтанат» мағынасында жұмсалған:

Екі жақсы бас қосса,  
*Санат* емей, немене! (Бұхар).  
Той қылып ойда-қырда *санатталған* (Шернияз).

Ауызбен айтып жеткізбес  
Сәні менен *санатын* (Дулат).

<sup>1</sup> Л. З. Будагов. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, СПб, 1869, т. I, 186-бет.

<sup>2</sup> К. Өмірәлиев. Сөздеріміздің тарихынан.— «Қазақстан мектебі», 1963, № 3.

Бұлардан басқа да, ХІХ ғасырдың І жартысындағы көркем әдебиет үлгілерінің сөздік құрамында сол кезеңде де, қазірде де өте сирек қолданылатын не тұлғасы, не мағынасы көне бірқатар сөздер кездеседі. Мысалы, «әскер» мағынасындағы *шерек*, *қол*, *аламан*, «жақсы, ақылды» мағынасындағы *дүр*, «бала, ұл» мағынасындағы *көбеген*, *көбек*, *ұлан* зат есімдері мен «тою, тоя жеу» мағынасындағы *сұғыну*, «ұстау» мағынасындағы *түту* (*Түттым қоян анасын* — Дулат), «жаудан жеңілу» мағынасындағы *бүлу* тәрізді етістіктер де архаизмдерге қосылады.

### Араб-парсы элементтері

ХІХ ғ. І жартысындағы І-топта қараған көркем әдебиет тілінде араб-парсы сөздері едәуір орын алады. Олар, ең алдымен, абстракт ұғымды білдіретін сөздер тобы. Бұлар — жалпы халықтық тілге ертеден сіңісіп, қалыптасқан элементтер. Ислам дініне қатысты арабизмдер мен парсизмдер Махамбет, Шернияз, Алмажан тілдерінде аса көп емес және олардың өзі де халық тілінде қалыптасқандар: *молда*, *дұға*, *құрбан*, *әруақ*, *періште*, *садаға*, *алла*, *құдай*. ХІХ ғ. І жартысында патша үкіметінің әрекетімен ислам дінінің қазақ жерінде бұрынғыға қарағанда едәуір етек алып жайыла бастағандығына қарамастан, жоғарғы қаламгерлер тілінде араб-парсы элементтерінің көп көрінбеуі олардың тематикасына да байланысты. Мысалы, Махамбеттің кейбір шығармаларында («Ереуіл атқа ер салмай») бірде-бір араб-парсы сөзі жоқ. Ал барларының өзі қазақ тіліне ертеректе еніп, қалыптасқан ең жиі қолданылатын діни лексика. *Жеті ығылым*, *фәни жалған* тәрізді арабизмдер некен-саяқ. Оқу-ағартуға қатыстылардан да 5—10 сөз ғана кездеседі: *хат*, *қалам*, *сия*, *молда*.

Өткен ғасырдағы Абай, Ыбырайға дейінгі қазақ әдеби тілінде араб-парсы элементтерінің аз не көп орын алуы кейбір жеке қаламгерлердің жырлаған тақырыбы мен ұстанған идеологиясына тікелей байланысты. Араб-парсы сөздері әсіресе Шортанбай, Дулат тәрізді ақындар тілінде мол қолданылған. Өйткені екеуі де феодалдық-реакцияшыл идеологияның жаршысы бола отырып, ислам дінін рухани тірек етті. Сондықтан ислам дінінің негізгі тілі — араб лексикасына көбірек жүгінгені түсінікті. Оның үстіне екеуі де мұсылманша хат таныған, сірә, араб-парсы тілдерінен азды-көпті хабардар болған адамдар. Сондықтан бұлардың қаламынан шыққан әдеби нұсқаларда араб-парсы сөздерінің жоғарыда көрсетілген жалпы халықтық тілге еніп кеткендерінен басқа, таза діни ұғымдарды білдіретін, халық тілінде сирек қолданылатын немесе мүлде қолданылмайтын бірсыпыра сөздер бар. Мысалы, Шортанбайда: *ғасима*, *муһмин*, *раббы*, *хақ дидар*, *қаһар*, *хатым*, *ғайбат* («жамандау» мағынасында), *жабар*, *тәкбір*, *мешір*, *кәмірһе*, *ғарип пәнде*, *биқана*, *әдһәм* т. б., Ду-

латта: *шафағат, кәмәл, фұрқан, ғаран, ғафыл* т. б. Қазақ тіліне бұрынырақ еніп, фонетикалық жағынан қазақыланып кеткен сөздердің өзі Дулат, Шортанбайлардың текстерінде араб-парсыша тұлғада, мысалы, *ғазап* (азап), *ғақыл* (ақыл), *ғаділ* (әділ), *ғадет* (әдет), *ғұмыр* (өмір), *ғайып* (айып), *беһсмалла* (бісмілла, бісмілда), *ғараб* (араб), *халал* (алал, адал), *харам* (арам), *руза* (ораза) түрінде беріліп келеді:

*Кісі хақын алмаңдар, Аузыңа харам салмаңдар* (Шортанбай), салыстыр: *Қайта-қайта іздегіп, менде қандай ауыр ақын бар еді-ау* (Махамбет). Бұған, сөз жоқ, Дулат пен Шортанбайдың екеуінің де шығармаларының өткен ғасырдың 70—80-жылдарында араб әрпімен басылулары әсер еткен. XIX ғ. II жартысында, әсіресе соңғы ширегінде араб-парсы сөздері қазақ тілінде өзгеріп, қалыптасқандығына қарамастан, түп нұсқаға жуықтап жазудың өзін орфографиялық норма болды деуге болады. Авторлардың өздері жоғарғы келтірген сөздердің қазақша тұлғаларын қолданулары да ықтимал.

Бірақ қайткенде де араб-парсы элементтерінің сыртқы тұлғасы жағынан дублеттік қатар түзеп қолданылуы XIX ғ. II жартысындағы Абайға дейінгі әдеби тілде орын алғаны хақ. Бұған осы кезде қазақ жерінде мұсылманша оқу мен діни кітаптардың таралуы, «кітаби» әдебиет дегеннің шығуы себепкер болған.

### Орыс тілі элементтері

Орыс сөздері XIX ғ. I жартысындағы әдеби тілде өте аз. Махамбет өздеріне патша үкіметі тарапынан жіберілген орыс әскерінің адамын *солдат* деп атайды.

Шерниязда екі-үш жерде *расход* сөзі кездеседі. Егер бұл сөз бірер жерде болса, кейінгі өзгерістердің бірі болар деп те қарауға болар еді. Бірақ екі жерде ұшырасатын бұл русизм Шернияз тілінде бар элемент екенін мына факті де дәлелдейді.

Мойынында Исатайдың болып тұрды  
Ұстаған қысы-жазы *расхотым*,—

дегендегі соңғы сөз (*расхотым*) алдыңғы тармақтардағы *бұта бұтын... жалғыз жұтым... бастан түтін* дегендермен ұйқастырылады. Соған қарағанда бұл сөз сол кездің өзінде Россиямен шекаралас отырған Ішкі Орда қазақтарының күнделікті тұрмысына шінара енген болар деп топшылауға болады. Ал Махамбет шығармаларының кейбір басылуында:

Хан сөзіне сенгенім  
Он күн *срок* бергенім (Махамбет Өтемісұлы,  
Алматы, 1962 ж. 68-бет).

деген жолдар басқа басылуында *Он күн мұрсат бергенім* болып келеді. Сірә, біреуін үзілді-кесілді қоштау қиын. Өйткені ханға

көмекке жіберілген орыс әскері мен көп істес болған сол кездегі қазақ көтерілісшілеріне *срок* сөзі таныс та болуы мүмкін.

Өткен ғасырдың I жартысында едәуір дамыған саудаға, қалалардың орнауына байланысты енген орыс сөздері сол кездегі халықтың сөйлеу тілінде бірсыпыра болған болу керек, бірақ күнделікті тұрмысқа қатысты лексика поэзия тілінен (оның ішінде жауынгерлік-саяси поэзиядан) орын алмағанға ұқсайды (*Қырық ат бас, өрігі-мейізі мен Айына ішуші едік жүз қадақ шай* деген Шерниязда кездесетін бірен-саран сөз болмаса).

50—70-жылдарға қарай қазақ әдебиетінің лексикалық құрамына орыс сөздері кіре бастайды. Олар хандық өкімет жойылғаннан кейінгі Орталық Қазақстандағы жаңа ел билеу системасына байланысты жаңа әкімшілік, құрылыс атаулары: *болыс, старшын, майыр, сот*, саудаға байланысты *самауыр, кір, піркәшік*, шаруашылықта *тарантас*, орыс әскерінің пайда болуымен *солдат* тәрізді сөздер. Бірақ орыс сөздері сан жағынан әлі де өте аз. Қалыптасуы ауызекі сөйлеу нормасы бойынша болған, яғни фонетикалық адаптацияланған. Жалпы халықтық сөйлеу тілінде 60—70-жылдарда орыс сөздері бұдан да көбірек болуы мүмкін. Ғ. Мұсабаев XVII ғасырдан XIX ғ. II жартысына дейін қазақтың сөйлеу тілінде *комендант, соха, борона, никет, хутор, чашка, стакан, поднос, жарма, кристал, майор, солдат, поштабай, сот, атпекет* сөздері болды, бірақ олар әлі әдеби тілге енбеген болатын дейді<sup>1</sup>.

### Диалектизмдер

XIX ғ. I жартысында Қазақстанның батыс өлкесінен шыққан ақындар тілінде қазірде әдеби нормаға жатпайтын біраз жеке сөздер бар. Олардың бірқатары бір кезде қазақ даласының көп аймағында жиі қолданылып, кейін белгілі бір говорларында сақталған. Мысалы, жоғарыдағы «ел, жұрт» мағынасындағы *байтақ* сөзі — көбінесе эпостық жырлар мен батыс ақындарында кездесетін диалектілік архаизм. Сондай-ақ *сой, толағай* сөздері де батыста жиірек қолданылған: *сой* — жақсы нәсіл (*Мен ақ сұңқар құстың сойы едім*).

Мен кескекті ердің *сойымын* (Махамбет).  
Асыл *сойдың* баласы...  
Шығаруға *сой* керек (Шернияз).

*Сой* сөзін Орталық Қазақстанды мекендеген Дулаттан да кездестіреміз.

<sup>1</sup> Ғ. Мұсабаев. Современный казахский язык, I, Алма-Ата, 1959, 47-бет.

Адал *сойы* мен емес  
Пірдің сөзін тұтынған.

Соған карағанда бұл сөз қазіргі кезде батыс говорларында сақталған диалектизм болғанмен, өткен ғасырда жалпы халықтық тілге тән, бірақ сирек қолданылатын ортақ сөз болуы да мүмкін.

Махамбет, Шернияз, Алмажан, Байтоқ, Жанұзақтарда кездесетін *шандоз*, *зәуде* (кездейсоқ), *жігі-жапар болу* (ынтасымен кірісу), *сыңайы* (реті, шамасы), *жандасу* (өліспей берілмейтін), *қасқару*, *қырқарлану* сөздері қазіргі әдеби тілімізде диалектизмдер қатарында қаралады.

Сондай-ақ, XIX ғасыр әдеби үлгілерінің текстерінен қазірде оңтүстік-шығыс говорларына тән бірқатар сөздерді табамыз. Мысалы, *туылдың* формасы, сондай-ақ *шата* (әкесі белгісіз бала), *тантық* (мылжың, сөзуар), *күсу* (безу), *құлдау* (төмен қарай жүру), *дегдар* (асыл), *бошалаң* (бос, ынжық) т. б.

Бәйбіше — *тантық*, байы арам,  
Бозбаласы *бошалаң* (Дулат).  
Елім десе еліріп,  
Жаннан мүлде *күскен* ер (Дулат).  
Қаратауда *туылдың*,  
Пәленше деген мырзасың (Шортанбай).  
Қазы, болыс қойыпты  
Некесіз туған *шатасын* (Шортанбай).

Бұл көрсетілген сөздер қазіргі лексикамыздың әдеби нормасы бойынша диалектизмдер болып сақталғанымен, өткен дәуірлерде олар әдеби тіл элементтеріне жатқан. Өйткені ұлттық жазба әдеби тіл қалыптасқанға дейінгі әдеби тіл нормаларын жасауға сол тілдің барлық говорлары қатысады. Сондықтан жоғарғы көрсетілген сөздер XIX ғасырдың қазақ әдеби тілі үшін диалектизмдер емес. Бұл сөздердің бірқатары бұл күнде архаизмдер тобына айналған (*толағай*, *дегдар*, *жандасу* т. б.), кейбіреулері белгілі бір өлкелерде орын теуіп, жергілікті ерекшелікті білдіретін диалектизмдерге айналған (*жігі-жапар*, *шата*, *тантық* т. б.).

## § 10. XIX ғ. I жартысындағы әдеби тілдегі фразеологиялық тіркестер

XIX ғ. I жартысындағы әдеби нұсқалардағы фразеология екі үлкен салаға бөлінеді: бірі — жауынгерлік тематикаға байланысты ауыз әдебиетінде қалыптасып тұрақталған тіркестер. Бұларды өздерінің ел қорғауға, жауды айбынтуға арнап күреске ба-

ғыштаған шығармаларында Махамбет пен Шернияз ақындар молынан пайдаланады: *түн қату, түс қашу, ұлы түске ұрынбау, тебінгі теріс тағыну, ат үстінде күн туу, жау жығасын түсіру* т. б.

Ел билеу-әкімшілікке байланысты *шынжыр балақ, шұбар төс, жұрт билеу* сияқты тіркестер, сондай-ақ *басына үй тігу, бауырына қазан асу, сауық-сайран салу, кең көшіп, ен жайлау, қызыл тілді безеу, арда тұту, бас ұсыну, еңбегі еш болу, ісі оңайға келу, не ақың бар тәрізді* тіркестер халық тілінің байлығына жатады. Ал *малданып маңғаз болу, шот желке, шолақ айдар, теңдік табу, заманы қырынан келу, расход ұстау, малдан есеп беру* тәрізді тіркестер сол дәуірде туған болу керек, өйткені соңғы тіркестер ауыз әдебиетінде кездеспейді әрі кейбіреулері сол дәуірді (*расход ұстау, малдан есеп беру*) бейнелейді.

Фразеологиялық тіркестердің жаңаларының пайда болып, бұрынғыларының тұрақтала, активтене түсуі — қазақ тілінің әдебилігін танытатын элементтердің бірі. Бұған келгенде өткен ғасырдың орта тұсынан бері қарайғы әдеби үлгілерде фразеологиялық байлықтың молыға түскені байқалады. Шортанбай, Әсіресе Дулат сияқты ақындар өздерінен бұрынғы әдеби тілдегі тұрақты тіркестерді шебер және молынан пайдалана отырып, өздері де жаңа тіркестер жасаған: *Алты малта ас қылу, жетесінде жігері болу, сұңқар шүю, ант ішіп, аруақ аттау, тел ему, аққудайын тарану, қолынан құсы қашу, топқа кіру, бұйрық дәмі біту, көсегесі көгеру, сөзге құлақ салу, көңіл азып, тон тозу, мал біту, алдынан жарылқау* сияқты тіркестер халық тілінің, өздерінен бұрынғы әдеби тілдің байлығы болса, *шаруа жию, шаруа істеу, көрнекке шығу, қатасын мойнына алу, күнәм жойқын, тәубем аз, сөзге қарауыл қою, бойын тартып тек жүру, өрнек жаю, насихат шашу, заман ақыр, ақыр заман, зар заман, пара жеу, сөзге сабақ бермеу* тәрізді тіркестер — сол тұста жаңадан туған немесе бұрыннан барлары активтенген элементтер. Ал Дулат тілінің бір ерекшелігі өзінен бұрынғыларда не қатарластарында жоқ кейбір жаңа сөздерді білдіретін тіркестер кездеседі. Мысалы: *жетімдіктің белінен өту, көңілдің құтысына құю, әділетке шөлдеу, ойдың жұртқа қайтуы, көкірегінде қонақ болу* тәрізді тіркестер кейін Абай тілінде дамыған *талантың тұлпарын міну* сияқты образдардың алғашқы үлгілеріне жатады.

## § 11. Грамматикалық ерекшеліктер

Талдап отырған дәуірдегі әдеби тілдік үлгілер бізге ауызша жеткендіктен және тіліміздің грамматикалық құрылысы баяу өзгередінінен бұлардағы грамматикалық ерекшеліктер аса көп емес.

Бұл кезде де, өткен ғасырдағыдай, есімшенің келер шағының барыс жалғаулы түрі (*барарға*) жиі қолданылған:

Өлең айтып толғандым,  
 Көкірегімді *басарға*.  
 Қарадай отын жармадым  
 Тас қазанды *асарға* (Махамбет).  
 Бармайды ауыз, шіркін, *жамандарға* (Шернияз).  
 Әкекемді мен бейбақ  
 Диуана болып *іздерге* (Алмажан).  
 Су түбіне кеткен жұрт  
 Тал таба алмас *қармарға*...  
 Жан *шығарға* келген соң (Дулат).  
 Таяндың енді *өлерге*,  
 Күн қанша *дүр көрерге*...  
 Сонда менің *сөйлерге* есім кетті (Шортанбай).

Сонымен қатар осы тұлғаның морфологиялық дублеті **-у +**  
**+ға** формасы да жарыса қолданылған:

Жұрт меңгеріп *тұруға*  
 Әділ төре хан керек (Шернияз).  
 Қорғалауға қара таппадым (Алмажан).

Бұл форманың тағы бір синонимі кездеседі. Бұл — **-ма, -ме**  
 жұрнақты етістікке барыс жалғауы жалғанған тұлғасы. Ол Ал-  
 мажан ақында:

Шығып едік елімнен  
 Хан Жәңгірді *көрмеге*.  
 Ішке толған мұңды зар  
 Арызымды айтып *бермеге*...

Бұл тұлға өте сирек кездеседі, қазіргі әдеби тілімізге норма  
 емес. Мұндағы **-ма** жұрнағы — **мақ** жұрнағының ықшамдал-  
 ған варианты.

Өткен ғасыр әдеби тілінде етістік түбірінен жасалған **-мақ**  
 жұрнақты есім әлдеқайда өнімді норма болған:

Кешіп *өтпек* сайдан-ды,  
 Шығынды *болмақ* байдан-ды.  
 Батыр *болмақ* ойдан-ды...  
 Хан төренің кешігіп  
*Кідірмегі* елден-ді.  
 Ақ киіктің орғытып  
*Жүгірмегі* майдан-ды (Махамбет).

Кейбір етістіктердің септіктерді меңгеруінде ерекшелік бар,  
 бірақ жүйелі емес. Мысалы: *Бір қазақпен тең едім* (Махам-  
 бет) — *Бір қазаққа тең едім* тәрізді барыс септікте меңгерілуі  
 де мүмкін. Бұл — осы күнге шейін әлі бір вариантта тұрақталып  
 болмаған құбылыс. Сондай-ақ,

Жәңгір ханды ниеттеніп  
Қызың да кетіп барады (Алмажан).

Мұның ханнан ниеттену варианты да мүмкін нәрсе. Бұл құбылыс бұдан бұрын өткен әдеби тілде де бар. Мысалы:

Өкпең менен қабынба  
Өтің менен жарылма (Бұхар).

Қазірде өтінен жарылу немесе өті жарылу, өкпесі қабыну түрінде қолданылады.

Жіктеу есімдіктерінің мен жалғаулығымен ілік септікте тұрып тіркесуі — қазірде мүлде қолданылмайтын тәсіл, ал өткенде бұлайша тіркестірудің тілімізге тән болғаны байқалады:

Біздің мен он үш деп едік (Шернияз).

Қазіргі норма бізбен, мұнда мен энклитикасы жалғауға айналып кетіп тұр, сондықтан екі септік жалғауы — ілік пен көмектес қатар келуі мүмкін емес.

Етістік пен есімдіктің анайы-сыпайы және жекеше-көпше жағынан қиыспай қолданылуы — жалпы ауыз әдебиетіне тән нәрсе. Бұл құбылыс өткен ғасырдың әдеби тілінде де бар:

Асықпай тұр тоғыз би  
Сізге де келер бір кезек...  
Көріскенше күн жақсы.  
Қош-аман бол өзіңіз (Алмажан).  
Жалғанда досым сіз едің,  
Аяй көрме ақылды (Шортанбай).

Сірә, бұл диссонанс өлең өлшеміне де байланысты болу керек: асықпай тұрыңыз, қош-аман болыңыз деп дұрыс қиыстырылса, өлеңдегі буын саны асып кетер еді. Дегенмен етістіктер мен есімдіктердің қатар келгендегі анайы-сыпайы, жекеше-көпше қиыса қолданылуы бертін уақыттарға дейін қатаң нормаға түспегенін байқаймыз.

Өткен шақ есімшенің соң шылауымен тіркесі Махамбеттің осы күнгі бір басылуларында қалғансын, салғансын, енді біреулерінде (1962) қалғасын, салғасын болып, бір жерлерінде «Тілегін сұрап алған соң, ойлағаны болған соң» түрінде жазылғандықтан, XIX ғ. қай варианты қолданылғанын кесіп айту қиын.

Сондай-ақ, есімдік пен етістіктің жақтық қиысуы да әрдайым сақталмайды, яғни I, II жақ жіктік жалғаулары түсіріліп айтылады.

Түбін қазған мен бәйтерек...  
Мен тауда ойнаған қарт марал... (Махамбет).



Мұндай ықшамдылықты да өлең өлшемінен туған тәсіл деп қарауға болады. Бұл осы күнгі поэзия тіліне де жат норма емес.

І жақ етістіктің ауыспалы осы шақтағы тұлғасын да (*тынбаймын*) ықшамдап беру бар (*тынбан*):

Бұлтқа жетпей шарт *сынбан*...  
Жандаспай ақыры бір *тынбан*...  
Алашқа *болман* деуші едік,  
Өтініп алып от *жақпан* (Махамбет).

Бұл тұлғаны стильмен байланыстырып, өлеңге батырлық, жігерлілік сипат беретін тәсіл деп те қараймыз. Осы тұлға бір кезде стильдік функциядан гөрі грамматикалық норма ретінде қолданылған тәсіл болу керек, өйткені ол ауыз әдебиеті үлгілерінде және оның жанрларында да кездеседі.

Күшейткіш мәнде *да* шылауы мен *бір* есімдігінің грамматикалық тіркес аралығында қыстырылып айтылуы ХІХ ғ. әдеби тілінде (поэзияда) стильдік норманың бірі болып табылады:

Қырсық *та* шалған біздің ел...  
Ойлап *бір* ойлап қарасам...  
Соңымда *бір* қалған халқыма — ...  
Артымда *бір* атақ, даңқ қалды-ау

(Махамбет).

50—70-жылдардағы үлгілерде, әсіресе Шортанбайда, *дүр* формантты тұлға едәуір кездеседі:

Бұл дүние арман *емесдүр*  
Бір кезек дәурен сүргенге.  
*Мағлұмдүр* құдаға  
Пенденің қылған күнәсы...  
Таяндық енді өлерге  
Күн *қаншадүр* көрерге (Шортанбай).

## § 12. Сөз тудыру тәсілдері

ХІХ ғ. І жартысында сөз тудырудың негізгі тәсілі — бұрынғыдай жұрнақтар жалғау. Ең көзге түсетіні — *лық* жұрнағы. Оның басты қызметі — абстракт зат есім тудыру: *хандық, құлдық, ерлік, жалғыздық, жақсылық, жамандық, ұрлық сұмдық* т. т. Бірақ бұл туынды сөздердің көбі — сол дәуірдің өзінде ғана пайда болғандар емес, бұрыннан барлар. Бұлардың ішінде ХІХ ғ. І жартысында жасалғандарын кесіп көрсету қиын, өйткені *бозбастық, бойдақтылық, теңдікті* (мал), *теңдіксіз* (мал)

тәрізді бірен-саран жерде ұшырасатындары болмаса, қалғандары XVIII ғ. тілінде де, ауыз әдебиетінде де жиі қолданылған. Дегенмен сан жағынан алғанда 50—70-жылдарда **-лық** жұрнағымен келген абстракт есімдер көбірек кездеседі. Мысалы, жоғарғы көрсетілгендерден басқа *ащылық (ащылығы умен тең — Дулат), ептілік, тыныштық, төрелік, әділдік, адалдық, күндестік, міндестік, қайырымсыздық, арамдық, даналық, албырттық* т. б. сөздері қолданылған. Сірә, бұлардың ішінде *қажылық* (қылу), *төрелік* (төре сөзінің «ел билеуші, әкім, начальник» деген жана мағынасынан туған варианты: *Төреліктің белгісі Елін жауға бере ме — Дулат*), *күндестік, міндестік* тәрізді 5—10 сөз ғана талдап отырған дәуірдің өз туындылары болулары керек. Өйткені қазақтардың қажыға баруы — XIX ғ. басталған құбылыс, сондай-ақ бұрын семья, ошақ басындағы жеке адамдарға тән *күндес* сөзінен абстракты ұғым тудырып, оны енді ел, көпшілік шеңберінде пайдалану (*Күндестік те еліңнен, Міндестік те еліңнен. — Дулат*) бұрынғы әдебиетте болмаған жай.

XIX ғ. I жартысында **-лық** жұрнағы арқылы мынадай жаңа сөздер туды деп кесіп айта алмасак та, осы дәуірде бұл тұлғадағы сөздердің жиі қолданыла түсуін батыл көрсетуге болады.

**-Лық** жұрнағы арқылы жасалған абстракт есімдер ғана емес, зат атаулары да ертеден келе жатқан сөздер. Бұл кезде **-лық** жұрнағының сын есім жасау қызметі, алдындағы дәуірлердегідей уақыт пен өлшемге байланысты жерлерде ғана кездеседі: *бір тиындық, бес тиындық*. Бұл аффикстің *тайлық шақша, ақындық қуат* тәрізді тіркестердегі таза сын есімдік қызметі некен-саяқ.

**-Шы** жұрнағы арқылы туған сөздер де көп емес. Махамбеттегі *Исатай басшы, мен қосшы* дегендей, немесе Дулаттағы *Дұрыс бастар басшы жоқ* дегендей жерлердегі *басшы, қосшы* сөздері — «жалпы басқарушы» деген ұғымды білдіретін бұрыннан бар сөздер. Бұдан басқа 50—70-жылдардағы әдебиетте *өтірікші, жалғаншы, өсекші* сөздері бар. Бұлар да жалпы халықтық тілдің бұрыннан келе жатқан қорлары болуы керек. Ал *егінші (Егінші егін сала алмас. — Дулат), орманшы (Орманшы ағаш кесе алмас — Дулат)* сөздері қазақ жерінде егіншілік кәсібі мен ағаш кесіп, үй салу әрекеті пайда болған кезде — XVIII ғасырдың I жартысында — туған болу керек.

Талдап отырған кезеңнің әдеби тілінде *ділмар, парақор, өнерпаз* тәрізді араб-парсы жұрнақтарымен келген бірен-саран сөздер бар. *Ел бұзғыш, ел бүлдіргіш, парақор* деген туынды есімдер — сол дәуірдің жемісі.

Жалпы халықтық нормадағы **-лы, -сыз, -дай** жұрнақтары XIX ғ. 50—70-жылдарына дейінгі қазақ әдеби тілінде де еркін және мол пайдаланылған: *қайырлы, дәулетті, әдепті, бір күнгілі, егеулі, толғамалы, малсыз, жігерсіз, аттай, иттей, құландай, теңіздей* т. б.

Сөйтіп, XIX ғ. алғашқы жартысындағы (50—70-жылдардағы Дулат, Шортанбай сияқты қаламгерлердің нұсқаларын қоса алғанда) қазақ әдеби тілінің сипаты мынадай:

1. Қазақ әдеби тілін танытатын үлгілер стильдік тарамдалу жағынан тым шағын: негізінен, тек қана көркем әдебиет нұсқалары, оның өзі де жанр жағынан біркелкі: поэзия жанрындағы әдебиет, проза жоқ. Өзге стильдерден ресми-эпистолярлық стиль болды, бірақ ол лексика-грамматикалық нормалары жағынан сол тұстағы қазақ тілімен қабыспайтын, өз алдына бөлек еді.

Бұл кезеңде қазақ әдеби тілінің дамуына әсер ететін өзге тілдерден аударма жасау, грамматика нормаларын белгілейтін кітаптар мен әр түрлі сөздіктер құрастыру болған жоқ.

2. Бұл кезеңдегі көркем әдебиетте ара-жіктері айқындала түскен демократиялық және кертартпа-феодалдық екі бағыт болды да, ол әдеби тілдің сипатына, әсіресе лексикасына әсер етті. Демократиялық бағыттағы әдеби тіл халықтық ауыз әдебиеті тілімен қабысып, оған әлдеқайда жақын тұрды: сөздік байлығын әсіресе фразеологиялық қорды және көркемдеу тәсілдерін халық тілінен — ауыз әдебиетінен — алып пайдаланды (мысалы, Махамбет, Шернияздардың жауынгерлікке байланысты үлгілерінің тілі, ондағы образдар, теңеулер, атаулар, сөз жасау тәсілдері т. б.). Кертартпа-феодалдық идеологияны жақтаған әдеби нұсқалардың тілі де ауыз әдеби тілінен бөлініп, іргесін аулақ алып кетпеді, онда XIX ғ. қазақ қоғамындағы өзгеріс-жаңалықтарды сынау, көрсету мақсатымен пайда болған жаңа атаулар, жаңа образдар шықты (мысалы, Шортанбай, Дулаттардағы әкімшілікке, сауда-саттыққа қатысты жаңа сөздер мен тіркестер). XIX ғасырдың орта тұсындағы (50—70-жылдар) әдеби тілдің өзінде де ауыз әдебиетінің ізі, әсері күшті болды: жауынгерлікке қатысты лексика мен фразеология мұнда да ауыз әдебиеті тілінен алынып пайдаланылған.

3. Бұл кездегі қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамындағы араб-парсы элементтері екі топқа бөлінді, бірі — жалпы халықтық тілде және ауыз әдеби тілінде бұрыннан бар, ертеден еніп қалыптасқан сөздер, екіншісі — XIX ғасырда әсіресе оның орта тұсындағы әдеби тілде қолданылған, көбінесе дінге қатысты сөздер. Бұлардың әдеби нұсқаларда орын алуы да тақырыпқа, яғни әдеби тіл қайраткерлерінің идеологиялық принциптеріне тікелей қатысты болды. Шал, Махамбет, Алмажан, Шернияз ақындарда арабизм-парсизмдер әлдеқайда аз, барларының өзі жалпы халықтық қордан алынған, ал Байтоқ, Жанұзақ тәрізді сарай ақындары мен Дулат, Шортанбай сияқты ислам дінін тірек еткен реакцияшыл ақындар тілінде араб-парсы сөздері әлдеқайда көп және жаңадан қолданылғандары мол.

4. XIX ғ. I жартысындағы қазақ әдеби тілінде русизмдер тым сирек. Орыс сөздері 50—70-жылдарға қарай ене бастайды, бірақ олардың да басым көпшілігі — жаңа ел билеу системасына (*болыс, старшын, майор*), Россия саудасына (*піркәшік, расхот, кір*) байланысты ғана сөздер.

5. Бұл кездегі әдеби тілде, осы күнгі нормадан қарағанда, архаизм, историзмдерге айналған және қазірде мағыналары күңгірттенген сөздер баршылық. Олардың бірқатары көне қару-жарақ атаулары мен сол тұстағы қоғам өмірін бейнелейтін сөздер (*қорамсақ, білтелі, алаш* т. б.).

6. Фразеологиялық тіркестер, негізінен, ауыз әдебиетімен үндес (*алғы малта ас қылу, ант ішу, көсегесі көгеру, түн қату, қабырғасын сөгу, қанын судай төгу*), сонымен қатар жаңа тіркестер де туа бастайды (*расход ұстау, теңдік табу, шаруа жию, насихат шашу, ақыр заман, зар заман, пара жеу, көңілдің құтысы, әділетке шөлдеу* т. б.)

7. Грамматикада кейбір тәсілдердің дублетті түрі бар: *-у* мен *-мақ* және *-у + ға, -ар + ға, -мақ + қа* жұрнақты тұлғалар қатар қолданылады, олардың кей біреуі қазіргідей тұрақталып, әдеби нормаға түспеген. Жіктеу есімдіктері мен етістіктердің II жақта анайы-сыпайы, жекеше-көпше тұлғада қиыса қолданылуы да нормаға айналмаған. Сөз тудыру тәсілдерінде біршама актив *-лық* жұрнағы көзге түседі, онда да бір-ақ қызметте: абстракт есімдер тудыруда. Елтеп сөз мағынасын ауыстыру арқылы жаңа ұғымды білдіру тенденциясы байқалады: *пысық* (ел пысығы), *аға сұлтан* (мағынасы аристократтық жалпы титулдан белгілі бір инстанциядағы әкімнің лауазымына көшкен), *ұлық* (бұрынғы «үлкен, зор» мағынасынан «әкім, начальник» деген мағынаға ауысқан) т. б.

8. XIX ғ. алғашқы жартысы мен 50—70-жылдардағы қазақ көркем әдебиеті тілі әрі қарай дамыған, нормалана түскен, жазба әдеби тілдің көптеген сипаттарына ие болған әдеби тіл болып есептелінеді. Бұл кезеңде әдеби тіл ауыз әдебиеті тілімен әлі де тамырласып жатса да, одан көп ілгері озған, кеңіген түр алған болатын. Сол тұстағы қоғамның саяси-әлеуметтік, экономикалық жай-күйін білдіретін сөздері түгел бар, фразеологиялық байлығы ұлғайған тілге айналған еді.

XVIII—XIX ғасырдағы қазақ тарихи әдебиет нұсқаларының қазақ әдеби тілін дамытудағы рольдері аз болмады, сондықтан да, М. Әуезов айтқандай, жаңа әдеби тілдің негізін салушы Абай бұларды елемей, ескермей жанап өте алмады<sup>1</sup>. Абайдың да бұлардан алған әсері, байлығы, үлгісі бар.

<sup>1</sup> М. Әуезов. Вопросы казахского литературного языка.— «Дружба народов», 1951, № 6.

- Қазақ әдебиетінің тарихы, I-кітап, Алматы, 1961.  
XVIII—XIX ғ. қазақ ақындарының шығармалары, Алматы, 1962.  
К. Жұмалиев. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері, Алматы, 1958.  
Әдеби мұра және оны зерттеу, Алматы, 1961.  
Р. Сыздықова. Текстология мәселелері.— «Жұлдыз», 1965, 8.  
Ғ. Ғ. Мусабаяев. Современный казахский язык, I, Алма-Ата, 1959.  
А. Махмұтов. Қазақ тіліндегі көнерген сөздердің түрлері— Қазақ ССР ғылым академиясының хабарлары. Филология және өнертану сериясы, I-шығуы, 1960.  
Е. Жанпейісов, М. Төманов. XIX ғ. I жартысындағы қазақ әдеби тілі туралы.— Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 5-шығуы. Алматы, 1963.

### ІІІ ТАРАУ

## ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ІІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

### § 13. ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы қазақ елі және тіл мәдениеті

Қазақ даласының саяси-әлеуметтік, экономикалық-мәдени өмірінде ХІХ ғасырдың ІІ жартысының орны ерекше. Өткен ғасырдың 60-жылдарында Қазақстанның Россияға қосылуы аяқталады. Қазақ қоғамының құрылысы өзгереді. ХІХ ғ. І жартысында басталған жаңа әкімшілік системасы ХІХ ғ. ІІ жартысында — 1868—69 жылдары — әрі қарай реформаланып, царизмнің отарлау мүддесіне қызмет ететін дәрежеде құрылады. Қоғамдық дамуда бір саты жоғары тұрған Россияның қол астына кірген қазақ даласында жергілікті халықтың патриархалдық тұрмыс-күйі бірте-бірте өзгеріп, көшпелі ел там-тұмдап отырықшылыққа ауысады, егін шаруашылығымен шұғылдана бастайды. Россиямен сауда-саттық әрі қарай ұлғаяды. Қалалар салынады. Әр жерден кен көздері ашылып, некен-саяқ өндіріс орындары пайда болады.

Қазақ өлкесіндегі бұл әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мәдени-рухани өмірінде де жаңалықтар туғызады. Ең алдымен қазақ халқы орыс мәдениетімен және оқу-білімімен жақындасады. Аздап болса да қазақ жерінде білім көздері (мектеп, училищелер) пайда бола бастайды. Орынбор, Омбы, Троицк, Орал,

Қазалы, Перовск, Торғай қалаларында қазақ балалары үшін орыс-қазақ мектептері ашылады. ХІХ ғ. ІІ жартысында Қазақстанда 100 шамалы екі кластық уездік және бір кластық болыстық мектептер ашылып, оларда 4000-ға жуық бала оқиды. Бұл мектептер соншама аз болса да және отаршылдық саясатты күздесе де, олар қазақ арасына орыс мәдениетінің таралуына септігін тигізеді. Таза қазақ тілінде тұңғыш баспасөз органдары мен кітап шығару ісі де осы кезеңде пайда болды. Орыс ғалымдары тарапынан қазақ тілінің грамматикалық құрылысы зерттеліп баяндалды. Ауыз әдебиеті мұралары жиналып, баспа бетін көре бастайды. Қазақтың жаңа жазба әдебиеті пайда болды. Әр алуан идеологияны ұстанған ұлттық әдебиет пен мәдениет қайраткерлері шықты. Сонымен қатар өткен ғасырдың ІІ жартысы ислам дінін қазақ даласында уағыздаудың өте-мөте етек жайып күшейген тұсы болды. Осыған байланысты бұл кезеңде ислам дініне қатысты, соны уағыздайтын әдебиет қауырт дамып кетті, мұсылманша оқу да (ауыл молдалары мен медреселерде оқу) бұл тұста едәуір жанданды. Бұл да халықтың жалпы сауаттылыққа, білім-ғылымға деген ынта-сезімін оятуға себепкер болды.

Қысқасы, ХІХ ғ. ІІ жартысындағы қазақ даласындағы саяси-әлеуметтік қарым-қатынас әлеуметтік қарама-қарсы екі ағымды туғызды: оның бірі — феодалдық-реакцияшыл болса, екіншісі — демократтық-прогрестік болды. Біріншісі ислам дініне иек артып, соны қару етті. Екіншісі өнер-білім, ағартушылықты тірек етті. Алғашқы ағым кертартпа панисламизм мен пантюркизм тенденцияларын қолдаса, екінші ағым орыс мәдениетіне арқа сүйеді. Осылардың барлығы әңгіме етіп отырған дәуірдегі тіл мәдениетіне тікелей ықпалын тигізді: тілдің даму барысында екі тенденция пайда болды. Бірі халықтық-прогрессивтік идеологияны жақтаушылар тілі болды, олар қазақтың жалпы халықтық сөйлеу тілі мен әдеби тілін (ауыз әдебиеті мен көркем әдебиет тілін) негіз етіп, соны пайдаланды, оны ілгері қарай дамытты. Екіншісі — феодалдық-панисламистік идеологиядағылар тілі. Олардың бірқатары ислам дініндегі күллі түркі халықтарына ортақ-мыс «түркі» тілін (қазақ филологиясында «кітаби тіл» атанған тілді) негіз етіп, соның таралуына, орнығуына әрекет жасады. Осыған орай, әдебиет үлгілері де тілі жағынан қазақ тіліндегі нұсқалар және «кітаби тіл» үлгілері болып екі топқа бөлінді.

Талдап отырған дәуірде тіл практикасын танытатын мынадай әдебиет нұсқалары болды:

1. Халықтың ауыз әдебиеті шығармалары. Бұлардың басым көпшілігі бұрыннан келе жатқандар болды, бірақ ауызша жеткізіліп, таралуына байланысты осы кезеңнің өзінде жырланған (көбіне редакцияланып, өзгертілген) варианттары болды. Ал кейбір жырлар осы дәуірде туды, олар ХІХ ғасырда болып өткен

оқиғаларды, осы тұстағы жеке адамдарды бейнелейтін туындылар болды: «Айман — Шолпан», «Бекет батыр» т. б.

2. Қазақтың тарихи көркем әдебиет дәстүрін әрі алып барған — жеке ақындар шығармалары. Бұлар идеологиясы жағынан екіге бөлінді: 1) халықтық-демократтық мүдделерді жырлаған Шөже, Сүйінбай, Күдері, Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, Әсет т. б. мен шығармаларында заман қайшылықтарын сынап, халықтық мотивте жазған Майлы, Нұрым, Арыстан, Кемпірбай, Балаораз т. б. 2) Феодалдық-реакцияшыл идеологияны жырлаған ақын-жыраулар: Мұрат (1843—1906), Базар жырау (1842—1911), Әбубәкір Кердері (1858—1912), Нысанбай, Досқожа т. б. Феодалдық-аристократтық мүдделерді қорғап, жырлай отыра, оқу-ағартушылыққа шақыру мотивтерін қозғаған ақын Шәңгерей Бөкеев шығармалары да ХІХ ғ. ІІ жартысына жатады. Жоғарыда ХІХ ғасырдың І жартысындағы әдеби тілге қатысты талдаған Шортанбай, Дулат творчестволары ХІХ ғасырдың ІІ жартысымен ұштасады. Сондықтан бұлардан да мысал келтіріп отырамыз.

3. Жаңа демократиялық жазба әдебиет уәкілдерінің — Абай мен Ыбырайдың — шығармалары.

4. Тұңғыш қазақ тіліндегі баспасөз болып саналатын жергілікті әкімшілік органдары — «Түркстан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Торғай газеті», «Ауыл шаруашылық листогы» атты газеттер.

5. Патша үкіметінің әкімшілік органдары мен жергілікті әкімдердің қазақ тілінде жазған ресми-кеңсе қағаздары (бұйрықтары, арыздары т. б.).

6. Шығыстың классикалық әдебиетінің қазақша еркін аудармалары, яғни шығыс сюжеттерін қайталап қазақша жырлаған туындылар: «Шахнаме», «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха», «Фархад-Шырын», «Ескендір», «Мұңлық-Зарлық», «Сейфілмәлік», «Боз жігіт», «Шахмаран», «Шәкір-Шәкірат» т. б.

7. Ислам дінін уағыздап, оның пайғамбары мен әулиелерін дәріптейтін таза діни тақырыпты «кітаби» тілде жазылған қиссалар («Салсал», «Зарқұм», «Жұм-Жұма», «Кербаланың шөлінде» т. б.) мен ислам діні канондарының аудармасы: Әбубәкір «Исламның бес парызы», Нұржан Наушабаев «Қырық қадис» т. б.

8. Өткен ғасырдың ІІ жартысында алғаш пайда болған қазақ тілінің алғашқы грамматикалары мен хрестоматиялары, оқулықтар және екі тілді сөздіктер: Н. И. Ильминский, Материалы к изучению киргизского наречия, Казань, 1861, А. Е. Алекторов, К мудрости ступенька, Азбука для учеников начальных русско-киргизских школ, М., 1891 және «Киргизская хрестоматия», Оренбург, ч. І. 1898; И. Алтынсарин, Начальное руководство к обучению киргиз русскому языку, Оренбург, 1871, «Жазуға үйрететін кенеге», Қазан, 1892, 1894; Л. Будагов, Сравнительный

словарь турецко-татарских наречий, СПб, 1869—1871; И. Букин, Русско-киргизский и киргизско-русский словарь, Ташкент, 1883 т. б.

9. Көпшілікке арналып медицина, ветеринария т. б. қатысты тақырыптарға жазылған кітапшалар: «Трохома деген жаман көз ауру», Қазан, 1898; «Егіншінің қызмет аты жайында», Оренбург, 1899 т. б.

10. Миссионерлік мақсатпен жазылған, христиан дінінің канондарын қазақ тілінде түсіндіріп уағыздайтын кітаптар: «Евангелие», Қазан, 1899; «Езги Иосиф», Қазан, 1892; «Ақыл беретұғын кнеге», Қазан, 1891 т. б.

Бұл нұсқалар, мазмұны мен мақсаты жағынан алғанда, әлденеше топқа бөлінгенімен, тілі жағынан алғанда, үш топқа жинақталады:

1) Қазақтың жалпы халықтық тілі негізінде жазылған (шығарылған) үлгілер. Бұған ауыз әдебиеті, жеке ақындар шығармалары, оқулықтар, хрестоматиялар және сөздіктер, азаматтық тақырыптағы кітапшалар және баспасөз тілі жатады.

2) Жалпы халықтық тілге негізделген және қазақ көркем әдебиеті тілінен дамыған жаңа жазба әдеби тіл үлгілері. Бұған Абай, Ыбырай шығармалары жатады.

3) «Кітаби тіл» үлгілері. Бұған діни тақырыптағы қиссалар мен ислам дінін уағыздайтын аудармалар мен ресми-кеңсе қағаздары жатады.

Біз әрі қарай сөз етіп отырған кезеңдегі қазақ тілін осы үш топқа бөліп талдаймыз. Шартты түрде 1-топты қазақ әдеби тілі деп, 2-топты жаңа жазба әдеби тіл деп, 3-топты кітаби тіл деп атаймыз.

## § 14. Әдеби тілдің лексикалық құрамы

Қазақ әдеби тілінің XIX ғ. II жартысындағы сөздік құрамы үш қабаттан тұрады: негізгі — жалпы халықтық қазақ тілі лексикасы, екінші топта — араб-парсы сөздері, үшінші топта — орыс сөздері.

Бұл кезеңдегі әдеби тілдің сөздік құрамы сол дәуірдегі қазақ қоғамы өмірінің әр алуан жақтарын суреттей алатын дәрежеде молығып, тұрақтала бастады. Әсіресе жаңа ұғымдарды білдіретін жаңа сөздер қоғамның әлеуметтік құрылысы, ел билеу-сот системасы, жаңа экономикалық қарым-қатынастар мен саудасаттық ісі, оқу-ағарту мен білім-ғылым саласында пайда болды.

### Қоғамның әлеуметтік құрылысы мен әкімшілік-сот системасына қатысты лексика

Өткен ғасырдың II жартысында қазақ қоғамының әлеуметтік құрылысы өзгерді: қоғам феодалдық болып қала бергенмен,



қарама-қарсы екі таптың өз іштерінде әлеуметтік топтар пайда болды. Бірқатар әлеуметтік категориялар сол тұстың қоғамдық-экономикалық дәрежесіне сай келмегендіктен, бірте-бірте жойылды да, оның есесіне жаңалары пайда болды.

Жойылып кеткен *хан, құл, төлеңгіт* тәрізді категорияларға байланысты сөздер мен тіркестердің ХІХ ғ. ІІ жартысындағы әдеби тілде қолданылу жиілігі сирей бастайды да, тек тарихты баяндау немесе ауыспалы мағынада образ жасау үшін қолданылады:

*Хан-қараға* сөйлеген бала едім-ай (Сүйінбай).

Айраншы шешен *күң* деп естуші едім,

Түпсіз *құл* емес пе едің бауры такыр (Шөже).

Сүйінбай Тезек төрені *Хан Тезек, батыр Тезек, патша Тезек*, тағы бір жерінде *хан ием, тақсыр хан* деп атағанда, дәл титулын айтып отырған жоқ, Тезек патша да, батыр да, тіпті хан да емес, төре ғана. *Құл* сөзі бұл кезде *алланың сүйген құлы* деген тәрізді ауыспалы мәнде көбірек қолданыла бастайды. Бұрынғы ақ сүйек кастасына жататын сұлтан-төрелер өткен ғасырдың ІІ жартысында ел билеу ісінен алыстайды, олардың ішінен патша әкімдерінің қолдауымен аға сұлтандыққа сайланғандары болмаса, қалғандарының әлеуметтік артықшылығы жойылады, сондықтан олардың жандарындағы төлеңгіттердің атқаратын қызметтері қажетсіздене бастайды да, олар басқа әлділерді сағалап немесе өз алдына ру сияқты топ құрап өмір сүреді. Осыған орай *төлеңгіт* термині бұрынғы *содырлы сойқан төлеңгіт, тыюсыз тентек төлеңгіт* (Дулат) деген мағынасынан айрылып, әдеби тілде кемде-кем ұшыраса бастайды. Тіпті бұл кезде төлеңгіттерді басыбайлы, тәуелді, қаналушы топтың атауы ретінде көрсетушілік те байқалады: *төлеңгіт — закабаленный в услужение султану* (Н. Ильминский, 115).

Сондай-ақ, *сұлтан, төре, би* сөздерінің мағыналары жартылай өзгерді. *Сұлтан* түркі тілдерінде әкімшілік термині болғанымен, қазақ тілінде актив қолданылмағанға ұқсайды, оның орнына *төре* сөзі синонимі боп жұмсалған. *Төре* — ертеректе, ХІХ ғ. дейін ақ сүйек нәсілді адам (қазақ аңыз бойынша Шыңғыс тұқымы), оның ресми әкім болуы шарт емес болған. Ал өткен ғасырда, әсіресе ІІ жартысында бұл сөзбен тек ақ сүйек тұқымдарын ғана емес, сонымен қатар қара сүйектен шыққан әкімдерді де, тіпті орыс администрациясы өкілдерін де атай бастаған. 1822 жылғы қазақ жерін билеу туралы ережеге сай енген *аға сұлтан* термині 1867/68 жылғы реформада жойылып, бұл терминнің өзі ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде историзмге айнала бастайды. *Би* сөзі бұрын үкім шығарып, билік айтушы адамды білдірген, мұның үстіне «шешен, тапқыр», тіпті «кеңесші» деген қосымша мағыналарды да көрсетеді. Ал біз әңгіме етіп отырған кезеңде *би* сөзі таза әлеуметтік термин болып қалыптасады, бұл

енді қазақтың ескі әдет-ғұрып заңы бойынша ұсақ-түйек қылмыстарды қарап, үкім шығаратын, үш жылға сайланып қойылатын, ресми әкімнің атауы:

Мынау жалған дүниеде  
Малы көп кісі би болар (Шортанбай).  
Сегіз би съезіне бердім жөнге (Біржан).

Бірнеше болыстың билері *билер съезі* дегенді құрап, болыс аралық, ру аралық істерді қарайтын болған, осыған байланысты *билер съезі, шербышной съезі* (чрезвычайный) деген сөздер пайда болады.

Сол тұстағы қазақ қоғамының әлеуметтік және әкімшілік құрылысын бейнелейтін көптеген жаңа сөздер әдеби тілден орын алып, кейбіреулері терминдік мәнге (жалғыз мағыналы сөзге) ие болды. Олар: *сенат, (санат), болыс, старшын, ауылнай, майыр, жандарал, ұлық, атқамінер, атшабар, пысықтар (ел пысығы), әкім, дуан, үйез, пошташы, поштабай, шен, кедей және жарлы, жатақ, малай, қоңсы, тамыр.*

*Кедей* мен *жарлы* сөзі бұл кезде жарыса қолданылады, бірақ *кедей* сөзінің терминдік мән алып, *жарлы* сөзінің жалпы сындық мағынада қалыптасқаны байқалады. *Кедей* сөзі *қу кедей, қас кедей* сияқты тіркестерде қолданылып, заттық (номинативтік) мағынасы айқындала түседі. *Қарашы* сөзінің «ханға бағынышты қара халық» деген ұғымы жоғалып, өзі де қолданылудан қала бастайды. Оның орнына *қоңсы* сөзі активтенеді. Бұл сөз ақсүйек нәсілдердің ғана емес, жалпы бай адамды сағалап, оның қызметін атқарып, бірге қонып-көшіп жүретін жаңа әлеуметтік топты білдіреді:

Байдың бағы таярда  
Қасынан қоңсы қозғалар (Базар).

*Атшабар* сөзі — бұрынғы *шабар* атауының бір варианты. Хаң-төрелердің шабарлары, шабармандары болып, олар орысша *вестовой* тәрізді хабар тасушы, әмір-бұйрық жеткізуші қызмет атқарған: *Келмембет деген шабары* («Қамбар»). Ал ХІХ ғасырдың ІІ жартысындағы жаңа әкімшілік орны болыстардың да жанында осы қызметтегі адамдардың болуы тиісті болған, бұлар да *атшабар* немесе *шабарман* және *поштабай* деп аталған:

Өзіндей Азнабайдың *поштабайы* (Біржан).  
*Атшабары* сияздың пұлы боп жүр (Майлы).

*Жатақ* сөзі де осы ғасырдың жемісі: *жатақ* — әуелде әбден кедейленіп, көшер көлігі болмай қыстауда қалып қоятын семьялар. Кейінірек ХІХ ғ. ІІ жартысында жатақтар қала маңына кө-

шіп келіп жаңа туа бастаған ауыл шаруашылық пролетариатына айналады<sup>1</sup>. Кейбіреулері саудамен айналысып, ішінен ауқаттылары шыға бастаған әлеуметтік топқа айналады.

Біз талдап отырған әдеби үлгілерде некен-саяқ болса да, *мұжық* сөзі кездеседі. Бұл — осы тұста Қазақстан жеріне мол келіп орын тебе бастаған орыс шаруаларының атауы: *Түргендегі мұжықтың аты едім-ай* (Сүйінбай). Сірә, бұл сөз де әлі терминденіп, тұрақтамаған болу керек. Өйткені *орыс шаруасы* (крестьянин) осы тұстағы әдеби тілде әр түрлі атаумен беріледі. Н. Ильминскийдің сөздігінде *қара шекпен*, 1883 жылғы Ишмухаммед Букиннің сөздігінде *мұжық, қара шекпен*; 1893 ж. орысша-қазақша сөздікте де, Старчевскийдің сөздігінде де (1878) *қара шекпен*, тіпті кейбір үлгілерде *крестьян* сөзі арқылы берілген: *Барабар крестьянға тең болмадық* (Ақан сері).

Бұл кезде де бұрынғыдай *ақ сүйек, бек, мырза* сөздері қолданылады, бірақ бұлар белгілі бір нақты сөзден гөрі, жалпы атауға айнала бастаған: *Би мен бекті жақтадым, Бай, мырзаны мақтадым* (Дулат).

XIX ғ. II жартысында соттау-жазалау системасында үлкен өзгеріс болғаны мәлім. Бұл кезде қазақ даласында үш түрлі сот болды: 1) қазақтың ескі әдет-ғұрпында негізделген билер соты; 2) Ислам дінінің юристік заңы — шариғат жолымен соттау; 3) Россия империясының соты. Осылардың үшеуі де сол кездегі қазақ әдеби тілінің лексикасынан көрінеді. Алдыңғы екеуіне қатысты сөздер бұрыннан келе жатқан сөздер: *би* (оның табиғаты мен қызметінің біраз өзгергенін жоғарыда айттық), *билік, бітім, дау, жүгініс, тоғыз, ат-шапан айып, барымта, ұрлық, қазы, шариғат, зындан* т. б.

*Барымта, ұрлық* істесең (Майлы).

Алдыңа келсе *жүгініс* (Дулат).

Шыбын жаным қиылсын *бітім* алсам (Біржан).

Мал иесі *дау даулар* билер үшін (Майлы).

Жұмыс жоқ *шариғатта* ол немене (Әсет).

Қазақ жеріне патша үкіметі сотының келуіне байланысты қазақ тіліне *закон, сот, статья, іс, арыз, абақты, қараңғы үй, тінтуші, тұтқын* (абақтыға түскен адам мағынасында) сөздері пайда болады. Олардың бірқатары орыс тілінен енген болса, бірсыпырасы калька жолымен қазақтың өз материалынан жасалған: *іс* — дело, *тінту* — обыскивать, *қараңғы үй* — темница.

*Законмен* жөн сұрамақ атақ болды (Майлы).

Ердің құны *сот* емес (Шортанбай).

<sup>1</sup> Е. Бекмаханов. Присоединение Казахстана к России, М., 1957, 187—188-беттер.

*Законда зорлық болмас жақсы адамға...  
Бар ма еді статъяда көрген жерің (Біржан)?  
Он екі ай абақтыда жатқанымда...  
Ішінде қараңғы үйдің бұ да жатыр (Сары Батақов).  
Би, байдың іс пен кеңес басында жүр (Майлы).*

Жаңа әкімшілік пен сот системасына байланысты активтенген сөздер — *пара, парақор*.

### Экономикалық жағдай мен сауда-саттыққа қатысты лексика

Өткен ғасырдағы қазақ қоғамының экономикалық өміріндегі жаңалықтың бірі халықты қанаудың одан әрі күшейіп, жаңа түрлерінің шығуы болды. Феодалдық ренталардың кейбір түрлері бұрыннан бар болғанымен, өткен ғасырда олардың мазмұны мен сипаты өзгеріп, бұрынғы сөздер жаңа мағынаға ие болды. Мысалы, *сауын, жүн беру, ат майын беру* — малы жоқ кедейлерге уақытша пайдалануға мал беру арқылы байлардың қанауы, *ортақ, ортақтасу* — күш көлік пен құрал-сайман байдікі, жұмыс, еңбек кедейдікі, *лау, лаушы* — жүк таситын көлік байдікі, жұмыс кедейдікі, Сондай-ақ, ресми алым-салық системасы пайда болды: *түтін салығы, қара шығын, бедерлі қағаз (подорожная* — салықтың бір түрі), *зекет* т. б. Осылардың барлығы әдеби тілден орын алып, мұндағы әрбір құбылыс өз атымен аталған.

Сондай-ақ, қазақ еңбекшілерінің экономикалық күн көрісінде кіре тарту, кіреші болу, жәмшік айдау сияқты жаңа кәсіптерге байланысты *кіре, кірекеш, кіреші, жәмшік* тәрізді сөздер де тілде орын алады:

*Кіреге шыққан керуендей (Базар).  
Он жеті атан Ақтауға кіре салдым (Тезекбай  
мен Шөженің айтысы).*

Сауда — қазақ халқы тұрмысына көп жаңалықтар әкелген құбылыс. Сондықтан ол жаңалықтардың атаулары да сөздік құрамын толықтырғаны аян. Талдап отырған дәуірде сауда-саттықтың әр алуан іс-әрекеттеріне қатысты бір топ жаңа сөздер пайда болады: *алыпсатар, қарыз, борыш, пұл (бұл), көтерме, шығын, қадақ, пұт, арбашы, аттерші* (екеуі де ұсақ-түйекті ауыл аралап жүріп сататындар), *қалашы*.

*Үш қадақ табылса егер тәуір деді...  
Азық алдық аптаға екі пұттап...  
Аттершіден алғаны  
Айна-тарақ, ірең боп (Майлы).  
Бұлындай берекесіз арбашының (Сара).*

Бұрынырақ келген базар, саудагер, таразы, жәрмеңке, ақша сияқты сөздер бұл кезде актив элементтерге айналған. Бұлар тұрақты сөз тіркестері мен туынды сөздер жасай бастаған. Мысалы: базарға салу, базарлау, саудагерлік, жәрмеңкелеу, ат мініп, ақша ұстағандар, таразыға тартылу т. б.

XIX ғ. II жартысындағы Қазақстан экономикасындағы елеулі бір құбылыс — егін шаруашылығының дамуы. Қазақстанның егіншілік кәсібі ертеден бар оңтүстік аудандар мен Жетісу алқабынан басқа жерлерінде де ел жартылай отырықшылыққа көшіп егін сала бастайды, жатақтардың көпшілігі осы кәсіпке көшеді. *Егінші, дихан, диханшы* сөздері қатар қолданылып, бұл кәсіппен шұғылданғандардың атауын білдіреді. *Дихан* сөзі көбінесе оңтүстікте қалыптасады. *Орақ ору, арық қазу, шығыр, мазақ теру, соқа, жер айдау* т. б. тәрізді сөздер әдеби тілде көріне бастайды.

Қазақ даласының экономикалық жағдайына байланысты лексикасын баспасөз жиі қолданған, сонымен қатар осы кездегі хрестоматия, сөздіктерде толығырақ, түгелірек көрсетілген. Мысалы, 1883 жылғы орысша-қазақша және қазақша-орысша сөздікте (авторы И. Букин): *өсім* (аренда), *көтере сауда* (аукцион), *өсімші, сүтхор* (банкир), *пайда* (барыш), *қарызға алмақ* (брать в заем), *кіреуге алмақ* (брать под заклад), *бексел* (вексель), *қарыз, харажат* (взаем), *қарыз* (долг), *задетке* (задаток), *кіреу* (залог), *дихан, егінші* (земледелец), *капитал, сома* (капитал), *қара шекпен* (крестьянин), *дүкен* (лавка), *машина, мулюншік* (миллионер), *мұнанай* (меновый двор), *жалдау* (наём), *салық* (налог), *зекет* (пошлина), *пайда* (прибыль), *сауда-саттық* (продажа), *өсім* (процент), *сом, сөлкебай* (рубль), *ептестік* (товарищество), *тауар* (товар), *саудагер* (торговец), *залал* (убыток), *қадақ* (фунт), *баһа* (цена), *диқандық* (земледелие), *ортақ* (компания), *пұттамақ* (весить), *соқа, жер ағаш* (соха, плуг) деген сөздерді табамыз. Бұлардың бірқатары көркем әдебиет тілінде орын алғанмен, көпшілігі пайдаланылмаған, бірақ сол кездегі сөйлеу тілі мен баспасөзде және ресми документтер тілінде бұл атаулардың қолданылғанын осындай сөздіктерден көреміз.

Бұл келтірілген сөздердің барлығы осы вариантында калыптасып, тұрақталмағаны байқалады. Мысалы, бірқатары сол тұстағы өзге сөздіктерде және баспасөзде өзге вариантында берілген. 1892 жылғы Орынборда шыққан қысқаша орысша-қазақша сөздікте земледелец — *жер жыртушы*, торговец — *сатушы, саудагер*, 1897 жылғы Орынборда шыққан сөздікте: *алғырт-салғырт* — общий налог, *әмек* — компания, *әмектес* — компаньон, *пайда* — польза, *барыш* — заработок, *бәс* — цена, *берім* — взятка, подкуп, бұл — цена, товары у купца, *дүкен* — лавка (торговая), завод мастерская, кузница, *егін* — хлебопашество, поле, *егінші* — окарауливающий посеvy, работающий в поле, *ептес* — участник в тайных деяниях, *жал* — заработок, *келім* — прибыль,

*қол саудалы* — купленное на деньги, покупка, *көтеріп алу* — купить оптом, *көтерме* — комиссионерство, *өнім* — прибыль, прирост, *салғырт* — подать, дань, денежные сборы, *сома* — сумма, оборот в торговле.

Бұлардан біраз бұрын шыққан А. Старчевский құрастырған «Спутник русского человека в Средней Азии» деген кітаптың (СПБ, 1878 ж.) сөздігінде: *ақ базар* — ярмарка, *зелетке* — задалок, *егінші* — пахарь, оседлый человек, *есеп* — прибыль, *куә қағаз* — расписка, вексель, *өсім* — рост, проценты, *пара* — подарок, *сатушы* — продавец, *саудагер* — торговец т. т.

Ал бұлардың бірсыпырасы барлық сөздікте келтірілмеген, соған қарағанда шаруашылық пен саудаға қатысты лексика XIX ғ. II жартысында қазақ әдеби тілінде нормаға түсіп, қалыптасып бітпеген, бірақ өсіңкі топ екені байқалады.

### Оқу-ағарту мен білім-ғылымға қатысты лексика

XIX ғ. II жартысында қазақ даласына оқу-білім тарала бастады. Ол діни және азаматтық (светское знание) болды да, оқуға үйрету мектеп пен медреселерде және үкімет тарапынан ашылған мектеп-школдарда жүргізілді. Мектеп пен медреселердегі оқу мұсылманша және діни сипатта болды. Бұларда көбінесе ауқатты адамдардың балалары оқыды. 1868—69-жылдардағы қазақ жерін билеудің жаңа реформасы бойынша мұнда орыс-қазақ мектептері ашыла бастады. XIX ғасырдың соңғы жылдарында патша үкіметінің отарлау саясатына сай мұсылман мектептерінің саны едәуір қысқартылды да, үкімет оқу орындары көбейтілді. Орыс мәдениеті бағытында оқыту ісі Қазақстанның солтүстік-батыс өлкелерінде едәуір жақсы жүргізілді. Мұнда қазақтың тұңғыш ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің ролі айрықша болды. Үкімет тарапынан ашылған 100 шақты школдар мен училищелер миссионерлік мақсатта емес, жалпы білім беретін сипатта болып, мұғалімдер, тілмаштар және чиновниктер даярлады. Бір кластық училищелердің программасына орыс тілі, қазақ тілі, арифметика, орыс тарихы, ән және басқа арнаулы пәндер кірді<sup>1</sup>.

Өткен ғасырда айтарлықтай жанданған оқу-ағарту ісінің қоғам өміріне зор ықпалы тиді. Ол тілден де орын алды. Бұл қазақ әдеби тілінің дамуына әсіресе оның оқу-педагогикалық стилінің пайда болуына бірден-бір себепкер болды. Бұл кезде қазақ әдеби тілінде оқу-білімге байланысты көптеген сөздер мен тіркестер пайда болды. Олардың бірқатары кітаби тіл арқылы, мұсылманша оқу арқылы келген араб-парсы сөздері болса, енді бірсыпырасы қазақтың төл сөздері мен орыс тілінен енген эле-

<sup>1</sup> Т. Тажибаев. Просвещение и школы Казахстана во II пол. XIX в., Алма-Ата, 1962, 132-бет.

менттер болды. Бұл кездегі қазақтың көркем әдебиетінің тілінде жиі қолданылып, нормаға айналған *кітап, сабақ, қалам, сия, молда, медресе* сөздерін кездестіреміз:

Мен есіттім *кітаптан* (Дулат).  
Тәмам болды *кітабым* (Дулат).  
*Медресе, мешіт* салдырып,  
Муфтиге берсең *балаңды* (Шортанбай).

Оқу-білімге қатысты *әріп* (қарып), *насихат сөз, дәптер, хат* (жазылған нәрсе, кітап мағынасында), *мағына* сөздерін де ақындар шығармаларынан кездестіреміз. *Сөзге сабақ бермеу, молдадан сабақ оқу (алу), мәселе кітап (Мәселе кітап шығардым кейінгі қалған пендеге. Шортанбай; Молдалар басы қосылса, мәселе кітап оқыр-ды. «Қыз Жібек»), ақыл дәптер (Азғантай мен жаза-йын ақыл дәптер. Ақан сері), нәсихат шашу* (Шортанбай).

Оқу-ағартуға қатысты лексиканың сан жағынан молығып, біраз нормаланып тұрақталған күйін жаңа жазба әдеби тіл (Абай, Ыбырай тілдері) мен орыс ғалымдары шығарған хрестоматия, оқулық, сөздіктер және алғашқы баспасөзден көреміз. Бұл лексиканы «Қазақтың жаңа жазба әдеби тілі» деген тарауда да талдаймыз.

## **XIX ғ. II жартысындағы қазақ әдеби тіліндегі орыс тілі элементтері**

Өткен ғасырдың II жартысы қазіргі қазақ әдеби тіліндегі мол қабат — орыс элементтерінің едәуір дәрежеде ене бастаған дәуірі. Бұл кездегі көркем әдебиеттегі (Абай мен Ыбырайдан басқалары), баспасөздегі, тіпті осы кезде жарияланған ауыз әдебиеті үлгілеріндегі орыс сөздері өмірдің түрлі салаларын қамтиды. Ең алдымен, жаңа әкімшілік-сот системасын, оның әр алуан инстанцияларын, тәртіп-заңдарын білдіретін сөздер еніп (олардың біразы XIX ғ. I жартысында) орын тебеді. Олар: *сиез* (сияз), *закон* (закүн), *майыр, ояз, болыс, старшын, шен, поштабай, ауылнай, көпес, піркәшік, бексол, жәмшік* сөздері. Бұлар — өте жиі қолданылған және барлық ақындарда кездесетін өте актив сөздер. Бұл сөздерден басқа *медаль* (*Алтын медаль, шар айна, белдік алдың. Шөже*), *статья* (*Бар ма еді статьяда көрген жерің. Біржан*), *сенат, дума, комиссия, норм (а), телеграм, миллион, фабрик* сөздері де сол кездегі сөйлеу тілі мен әдеби тілге тән болған болу керек. Ал Біржандағы он екі *ызбот* (взвод) *ән*, Ақан серідегі *фамильный шай, том, бірлиант, серебро, поклон, именной, секретной, хорошенько, сватья, скажия, Шәңгерейдегі империап, Біржандағы әрген* (*оргән* — музыка құралы) сөздері не халықтың сөйлеу тіліне, не әдеби тілге еніп, қолданылған элементтер емес, жеке ақынның өз қалауымен оқта-

текте қолданған сөздері. Бірақ бұлар сол кездегі әдеби тілдің нормасы болмаса да, тіпті кейбіреулері белгілі бір мақсатпен стильдік қызметте қолданылса да (мысалы, Ақан серінің «Сұлу қызға» деген 8 жолдық өлеңіндегі *поклон, скажия, именной, секретной, хорошенько, сестра, сватья* деген орыс сөздері), осыларды сол кездегі қаламгерлердің қолдануынан бұл кезеңдегі орыс элементтерін қазақ тілінің жатсынбай пайдалану әрекетінің басталғанын байқаймыз.

XIX ғ. II жартысында бұл тенденцияның көзге түсерлігі соншалық, тіпті осы кезеңде жариялана бастаған ауыз әдебиеті үлгілерінде де көптеген орыс сөздерін кездестіреміз:

Ұстап алып өлтірді  
*Жанарал, кінәз, майырды* («Қамбар»);  
Келе жатқан *солдатты* («Қыз Жібек»);  
*Жеті жүз солдатты*  
Алдына салып айдады («Қамбар»).

Бұлардың көбі тұрмыс бұйымдарының атаулары:

*Атлас* көйлек үстінде...  
*Пәуескелі* күймемен...  
*Көк пәуеске* күймесін...  
Үш қара жорға атты *тройкеге* жегіп...  
*Кісі бойы кіреует* («Қыз Жібек»);  
Арақ пенен шарапты  
*Бөтелкеге* ашытып...  
Кәмшат бөрік келісіп  
*Бриллиант* қойды басына («Қамбар»);  
Көтеріп гауһар тастан *подносин...*  
*Алтыннан қамыт, доғасы*  
*Шиделкесі* күмістен («Қамбар»).

Өткендегі әдеби тілде, тіпті ауыз әдебиеті үлгілерінде өте жиі қолданылған орыс сөздері *порым, пар*:

Табылмас Кіші жүзде Маманға *пар* («Айман — Шолпан»);  
Мұнда жоқ сенің тең *парың* («Қыз Жібек»);  
*Пар* келмеген еш әнші тіпті маған (Біржан).

*Тең* деген өз сөзімізбен қатарласа орыстың *пар* сөзінің активтенгені сонша, тіпті *тең парың* болып плеоназм да құраған.

Ал *порым* сөзі (осы күнгі кітаптарда *формы* деп те жазылып жүр) *пар* сөзінен де жиі кездеседі:

Отырмын *форымына* қайран қалып («Қыз Жібек»).



Жәннаттан шыққан қорлардай  
Формыңа қарасам («Қамбар»).  
Ішінде осыншаның *формың* артық (Біржан).  
*Пормыңа* төңкерілген жайдым қанат (Ақан сері).

Бұларда *порым* сөзі көбінесе адамның сыртқы түріне әсіресе сұлу, әсем түріне байланысты айтылған. Ал тіпті бірер жерде жансыз нәрсенің сыртқы көрінісін де осы сөзбен білдіреді:

*Формымын* шідерімнің сұрасаңыз,  
Сап күмістен балағы, алтын тиек (Біржан).

Өткен ғасырда орыс элементтерінің айтарлықтай мол қолданылуына ХІХ ғасырдағы орыс текстерінің аудармалары мен орыс үкіметінің сол кезгі баспасөз органдары үлкен әсер еткен. «Дала уалаятының газетінің» бас аудармашысы Д. Сұлтанғазин көрсеткендей, газет орыс тіліндегі материалдарды қазақшаға аударғанда көптеген терминдерді, әсіресе заңға қатыстыларын, орысша күйінде қалдыруға тырысқан. Сондықтан бұл газеттерде жоғарыда көркем әдеби тілге енген сөздерден басқа *папирос, белосипед, шкаф, стол, облус, перуатчик, участок, хутор, землемер, прикауар, доздание, залок, копия, подписка, адуакат, гимназия, казит, униуерситет, студент, почта, семинария, бистефка, парта, школ* т. б. тәрізді орыс лексемалары жиі қолданылды<sup>1</sup>. Сондай-ақ, бұл кездегі қазақ тілінде орыс сөздерінің едәуір көбейгенін өткен ғасырдағы сөздіктер мен оқулық-хрестоматиялардан көреміз. Мысалы: 1883 жылғы сөздікте жоғарғы көрсетілгендерден басқа *нагреттемек* (наградтау), *граница, земтемір* (землемер), *қарындаш, қарта* (ойын), *класс, контора, кампит, көкпараз* (купорос), *магазин, машина, аршындамақ, полисия* (полиция), *румке, истақан, шот, өтік, шөтке, яшік, мүлиен* сөздері берілген. Ал 1893 жылғы сөздікте бұлардан басқа *содья, книга, тетрадь, грифель, линейка, шкаф, картош, бұлке, капуста, бөрене, тұрба, стул, крауат, шкаф, скамья, беш, поднос, шәйнек, вилка, спечке* (шырпы, оттық дегендер қатар тұр), *земленке, шілия, аглоб* (оглобли), *ғармұн* (гармонь), *көзір, минут, секунд, шетпертек, лот, десте* т. б. сөздер бар.

### Араб-парсы элементтері

ХІХ ғ. ІІ жартысындағы қазақ әдеби тіліндегі араб-парсы сөздері өткен дәуірлерге қарағанда айтарлықтай мол енді. Бұған бірнеше факторлар себеп болған: бұл кезде ислам діні бұқара арасына кең тарала бастаған. Екіншіден, мұсылманша оқудың біраз жанданғаны да оқу-білім, мәдениетке қатысты көпте-

<sup>1</sup> Б. А бил хасимов. Язык газеты «Дала уалаятының газеті», Автореферат, Алма-Ата, 1964, 10-бет.

ген ұғымдардың шығыс (араб-парсы) тілдеріндегі атауын әкелді. Үшіншіден, көркем әдебиет уәкілдерінің басым көпшілігі мұсылманша сауатты, тіпті араб-парсы тілдерінен хабары болды. Төртіншіден, осы тұста ғана жанданып етек алған кітаби тілдің ықпалы тиді. Міне, осы себептерден, сөз етіп отырған кезеңдегі әдеби тілде араб-парсы сөздерінің бұрыннан халық тіліне енгендерінен басқа көптеген жаңа түрлері қолданылған. Мысалы: *гаусар, пайым, беһәнә* (себеп), *насихат, ыбырат, (гибрат), мехнат, уәж, қаһар, ләззат, шөһмат, сақы* (мырза), *пәруана, сүннет, парыз, парасат, парық, пади, мәжбүр, үмбет, ірәкәт, үзір, бәден, ғасыл* (әсіл, әсел), *перизат, зайғы, нәубат, ғану ету, хақ, диуан, қиямет, махшар, ершат, ризық, пани* (дүние), *ғарапат, ықырам, уажын, ағлан, кәусер, зарилық, ыждиһат, жаһат, мақкем, зүлзәләлі, нәубет, мұндар* т. б.

Бұл кездегі әдеби тіл лексикасындағы араб-парсы сөздерінің арасалмағы барлық қаламгерлердің шығармаларында бірдей емес. Мысалы, араб-парсы лексикалық тобы молырақ кездесетін автордың бірі Ақан серінің кейбір шығармаларында (мысалы, «Құлагерде») мүлде жоққа тән, ал кейбіреулерінде (мысалы, «Ғашыққа») көптігі сондай, түсініп оқу қиын. Ақанда, жоғарғы көрсетілгендерден басқа *йетараккі, мағырып, әшия, заһар, пырын, наһмдап, шаһапбазия* т. б. тәрізді халық тілінде мүлде қолданылмайтын сөздер де ұшырасады, тіпті кейде тұтас фразалар арабша болып келеді: *сарбизат мұқтан шаһи, кәстәрән бәнде мақбуб* т. б. Арабизм мен парсизм Майлы ақында да баршылық. Сірә, мұсылманша сауатты, араб-парсының классик әдебиетін өз тілдерінде оқып түсіне алған авторларда шығыс тілдері элементтерінің молырақ орын алуы бұларға шығыстың классик әдебиетінің тигізген әсерінен де болу керек.

Ал, керісінше, Сүйінбай, Шөже, Біржан тәрізді қаламгерлерде араб-парсы сөздері жоғарғыларға қарағанда әлдеқайда аз, барларының көпшілігі жалпы халықтық қордағылар.

### Диалектизмдер

XIX ғасырдың II жартысындағы көркем әдебиет үлгілерінде Қазақстан жерінің әр өлкесіне тән лексикалық және кейбір морфологиялық ерекшеліктер орын алған (мұндай ерекшеліктерді осындай сандық дәрежеде қазіргі авторлардан да таба аламыз). Оңтүстік өлкеден шыққан қаламгерлер (Майлы, Сүйінбай т. б.) тілінде қазіргі нормамен қарағанда диалектизмге жататын *ауқат* («тамақ» мағынасында), *кесел* (ауру), *шайыр* (ақын), *азар* сөздері, батыс өлкесін мекендеген Шәңгерей т. б. *нән, шат-шадымен*, орталық-солтүстік өлкеден шыққан Шөже, Шортанбай, Дулат, Ақан, Біржандарда *бошалаң, дегдар, құлдау, тантық, шата, баяпыр, кегеже* т. б. сөздер бар. Бұлардың әдеби норма болып бір вариантының қалыптасуы — тіпті соңғы кездердің

жемісі. Әйтпесе өткен ғасырда (тіпті қазірдің өзінде де) бір мағынаны білдіру үшін әлде де екі-үш немесе одан да көбірек сөздердің қатарласа қолданылуы — табиғи нәрсе. *Ауқат, кесел, шайыр* сөздерін қолданған Майлы ақынның тілінде *тамақ, ауру, ақын* сөздері де бар. Шәңгерейде *нән* және *үлкен* сөзі қатар қолданылған.

Оңтүстік ақындарында фонетикалық құбылыстан **д, л** дыбыстарының алмасуы кездеседі:

*Маңлайыңа салған соң...*  
*Азырақ, халқым, тыңлаңыз (Майлы).*

Базар ақындағы *аңламай, даңлы, мұңлы* сөздері де осы іспеттес. Бірақ мұндай ерекшеліктер сан жағынан өте аз, олар тіпті қазіргі ақындарымызда да кездеседі, сондықтан ХІХ ғ. әдебиет үлгілерінің тіліне қарап, сол кездегі қазақ тілінде айтарлықтай жігі ашық диалектілік жіктелу болды деп айту қиын.

### Жаңа фразалық тіркестер

ХІХ ғ. ІІ жартысындағы әдеби тілде жаңа тұрақты тіркестер жасап, оларды қалыптастыру әрекеті күшті сезіледі. Жаңа тіркестердің үлкен тобы жаңа ұғым, жаңа құбылыстарға байланысты туады. Мысалы, сауданың дамуына байланысты *сатып міну* («сатып алу»), *базарға салу* («сату»), *ат мініп, ақша ұстағандар, таразыға тартылу, бәс кесу, борышқа қалу, баға қылу, бағасы кету, бұл болу* тәрізді тіркестер пайда болады:

Бір атты *сатып міндім* елу беске (Біржан).  
Маманды рулы елге *баға қылған* («Айман-Шолпан»).  
*Жал-құйрығын сүзілтіп, базарына салғандай*  
(«Камбар»).

Қоғамның жаңа әлеуметтік-әкімшілік және сот құрылысына байланысты *жер аудару, басының билігі, закон сұрау, кеңеске басы кіру, шар салу, шарға соғу, шеніне келу* тәрізді фразалар пайда болады. Қазақ аулына келген жаңа азық-түлік пен шаруашылық түрлеріне орай *деміне нән пісу, арақ ішіп мас болу, нән тауып жеу, кіре тарту, шаруа жию* сияқты тіркестер туған. *Еңбек, қызмет* сөздерімен келген тіркестер де түрлене бастайды. *Қызмет қылу* тіркесі әдеби тілде бұл кезде екі түрлі мағынада қолданылады; бірі — үлкенді, әкімді сыйлау, соған қызмет ету:

Екі колын қусырып,

Үлкенге *қызмет қылады* (Дулат).

Екіншісі — тәуелді түрде біреудің жұмысын істеу:

*Қызмет қыл* я болмаса малынды бер (Ақан сері).  
*Бейнет* сөзі — бұл кезде *еңбек* сөзінің дублеті:

Ерінбей *бейнет* еткеннің (Майлы).  
Адал *еңбек* етсем деп (Дулат).

Сондықтан да болар өткен ғасырдағы сөздіктерде орысша *труд* сөзін *бейнет*, *трудолюбивый* дегенді *бейнетқор* деп берген. Ал *еңбек* сөзінің (қазақша-орысша сөздікте) аудармасы ретінде ең алдымен оның *темя* (баланың еңбегі) мағынасын, содан кейін *труд, работа, услуга, вознаграждение за труд* деген мағыналарын көрсетеді. Сондықтан осы күнгі *еңбек ету* тіркесі *бейнет ету* тіркесімен қатар қолданылған.

Өткен ғасырдың II жартысындағы көркем әдебиет тілінде *ғашық оты, көңілдің қамалы, көкейінде көз болу* (Ақан серіде), *ақ ниеті тотығу* (Шәңгерей), *сананың көзі, дүниеге мейман көңіл, ажалдың лағы* (Майлы), *жырдан алқа тағу, тіршілік пен өлімнің дауы, ойдың мәңгіреп жұртқа қайтуы, көңілдің құтысы* (Дулат) сияқты образды тіркестер кездесе бастайды. Бірақ бұлар әлі Абай тіліндегідей өнімді емес.

## § 15. XIX ғ. II жартысындағы қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылысы

Қазіргі қазақ әдеби тілінің негізгі грамматикалық нормалары өткен ғасырдың өзінде тұрақталған болатын. Септеу, тәуелдеу, көптік жалғауларын жалғау сияқты морфологиялық тұлғалары қазіргіден ерекшеленбейді. Дегенмен әдеби тілдің жазба түрде таралу дәстүрі өте солғын кезінде және осыған орай әр өлке қаламгерінің туындылары Қазақстан территориясына бірден түгел тарай алмау салдарынан кейбір грамматикалық тұлға-тәсілдердің дублеттік сипатта болғаны байқалады. Сондай-ақ, кейбір тұлға-тәсілдердің біреуінің норма ретінде қалыптаса алмауына сол тұстағы әдебиеттің доминанттық роль атқарған түрі поэзия да әсер еткен. Мысалы, күні бүгінге дейін есімшенің өткен шақтық тұлғасы поэзия шығармалары тілінде **-тұғын** || **-тын** түрінде келеді, ал оның қазіргі әдеби нормасы **-тын** проза стилінде, оның ішінде де көркем прозадан басқа стильдерде (оқу-педагогикалық, қоғамдық-публицистикалық, ғылыми) қалыптасқан. Сондай-ақ **-дай** || **-дайын, да** || **дағы, мен** || **менен** тұлғаларының жарыса қолданылуы, бір жағынан, өткен ғасырдағы әдеби тілдің грамматикалық сипатын көрсетсе, екінші жағынан, сол кездегі әдеби тілдің басым үлгілерінің табиғатынан туған деп қараймыз. Қазақ әдеби тілінің өткен ғасырдағы бұл күйі сол кездегі баспасөз тілі мен тіпті жаңа жазба әдеби тілге де ықпалын тигізген.

Негізінен, қазіргі грамматикалық нормамыздан көп алшақтамағанмен өткен ғасырдың ІІ жартысындағы әдеби тілдің морфологиялық құрылысында мынадай ерекшеліктер бар.

1. Етістік түбірлі қимыл есімін жасайтын тұлға екеу: **-мақ** және **-у** жұрнақтары:

*Тумақ* — сүннет адамға  
Парыз дейді *өлмегі* (Майлы).  
*Қамалау* да еліңнен,  
*Табалау* да еліңнен...  
*Өсіру* де еліңнен  
*Көшіру* де еліңнен (Дулат).  
Өлгеніңше *тою* жоқ  
Түңілмей ырза *болу* жоқ (Шортанбай).  
Бір қалыпта *тұрмақ* жоқ (Шәңгерей).

Дегенмен мұның **-у** жұрнақты варианты сөйлеу тілінде басым бола бастағанын сол кездің грамматикалық құрылысын жазғандар атап көрсетеді: «Қазақ тіліндегі етістіктердің тұйық формасы **мақ**, **-мек** тұлғалы болады, бірақ ауызекі сөйлеу тілінде қысқарған **-у** жұрнақты түрі қолданылады»<sup>1</sup>. **-Мақ -мек** жұрнақты қимыл есімі (тұйық етістік) категориясының бұл кезде әлі бір тұлғада қалыптаспағаны көрінеді.

2. Тұйық етістіктің мақсатты білдіру үшін барыс септікте қолданылатын түрі де **-у+ға** және **-ар+ға** деген екі вариантта. Мұның соңғы варианты өткен кезеңдердегідей әлі де актив қолданылады:

*Берерге* ғылым жазып адам керек (Ақан сері).  
*Сөйлеріне* келгенде,  
*Озарына* келгенде (Базар).  
Жаны жоқ кеудесінде адам *дерге* (Біржан).  
Оқ таппайсың *атарға* мылтық болса (Майлы).  
Шаршамай талмай *сөйлерге* (Майлы).

Тіпті кейде осы қызметте **-мақ + қа** тұлғасы да қолданылады:

Батырдың жүзін *көрмекке*  
Қалжындасып *күлмекке* («Қыз Жібек»).  
Назымды малсыз *алмаққа*  
Шалдар да жаман желіккен («Қамбар»).  
Сіз темір де, біз көмір,  
*Ерітпекке* келемін...  
*Телітпекке* келемін («Қыз Жібек»).  
Қабанбай елге жар салды

<sup>1</sup> А. Старчевский. Спутник русского человека в Средней Азии, СПб, 1878, 32-бет.

*Аттанбаққа қалмаққа (Дулат).*

*Етпекке кеңес келелі (Майлы).*

3. Бұйрық райдың II жағы **-қын** жұрнағын жалғап айтылатын үлгілер бар:

Әңгіме *айтқын* дегенде (Майлы).

Сөзіме құлақ *салғын*, ей, Тезек хан...

Тамырыңмен құрып кетіп *журмегін-ай* (Сүйінбай).

Бұл Оңтүстік өлкеден шыққан авторларда, сондай-ақ ауыз әдебиеті үлгілерінің кейбір варианттарында кездеседі.

4. Септіктердің алмасып қолданылуы бар:

Мінер ат, киер *киімнен (-ге)*.

*Мұқтаж* болған жігіттің (Базар).

Себебімен өлеңнің

*Сіздерменен (-ге)* кез келдім (Майлы).

Бір сұлу қыз Найманда бар *дегенмен (-ге)*,

Бек мұқтаж көруге болдым оған (Біржан).

5. Қазірде қос сөз ретінде қатар қолданылатын компоненттерді ажыратып қолдану фактілері бар. Мұндайда көбінесе арасына жалғаулық (*мен, менен*) келтіріледі:

*Телі менен тентекті* тияр десе (Сүйінбай).

*Қарып пенен қасірге* болдың қорған (Шөже).

Бұл тәсілді ауыз әдебиеті үлгілерінен де, кейіннен Абайдан да кездестіреміз. Сірә, бұл — белгілі бір дәуірге тән грамматикалық нормадан гөрі, поэзия тілінің буын өлшемі сияқты шартынан туған, барлық дәуірлерге де (қазіргі поэзия тіліне де) сыйымды тәсіл болуы керек. Ал өткен ғасыр әдеби тілінде бұл тәсілдің көзге түсетін себебі — ол кездегі әдебиеттің басым түрі көркем әдебиет, оның ішінде поэзия болғандығында.

6. Кейбір грамматикалық тұлғалар екі вариантта: толық және ықшамдалған түрінде қолданылады. Олар: **-мен || менен, -да || дағы, -лі || лік, дай || дайын, -тын || тұғын**. Бұлардың ішінде бұйрық етістіктің **-лы** варианты оңтүстіктен шыққан авторлар мен кейбір ауыз әдебиеті үлгілерінде ұшырайды:

Азырақ сөйлеп *берелі*

Аз әңгіме *қылалы* (Майлы).

Көркем әдеби тілдегі бұл дублеттік сол кездегі басқа стильдерде де, жаңа жазба әдеби тілінде де орын алған.

7. Таза көркем әдеби үлгілерінің тілінде III жақтық етістікке **-лар** жалғауының жалғануы (*бардылар*) жоқ, *шейін, менен*,

және, бірақ шылауларының орнына *ше* (*Сегіз мыңға ше ақшасы бар*), *бірлән, білән, һәм, ләкин* варианттары қолданылмаған. Бұлардың ішінде *һәм* шылауы ғана некен-саяқ ұшыраса бастайды (Ақан сері, Шәңгерейлерде).

8. Ортақ етіс тұлғасының көптік мағына беру үшін жұмсауы да көркем әдебиет стилінде сирек кездеседі.

Бұл соңғы көрсетілген грамматикалық ерекшеліктердің бір қатары, негізінен, XIX ғ. II жартысында пайда болған қоғамдық-публицистикалық стильдерге тән болып келеді.

## § 16. Сөз тудыру тәсілдері

XIX ғ. II жартысындағы сөз тудырудың басты тәсілі әдеттегідей жұрнақ арқылы жасалған. Бұл кездегі өнімді жұрнақтар: *-лық, -шы, -сыз, -лы* және күрделі жұрнақтар: *-шы + лық, -ар + лық* т. б. Бұлардың қызметі сол кезде шыққан грамматика кітаптарында көрсетілген. Мысалы, *-лық* жұрнағы үш түрлі мағына беру үшін жалғанған: 1) абстракт ұғым (*жақсылық*), 2) мөлшерлік ұғым (*көйлектік бөз*), 3) мал және т. б. белгілі бір мүшесінің атына жалғанып, сол жерге кигізілетін нәрсенің атауын білдірген: *ауыздық, мұрындық* т. б.<sup>1</sup> Оның сын есім жасайтын қызметі әлі өте әлсіз, дегенмен көріне бастаған:

Аңызым жаңа шыққан *Орынборлық* (Біржан).

*Жаманшылық* жер болса («Қыз Жібек»).

*Ақындық* әсер қуаттың (Дулат).

Бұл кезде *-лық* жұрнағы арқылы біраз жаңа абстракт сөздер жасалады. Мысалы: *серілік, құрбылық, ызақорлық, есерлік, ессіздік, арлық, кемістік, сабырлық, денсаулық, ғашықтық* (ашықтық), *аңқаулық, тәттілік* т. б. сөздер бұрыннан бар болған күнде де, олардың әдеби тілде жиі қолданылу фактісі өткен ғасырдың II жартысының үлгілерінде байқалады. Сонымен қатар бұл кезде бұрын көп ұшырамайтын *-ші + лік* түріндегі жұрнақтар қосындысы активтеніп, ол да абстракт есім жасайды: *кедейшілік, мергеншілік, қиыншылық, ашаршылық, көпшілік, мұсылманшылық, бүліншілік* сөздері *кедейлік, мергендік, қиындық, аштық, мұсылмандық* деген варианттарымен қатар қолданылады.

Бұл кезеңде *-шы* жұрнағы едәуір активтенеді, бұл әсіресе ауыз әдебиеті үлгілерінде орын алады:

*Тінтушідей* ордаға келдің кіріп (Сүйінбай).

Келеміз сұрау салып біз *сұраушы* («Қыз Жібек»).

<sup>1</sup> Н. И. Ильминский. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861, 18-бет. А. Старчевский. Спутник русского человека в Средней Азии, СПб, 1878, 38-бет.

*Шақырушы* сонда сөйлейді («Қамбар»).  
*Оқушым айтушыдан* болсын зият (Ақан сері).

*Тыңшы, сыншы* (атты сынаушы), *қалашы* сөздерін де осы үлгілерден табамыз.

Өткен ғасырдағы әдеби тілде көзге түсетін тағы бір ерекшелік — етістік тудыратын *-ла* жұрнағының кейбір *ор, ар, жар, тез* (құрал) тәрізді зат есімдерге еркін жалғануы. Бұл туынды түбірлер қазіргі әдеби тілімізде кемде-кем ұшырасады.

Алдын қазып *орласа...*  
Намысқа тиіп *арласа*,  
Алдын әкеп *жарласа* (Майлы).  
Қисық ағаш түзелмес,  
Қозға салып *тезделмей* (Майлы).

Керісінше, қазіргі осы жолмен жасалған туынды сөздің орнына оның аналитикалық жолмен жасалған түрін қолдану да бар:

Ел босқа айтады екен *дәріп қылып* (Шөже).

Сөз тудырудың өзге тәсілдерінен аналитикалық тәсіл едәуір жанданған. Бұл тәсілмен көбінесе жаңа атаулар — зат есімдер жасалған, олар: *қара шығын, атшабар, қара шекпен, ақыр заман, ақ патша, қараңғы үй, ақыл дәптер, мәселе кітап, алып сатар, от арба, баспа орны* сөздері. Бұрынғы әдебиетте кездеспеген *ден саулық, екі ұшты* сөздері де осы қатарға жатады.

Сөздерді қосарлап айту арқылы жаңа сөз жасау, әсіресе жинақтауыш есімдер тудыру тәсілі бар, бірақ аса өнімді емес. Бұл дәуірде пайда болған *би-болыс, опа-далап, сауда-саттық, заң-зақон* тәрізді қос сөздерді ұшыратамыз.

Мағына ауысу арқылы жаңа ұғымды білдіру — бұл кездегі әдеби тілдің де жаңа сөз жасау тәсілдерінің бірі. Бұл амал әсіресе жаңа қоғамдық-экономикалық және жаңа саяси-рухани өмір құбылыстарын білдіруде қолданылған. Мысалы, *көтерме* сөзі бұрын бәйгеге қосқан атты демеу мағынасындағы сөз болса, енді *комиссионерство* деп, купецтің товарын көтеріп алып, қазақ аулына апарып сатуды да атайтын болған: *Бес жүз жылқыны көтермеге қарыз алады* («Қыз Жібек»).

## § 17. Қоғамдық-публицистикалық стильдің пайда болуы

XIX ғ. II жартысында қазақ әдеби тілі стильдерге тарамдалу жағынан едәуір алға басты. Басты стиль — көркем әдебиеттен басқа стильдер — туа бастады. Солардың бірі — қоғамдық-публицистикалық стиль. Бұл стильдің пайда болуы қазақ тілінде қазақ қоғамына арналып мерзімді баспасөз органдары — «Түркістан уалаятының газеті» (1870—1883 жылдарда), «Дала



уалаятының газеті» (1888—1902), «Торғай газеті» (Орынборда), «Ауыл шаруашылық листогы» (Омбыда) — шығып тұруларымен байланысты. «Түркістан уалаятының газеті» Ташкентте шығып тұрды да, көбінесе Қазақстанның оңтүстік-шығыс және кейбір орталық аудандарына таралды. «Дала уалаятының газеті» Омбыда басылып, қазақ даласының көптеген аймақтарына таралды. Бұлар патша үкіметінің жергілікті әкімшіліктерінің органы болды, негізгі программасы — үкіметтің бұйрық-жарлықтарын, сот орындарының үкімдерін, сауда хабарларын, Россия және басқа мемлекеттердің өмірінде кездесетін оқиғаларды, шаруашылық хабарларын жазып тұру болды. Сонымен қатар бұларда қазақ халқының тарихы, мәдениеті, әдебиетіне қатысты материалдар да жарияланды. Материалдар мазмұнына қарай негізгі екі топқа бөлінді: ресми және ресми емес. Ресми материалдарға үкімет бұйрықтары, кейбір саяси-экономикалық мәселелер, ресми емес бөлімге жай корреспонденциялар, тарихи мақалалар мен көркем әдебиет үлгілері жатты. Соған лайық бұл газеттерден үш-төрт түрлі стильге жататын материалдарды табуға болады: ең көбі қоғамдық-публицистикалық стиль, ғылыми стиль (тарихи-этнографияға арналған мақалалар), көркем әдебиет стилі және ресми іс қағаздары стилі.

Алғашқы баспасөз бетінде орын алған ресми-кеңсе (іс қағаздары) стилі — бұл дәуірден бұрынғы өмір сүрген ресми-эпистолярлық стильдің әлдеқайда қазақшаланған жалғасы. Ресми-кеңсе стилінің бұрыннан келе жатқан штамптары (әкімдер лауазымын дәріптеп атау — *хұрматлу, хазірет, ағзамлары* т. т.), баяндаудағы ой тәртібі (әуелі адрес, сонан соң ғарызнаме немесе фарманнаме мазмұны, одан соң сол қағаздың иесінің аты-жөні т. т.), негізгі лексикалық құрамы газеттегі осы стильге жататын материалдар тілінде де сақталды. Мысалға мына бір жарлықты келтіреміз:

*Қилән қол астына қарағушы халайықларның нәр дайым ихласы илән сәләмәтлікләріні ойлағушы ұлұғының ихтияры бойынша ұшбу числада шығады дүние жүзіне жаңадан шығарылмыш газит Ақмола облысының шығарып жүрген газетіне қосылып* (1888, № 1).

Ж а р л ы қ.

*Семей облысының уаенни губернаторының*  $\frac{20}{22}$  *ғынауарда*

1892-нші жылда нөмірі 450 нші.

1882 ші жылда 2 сентябрьде 107 номері *илән шығармыш жария бұйрығы менен дала уалаятын билеп тұрғушы генерал губернатор хазіретлері мағлұм етуб естірген еді. Хат жазу түкүл оқуны білмейтін адамлар ғарыз берген мезгілде со жазу-сызу білмейтін ғарыз еткүшінің сұрауы бойынша басқа кісілер қолдарын қояды яки тамғаларны ғана салады деп...* (1892, № 6).

Тұңғыш баспасөзде көркем әдебиет үлгілерінен ауызша ертегілер текстісі, кейбір ақындардың өлеңдері (оның ішінде Абайдың екі өлеңі) және орыс көркем әдебиетінен үзінді аудармалар жарияланды. Бұлардың тілі сол кездегі көркем әдебиет тілінен көп ажыратылмайды. Айырмашылық тек жазылуында. Мысалы, XIX ғ. әдеби тілдің фонетикалық нормасында үндестік заңы берік сақталса, газет бетінде жалғау-жұрнақтарды үндестірмей бір-ақ вариантта жазу (*атны, қызлар, мектептер*) немесе халық тіліне сіңісіп, фонетикалық өзгеріске түскен араб-парсы сөздерін оригиналға жуықтатып жазу (*һөнер, һеш, ғақыл, хисаб, ғаскер, раст, хакім, харакат* т. б.) тәрізді ерекшелігі болмаса, көркем әдебиет үлгілері таза қазақ әдеби тілінде ұсынылды. Мысалы:

*Бір күні талай қыздар отынға барған екен, далада жаңбыр жауыпты. Сонда қыздардың бәрі отындарын тастап үйлеріне қашыпты. Бірақ бір қыз далада қалып, отынын киімімен жауып отырыбды. Сол уақытта бұрынғы замандағы атақты шешен Жиренше кетіп бара жатыр екен. Келіп қыздан сұрапты: «Не себептен өзге қыздар кетіп қалғанда, жаңбырға су болып киіміңменен отыныңды бүркеп отырсың деп...» (1889, № 5).*

*Рас һәм Қисық (қазақ ертегісі)*

*Баяғы заманда — қанша уақыт өткенін білмейміз — қазақ жерінде апалы-сіңлілі екі қыз болыпты. Үлкенінің есімі Рас, кішісінің есімі Қисық. Бұл қыздар бек кедей екен. Күн көруге хажаты болмай, бір ауылдан бір ауылға хайыр сұрап жүріпті...» (1893, № 11).*

## § 18. Қоғамдық-публицистикалық стильдің лексикасы

XIX ғасырдың II жартысында пайда болған қоғамдық-публицистикалық стильдің лексикасы, негізінен, қазақтың төл сөздерінен тұрады, сонымен қатар арабша-парсыша және орысша сөздер, көркем әдебиет стиліне қарағанда, мұнда едәуір көп. Араб-парсы сөздері авторлары дін иелері (молда т. б.) мен мұсылманша оқығандар болып келген мақалаларда молынан кездеседі. Өткен ғасырдағы қазақ баспасөзінің тілін зерттеген Б. Әбілкасымов бұған мынадай мысал келтіреді: Зайсан оязы, Майтерек елінің молласы Қ. Базаров дегеннің редакцияға қолдаған хаты: *...падша император ағзам хәзіреттеріне табиғ болуб антанама келтүрүб, құран оқұб, алұм төлеб қараған уақты жылымыз 1866 нші жылда еді... Ол уақыттан бері ұлуғларының би әмір фарманларүн һич білуге ғақылымыз жеткен жоқ еді...<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> Б. Әбілкасымов. «Дала уалаятының газетінің» тілі. Филология ғылымдарының кандидаты атағын алу үшін жазылған диссертация.— Қазақ ССР Ғылым академиясының орталық кітапханасы, 82-бет.

Дегенмен қоғамдық-публицистикалық стильдегі араб-парсы элементтері уақыт ілгерілеген сайын, жаңалары кірмей, сан жағынан азая бастағаны байқалады. Бұл осы стильдің лексика саласынан ұстанған бағыты — шығыс тілдері емес, қазақтың халықтық тілі мен орыс тілі болғанын көрсетеді.

Алғашқы қоғамдық-публицистикалық стильдің лексикалық сипатындағы көзге түсетін нәрсе — мұнда орыс сөздерінің актив қолданылуы. Сол кездегі көркем әдебиет стиліне қарағанда, публицистика стилі әдеби тілдің сөздігін орыс элементтерімен толықтыруда үлкен роль атқарған және бұл тенденция жылдан-жылға ұлғая түскен. Мысалы, «Дала уалаятының газетінің» 1890 жылғы 17 августағы нөмерінде қазақтың төл сөздері 70,4%, араб-парсы сөздері 19,7%, орыс сөздері 5,6% болса, 1896 жылғы 21 январьдағы бір нөмерінде қазақ элементтері 73,5%, араб-парсы 15,4%, орыс сөздері 9,1% болғаны көрінеді<sup>1</sup>.

Газет беттерінде қолданылған орыс сөздері: өнер-кәсіп бұйымдары мен сауда-саттыққа қатысты *йарманка, базар, көпес, картофел, машина, зауад, фабрик, папирос, крахмал, шкаф, стол, канфит, прандік, самауыр, бөшке, белосипед, лавка, приказшік, бексел, аренда, полотно, спирт, заң, әкімшілікке байланысты ояз, болұс, княз, съез, началнік, облұс, губернатор, переуадчік, жандарал, сауатник, консул, прикауар, закон, партия* (дау-жанжал мағынасында), *председатель, помошник, жіребе, доздание, канселария, акроном, [падатной] инспектор, сот, судия, залок, каталашке, копча, подписка, поуиріни, адуакет, старшина, статья, губерна, участок, хутор, землемер, чин т. б.* сөздері; оқу-ағарту, мәдениет саласынан *гимназия, казит, переуад, общистуа, университет, студент, почта, семинария, кнеге, бистафка, парта, наград, школ т. б.*<sup>2</sup>

Бұлардың бірқатары — сол кездегі көркем әдебиет стиліне де, кеңсе стиліне де енген сөздер. Ал көпшілігі тек осы газет стилінде қолданылып, кейіннен қазақ әдеби тілінде қалыптасқан сөздер. Тек *перевод, общество, помощник, подписка* тәрізді бірсыпырасы әдеби тілдің кейінгі даму кезеңдерінде өзгертіліп, қазақтың өз баламасымен берілгендіктен, енбей қалған элементтер.

Бұл стильдегі орыс элементтерінің тағы бір ерекшелігі сын есімдерді орысша тұлғасында алу: *тайни сауатник, граждански жұмыс, катаржной работа, мироуай посредник, коллежский ассессор, земски сома т. б.* Сондай-ақ, кейбір мекемелердің аттарының аударылмай алынуы: *министр внутренних дел, центральный статический комитет.*

Ал қазақ тіліне жататын лексика қабатында публицистика

<sup>1</sup> Жоғарыда аталған еңбекте, 95-бет.

<sup>2</sup> Бұл келтірілген мағлұмат Б. Әбілқасымовтың ілгерідегі көрсетілген еңбегінен алынды.

стиліне бағышталып сұрыпталу процесі тым әлсіз. Бірақ жеке атауларды терминдік дәрежеде қолданып тұрақтандыру процесі байқалады. Мысалы, *Ғылым* (наука), *тау-тас ғылымы* (горное дело), *ұлама* (профессор), *ұстаз* (учитель), *шәкірт* (ученик), *лұғат* (тіл), *әуез* (дыбыс), *әліфби* (алфавит), *қағда* (ереже), сондай-ақ юриспруденция саласындағы *сот, жаза, залог, кеніл, жауапкер, іс, куә, адвокат* сөздері бір-ақ ұғымды білдіретін терминдер қатарында нормаға айналады.

## § 19. Қоғамдық-публицистикалық стильдегі грамматикалық нормалар

Талдап отырған дәуірдегі көркем әдебиет стилінен публицистикалық стильдің үлкен айырмашылығы грамматикалық құрылысында болды. Соңғы стильде орта азиялық жазба тіл дәстүрі орын алды, яғни осы дәуірде қазақтың жалпы халықтық сөйлеу тілі мен көркем әдеби тілінде қолданылмайтын кейбір өзге түркі тілдеріндік (көбінесе оғуз тобындағы), көне түркі тіліндік тұлға тәсілдер пайдаланылды. Олардың басты-бастылары:

1) III жақ жіктеудің көпше тұлғасына *-лар* жалғауын тіркеу: ... төменде аталған адамдар... қызмет орнына *бекітіледілер* (1894, № 29).

2) III жақтағы жіктеу тұлғасын *дүр* форманты арқылы беру: *Мал басы өседүр, жер өсмейдүр* (1890, № 20). *Ілкін бойдақ деген сөздүр* (1894, № 20).

3) Өткен шақтық есімшенің *-мыш* тұлғалы түрін қолдану: *өтміш жылдар, болмыш халықдар, айтылмыш адамдар*.

4) *-Ыс (-іс, -с)* жұрнақты ортақ етіс тұлғасының көптік мағынаны білдіру үшін жұмсалуды. *Бұл екеуі көп зәрушілік көріседі* (1893, № 11). *Кедей қазақтар... бір ояздан бір оязға кетіседі* (1891, № 36).

5) *Бұл, осы* деген есімдіктердің өзге тілдерге тән *қаю, үшбү, мазкүр* дублеттерінің қолданылуы.

6) *Мен (менен)* шылауымен параллель *бірлән, бірлә, илан, білә, илә* дублеттерінің, *бірақ-пен* параллель *ләкін, шейін-мен* қоса *ше* шылауларының қолданылуы. Сондай-ақ араб тіліндік *қадар, хұсұсы, уа, һәм* шылауларының қолданылуы.

Бірақ бұл грамматикалық ерекшелік қатаң және бірден-бір қолданылған норма емес, бұлармен қазақтың халық тіліндік варианттары қоса пайдаланылған. Бұл, бір жағынан, қоғамдық-публицистика жанрының өткен ғасырдағы стильдік белгілері болса, екінші жағынан, орта азиялық түркі халықтарына тән жазба әдеби тілдің салдары, жалғасы, қалдығы болып табылады.

Жаңа пайда болған публицистикалық стильде кейбір дублет тұлғалар бір вариантқа түспеген. Мысалы, *менен||мен, -тү-*

ғын||тын, дағы||да, дайын||да тәрізді тұлғалар қатар қолданылады. Бұл — қазақ көркем әдебиеті тілінің әсері.

Публицистикалық стильдің алғашқы кезеңі кейбір синтаксистік категориялардың берілуінде біраз ерекшеліктерді қамтиды. Олар құрмалас сөйлемдердің жасалуы мен сөйлем ішіндегі сөз тәртібі саласында.

Жалпы қазақ әдеби тілінің проза жанрындағы синтаксистік құрылысының қалыптасып нормалануы тіпті соңғы кезеңдердің — совет дәуіріндегі дамудың — жемісі. Алғашқы проза үлгісінің бірі — публицистика стилінде сөйлем ішіндегі сөздердің орналасу тәртібі қазіргі кездегіден бөлектеу болып келеді, яғни бастауыштың баяндауыштан соң, анықталушы сөздің анықтаушыдан бұрын орналасуы өткен ғасырдағы әдеби тілге, тіпті Абай, Ыбырай тілдеріне де тән болған. Бұл, бір жағынан, ауызекі сөйлеу тілінің әсері болса, екінші жағынан, газеттердегі аударма стилінің әсері.

Ал күрделі ойды білдіруде өте шұбалаңқы аралас құрмаластарды пайдалану, сондай-ақ құрмалас сөйлемнің бағыныңқысын басыңқысынан кейін орналастырып құру газет тілінде кең орын алған: *Қаю жаңа ат илән шығатұғын казит шығып тұрады Ақмола, Семей облыстарының казитлеріне қосымша қылынып* (1902, № 10).

Дегенмен өткен ғасырдың II жартысындағы қоғамдық-публицистикалық стиль әдеби тілдің проза саласындағы көптеген синтаксистік нормаларды қалыптастырып, орнықтыруда үлкен қызмет атқарған. Мысалы, сөйлемдерді жалғаулықтар арқылы құрмаластыру, тағы басқаларында.

Сөйтіп, тұңғыш баспасөз органдары — газеттер арқылы пайда болған қоғамдық-публицистикалық стильдің қазақ әдеби тілінің әрі қарай дамуында орны ерекше болды. Осы стильдің тууы қазақ әдеби тілінің аясын кеңітті, бұл стиль жазба түрінде баспа бетінде дамығандықтан, қазақ әдеби тілінің халық арасына таралуына себепкер болды. Публицистика стилі қазақ тілінің ғылыми стилінің пайда болуына қадам жасады, яғни газет бетінде кейбір ғылыми баяндаулар, тарих, этнография саласынан жазылған очерктердің үзінділері (аудармалар) басылды, ғылыми терминология жасау әрекеті пайда болды. Қазақ тілінің XIX ғ. II жартысында туған публицистикалық стилі сөздік құрамымыздың орыс тілі арқылы толығу принципін ұстап, алғашқы ізін салды.

## § 20. Кітаби тіл

Бұл термин революциядан бұрын, сол XIX ғ. II жартысында пайда болған. Өткен ғасырдағы қазақ тіліндегі үлгілерді жинап, тілін зерттеген орыс ғалымы В. В. Радлов сол кезде қазақ әдебиетінің екіге тарамдалатынын, бір тобы таза халық тілінде-

гі ауызша айтылатын үлгілер болса, екіншісі кітаптан оқып айтатын «кітап өлеңдер» екенін жазады. «Кітап өлеңдерді» шығарушылар молдалар мен мұсылманша оқығандар болды. Осы кезден бастап, «кітаби өлең, қисса, жыр» және «кітаби тіл» деген ұғым пайда болды да, бұлар жалпы қазақ тіл білімінде тура мағынасында емес, сәл өзгешелеу мәнде жұмсалып кетті. Қазақ тіл біліміндегі «кітаби тіл» дегеніміз өткен ғасырдың ІІ жартысында ислам дінінің ықпалымен пайда болған діни әдебиеттің де тілі. Бұл әдебиетке, негізінен, ислам дінінің қағидаларын түсіндіретін, уағыздайтын, тарихын баяндайтын аударма әдебиет пен қисса-жырлар жатады. Бұл қиссалардың геройлары — Мұхамбет пайғамбар, оның әулиелері, ислам діні үшін «кәпірлермен» соғысқан батырлар т. т.

Сөз жоқ, авторлар бұларды қазақша шығармақ болды. Сондықтан да қазақ поэзиясының кең тараған өлең өлшемдерін (7—8 буынды жыр ағымы мен ІІ буынды қара өлең өлшемін) пайдаланды, мейлінше қазақ лексикасын қолданды. Бірақ тақырыбы дін туралы болғандықтан және авторлары ислам дінінің түркі халықтары әлеміндегі ғасырлар бойы қызмет етіп келген құралы түркі немесе шағатай тілі деп аталып келген жазба әдеби тілден хабардар болғандықтан, молынан араб-парсы элементтерін енгізіп, түркі, шағатай тіліндегі морфологиялық тұлғаларды қолданған. Оның үстіне бұларда тіпті сол кездегі татар әдеби тілінің де ықпалы күшті болған. Оған себеп, бұл сипатты әдебиетті шығарып таратушылар алғашқы кезде татардан шыққан діндар адамдар еді. Екіншіден, бұл іспетті әдебиет осы кезде татар, өзбек тілдерінде де етек алды, соларға еліктеп, солардың ізімен жүрді, үшіншіден, бұл кітаптар Қазан, Орынбор қалаларында басылды. Сондықтан өткен ғасырдағы қазақша кітаби тіл көптеген түркі халықтарына ортақ таза орта азиялық жазба әдеби тіл емес, қазақша-шағатайша-татарша элементтерден құралған қоспа тіл болды. Оның қызмет еткен аясы да тар — негізінен діни әдебиетті қамтыды. Бұл тілді С. Е. Малов, С. Кеңесбаев, Н. Сауранбаев, Қ. Жұмалиев, С. Аманжолов, Ғ. Мұсабаев, М. Балақаевтар<sup>1</sup> осылай таниды. «Кітаби тілдің» қазақ әдеби тілінен ажыратылатын белгілері мыналар.

1) Лексикасы шұбар болды, яғни негізі қазақ сөздері болғанымен, жалпы халықтық тілге енбеген, діни арабизмдер мен парсизмдер, одан кейін өзге түркі тілдік (шағатай, татар) сөз-

<sup>1</sup> Малов С. Е. К истории казахского языка. — Известия АН СССР, 1941, № 3, Мусабаев Г. Современный казахский язык, Алма-Ата, 1959. Сауранбаев Н. Т. Роль Абая в развитии казахского литературного языка, Вестник АН Каз ССР, 1954, № 6, Жұмалиев. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі, Кеңесбаев С. Абай — основоположник казахского литературного языка, Советский Казахстан, 1955, № 9. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М. Қазақ әдеби тілінің мәселелері, Алматы, 1961.

дер мол болды. Бұған Ғ. Мұсабаев мынадай жолдарды мысалға келтіреді.

*Башлайын бір алланың атыменен,  
Түзеткей өз құдіреті затыменен,  
Бихәмд ле-ллә бізлерні қылды инсан  
Жайылұр біздей құллар хатыменен* (Современ-

ный казахский язык, Алма-Ата, 1959, 108-бет.). Немесе осы әдебиет үлгісіне жататын «Салсал» киссасынан үзінді келтірейік:

*... Бізлерге ярдам бергіл шаһ ярлар,  
Шафхат қыл деп махшарда қыламын зар,  
Бұ сөзүмдә ярдамшы болыңызлар  
Хасан, Хұсайын ол барча сахабалар...  
Як-яққа ағып ятыр бұлақлары,  
Ат ашайтын йәнә бар құрақлары  
Асман көкні қозғалтқан бір тауышыны  
Екі батыр есітеді құлақлары...*

2) Ең үлкен шұбарлық грамматикалық тұлғаларында болды: мұнда оғуз тілдеріне тән тәсілдер де, татар тілінің грамматикалық тұлғалары да орын алды:

а) ІІІ жақтағы көпше жіктік тұлғасына **-лар** жалғауы жалғануы; ә) *дүр* формантымен келген жіктік тұлғаның болуы; б) өткен шақтық есімшенің **-мыш** жұрнағымен жасалуы; в) септіктің кейбір өзге түркі тілдік түрлері.

Қорыта келгенде, өткен ғасырдың ІІ жартысындағы «кітаби тіл» қазақ әдеби тілімен жарыса өмір сүрді. Оның жақтаушылары негізінен дін уағыздаушылар болды. Бұл тілдің таралуына себепкер фактор — діни әдебиеттің етек алуы мен мұсылманша оқу болса, екінші жағынан, мұсылман түркі қауымына ортақ тіл идеясын көтерген — пантюркизм ағымы. Діни жаргон ретіндегі кітаби үлгілердің қазақ әдеби тіліне күшті әсер етіп, оның даму бағытын бұрарлықтай қауқары болған жоқ, өйткені оның не көркемдік әсері, не лексикалық тұтастық байлығы, не қызмет ету сферасының кеңдігі болмады. Ал сол тұстағы қазақ әдеби тілінде, оның публицистикалық стилінде, тіпті жаңа жазба әдеби тілде кітаби тілдік элементтер болса, ол діни тақырыпқа жазылған киссалар мен исламның бес парызын түсіндірген шығармалардың әсері емес, әріден келе жатқан, бір кезде қазақтардың да ата-бабаларына ортақ болған, кейіннен ресми-эпистолярлық және іс қағаздары стилінде, жалпы эпистолярлық стильде (хат жазысуда) сақталған орта азиялық әдеби тілдің (түркінің немесе шағатай тілінің) ізі, сарқыншағы немесе тікелей ықпалы деп тануымыз керек.

Діни әдебиет пен діндар / ақындардың тілі — кітаби тіл, ол қазақ әдеби тілінен алшақ тұрды. Ең алдымен, ХІХ ғ. ІІ

жартысындағы қазақтың діни кітаби тілі толық мәніндегі әдеби тіл болған жоқ, өйткені оның лексика-фразеологиялық, стилистік нормалары болмады. Элеуметтік функциясы дін мен кейбір ресми документтерге қызмет етуден әрі аспады. Осының нәтижесінде оның даму, өңделу, әдеби формаға көшу мүмкіншілігі болмады да, ол касталық әдеби тіл мен жаргонның аралығындағы дүбәра дәрежеде қалып қойды. Бірақ ХІХ ғ. соңғы ширегінде діни әдебиеттің дамуы, кітаби тілді әкімшілік-діни орындардың қолдауы сияқты тарихи-элеуметтік факторлардың нәтижесінде бұл тіл қазақ даласында белгілі дәрежеде едәуір уақыт өмір сүрді.

Өткен ғасырдың соңғы ширегінде ислам дінінің миссионерлік әдебиеті — кітаби тілде жазылған қисса, жыр, бес парыздардан басқа екінші, қарама-қарсы миссионерлік әдебиет — тағы болды. Ол — христиан дінін уағыздайтын қазақша кітапшалар. Патша үкіметі тарапынан христиан дінін қазақ арасына уағыздау мақсатымен қазақ тілінде миссионерлер қоғамы басып шығарған әдебиет сан жағынан әжептәуір өсті. Бұлар — Христос пен оның әулиелерінің өмірі мен діни іс-әрекетін баяндайтын шығармалардың орыс тілінен қазақ тіліне аударылып орыс әрпімен басылған кітапшалары (Езги Иосиф. Қазан, 1892; Құдайдың үшін көп азап тартқан Евстафий Плакиданың, оның қосағының, екі ұлының өмірі. Қазан, 1886; Ақыл беретуғын кннге, Қазан, 1891; Притчи Иисуса Христа (на киргизском языке), Қазан, 1893; Евангелие, Қазан, 1899 т. б.)

Бұлар, С. Е. Малов атап өткендей, идеологиялық мазмұнын есептемегенде, таза қазақ тілінде, оқушы көпшілікке түсінікті тілде жазылды.<sup>1</sup> Әрине, мазмұнына қарай бұларда поэтикалық көркемдеу тәсілдері, қазақтың бай образды фразеологиясы мұнда ұшырамайды. Бұл әдебиет қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуде екі-үш тұрғыдан кәдеге асады: бұл типтес кітапшаларда христиан дінін үгіттегендіктен, ислам дініне қарама-қарсы бағыт ұстағаны сөзсіз, сондықтан бұлар лексика саласында, әсіресе сөздердің транскрипциясында (орфографиясында) ислам діні пайдаланған кітаби тіл (жалпы орта азиялық әдеби) нормаларын мүлде қолданбауға тырысты. Және бір ұтымды жері бұлар араб жазуын емес, орыс графикасын пайдаланды.

Қазақ тілінің сол кездегі дыбыстық жүйесін білдіруде мұның үлкен пайдасы тиді (әрине, ол қазақ тіліне бағыштап қолданған орыс графикасы мен сол кездегі емле нормалары жетілмеген сипатта болғандығын және ескере отыруға тиіспіз). Осылардың барлығы бұл әдебиеттің тілінен ХІХ ғ. ІІ жартысындағы қазақ тілінің жалпы халықтық нормаларын, көбінесе ауызекі сөйлеу тілінің нормаларын табуға көмектеседі. Оның үстіне, бұл орыс тілінен аударма әдебиет болғандықтан, бұрын қазақ қауымын-

<sup>1</sup> С. Е. Малов. К истории казахского языка, Известия АН СССР, Отделения языка и лит-ры, 1941, № 3.



да жоқ ұғымдардың аттарын қазақша білдіру тәсілдерін тани аламыз. Мысалы: *учитель* (пайғампар) дегенді *үйретуші, ученик* (*соратник*) -ті *үйренуші, очищаться от греха* дегенді *тазару* деп беру. Миссионерлік әдебиеттің өзге үлгілеріндегі *білімдік, танушылық* (познание), *кнеге, жанын беркіту* — укрепление духа, *үлкеншілік ой* (гордыня), *тиіну* — прикосновение, *кітапшы, ойшылдық* т. т. сөздер де аударма әдебиеттің туындылары.

Және бір назар аударатын нәрсе — бұл әдебиет тілінің синтаксистік құрылымы. Мұнда негізінен ауызекі сөйлеу тілі нормаларына сүйенгенмен, бір қыдыру реттеп, редакциялау нышаны бар. Соның салдарынан мұнда сөйлемдердің көбі қысқа-қысқа, сөз тәртібі дұрыс сақталған болып келеді: ... *Сонсоң Исус халыққа жерге тұруға қосқан. Өзу жеті нан мен балықтарды алып, (құдайға) шүкүр еткен де, сындырыб үйренушілеріне берген, үйренушілер қалыққа үлестірген. Жеушілер, әйел мен балалардан басқасы, төрт мың кісі болған...* («Е в а н г е л и е»). *Өз қамын жеп, өз пайдасы үшін ғана іс істейтін кісі бақытты болмас. Бәлгершілік ету, бақсылық көру, түс жорушылық — бәріне де нанатұғұн іс емес, бәрі де бос сөз* («Ақыл беретұғын кнеге»). Құрмалас сөйлемдердің де көбі екі-үш компоненттен дұрыс құрылған болып келеді: *Өз дәулетін өзінен қызғанған кісі дәулетін бөтендер үшін жинайды, жиған малының қызығын бөтендер көрер. Кісі өзүңді тәуір көрсін десең, оның жамандығын жасырып, жақсылығын асырып жүр* («Ақыл беретұғын кнеге»). *Олардың сендерге істеуге бұйырғандарының бәрін де тұтыңдар да, істеңдер де, бірақ олардың істегенін істемеңдер* («Е в а н г е л и е»). Әрине, бұл кітапшалардың синтаксисі бастан-аяқ осындай түзу, дұрыс екен деуге болмайды, сөйлемнің деп-ке аяқталатын нормасы, сөйлем мүшелерінің немесе құрмалас сөйлем компоненттерінің орын алмасып келуі мұнда да бар. Дегенмен қазақ тілінің грамматикалық (шінара фонетикалық) құрылымын дұрыс көрсетуде бұл әдебиет ислам діні әдебиетінен мүлде басқаша болды және қазақ әдеби тіліне бір табан жақын тұрды. Бірақ әдеби тілді дамытып, белгілі бір нормаларын қалыптастыруда айтарлықтай роль атқара алмады, өйткені патша үкіметінің қазақтарды христиан дініне енгізу саясаты басынан бастап тірек таппай, іске аспай қалды, оның әдебиеті де халық арасына тарамай, касталық шағын әдебиет болып қалды.

#### IV ТАРАУ

### АБАЙ МЕН ЫБЫРАЙ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН ЖАҢА ЖАЗБА ӘДЕБИ ТІЛ

#### § 21. Жаңа жазба әдеби тіл туралы ұғым

XIX ғ. соңғы ширегінде демократтық-реалистік әдебиеттің пайда болуымен байланысты қалыптасқан, ұлы жазушы-ағар-

тушылар Абай мен Ыбырайдың творчествосына тұстас келетін қазақ әдеби тілінің кезеңін «жаңа әдеби тіл» деу қажет деген пікір қазіргі қазақ тіл білімінде біршама орныққан<sup>1</sup>. «Жаңа» деген анықтауыш бұдан бұрын да әдеби тіл болды дегенді аңғартады. Ал «жаңа жазба» деген анықтауыш бұрынғы әдеби тілде жазба әдебиетке тән сипаттар, белгілер болды дегенді білдіреді. XVIII әсіресе XIX ғасырлардағы әр алуан идеологиялық бағыттағы қаламгерлер шығармалары таза ауыз әдебиетіне, ауызекі сөйлеу тілі үлгілеріне жатпайды. Бұлардың да әрқайсысында әр шамада жазба әдеби тілге тән сипаттар, яғни тілдің кейбір категориялары мен көркемдеу тәсілдерін жетілдіру, тұрақтандыру процесі болды. Абай мен Ыбырай творчествосымен тұстас өмір сүрген алғашқы баспасөз тілі де жазба әдеби тілдің нышандарын көрсетті. Оның үстіне бірнеше ғасырлық тарихы мен дәстүрі бар орта азиялық жазба әдеби тіл қазақ халқының мәдени өмірінде әр дәуірде әр түрлі қызмет еткені аян. Демек, осылардың баршасы әдеби тіліміздің даму барысында XIX ғасырдың соңғы ширегінде синтезделіп, жаңа жазба әдеби тілдің тууына себепкер болды. Жаңа жазба әдеби тіл демократтық-ағартушылық әдебиеттің тууымен ұштасып, Абай мен Ыбырайдың мол әдеби-педагогтық қазынасында көрініс тапты.

Сөйтіп, тіліміздің әдебилік, соның ішінде жазба әдебилік, белгілері XIX ғасырдың II жартысынан көп бұрын басталғанын жоғарыдағы талдауларымыз дәлелдейді. Абай мұрасын жан-жақты салмақтап, сыры мен пішініне үніле қарап талдаған ұлы ғалымымыз Мұхтар Әуезов айтқандай, «біздің осы күнгі сөйлеп, жазып жүрген әдебиет тіліміздің тарихы жалғыз ғана Абайдан басталады деп кесіп айтпасақ та, сондай сапалы тілді қазақтың жазба әдебиетін де анық биік белге өрлетіп шығарған Абай екені даусыз»<sup>2</sup>.

Дегенмен әдеби тіліміздің Абай мен Ыбырайдан басталатын дәуірін бөліп алып жаңа кезеңі деп қарауымыздың себеп-жағдайлары қандай? Олар мынадай:

1. Қоғамдық жаңа ой-сана әдебиет ағымын — демократтық бағыттағы сыншыл реализм әдебиетін — туғызды. Жаңа мазмұнды әдебиет өзіне қызмет ететін тілдің жаңа тәсіл-формаларын талап етті. Сөйтіп, тіл жаңа сатыға, жаңа кезеңге шықты. Ал жаңа әдебиеттің бастаушылары Абай мен Ыбырай болды.

2. Қоғам дамуының сатысында әдебиет түрлері көбейді. Бұрын негізінен, көркем әдебиет пен ресми-эпистолярлық әдебиет сияқты бір-екі жанрда болып келген қазақ әдебиетінде енді оқу-педагогикалық, қоғамдық-публицистикалық жанрлар пайда

<sup>1</sup> Г. Мусабаяев. Становление и развитие казахского литературного языка и вопросы казахской диалектологии, Алма-Ата, 1952; С. Кеңесбаев. Абай — основоположник казахского литературного языка. — Советский Казахстан, 1955, № 9.

<sup>2</sup> Қазақ әдебиетінің тарихы, Алматы, 1961, 476-бет.

болды. Сонымен қатар ғылыми әдебиеттің де алғашқы нышандары көріне бастады. Жаңа жанрларда жазылған үлгілердің көпшілігі тағы да Ыбырай мен Абайдың қаламынан шыққан дүниелер болды. Жаңа жанрлар жаңа стильдерді туғызды. Осының нәтижесінде әдеби тілдің қызмет сферасы мен мазмұны жаңа сипатта кеңіп, жазба әдеби тілдік белгілерге ие бола бастады.

4. Көркем әдебиет кеңінен дамып, көркем проза жанры пайда болды, поэзия жанры өз ішінен түр-түрге бөлініп кетті. Көркем әдебиеттің тақырыбы кеңіді. «Абай анығында өз тұсы мен өзіне шейінгі замандағы қазақтың қоғамдық, шаруашылық, үй ішілік, ой-саналық, тіл-өнер тудырғыштық — барша тақырыптарын түгел шалады»<sup>1</sup>. Кең тақырып мол лексикалық байлықтың болуын талап етті. Адамның өмірі мен қоғамындағы күллі ұғымдарды түгел білдірерлік лексикасы болу — жазба әдеби тілдің жаңа сатыға көтерілгенін танытатын белгі.

5. XIX ғасырдың II жартысында қазақ тілінің жаңа сатыға көтерілуіне жасалған жағдайлардың (алғышарттардың) бәрі кемеліне келіп, әбден піскен кезі болды.

6. Қазіргі ұлттық жазба әдеби тіліміздің жаңа сипат алып, елеулі кезеңін бастаған шағы Абай, Ыбырай есімдерімен, олардың әр алуан творчестволық мұраларымен байланысты.

## § 22. Жаңа жазба әдеби тілдің лексикалық құрамы

### Қазақ тілінің төл сөздері

Жаңа жазба әдеби тіл өзіне дейінгі әдеби тілдің барша қазынасын түгел пайдаланғандықтан, өзіне дейінгі лексикалық қат-қабаттар мен олардың жаңалық-байлықтары түгелімен бұған да тән болады. Оның үстіне адам мен қоғам табиғатының сан алуан жақтарын терең суреттегендіктен, бұрынғы әдеби тілде жоқ көптеген жаңа атаулар (сөздер) қосылады. Бұл кірмелер үш арнадан — қазақ тілінің өз мүмкіншіліктерінен, араб-парсы тілдерінен және орыс лексикасынан — құралады.

Жаңа құбылыстарды танытатын көптеген сөздер қазақтың өз сөздері қорынан қосылды. Мысалы, сол кезде, әсіресе ғасырдың соңғы 10—20 жылында, орыс әкімшілік органдары мен империялық сот орындарына үстем тап уәкілдерінің шағым айтып арыз беруіне байланысты әдеби тілде *арыз беру, өтірік арыз, арыз құмар, арыз беруші, шағым, өтірік шағым* сөздері жиі кездеседі. Өз тұсындағы сот-әкімшілік табиғатын таныту үшін жаңа әдеби тіл *адвокат, партия* («топ» мағынасында) *партияласу, дознание — тергеу, жеребе, законшік, каталешке, по-*

<sup>1</sup> М. Әуезов. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. — Қазақ әдебиетінің тарихы, Алматы, 1961, 431-бет.

*средник, судья* деген жаңа атауларды орыс тілінен алады. Сондай-ақ, жаңа қоғамдық топтарды саралап көрсетіп, әрқайсысын өз атымен атау — жазба әдеби тілдің бір қасиеті, соған орай бұрын жалпы мағыналы *жалшы, жұмыскер, қызметші, малай, шаруа* деген сөздердің әрқайсысы бір-бір ұғым беретін терминдік мән ала бастайды. Шаруашылықпен оның өнімдерінің қазақ біліп-көрмеген атаулары тілден орын ала бастайды: *қант қамыстары, мақта, кендір, кен, бақша* т. б.

Ал лексиканың толыққан бір саласы — оқу-білім тақырыбы. Демократтық-ағартушылық сипаттағы әдебиеттің мазмұны осы саладағы лексика қорын толықтырып, тұрақтандыруға бірден-бір себепкер болады. Мысалы: *білім, ғылым* (бұл сөз өз мағынасымен қатар «білім» мағынасына да), *өнер-білім, оқу, оқу оқу, оқымыс, ғалым, надандық, білімділік, білімсіздік, ғылым табу, ғылым оқу, ғылым іздеу, әлім кісі, сызық сызу, сурет салу, хаким* (білімпаз) т. б. мен қатар *мектеп, медресе, школ, интернат, университет, молда* (оқытушы мағынасында), *ұстат* (*ұстаз*) сөздері, және оқу құрал-жабдықтарының атаулары.

Жазба әдеби тілдің лексикасын сөз еткенде, екі нәрсе ерекше көзге түседі: бірі — абстракт есімдердің молығып, тұрақтауы, екіншісі — сөздердің терминделу процесінің басталуы.

### Абстракт есімдер

Абстракт есімдер қазақ әдеби тілінде бұрыннан да аз болмайтын. Негізгі абстракт ұғымды білдіретін сөздердің көбі қазақ тілінің өз материалынан (түбір және туынды сөз), бірқатары араб-парсы сөздерінен болатын. Туынды дерексіз (абстракт) зат есімдерді жасайтын көбінесе **-лық** жұрнағы еді.

Жаңа жазба әдеби тілде абстракт есімдер сан жағынан әлдеқайда көбейеді. Әдетте дерексіз ұғымдар философиялық толғану, адамзаттың рухани өмірін сөз ету үстінде көп қолданылатыны мәлім. Соған орай Абайдың өлеңдерінде де, әсіресе қара сөздерінде, Ыбырайдың әңгімелерінде бұлар орасан мол кездеседі. Бұлардың бірсыпырасы бұрыннан қолданып, қалыптасқандар болса, басым көпшілігі — жаңадан пайда болғандар. Соңғылардың ішінде түбір сөз де (бірақ бұлар көп емес), әсіресе туынды түрлері барырақ. *Әл-қуат, ар-абырой, ар-абұйыр, ар-ұят, ынсап-ұят* тәрізді қос сөз түрлерін де жазба әдебиет жиі қолданады.

Бұл әдеби тілде **-лық** жұрнағы арқылы абстракт зат есімдер жасау белгілі бір системаға, нормаға айналып, өте өнімді тәсілдің бірі болып шыққан. Бұлайша жасалған есімдердің көбі — бұрынғы әдеби тілде мүлде жоқ жаңа ұғымдар, жаңа сөздер. **-Лық** жұрнағы тікелей түбірге жалғанып жасалғандары бар: *ынтықтық, ғашықтық, құмарлық, мастық, растық* (*хақиқат* -тың синонимі), *масқаралық, софылық, момындық, өрлік, қырмызылық, солдаттық* т. б. Абайдың тіліндегі *бар, бір* түбірлерінен ту-

ған *барлық*, *бірлік* деген дерексіз есімдер бұрынғы әдеби тілдегі мағынасының үстіне («молшылық, ұйымшылдық») таза философиялық терминдік мағынасы қосылып, екінші бір абстракттік мәнге ие болып қолданылған: *алланы бар дедік, бір дедік... бұл бірлік, бұл барлық...* Мұндағы *бірлік* — құдайдың бір, *барлық*—бар екендігі. Сондай-ақ, *үлкендік* деген қарапайым дерексіз есім жаңа жазба әдеби тіл қолданысында «чувство своего достоинства», «самоуважение» деген термин ретінде де алынады, *жүйріктік* — малға (атқа) ғана қатысты ұғым емес, адамның мінезіне де байланысты қолданылатын абстракт сөз, *жылылық* та солай:

*Жүйріктікпен шалқымай,  
Тура сөзді жақтаған (Абай),  
Жылылық пен достықты тұрсын мақтап  
(Абай).*

Бұрынғы әдеби тіл нормасында жоқ дерексіз зат есімдердің бір тобы — еліктеуіш сөздер мен адам қылықтарының сынын білдіретін *кердең*, *жылмаң* тәрізді түбірлерден *-лық* жұрнағы арқылы туғандар:

*Жиреніп жылмаңдықты демес бұрыс...  
Кердеңдікпен деп тұрсың не бар маған (Абай).*

Жаңа жазба әдеби тіл нормасына айналған өнімді тәсілдердің тағы біреуі *-лы*, *-мақ*, *-сыз* және басқа жұрнақтар арқылы жасалған түбірлерден *-лық* -ты тіркеп абстракт есімдер жасау: *ақылдылық, арлылық, жинақтылық, түзулілік, рақымдылық, мейірбандылық, намыстылық, табандылық, тоқтаулылық, шыдамдылық, естілік, білімділік, қайратсыздық, ақылсыздық, талапсыздық, тиянақсыздық, қайғысыздық, жеңсікқойлық, сенгіштік нанғыштық, күнәқарлық, мақтаншақтық, қорғалауықтық*. Ал *-мақ* тұлғалы сөздерден *-лық* жалғауын жалғап жасалған есімдер күрделі болып келеді, яғни *-мақ* тұлғалы сөз етістіктік мағынасын жоймай, белгілі бір септіктегі сөзді меңгеріп тұрады. Сондықтан *мал бақпақтық, сұлуды сүйемтік, әр нәрсеге қызықпақтық* сияқты абстракт ұғым беретін тіркестер болып келеді.

Жазба әдеби тілдің алғашқы кезеңінде *-лық* пен *-шылық* жұрнақтары көп ретте дублеттік қатар түзеп, параллель қолданылған: *адамдық — адамшылық, тәкаппарлық — тәкаппаршылық, жамандық — жаманшылық, ақмақтық — ақмақшылық, әдемілік — әдемішілік*. Тек қана *-шылық* тұлғасымен жасалған есімдер де бар: *бейбітшілік, қиянатшылық, суретшілік*, сірә, бұл дублеттілікті сол кездегі грамматикалық норма әбден көтере алған, өйткені *-лық* жұрнағының қазіргідей туынды сын есім жасайтын қызметі бұл кезде әлі жоқ немесе жоққа тән, сондықтан қазіргідей *тәкаппарлық* — сын есім (тәкаппарлық

мінез), *тәкаппаршылық* — таза зат есім боп жіктелуі мүмкін емес.

**-Мақ, -у** жұрнақты сөздер етістіктің тұйық райынан гөрі, абстрактік мағынадағы есім сөз қызметін жиірек атқарады, бұл да әдеби тілдің жаңа сатысындағы норма: *ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айдалы болмақ, алданбастық* — бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар (Абай). Мұнда **-мақ** жұрнағымен келген атаулар мен қатар тұрған **-лық** арқылы келген (*алданбастық*) дерексіз ұғым аттары бар.

Адамзатқа не керек:  
*Сүймек, сезбек, кейімек,*  
Харекет *қылмақ, жүгірмек,*  
Ақылмен ойлап *сөйлемек...*  
Өлмектен басқа дауа жоқ... (Абай).

Пәндеде бір іс бар *жалығу* деген. Әрбір жақсы нәрсенің *өлшеуі* бар. Дүниеде жүргенде *туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, дене бітімің, өлуің, көрге кіруің...* (Абай). Бұл мысалдардың барлығында да **-у** мен **-мақ** жұрнақты сөздер дерексіз зат есім мағынасында қолданылған. Соңғы мысалда санамаланып келген бұл абстракт есімдердің қатарында *қаза, қайғы* деген түбір түрлерінің де, *бітімің* сияқты өзге жұрнақпен жасалған түрінің де тұруы бұлардың дерексіз ұғым атаулары екенін дәлелдей түседі.

Жаңа жазба әдебиеттің кейбір үлгілерінде философиялық тақырыпты сөз еткендіктен, көптеген абстрақты ұғымдарды жаңаша қолданған. Мысалы, *тән құмары, жан құмары, нәрсе, жан* (Адам баласы екі нәрсеменен: бірі тән, бірі жан. Абай) т. б.

### Орыс тілі элементтері

Өзіне дейінгі қазақ әдеби тілінен жаңа сатыдағы әдеби тілдің бір өзгешелігі мұнда орыс тілі элементтерін қолдану тенденциясы күшейеді. Бұған жол ашып, бастамалық роль атқарған баспасөз тілі болды. «Дала уалаятының газеті» қазақша балаларлары жоқ орыс сөздерін аудармай алу принципін қойды. Және тағы бір көңіл аударарлық жай — жаңадан енгізілген орыс сөздерін бұрынғы *болыс, самауыр, мұнанай, шырбышнай, ауылнай* тәрізді фонетикалық күшті өзгеріске түскен түрінде емес, араб жазуының мүмкіндігінше түп нұсқадағы тұлғасын сақтап алу принципін ұстады. Осы принциптерді сақтау жаңа жазба әдебиет уәкілдері Абай, Ыбырай тілдерінде де бар. Қазақ тұрмысында бұрын болмаған бұйымдардың атаулары *фонарь, ящик, рюмка, поднос* дегендер аударылмай және көп өзгерілмей алынады. Сондай-ақ, христиан дініне қатысты сөздер де *монастырь, крест, ладан* түрінде қолданылады. Қару-жарақтың орысша аттары

(*штык, картечь, барабан*), *земленке, фабрик, зауат* тәрізді құрылыс, кәсіпорын атаулары әдеби тілге енеді.

XIX ғ. қазақ даласына келген Россия империялық сотына қатысты сөздерді бұрынғы әдеби тілдегідей емес, бұл кезеңде өз аттарымен атау және олардың орысшасын алу принципі қойылғаны байқалады. Мысалы, *закон, адвокат, дознание, посредник, уголовный іс, назначение* сөздерін Абайдан бұрынғы әдеби тіл лексикасынан кездестірмейміз. Сол тәрізді *доктор, визит, наград, миллион, князь, граф, расход, франк* деген русизмдер жиі қолданылмағанмен, сол кездегі жазба әдеби нұсқаларынан орын алған сөздер. Бұлардың көбі кейіннен қалыптасып, қазіргі әдеби тілімізге еніп отыр.

Жаңа жазба әдеби тілдің орыс атауларын бұлайша қолдануы — сол кездің талабынан туған заңдылық. Қоғам өмірі мен әдеби тілдің даму сатысы XIX ғ. II жартысында әр нәрсені, әр құбылысты өзгелерімен шатастырмай өз атауымен беру талабын қойды. Мысалы, қазақтың әдет-ғұрып дәстүрлеріне негізделген, билер жүргізетін қылмыс-іс правосы мен мұсылман дінінің заңы — шарифаттан Россияның империялық сот правосын ажыратып көрсету үшін, орысша *закон* сөзі әдейі енгізіледі. Алғашқы правоны көбінесе *әдет-ғұрып* немесе *заң* деп атау дәстүрі туады, ал ислам дініне негізделген правоны тек қана *шарифат* деп атау нормаға айналады. Сол сияқты *дознание, посредник, адвокат, начальник* атаулары — осындай сипатта алынған сөздер. *Монастырь* — шіркеу емес, мешіт те емес, өзгеше дін үйі. Демек, басқаларына араластырылмай, өз атауымен берілуі қажет.

Абай, Ыбырай тілдерінде бұрынғы әдеби тілден келе жатқан *дәрігер* сөзі бар, бұл ертеректегі жабайы тұрмыс кешкен қазақ қауымындағы *емші, бақсы, домшы* емес, жаңа типті, яғни ғылымға сүйеніп емдейтін мамандық атауы. Осы сөз тұрғанда Абай *доктор* сөзін және алады. *Дәрігер* Абайға жалпы атау тәрізді де, *доктор* нақтылы атау сияқты, яғни Алматы қаласындағы Әбдірахманды емдеп жүрген *врачты* (ол кезде врачтарды *доктор* деп атау орыс тілінің өзінде норма болған) Абай *емші* де, *дәрігер* де емес, *доктор* деп айырып көрсетеді, *визитке төлеу* — өткенде дәрігерлерге төленетін ақы, гонорар, мұны да доктордың ақысын төле, еңбегін өте демей, өз атауымен *визитке төлеу* деп алады.

Жазба әдеби тілдің алғашқы кезеңінде орыс сөздерін енгізіп, оны халықтандыруда белгілі бір тәсіл-амалдар мен жүйеліліктер болған:

1) Бұрын мүлде бейтаныс, қолданылмаған сөздерді алғанда, оны қазақ тіліндегі мағыналас сөздермен түсіндіре отыру тәсілі қолданылады. Мысалы: *университет* деген бір *медресе* (Ыбырай), *дознание* — *тергеу* (Абай). Он мың *франк ақша* тауып (Ыбырай), *ладан* деген *иісті май* (Абай) т. б.

2) Бұрыннан аздап болса да әдеби тіл мен сөйлеу тіліне енген орыс сөздері түсініктемесіз және актив қолданылады: *сияз, старшын, шен, ояз, формы (пормы), пар келу, лапке, шіркеу, закон, майор* т. б.

3) Орыс тілінен енген сөздерден туынды сөздер жасала бастайды: *партиялас, партияласу, шенді (шекпен), законсыз, законшік, пьяншік, бақалшік, солдаттық*.

4) Орыс сөздерін стильдік мақсатпен әдейі қолдану да ұшырасып қалады. Ол сөздер — қазақша баламасы барлар. Мысалы, Абайда *виноват, пошел, здравомыслящий* сөздері стильдік мотивпен қолданылған.

Русизмдердің сыртқы тұлғалануы жағынан мынадай тәртіп-амалдар болғаны байқалады: женский родтағы сөздердің **-а** қосымшасы түсіріліп алынған, бірақ сөздің қалған тұлғасы орысша сақталған: *минут, фабрик, наград*; ал **-ка**-ға аяқталатындары **-ке** түрінде қолданылады: *рюмке, каталешке, бөтелке, земленке*; орыс тіліндегі сын есімдер **-ный, -ский** түрінде орысша жалғауымен алынып қолданылған, бұл Абайда және баспасөз тілінде көбірек кездеседі: *уез(д)ный (начальник), военный (губернатор), самородный (сары алтын), уголовный іс, Манусинский уез, Енисейский губерне*. Мұны зерттеушілер ХІХ ғ. соң кезіндегі жазба әдеби тілдегі норма деп табады<sup>1</sup>.

5) Орыс тіліндегі **-щик** жұрнағын пайдалану әрекеті байқалады. Яғни орыстың өз тілінде бұлайша қолданылмайтын *законшік (законщик), пианишік (пьянщик), бақалшік (бакалщик)* сөздерін сол кездегі қазақ әдеби тілінің өзі қолдан жасаған, бірақ орыс суффиксін пайдалануда шек-шама бары байқалады: ол арқылы қазақ не шығыс тілдері түбірінен сөз тудыру амалы көрінбейді, тек орыс сөздеріне жалғанады.

6) Орыс тілінен тұтас тіркесті алып, штамп ретінде пайдалану тенденциясы бар. Мысалы, Абайда *подвижной элемент, притягательная однородного, впечатлительность сердца* деген тіркестер әдеби тілге енгізген лексикалық элементтер емес, мұндай дайын штамптар жалғыз орыс тілінде емес, араб тілінде де бар. Абайдың «Қара сөздерінде», бірен-саран жерде өлендерінде араб тілінен тұтас тізбек, сөйлемшелер келтіріледі. Бұл да жазба әдеби тілдің алғашқы кездеріндегі нормалардың бірі. Жоғарғы орыс сын есімдерін сол күйінде келтіру де осы әдістің бір көрінісі.

Орыс тілі жаңа жазба әдеби тілге жалғыз лексика саласында емес, көркемдеу тәсілдерін ұштастыруға, сөздердің тіркесу қабілетін кеңейтуге, қысқасы, жалпы дамуына әсер етті. *Көңілге ажым салу, талаптың аты, талаптың тұлпары, үрпейген жүрек, кірлеген жүрек* сияқты образды тіркестерден бастап, сөздерді

<sup>1</sup> Б. Сулейменова. О русских словах в произведениях Абая.— Известия АН КазССР, Серия обществ. наук, 1964, № 4, 66-бет.



терминдеу, абстракт есімдер жасау тәрізді салалардың бәрінде де орыс әдеби тілінің күшті ықпалы сезіледі. Бұған, бір жағынан, орыс, қазақ халқының тарихи-әлеуметтік өмірінің тағдырластығы себеп болса, екіншіден, жазба әдебиет уәкілдерінің орыс мәдениеті мен өнер-біліміне, орыс оқуына ден қойып, иек артқандығының үлкен себебі болды. Әйтпесе орыс қоғамымен тағдырластық, орыс мәдениетінің әсері Абай, Ыбырайлардан көп бұрын басталған-ды. Абай, Ыбырайлардың орыс мәдениеті мен ғылым-білімін қоштауымен қатар, олардың орыс тілін білгендіктері де, аудармамен шұғылданғандықтары да үлкен себеп болды. Сөйтіп, жаңа жазба әдеби тілдің алғашқы кезеңінің өзінде-ақ даму жолындағы маңызды принциптердің бірі — дүние жүзіндегі алдыңғы қатарлы орыс тілінен тікелей әсер алып даму принципі пайда болған.

### Араб-парсы элементтері

Жаңа жазба әдеби тілдегі араб-парсы лексикасын үш топқа бөлуге болады: 1) қазақ әдеби тіліне, тіпті ауызекі сөйлеу тіліне әлдеқашаннан еніп қалыптасқан сөздер (*өмір, айла, есеп, қадір* т. т.), 2) сирек қолданылатын, бірақ бұрынғы әдеби тілден халыққа таныс сөздер: *еждиһат, мехнат, ғибрат, аят, хадис, махрұм (қалу), пәрмене болу, кәмалат, ғажайып* т. б. 3) жаңадан алынған, жаңа жазба әдебиет қаламгерлері тілінде ғана кездесетіндері.

Жаңа жазба әдеби тіл араб-парсы элементтерін қолдануға жауапкершілікпен қараған, оның кітаби тілден айырмасы да сонда. Араб-парсы сөздері сан жағынан кітаби тілдегіден аз емес, бірақ әңгіме оның қолданылу принципінде. Кітаби тілде араб-парсы сөздері жалпы жұртшылыққа түсінікті болу-болмауы көзделмей, қазақша баламасының болуына қарамастан, бейберекет қолданылған. Мысалы, қалың көпшілікке арналған қиссаларда әр автор өз білгенінше араб-парсы сөздерін талғамсыз тықпалаған. Ал Абай, Ыбырай тілдеріндегі араб-парсы қоры екі-үш маңызды қажеттіктен туып, қолданылғандар: 1) әлденеше ғасыр бойы әр қилы факторлар арқылы, алуан каналдардан келген араб-парсы сөздерін әдеби тілдің қоры, нормасы етіп бекіту қажеттігі, олардың орнына жаңадан сөз іздеп, жасанды құбылысқа ұшырамау мақсаты көзделген; 2) кейбір қазақ сөздерінің синонимдік қатарын толтыруда араб-парсы элементтерін пайдалану керектігі ескерілген; бірақ бұлар өте аз. Мысалы, Абайда *әммә (һәмма)* сөзі — *түгел, барлық нәрсе* дегендердің синонимі, сондай-ақ *әдді* — күш, шама (*әддісін білу*), *уерд* — әдет, машық, *бәһра* — үлгі, өнеге, *хаким* — ғалым, ұстаз, *хикмет* — өнер-білім т. б. сөздердің синонимдік қатарын түзеп тұрғандардың бірсыпырасы араб-парсы сөздері болып келеді. 3) белгілі бір стильдік мақсатпен, яғни шығарманың мазмұны мен жанрына және адре-

саттарына қарай араб-парсы элементтерін пайдалану қажеттігі. Мысалы, Абайдың араб елі тақырыбынан алып жазған поэмалары мен дін туралы жазған өлеңдерінде және Әбдірахманға арналған өлеңдерінде, сондай-ақ қара сөздерінде араб-парсы элементтері көп қолданылған да, жалпы өлеңдерінде және қара сөздерінің көпшілікке арнап, азаматтық тақырыпқа жазғандарында аз пайдаланылған (оның өзінде де халық тіліндегілерді қолданған). Абай прозалық шығармаларының кейбіреулерінде «өз тұсындағы оқушы мен көпшілік тыңдаушыларының сенім-нағымдарын еске алғандықтан, дін тақырыбын көбірек сөз қылды... дінді адамгершілік моральдың, тәрбиенің қараңғылыққа қарсы шартты түрдегі өткелі есебінде бағалайды»<sup>1</sup>. Сондықтан бұларда мұсылман дінінің ресми тілі — араб тілінен алынған сөздер едәуір мол және бұлардың басым көпшілігі халық тіліне, тіпті әдеби тілге енгендер, бірқатары аят-хадистерден келтірілген циталар.

Мысалы:... Адамды жаратушы *хауаси хамса заһри* бергенде... Әуелі иманның *игтиқатын махамлемек* керек. Бірі — *малахаза қылу*, екіншісі — *мұхафаза қылу*. Сондай-ақ тұтас арабша, парсыша фраза, сөйлемшелер жиі қолданылады: *алла табарака уа тағала, саллалаһу, ғалайһу уәссәләм, якини иман, иман тахлиди* т. б. Осы реттегі кейбір араб түбірлеріне қазақ тілі жұрнағын жалғап, туынды сөз жасау да ұшырасады: *ғұрұрлық, хәсідшілік, хірслану, ғибратлану, ғажайыблану*.

Сүйікті, үміт күткен баласы Әбдірахман ауырып жатқанда дәрменсіз, көңілі қобалжулы әке ретінде жазған өлеңдерінде Абай дінді сүйеніш-жұбаныш етіп «алласына» жалбарынып, «яр тұтуын», «дұғасының қуаты» болуын айтады. Сондықтан бұл циклдегі өлеңдерінде де арабша діни сөздер баршылық.

Абайдың кейбір өлеңдері мен қара сөздерінің көпшілігіндегі араб-парсы элементтерінің стильдік мақсатта қолданылғандығының тағы бір дәлелі бар. Олардың көпшілігі өз тілдеріндегі түрін сақтап қолданылған. Тіпті жалғау-жұрнақтар кейде шағатайша немесе қазақша «кітаби» үлгідегідей жалғанады. Мысалы, жоғарғы *ғибратлану* (*ғибраттану* деудің орнына), *хірслану* немесе *перзентлерім, испат* (сипат) т. б.

Ал Ыбырай шығармаларында керісінше, араб-парсы сөздері әлдеқайда аз, барлығы — бұрыннан сіңіскендер. Бұған, бір жағынан, Ыбырай шығармаларының тематикасы (оқу-педагогикалық) мен адресаттары (оқушы балалар) себеп болса, екінші жағынан, ұстанған жалпы принцип себеп болған. Ол принцип — қазақ лексикасын әрі қарай байытуда қазақ тілінің өз ресурстары мен орыс тіліне сүйену, ал шығыс тілдері мен көрші

---

<sup>1</sup> М. Әуезов. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы.—Қазақ әдебиетінің тарихы, Алматы, 1961, 469-бет.

түркі (оның ішінде татар) тілдерінен бұрыннан еніп, сіңісіп кеткендерін ғана нормаландыру принципі болды. Бұл принципті араб-парсы элементтерін сан жағынан мол қолданғанына қарамастан, Абай да ұстады. Сөйтіп, жаңа жазба әдеби тілдің алғашқы кезеңінен бастап лексикамыздың араб-парсы сөздерімен интенсивті түрде толығу тенденциясы тоқталады. Ал бұрыннан енгендері әрі қарай мағыналарын кеңейту немесе тарылту, бір түбірді екі түрлі тұлғалап, екі ұғымда қолдану, стильдік мақсаттарға қарай ажыратып топтау сияқты әдеби өңдеулерге түседі. Сол тұстың өзінде-ақ *әрекет* — *харакат*, *ғашық* — *асық*, *ғәділет* — *әділет*, *айла* — *қайла*, *есеп* — *қысап* варианттарының ажыратылып, екеуі екі түрлі, бірақ жақын, мағынада қолданыла бастағаны көрінеді:

Қылып жүрген өнері  
*Харекеті* — *әрекет*.  
*Ғәділетті* жүректің  
*Әділетін* бұзыппын.  
Бас пен аяқ бір *қысап* (Абай).

### § 23. Жаңа жазба әдеби тілдегі фразеологиялық тіркестер

Фразеологиялық байлық — тілдің әдебилік сипаттарының біреуі. Қазақ әдеби тілі бұрыннан да тұрақты тіркестерге бай болатын. Жаңа жазба әдеби тілде фразеология сан жағынан артып, мазмұны жағынан түрлене түседі. Фразеологиялық тіркестердің ішінен образды тіркестер пайда болады.

Әдеби тіл дамуының жаңа сатысында бұрынғы әдеби тілдегі тұрақты тіркестер молынан пайдаланылады. Әсіресе *із жоғалту*, *табанынан таусылу*, *мойны түсу*, *шаужайынан қағу*, *малына шылбыр беру*, *аз тұту*, *бойды алу*, *шар тарту*, *шырыш бұзу*, *дес бермеу* тәрізді іс-әрекетке қатысты тіркестер мол қолданылған. Эпостық жырлар мен XVIII—XIX ғ. әдеби тілінде актив пайдаланылған *буырқанып бұрсану*, *мұздай темір құрсану*, *намысты қолдан беру*, *аш күзендей бүгілу*, *қылаң етіп қылт ету*, *ерте тұған көбеген* тәрізді штамптарға жазба әдеби тілде орын қалмайды. Конкретті образдар мен нақтылы картиналарды суреттеуге көшкен жаңа әдебиет тілінде мұндай күңгірт теңеулер мен дерексіз образдар жарамсыз болып қалады. Бұрынғы *арыстандай айбатты*, *жолбарыстай қайраттылардың* орнына, *жүрегі жылы*, *бойы құрыш* тәрізді жаңа фраза жасауға тура келеді.

Жаңа әдеби тілдегі фразалардың бір тобы — бұрынғы модельдің аналогиясымен жаңадан жасалғандар. Мысалы, бұрын *көзін сатып телміру* тіркесі болса, енді сол үлгімен *күлкі сату* (*Мәліш сауда секілді күлкі сатып*. Абай), *арын сату*, *құлағын сату* (*Құлағын сатқан тәңірі атқан*), *сақалын сату* (мүмкін, бұл

фраза бұрыннан да бар болуы), *еңбегін сату, сөз сату* тәрізді фразалар туады; *құлық сауу, адам сауу, еңбек сауу, өтірікті жүндей сабау*-дың үлгісімен жасалған *дау сабау* дегендер де осы типтес.

Жаңа фазалар мен грамматикалық тіркестердің (анықтауыш пен анықталушы сөздер) келесі тобы — ауыз әдебиеті тілінде де, бұған дейінгі әдеби тілде де болмаған (азын-аулақ нышандары Дулатта ғана бар) түрлері. Олар — семантикалық мағыналары жуысуға тиісті емес сөздерді тіркестіру. Олар Абайда: *жылы, тәтті жауап* (жылылық ауа мен сұйық нәрсеге, тәттілік дәмі бар затқа, тағамға айтылатын белгілер, ал *жауап* сөзі — дерексіз ұғымның атауы), *асау той, тентек жиын, сынған қайғы, ойсыз құлақ, үрпейген жүрек, саңырау қайғы, жүйрік уақыт* тәрізді анықтауыш пен анықталушы сөздер тіркесі; *жүректің көзі, талаптың аты, талаптың тұлпары, үміттің аты, көңілдің жайлауы, талаптың дәмі, бейнет сусыны* сияқты изафеттер; *көңілге қалың беру, қорлыққа жығылу (құдыққа жығылу* дегендей), *өтірекке тұшыну, көңілдің бәйгеге шабуы, қайғының шыққа шығуы, көңілге ажым салу, жүректің түбіне сүңгу* (бойлау) тәрізді іс-әрекет фразалары.

Жаңадан әдеби тілді байытқан фразалардың үшінші түрі — калька тәсілімен орыс тілінен алынғандар: *Ыстық тартып барасың Бір сағаттан бір сағат* (с часу на час); *Мүйіз шығар қатынның тіліне ерсең* (быть рогатым), *біреуге салқын тарту* (постыть кому-нибудь), *кептерше сүйініскен* (ворковать как голубки).

Қоғам өмірінің жаңа құбылыстарына байланысты туған жаңа тіркестер де бұл әдеби тілдің фразеологиялық қорын толықтырған. Олар: *байға кірісу*. Бұл — малсыз, көліксіз кедейлер байдан көлік алып, күнелту кәсібін істеуге байланысты туған тіркес. Экономикалық қарым-қатынастың осы жаңа түріне қатысты *сауын сауу* (бұрынғы *сауын айту* емес), *ат майы, көлік майы, жүн беру* деген тіркес-терминдер әдеби тілге ХІХ ғ. орта тұсынан-ақ енген болатын. *Шаруа қуу, іздеу, пайдаға жарату* тіркестері де Абай, Ыбырай тілдерінде жаңа экономикалық қатынастарға байланысты туған фразалар. Жаңа сот, әкімшілікке орай *басына іс түсу, жұмысы түсу, қызмет қылу* тіркестері пайда болған. *Қызмет қылу* тіркесі екі түрлі мағынада қолданылады: бірі жалпы жұмыс істеу, еңбек ету, екіншісі патша үкіметінің әкімшілік, сот, әскери орындарында қызмет ету, осыдан баярып, патша үкіметіне жалпы қызмет ету мағынасы:

Баламды медресеге біл деп бердім  
*Қызмет етсін*, шен алсын деп бермедім (Абай).

*Қызмет ету (қызмет қылу)* тіркесінің бұл мағынасы бұрынғы әдеби тілдегі біреуге жалпандықпен қызмет ету (прислуживать) деген мағынасынан көшкен болу керек. Салыстыр:

*Қызмет шегіп жүгірді  
Келмембет ердің жолында («Қамбар»),  
Екі қолын қусырып,  
Үлкенге қызмет қылады (Дулат).*

## § 24. Жаңа жазба әдеби тілдің грамматикалық құрылысы

Халық ауыз әдебиеті тілі мен өзіне дейінгі қазақ әдеби тілінен грамматикалық құрылысы жағынан жаңа жазба әдебиеттің үлкен принципалды өзгешеліктері болған жоқ. Бірақ кейбір грамматикалық тұлғалардың (әсіресе сөз тудырушы жұрнақтардың) активтене түсуі, кейбір көне грамматикалық тәсілдердің сиреуі тәрізді ілгерілеген процестер болғаны байқалады. Қалған жағдайда бұрынғы әдеби тілдің грамматикалық нормаларының көпшілігі жазба әдебиеттің алғашқы кезінде де сақталды. Ол нормалар әдеби тіліміздің қазіргі кезеңімен салыстырғанда едәуір өзгешеленеді. Олардың басты-бастылары мыналар:

1. **-Мақ** жұрнақты тұлға — өте актив. Бұл тұлға абстракт ұғымды білдіретін зат есім, қимыл есімі, етістіктің мақсатты келер шағы категорияларын білдіреді. Әсіресе **-мақ** жұрнақты тұлға Абай шығармалары тілінде — поэзиясында да, прозасында да — өте актив қолданылған.

2. Келер шақтық есімшенің (**-ар** жұрнақты) барыс септіктегі тұлғасы қазіргі тұйық етістіктің (**-у** жұрнақты) барыс жалғалуы тұлғасының орнына жиі қолданылған:

*Сенісерге жан таба алмай*

*Сенделеді ит жүрек.*

*Қиын тиді оларға.*

*Аз кісі-ақ қайтіп санарға (Абай).*

**Жазарға** уақыт сыйғызбайды (Абай). *Бір төре осындай іспен күнәлі болып, әлгі айтылған жазаны берерге тұрғанда...* (Ыбырай). *Ол қарт бір күні базарға шығарға ойланды* (Лютш, «Киргизская грамматика», 1883). Бұл — қазақ әдеби тілінде әріден келе жатқан норма (бұған дейінгі кезеңдердің грамматикалық құрылысын сөз еткен параграфтарды қара).

3. **Мен, да, -тын** жұрнақ-шылауларының толық варианттары (**менен, дағы, -тұғын**) поэзияда да, жаңа туған прозада да параллель қолданылады. Бұл — Абай тіліне де, Ыбырай тіліне де тән. Мұнда дублет — поэзия тілінің әсері, өйткені бұл параллелизм поэзия тіліне өлең өлшемі, ұйқасы сияқты шарттарға байланысты қай кезеңге де (қазірде де) тән болмақ. Қазіргі проза тілімізде, әсіресе ғылыми, қоғамдық-публицистикалық, оқу-педагогикалық стильдерде бұлардың ықшам варианттары норма ретінде қалыптасты. Ал алғашқы проза тілінде — Ыбырайдың әңгімелері мен Абайдың кара сөздерінде, сондай-ақ

өткен ғасырдағы баспасөз тілінде — бұл форманттардың сыртқы тұлғалық дублеттерінің болуы — поэзия тілінің әсері. Демек, бұлардың стилистикалық дифференциялану процесі әлі жоқ.

4. Ауыспалы шақтық болымсыз тұлғаның (**-й** жұрнақты көсемшенің жіктелген түрі: *отырмаймын, тұрмаймын*) қысқартылған вариантының (*отырман, тұрман*) параллель қолданылуы:

Ескі бише *отырман* бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін *тұрман* зарлап.  
Сонда жауап бере *алман* мен бейшара (Абай).

Бұл да поэзия тілінің шарттылығынан туған, өте әріден келе жатқан норма (эпос жырлары мен Махамбет, Шернияз тілдерін қара). Мұның жоғарғы топтан бір айырмасы — бұл тұлға проза тілінде қолданылмай, онда толық түрі нормалана бастаған.

5. Септіктердің бірінің орнына бірі ауысып қолданылуы жаңа жазба әдебиетке де тән:

Жылқышылар кеп тұрса,  
*Таңертеңмен* (~*таңертеңнен*) салпылдап (Абай)  
*Адаммен* (~ *адамға*) сонан бері болды кекті (Абай).  
Күңгірт көңлім сырласар  
Сұрғылт тартқан *бейуаққа* (~ *бейуақпен*) (Абай).

**Жаманмен** салысып жақсы бола ма, **жақсыға** салысып жақсы болады да (Абай). Бір үйші... **азбен** (~*азға*) қанағат етіп, *аз жұмсап тұрады екен* (Ыбырай). **Залал жасауға** (~*жасау*) қолынан келеді (Абай)... Бұл өрмекші мынау **жолдан** (~ *жол*) арқылы көпір салыпты (Ыбырай).

Бұл — етістіктердің белгілі бір септіктерді меңгеру дәстүрінің қалыптаспағандығының салдары. Мысалы, *сырласу* етістігі қазірде көмектес септіктегі сөзді (*кіммен, немен сырласу*), *қанағат ету* табыс септігін (*нені?*) т. б. меңгеретін болып қалыптасқан. Грамматикалық тәсіл-тұлғалардың нормаға түсу процесі ұзақ уақытты, ұзақ қолданылу дәстүрін қажет ететін құбылыс екендігін ескерсек, әлі күнге дейін бүкіл етістіктердің меңгеру жүйесі аяқталып болмағанын мойындаймыз.

6. Етіс түрлерін, атап айтқанда, бір етістің өз ішіндегі варианттарын параллель қолдану фактісі бар. Мысалы:

Бір күйгізіп, сүйгізіп,  
Ескі өмірді *тіргізер*.  
Ескі ойға көңілім толады  
*Тірілтіп* өткен құрғырды (Абай).  
Отынсыз тамақ *пісірді*.  
Сусыздан сусын *ішірді* (~ *ішкізді*) (Ыбырай).  
*Жалынтып* (~*жалындырып*). бердім деп (Абай).

Қол-аяғым берік бекілді (~ бекітілді) (Абай).  
Жас қуатың тозылмай (~ тозбай) (Абай).

7. Осы күнгі тұйық етістіктің (-у жұрнақты) барыс жалғаулы тұлғасының орнына -п жұрнақты көсемше қолданылатын жерлері бар: адам мінезін түзеп (~ түзеуге) болмайды ұқтырып (~ ұқтыруға) болмайды. Бірақ, бұл норма емес, негізгі норма — бұл кезде де алдыңғы варианты.

8. Етістіктің тілек, қалау мәндегі көне тұлғасы — -ғай жұрнақты түрі (Құдайдан болғай деп емі құдайыны мол бердім. Абай), -мақ-тың қысқарған -ма түрі (Азайып қуатым, Денем жүр көрмеге. (Абай), -ған жұрнағының жіктелген кезде соңғы дыбысын түсірген варианты (Талай сөз бұдан бұрын көп айтқамын. Абай). Сондай-ақ -дүр, -мыш жұрнақты сөздер некен-саяқ болса да кездеседі. Бірақ бұлардың бірде-біреуі бұл кезеңдегі жазба әдеби тілдің нормасы емес. Кейбіреулері (-дүр, мыш, -ғай) стилистік мақсатпен, кейбірі қалдық ретінде ғана бой тастайды.

9. Ортақ етіс тұлғасының көптік категорияны беру қызметі жазба әдеби тілдің әсіресе проза саласында әлі де байқалады, бірақ бірте-бірте азайып бара жатқан сипат алады.

Едәуір ерекшелік синтаксис саласынан ұшырайды. Ең алдымен поэзия синтаксисінде біраз жетілгендік, ұшталғандық бар.

10. Өлеңнің құрылымы (структурасы), өлшемі (метрикасы) ырғағы жағынан түрленіп, жаңа құрылыс, жаңа өлшем, жаңа ырғақтардың пайда болуы нәтижесінде параллель қысқа сөйлемдер, параллель бірыңғай мүшелер пайда болады:

Басында ми жоқ,  
Өзінде ой жоқ,..  
Тамағы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық...  
Бұралып тұрып,  
Буыны құрып  
Қисайта тартып мұрынын (Абай).

11. Қайталама шылаулармен немесе шылаусыз келген бірыңғай мүшелерді қолдану жиі кездеседі:

Кейде паң, кейде көнгіш орныменен,  
Кейде елеусіз, кейде ынтық пормыменен.  
Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел (Абай).

12. Поэзия синтаксисінде қаратпа, қыстырма, одағай сөздердің қатынасуы көбейеді. Бұрынғы өлең текстерінде көбінесе адамға арналған қаратпадан басқа оқшау элементтер мүлде мардымсыз болатын.

Жаңа туған проза тілінің синтаксисін ерекше сөз етуге тура келеді. Өйткені поэзия тілі ұзақ дәуірлер бойы шыңдалып жетіліп, нормаланған болса, проза ауызекі сөйлеу табалдырығын енді-енді аттап, әдеби тіл дүниесіне жаңа кірген болатын. Соған байланысты, алғашқы прозаның синтаксистік құрылысында қазіргі нормалармен салыстырғанда, көзге түсетін біраз ерекшеліктер бар.

13. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібінде ауызекі сөйлеу тілінің нормасы орын алды, яғни сөйлем осы күнгідей баяндауышпен аяқталмай, өзге тұрлаусыз мүшелермен аяқталып, баяндауыш пен оған тәуелді тұрлаусыз мүшенің орындары ауысып қолданылу жағдайлары болды. Мысалы:

*Қытай жұртында ескі заң бар, біреуді алдағандығы мойнына түскен кісінің қолын кесетұғын (Ыбырай). Өрмекші маса, шыбыңға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң өзіне азық етерге (Ыбырай). Ай, Аристодим, ешбір адам бар ма, сенің білуіңше, қылған өнерлері себепті адам тақырқауға лайықты? (Абай).* Мұндай орын алмастыру бастауыш пен баяндауыштың арасында да кездеседі. *Келді әуелі шабақ (Ыбырай).*

Бұл тәртіп қатаң сақталған норма емес. Сөйлемдердің басым көпшілігі қазақ тілі синтаксисінің табиғатына үйлес: анықтаушы мүше анықталушыдан, бастауыш баяндауыштан, тұрлаусыз мүшелер баяндауыштан бұрын келу тәртібі сақталып құрылады. Дегенмен жоғарыдағыдай бұл тәртіптің бұзылу фактілері осы кезеңдегі әдеби тілдің прозалық стилінің синтаксисіне ауызекі сөйлеу нормасының әсерін, дәлірек айтсақ, әлі алғашқы прозаның өз тамырынан ажырап кете алмаған, одан жоғары көтеріліп, әдеби нормаға түсе алмаған сипатын танытады. Бұл құбылыс жалғыз Абай, Ыбырай прозаларына емес, солармен тұтас баспасыз синтаксисіне де, Алекторов, Лютш, Васильевтердің христоматияларында берілген материалдарға да, Радлов жинап бастырған ауыз әдебиеті үлгілерінің проза бөліктеріне де, азаматтық тақырыпқа жазылған кітапшаларға да, қысқасы, күллі сол кездегі жазба нұсқалардың бәріне де тән болды. Мұнда әсіресе *деп*-ке аяқталатын сөйлемдер белгілі бір системаға айналған. *Деп* дәнекерімен келген төл сөзді сөйлемдердің басым көпшілігі, осылай ауыстырылып құрылады: *Бай ұрсын тұрып айтады: сен білмеймісің, ол кішкентай ғана жіп те болса, малға сатып алынған нәрсе, малдың табылуы оңай емес деп (Ыбырай).*

14. Күрделі ойды білдіруде құрмалас сөйлемнің қазіргі түрлерінің барлығы да бар, бірақ белгілі бір амал-тәсілдері бұл күнгіден өзгешелеу болып келеді. Салалас сөйлем компоненттерін жалғастыратын шылаулар: *және, һәм, уа, уа һәм, уа және, да, соның үшін, әнің үшін, өйткені, бірақ, ләкін, я, яки, не*, Алғашқы проза тілінде *сол себепті, солай бола тұрса да, неге десең, сол тақырыпты, сол себептен* тәрізді тіркестердің жал-



ғаулық орнына қолданылуы жиі кездеседі. *Әнің үшін (оның үшін)* деген күрделі жалғаулық компоненттер қатынасының себебін емес, салдарын білдіреді, *яғни, өйткені* деген мағынада қолданылады: *Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста зор. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Әнің үшін<sup>1</sup> олар дүниенің тілін білді. Мұндай болды (Абай). Үсен енді білді. Жақын жерде көл бар екенін, оның үшін (себебі) қаз сусыз жерді мекен етпейді (Ыбырай).*

Жалғаулықтардың ішінде көне жазба әдебиет тілінен келе жатқан *ләкин, нәм, уа, бәлки (бәлкім)* сияқты қазірде әдеби нормадан шығып қалған түрлері бар. Бұлар әсіресе Абайдың прозасы мен баспасөз тілінде жиі қолданылады.

15. Шұбалаңқылау келетін, аралас құрмалас сөйлемдер жиі кездеседі. *Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болалық деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін қарық қыламын дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп және жасынан іс істеп үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп...* (Абай).

16. Төл сөзді конструкциялардың құрылуында ауызекі сөйлеу тілінің тәртібі орын алады. Мысалы, *деп* дәнекері сөйлемнің соңына кетеді: *Әуелі балаңды өзің алдайсың: «Әне, оны берем, міне, мұны берем»,— деп* (Абай).

Немесе *деді* дәнекері мен *айтты, ойлады* (қазіргі *деп ойлады, деді* деп бір-ақ рет келетін тәсілдің орнына) деген дәнекерлер бір конструкцияның ішінде жарыса жүреді:

*Қазақ ойлайды: «Бірлік ат ортақ, ас ортақ, киім, дәулет ортақ болса екен»,— дейді* (Абай). *Әлім айтты: «Шыққан күн мен айдан, көк пен жерден, су мен желден, жел мен таудан, жаңбыр мен қардан үйрен»,— деді* (Ыбырай). Бұл тәртіп жалғыз XIX ғ. жаңа жазба әдеби тілдің прозасында емес, ауыз әдебиеті үлгілерінің қара сөзбен айтылатын үзінділерінде де, баспасөз тілінде де бар. Демек, бұл — өткендегі проза тілінің синтаксистік нормасы.

Міне, XIX ғ. II жартысындағы жаңа жазба әдеби тілдің қазіргімен салыстырғанда өзгеше болып келетін грамматикалық нормаларының негізгілері осындай, грамматикалық амал-тәсілдердің қалған көпшілігі сол кезеңнің өзінде-ақ белгілі бір жүйеге түсіп, қалыптасып, осы күнгі әдеби нормаға айналған болатын.

---

<sup>1</sup> Абай шығармаларын көшіріп жазып қалдырған Мүрсейіт Бікеұлының дәптерлерінде осылай жазылған, кейінгі кітаптарда *себебі* деген шылаумен алмастырылып беріліп жүр.

## ПАЙДАЛАНУҒА ҚАЖЕТТІ ӘДЕБИЕТ

- Қазақ әдебиетінің тарихы, Алматы, 1961.  
Қазақ ССР-нің тарихы, Алматы, 1957.  
М. Әуезов. Қазақтың әдеби тіл туралы.— «Әдебиет және искусство», 1951, № 4.  
М. Әуезов. Ыбырай Алтынсарин — қазақ мәдениетінің зор қайраткері.— Уақыт және әдебиет, Алматы, 1962.  
Әдеби мұра және оны зерттеу, Алматы, 1961.  
XVIII—XIX ғ. қазақ ақындарының шығармалары. Алматы, 1962.  
Х. Жұмалиев. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі, Алматы, 1958.  
С. Кеңесбаев. Абай — основоположник казахского литературного языка.— «Советский Казахстан», 1955, 9.  
С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка, Алма-Ата, 1959.  
Н. Сауранбаев. Роль Абая в развитии казахского литературного языка.— Вестник АН КазССР, 1954, № 6.  
Т. Қордабаев. Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі, Алматы, 1966.  
Г. Мусабаев. Современный казахский язык, Алма-Ата, 1952.  
Б. Сүлейменова. О русских словах в произведениях Абая.— Известия АН КазССР, Серия общ. наук, 1964, № 4.  
Б. Әбілқасымов. «Дала уалаяты» тіліндегі грамматикалық ерекшеліктер.— Қазақ ССР Ғ. А. хабарлары, 1964, № 4.  
Ә. Құрышжанов. «Кітаби тіл» материалдарынан.— Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960, 2-шығуы.  
Р. Сыздықова. Абай шығармалары мен XIX ғасырдағы жазу нұсқаларының тілін зерттеудің маңызы.— «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1959, 2.  
Р. Сыздықова. XIX ғ. соңғы ширегіндегі қазақ әдеби тілі.— Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, Алматы, 1963, 5-шығуы.  
Р. Сыздықова. Абай шығармаларындағы кейбір шылаулардың қызметі.— Қазақ пен ұйғыр тілі білімі мәселелері, Алматы, 1963.

## XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ӘДЕБИ ТІЛ

### V Т А Р А У

#### § 25. XX ғасырдың басындағы қазақ халқының саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайы, мәдени өсуі

Қазақстан XIX ғасырдың екінші жартысында Россияға қосылды. Бұл жағдай қазақ халқының өміріне елеулі өзгеріс ала келді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Россияда капитализм жан-жақты дами түскен, капитализм өзінің ең жоғарғы даму сатысы империализмге аяқ басқан болатын. Россияда капитализмнің осылай тез етек алуы басқа аймақтарға да айрықша әсерін тигізді. Капитализм шарпуы Сибирьді, Орта Азияны, Кавказ өңірін былай қойғанда, Орталық Россиядан алыс жатқан кең-байтақ қазақ жеріне де жайыла бастады. Капитализмнің осылай кең көлемде тарай бастағандығын сипаттай келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Реформадан кейінгі дәуірдің бастапқы кезінде сирек қоныстанылған ел немесе дүние жүзілік шаруашылығынан, тіпті тарихтан да шалғай жатқан тау халықтары қоныстанған ел,— мұнай өнеркәсіпшілерінің, арақ-шарап саудагерлерінің, бидай және темекі фабриканттарының еліне айналды... Бізге Орта Азияда да, Сибирьде де және басқа жерлерде де осылай болғандығын және болып жатқандығын қоса айтып жатудың қажеті жоқ»<sup>1</sup>.

Шынында да, Қазақстанның жер байлығына, кен қорына патшалық Россия ғана емес, шетел капиталистері де көз тікті. Концессиялар ашуға тырысты. Капиталистер жалдама жұмысқа қазақ еңбеккерлерін де тартты. Жергілікті байлар да еңбекшілерді жалдап жұмыс істетті. Қазақтың еңбекші шаруалары қыспақты сөйтіп екі жақтан бірдей көрді. Біріншіден, орыс капиталистерінен қыспақ көрсе, екіншіден, өз ішіндегі жергілікті әкімдерден (би, болыстардан, старшиндардан, ауылнайлардан, ал-

---

<sup>1</sup> Ленин В. И. Шығармалар, 3-том, қазақша бірінші басылуы, 1948; 656—657-беттер.

пауыт байлардан) зардап шекті. Қазақ халқының басындағы осы екі бірдей езу, тұрмыс зардабы әсіресе ХХ ғасырдың басында қатты күшейді. Шектен шыққан бұл озбырлық қазақ даласында, қалың көпшілік арасында саяси-әлеуметтік қозғалыс тудырды. Марксизмнің, В. И. Ленин бастаған коммунистік партияның озық идеялары бұл кезде күннен-күнге Россияда үдей түскен революциялық күрес сарыны Қазақстанның да түкпір-түкпіріне тез жетті. Еңбекші тап азат өмірге, теңдікке жаппай ұмтылды.

Қазақ халқы өз жерінің неше ғасыр бойы пайдасыз, бос жатқан кен байлығын игеріп, соның негізінде шаруашылықты қайта құруды, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын жаңа сапада дамытуды армандады. Бұл үшін әуелі көшпелілікті қойып, отырықшылық тұрмысқа бейімделу қажет болды.

Оқу-ағарту жұмыстары, мәдениет және өнер-білім салалары жандана түсті. ХХ ғасырдың басында Семей, Қызылжар, (қазіргі Петропавловск), Қостанай, Қызылорда, Торғай сияқты бірсыпыра қалаларда орыс-қазақ школдары пайда бола бастады. Мұнымен қоса ауылдық мектептер де көбейді. Осы мектептерден оқып шыққандардың көзқарасы өз халқына, оның келешегіне бұрынғы мұсылманша оқығандардан әлдеқайда ілгері болды. Олар қазақ халқының саяси, мәдени дамуына белсене ат салысты.

ХХ ғасырдың басында қазақ тілінде баспа жұмысы да қаулап өсті. Профессор Б. Кенжебаевтың мәліметіне қарағанда, ХІХ ғасырдың 70—80-жылдары қазақ тілінде не бары 70 шамалы кітап басылған болса, 1900—1917 жыл арасында 200 кітап басылып шыққанын көреміз.

ХХ ғасырдың басындағы ақындар, негізінен, екі бағытта бой көрсетті. Бір тобы, мысалы, өздерінің шығармаларын әдебиетте әріден келе жатқан, ескілікті көксейтін, буржуазиялық сарындағы дидактикалық діни дәстүрде жазды. Әрине, бұл бағыттағы ақындар (М. Көпеев, М. Қалтаев) өздері өмір сүрген ортаның кемшілігін де көрсете отырды. Сонымен қоса өлеңдерінде қараңғы елді ілгері ұмтылуға, жаңалыққа талпынуға үндеді. Солай бола тұрғанмен, ХХ ғасырдың бас кезінде жоғарыдағы тәрізді кейбір ақындардың творчествосында ара-тұра идеялық ауытқу да болды. Абайдан, Алтынсариннен келе жатқан реалистік, ағартушылық желіні, демократтық әуенді ХХ ғасырдың басында М. Сералин, С. Торайғыров т. б. жазушылар дамыта түсті.

Міне, ХХ ғасырдың басында Қазақстандағы саяси-әлеуметтік жағдай, жалпы мәдени даму, әдебиеттің өсуі, оқу-ағарту ісінің барысы, баспа жұмысының халі, қысқаша шолғанда, осындай еді. Жан-жақты етек ала бастаған бұл құбылыстардың қай-қай-

сысы да осы кезеңдегі қазақ тілінің дамуынан, осы кезеңдегі оның әдеби тілінің нормалану процесінен сырт қала алмайды. Бұл құбылыстар қазақ тілінде азды-көпті із қалдырды.

## § 26. XX ғасырдың басындағы жазба әдебиет жайлы қысқаша мәлімет

Жазба әдеби тіл әдетте жазба әдебиет арқылы дамиды, қашанда жазба әдебиет негізінде қалыптасады. Ендеше халқымыздың бұл кезеңдегі жазба әдебиеті қандай күйде еді, оның жиырмасыншы жылға дейінгі жалпы даму дәрежесі қандай болды — біраз сөз әуелі осы мәселелер туралы.

Ілгеріде айтылды, қазақ тілінде жазба әдебиет үлгілері, өткен ғасырда да, одан арғы жерде де болды. Жарлықтарды, «Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаятының газетін» былай қойғанда, ол тұста әсіресе поэзиялық шығармалар басым жатты. Жазба әдебиеттің әр жанрда көрінген осы салалары XX ғасырдың бас кезінде өздерінің жалпы саны жөнінен болсын, тақырып және мазмұн жағынан алсақ та — қай тұрғыда да енді етек алып, жан-жақты дами түсті. Ана тілімізде мерзімді баспасөздің, көркем әдебиеттің, аударма жұмыстарының көлемі бұрынғыдан едәуір артты. Мысалы, ұлттық көркем проза повесть, роман түрінде ең алғаш осы кезеңде көріне бастады.

1903 жылы қазақ тілінде А. С. Пушкиннің «Қапитан қызы» атты шығармасы жарияланды<sup>1</sup>. Аударып бастырған — М. Бекимов. Бұл аударманы бүгінгі аударма еңбектермен бір тұрғыда алып қарауға, әрине, келмейді. Қазақшаға ол аударма мәдениеті өте төмен кезде аударылды. Сондықтан болу керек, повесті аударғанда қалып қойған жолдар, абзацтар кездеседі. Сөйткенмен бұл — қазақ тіліндегі ең алғашқы көркем проза үлгілерінің бірі ретінде алып қарауға әбден жарамды аударма. 1907 жылы А. Жандыбаевтың «Жас ғұмырым яки жастықта ғафлэт» деген кітапшасы басылып шықты. Бұл шығарманың мазмұны, негізінен үгіт-насихатқа құрылған. Мұнда молдадан оқыған жастардың еңбегінің де, уақытының зая кететіндігі суреттеледі. Автор молда оқуын қойып, мәдениеті озық жұрттан үлгі алайық, соларша оқып, соларша ғылымға ден қояйық деген тұжырымға келеді. XX ғасырдың басындағы ендігі бір прозалық шығарма — Мұхамедораз Нұрбаевтың 1911 жылы жарияланған «Көргенді бала, үлгілі ана» атты кітапшасы. Бұл кітапшада жас ұрпақты тәрбиелеу мәселесі сөз болады. Автор жас ұрпақтың санасына адамгершілік қасиет егетін негізгі тәрбиеші ана деген қорытын-

---

<sup>1</sup> Оқушыға оншалықты таныс еместіктен, былайғы жерде бұл кітап туралы да және бұдан өзге де бірер шығарма жайында қысқаша мәлімет бере отыруды орынды көрдік.

ды ұсынады. Былайғы жерде қазақ тілінде жазылған прозалық шығармалар жиілей түседі. Олардың бастылары — Тайыр Жомартбаевтың 1912 жылы Семейде басылған «Қыз көрелік» романы, Спандияр Көбеевтің 1913 жылы жарияланған «Қалың малы», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 1914 жылы шыққан «Қамар сұлуы», Бейімбет Майлиннің 1915 жылы жарық көрген «Шұғаның белгісі» атты повесі.

Бұл кезеңде ара-тұра поэзиялық шығармалар да жарияланды. Мысалы: С. Сейфуллиннің «Өткен күндері», С. Торайғыровтың «Қім жазықты», «Адасқан өмір», «Кедей» поэмалары, Т. Жомартбаевтың «Балаларға жемісі» және осы сияқтылар. Көркем әдебиеттің ХХ ғасырдың бас кезіндегі бұлардан өзге соңғы бір саласы — әр түрлі ескі жыр үлгісінде, толғау түрінде, қисса ыңғайында, үгіт-насихат, дін сарынында жазылған өлең үлгілері.

Баспасөз түрінің де молая түскен шағы — осы жиырма жыл іші. Бұл аралықта газет санының өсуімен қоса («Қазақстан», «Қазақ», «Дұрыстық жолы» т. б.), тұңғыш рет әр түрлі журналдар («Айқап», «Мұғалім»), аударма еңбектер шығып тұрды. Бұрын оқта-текте мысалдар не бір шағын әңгімелер ғана аударылып келсе, енді кесек шығарма да аударылды. Бұған ілгеріде аталған «Капитан қызының» аудармасы дәлел. Осы кезеңде әр алуан тақырыпта жазылған көпшілік қолды шағын-шағын ғылыми кітапшалар да («Арақ және арақтың зияны» (1907), «Жамандату, күйдіргі» (1902), «Қышыманың турасында» (1907), «Айал жайында» (1903), «Малда болатын жұқпалы аурулар» (1911), «Афат яки холера әңгімесі» (1905), «Езги Екатерина» (1902—1903), кейбір ресми жазба документтер («Устав тургайского сельско-хозяйственного общества» (1903) жиі аударылып отырылды.

Сөйтіп, ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ тіліндегі жалпы жазба әдебиетті, негізінен, мынадай үш салаға бөліп қарауға болады: көркем шығармалар, баспасөз нұсқалары және аударма еңбектер. Бірақ әдеби тілді, әдеби тілдегі функционалдық стильдерді (публицистикалық стильді, ғылыми стильді, ресми іс қағаздарының стилін) қалыптастырудағы ролі жағынан, әдеби тілдегі стильдерге жалпы қатысы жөнінен алғанда, соңғы екі сала әдебиет, яғни мерзімді баспасөз түрлері (газет, журнал) мен аударма әдебиетінің (көркем аудармадан өзге) бір-бірінен соншалықты алшақтығы жоқ. Міне, осы себепті де ХХ ғасырдың басындағы әдеби тілдің дәрежесін, оның жалпы күйін екі түрлі жазба әдебиет төңірегінде ғана сөз ету орынды, яғни көркем әдебиет тілі, баспасөз және басқа әдебиеттер тілі деп бөліп, жеке-леп талдаймыз.

## § 27. XX ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілі

Бүгінгі қазақ әдеби тіліндегі фонетикалық, лексикалық және грамматикалық нормалар бірден қалыптаса қалған жоқ. Өткен кезеңдердегі сияқты, XX ғасырдың басында да қазақ тілінің өз табиғатына, өз ерекшелігіне лайық, ұлттық артикуляциялық базаға сәйкестелінген арнайы алфавиті болған жоқ. Бұл тұстағы қаламгерлер әдебиетке ескі мұсылман мектептерінен хат танып, шығыс әдебиеттерін еркін оқи алатын дәрежеде келді. Сонымен қатар XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиет уәкілдері орыс әдебиетінің озық үлгілерімен де жақсы таныс болды. Олардың, жоғарыда айтқандай, шығыс әдебиетімен таныстығы, мұсылманша оқып, хат тануы өз шығармаларында орта азиялық түркі әдеби тілінің кейбір элементтерін пайдалануларына себеп болды. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ тіліндегі үлкенді-кішілі жазу нұсқалары (көркем әдебиет, газет, журнал, аударма жұмыстар т. б.) біраз ретте татар баспасынан шығып тұрды. XX ғасырдың басындағы қазақ халқының өміріндегі саяси-әлеуметтік дамуға, ғылым мен жалпы мәдениеттегі, әр алуан өнер-білім саласындағы өзгеріске байланысты, сондай-ақ орыс тілінің әсерінен де түрлі жаңа атаулар, тың ұғымдар, терминдер, терминдік сөз орамдары, аударма ыңғайында баламалар да пайда болды. Міне, осы жағдайлардың бәрі қазақ әдеби тілінің жалпы қалыптасу барысында ізсіз қалған жоқ. Демек, қазіргі әдеби тіліміздің фонетикалық, лексикалық және грамматикалық нормалары өздерінің алғаш пайда болу, біртіндеп даму, әбден тұрақтану үстінде өзгеріске түсті; әрдайым екшеліп, үнемі сұрыпталып отырды. Әдеби тілдік нормалар осы ұзақ процестің нәтижесінде келе-келе қалыптасты. Қазіргі әдеби тіліміздің фонетикалық құрылымының («фонетический строй»), лексика, морфология және синтаксис жүйесінің XX ғасырдың бас кезіндегі дамуындағы негізгі процестер, әр түрлі өзгерістер белгілі дәрежеде сол тұстағы көркем әдебиет тілінен де, баспасөз бен кейбір түрлі әдебиеттер тілінен де айқын көрінеді.

## § 28. XX ғасырдың басындағы көркем шығарма тілінде қазіргі әдеби нормадан тыс тұрған кейбір фонетикалық ауытқулар

Қазақ тілі фонетикасының өз жүйесі, өз заңдылығы бар. Тіліміздегі түбір сөзде екі дауыссыз дыбыстың қатар қолданылатын реттері санаулы-ақ. Мысалы, бүгінгі қазақ әдеби тілінде бір буынды түбір есімде *с* дыбысынан кейін *т* фонемасының қолданылуы сирек байқалады. Мұндай қосар дауыссыздар қазақ тілінде, негізінен, ескі әдебиеттерде, әсіресе XVII—XVIII ғасырдағы хан жарлықтарының тілінде, діни әдебиеттерде, сон-

дай-ақ XIX ғасырдағы акын, жазушылардың туындыларында, осы аралықта шыққан газеттердің тілінде ара-тұра кездесіп отырады. Ызың дауыссыз *с* пен шұғыл дауыссыз *т* дыбыстарының бір буынды сөзде қатар жұмсалыу фактісі Октябрь алдындағы көркем әдебиетте де бар. Мысалы, «Қамар сұлудың», «Топ жарғанның» тілінен, «Капитан қызының» аудармасынан фонетикалық осы құбылыс кездеседі.

*Қасеннің жаны бірге досты* («Қамар сұлу»); *Кетерінде Қасен достына жазған хаты...* (сонда); *Жан достым, Ахметпісің!* (сонда); *Жан достым қайда кеттің* (сонда); *Менің ескі достым әм құрбым* («Капитан қызы»); ... *Жауы дост боп табылған соң* («Топ жарған»).

*С* және *т* фонемалары осылай бірігіп, есім сөз таптарының ішінде, әзірге біздің байқауымызша, тек осы екі сөзде ғана (*дост, раст*) қолданылады. Онда да көбінесе бірінші жақ тәуелдік жалғауында ғана (*рас, Алтынсаринның бір әңгімесінде екінші жақ тәуелдік жалғауында, достың түрінде, жұмсалған*). Ал қазіргі жазба әдебиеттерде жоғарғы екі дыбыс бұлай қатарластырыла айтылмайды, соңғы фонема қысқарып түсіп қалған. Осы күнгі әдеби тілімізде жиі қолданылатын *рас, дос* сөздерінің кейбір жазба ескерткіштерде *раст, дост* түрінде ұшырасуы ертеден келе жатқан құбылыс сияқты. Оның фонетикалық осы көне нұсқасы парсы тілінде сақталған, яғни онда әлі де сол (*дост, раст*) болып айтылады<sup>1</sup>.

*Рас*, кейде ауызекі сөйлеу тілінде *дос* сөзінің *т* фонемасы қазірде де жұмсалатыны аңғарылады. Бірақ ілгеріде келтірілген мысалдардағы сияқты *дост* (досты) түрінде емес, бір ғана формада, *достым* болып қана қолданылады. Сондай-ақ, жасында араб және парсы тіліндегі әдебиеттерді оқыған қарт адамдардың күнделікті сөйлеу практикасынан да байқалады. Дағдылы ауызекі тілдегі, кейбір көркем шығармалардағы диалогта *т* фонемасы белгілі бір экспрессивтік бояу, стильдік мән беру үшін қолданылады. Бұл ретте оның мысқыл, шенеу мағынасы басымдау жатады. Осыған байланысты болу керек, тәуелдік жалғауының мағынасы мұнда көмескі тартқандай, көп аңғарылмайды да (*достым-ау, оның бола ма; оның, достым, болмайды* т. б.). Ал бұған қарап көрсетілген шығармаларда бұл екі сөз *рас, дос* түрінде еш жерде жұмсалмайды екен деуге болмайды. Мысалы «Қамар сұлу» романында, бұған керісінше, автор *дос* сөзін бүгінгідей қалпында да және одан өзгешерек етіп, *дост* түрінде де қолданады, *рас* сөзін *т* фонемасын қоспай-ақ сол күйінде жұмсайды.

Октябрь алдындағы көркем әдебиет тілінен байқалатын фо-

---

<sup>1</sup> Л. З. Будагов. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий, том I, Санкт-Петербург, 1869, 571, 586-беттер.



нетикалық екінші бір құбылыс **Ғ** (кейде **К**) дауыссызына байланысты аңғарылады. Бұл фонеманың сөздің басында және орта позициясында қолданылуының өзі түрліше болып келеді. Қазіргі әдеби тілімізде **Ғ** дауыссызынан басталатын кейбір сөздердің **Ғ** дыбысы оқта-текте түсіп қалады. Мұндай сөздер өте сирек. Мысалы, «Қамар сұлуда» *ғүзір* сөзі үзір түрінде қолданылған: *Мұнда тағы бір-екі күн болыңыз деп үзір қылып жібермеді.* «Қамар сұлуда» **Ғ** дыбысының сөз басында сақталуы көбірек аңғарылады. **Ғ** фонемасы, сондай-ақ осы жиырма жыл ішіндегі өзге көркем шығармаларда да көбінесе түсірілмей қолданылады. Мысалы, Октябрь алдындағы көркем әдебиет тілінде **Ғ** фонемасынан басталатын сөздер мыналар.

*Жүйрік деп ханға атым ғарыз қылған («Топ жарған»); Ғақыл мен шарифатқа тұғыры болса, Жүрмейік файдалы істен бекер қашып («Бар оқиға»); Біздіңше ғөнер алды не десеңіз (сонда); Бұл күнде жастарың да хызметде емес, Ол күнде ғаскер еді кәрі шалың (сонда); Мұнан соң үлкен афат боды қоян, Хұдайға жақсы-жаман бәрі ғайан («Ақын»); Жаранлар ғазан отдан қылғыл хауф («Ақыуал қыямет»); Сіз йаки жетім, йаки болмаса бір адамдан жәбір көрүп ғарыз берерге жүрсіз («Капитан қызы»); Камендант аз ғаскердің алдында жүр екен (сонда); Қарап тұрсам ғұмырлар ескен жел сықылды («Жас ғұмырым»); Бұл нәрсеңіздің бағасы қанша тұрады, бұл фанарыңызның не ғөнері бар («Қыз көрелік»); Енді қайтсе де Ғайыс бай бұлардан құбылудың ғылажын ойлады (сонда); Мұндай ғұмыр бергенше, маған өлім берсейші ... («Көргенді бала, үлгілі ана»).*

Бүгінгі әдеби тілімізде осы келтірілген сөздердің қай-қайсысы да қолданылады, бірақ бұлардың бәрінде де **Ғ** фонемасы түсіріліп айтылады; *ақыл, өнер, аян, азап, арыз, әскер, өмір, ылаж* (лаж). Араб тілінен кірген сөздер тек бұлар ғана емес. Қазіргі қазақ тілінде **Ғ** дауыссызынан басталатын бұдан да басқа біраз сөз бар. Бірақ араб тілінен ауысқан **Ғ** фонемалы сөздердің кейбіреулері әлі де, негізінен сол әуелгі түрінде, өзгеріссіз қолданылып келеді, мысалы: *ғашық, ғалым, ғасыр* т. б. Тек «Қалың мал» романында бір-ақ жерде сөз басындағы **Ғ** фонемасы түсіріліп қолданылған. Бірақ мұнда сөз ортасындағы **ш** дауыссызы **с** фонемасына ауысып кеткен: *Ол келінге сыртынан асық болушы аз болмаса керек.*

«Капитан қызында» *ғаскер* сөзімен қатар қазіргі *әскер* сөзі де өзгеріссіз қолданылған. Бірақ ол орыс тіліндегі *армия* сөзінің ыңғайымен, *ия* қосымшасы арқылы *әскериа* түрінде жұмсалған: *Мен әскериаға жазылушы едім.*

**Ғ** дыбысының түбір сөздің орта позициясындағы қолданылу ерекшеліктері де көңіл аударарлық. Мұнда ол сөз басындағыдай кей жерде түсіріліп, кейде түсірілмей түрліше айтыл-

майды. Сөз ортасындағы **Ғ** дауыссызы қазіргі әдеби тілімізде байқалмайды. **Ғ** фонемасынан басталатын сөздерден бұлар әлдеқайда аз.

*Сен маған көңліңнен хызмет етуге уағда берсең, сен неге жуап бермейсің?* («Капитан қызы»); *Уағда қылұп серт етіп қойды* («Қыз көрелік»); *Дүниаға ол ұғыл бала келтірүп...* (сонда); *Оғада осылай болсын* («Қалың мал»); *Екеуі салқам себуге уағда етіп...* («Үлгілі бала кітабынан»)

«Қалың малда» оғада сөзімен қоса уәде есімі қабат қолданылған. **Ғ** фонемасы сондай-ақ етістікке байланысты да жұмсалып отырған. Бірақ ол етістіктерде сөздің басында емес, орта позициясында тұрады. **Ғ(з)** дауыссызы бұл ретте **у** дыбысының алдында, яғни одан бұрын келеді. Және мұндай тұйық рай етістіктері көбінесе **шы(ші)** жұрнағына аяқталып отырады. **У** дыбысы мен қосарлана жұмсалатын **з(ғ)** фонемасы бүгінде түсіріліп, *жазғушы, шығарғушы* түрінде емес, *жазушы, шығарушы* болып қолданылады. Мысалы, «Капитан қызының» аудармасында **з(ғ)** дыбысы арқылы келетін кейбір етістіктер мыналар.

*Бүлік шығарғушылардуң...* («Капитал қызы»); *Шкафдуң артынан үйде жүргуші қыз шықты* (сонда).

Ілгеріде талданған **ст** қосар фонемалары мен **ғ(з)** дыбысының есімдердегі және етістіктердегі осы әлпетті қолданылу өзгешелігі тек Октябрь алдындағы көркем әдебиет тілінен емес, тіпті одан арғы жердегі жазбалардан да ұшырасады. Мысалы, **ст** қосар дауыссызы, **ғ(з)** фонемасы түрлі жарлықтардың тілінен де, сондай-ақ 1870 жылдары шыға бастаған «Түркістан уалаятының газетінде» де ара-тұра кездеседі, ал бұдан арғы жердегі жазбаларда бұл форма, бәлкі, жүйелі түрінде қолданылған болу керек.

**Ғ** фонемасының қолданылуына байланысты мына бір тіл фактісіне де тоқтала кету керек. Бұл — фонема жалпы етістіктен есім сөз жасайтын көне жұрнақ, яғни ол тіліміздегі қазіргі **-м** жұрнағының бір кезгі көрінісі, көне формасы болып табылады. Әңгіме **з** фонемасының кейде **м** дыбысының орнына да жұмсала алатындығы жөнінде. Мысалы, бүгінгі әдеби нормадағы *білімі* деген сөз «Капитан қызының» аудармасында *білігі* болып айтылған, яғни ондағы **м** фонемасының орнына **з** дауыссызы қолданылған. Бұл — жалғыз-жарым жерде ғана кездесетін сирек құбылыс. Мұнда ешқандай жүйелілік жоқ (*Иван Кузмичтің білігі тайыз болса да...*). Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік» романында *білімді, жақсы білімі бар* тәріздес сөз орамдарымен қоса кейде *ғылымы бар* болып та баяндалады. Мысалы: *Өзінің жақсы ғана ғылымы бар* *һәр нәрседен сезімлі* («Қыз көрелік»);

Бұл дәуірдегі көркем әдебиет тілінен байқалатын фонетикалық кейбір құбылыстардың тағы бір түрі **х(һ)**, **к** фонема-

ларына байланысты. Бұлар ілгеріректе қазіргі әдеби тіліміздегі біраз сөздің басында қолданылған. Олардың дені — есім сөздер. Ара-тұра етістік те бар. Мысалы, фонетикалық құрамы жағынан бүгінде әбден тұрақтанған, болымсыздық *еш* есімдігі мен *әр* белгісіз есімдігі Жандыбаевтың «Жас ғамырым яки жастыққа ғафләт» атты шағын повесінде *heш*, *hәр* түрінде қолданылған. Осы тәріздес есім сөздерге байланысты фонетикалық кейбір ауытқулар С. Көбеевтің «Қалың мал» романының ескі басылуынан да, «Үлгілі бала кітабында» да, «Өткен күндерде» де, «Топ жарғанда» да, басқа шығармаларда да ұшырасады. Мұндай ерекшелік етістік сөздерде де бар. Бірақ осы күнгі қолданудағы *әзірле* етістігінің *х* дауыссызы арқылы, яғни *хазірла* болып айтылуы Октябрь алдындағы көркем әдебиетте «Қыз көрелік» пен «Капитан қызының» аудармасы сияқты жекелеген кітаптарда ғана байқалады. Сондай-ақ, қазіргі *есеп* сөзі де ол кезгі кейбір шығармада *қ* фонемасы арқылы *қисап* түрінде қолданылады. Ал «Капитан қызының» аудармасында және «Қыз көрелікте» *хазірла* мен *әзірле* формалары аралас жұмсалып отырады. «Қамар сұлуда» бұл тәрізді фонетикалық ауытқу байқалмайды.

*Көгаршындар өздерінің бір тұқымына қисап етіп араларына кіргізді* («Үлгілі бала кітабы»); *Сақалыңның қисабы сайын басында ақыл болса* (сонда); *Семейге 7-нші майда ат хазірленіз деп хабар берді* («Қыз көрелік»); *Мен сіздердің біріңізді артық деп хисап қылмаймын* (сонда); *Анам бір тасайақ шай, бір-екі табалық ұнын хазірлеп қойды* («Жас ғұмырым»); *Бір үйді хазірлеп...* (сонда); *Біздің толықсыған жас шақтарымыз. hәр кімге мағлұм* (сонда); *hәр жерде төмпешік бастары қарайып...* (сонда); *Қолдағы қару-жарақпенен хазірленіңіз* («Капитан қызы»); *Хазір* болыңдар келіп қалса (сонда); *Аттар hәрберден соң жүрмеді* (сонда); *hәр түрлі өткен-кеткен істерін әңгіме қылып* («Қалың мал», 1913 жылғы басылуынан); *Ұйықтасамда heш шықбайсың түсімнен* («Өткен күндер»); *Хош иіске салқын hауа толған шақта* («Топ жарған»); *Біз елден hафта болды шықтық шетке* (сонда); *Надандық дариасынан өтсек аман, Қыбладан рахмет желі есіп хэман* («Ақын»).

Бұл келтірілген мысалдардағы *қисап*, *хазир*, *hауа*, *hафта*, *hаман* т. б. сөздер әдеби тілде *есеп*, *әзір*, *ауа*, *апта*, *эман* формасында қалыптасты.

XX ғасырдың басындағы шығармалардың кейбіреулерінде қазіргі *жс* фонемасының орнына *и* дыбысы қолданылған. Бірақ бұл да жүйелілік ала алмаған; бірде сөз басында *и* тұрса, енді бір жерде *жс* айтылады. Мұндай фонетикалық ауытқу сол кезгі әдебиет кітаптарының көбінесе татар баспасынан шығуымен байланысты. Өйткені ол уақыттағы барша қазақ *жс* орнына *и* дыбысын айтқан емес. Және бұдан арғы жердегі Ыбырай,

Абай шығармаларының тілінен мұндай фонетикалық ауытқу байқалмайды. Содан кейін ол тұста осындай көркем әдебиет маңайында қалам тартқан адамдардың қай-қайсысы да сауатын татар молдаларынан ашты. Міне, олардың қара сөз үлгілерінің тіл бояуынан кей-кейде **и** элементінің, яғни **жс** дауыссызының орнына **и** дыбысының қолданылуы, бір жағынан, осымен де байланысты болу керек. Қазіргі әдеби тіліміздегі әдетте **жс** фонемасынан басталатын кейбір сөздердің **и** дыбысымен келу реттері ХХ ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінен, мысалы, «Қыз көрелік» романының және «Капитан қызының», тағы кейбір шығарманың тілінен ішінара лап аңғарылады.

*Русша мұсылманша бек пахшы бірінші дәрежеде болып шықты* («Қыз көрелік»); *Әңгіме бір сөз иаздым құрбыларға...* (сонда); *Менің хакіміме хат иазам деп дауіт қалам сұрады* («Капитан қызы»); *Уахыт хұт иулдызның ахыры еді* (сонда).

Қазақстанның оңтүстік өлкелерінде тұратын кәрі құлақ адамдардың, сондай-ақ діни әдебиет тілімен таныс кейбір қарттардың аузынан араб, парсы сөзі әлі де ара-тұра естіледі. Олардың көбі — қазіргі әдеби тілде бар сөздер.

Осындай жалғыз-жарым фонетикалық ауытқу **р**, **л** дыбыстарынан да байқалады. Мысалы, «Капитан қызында» осы күнгі *залал* (зиянды) сөзі *зарар* түрінде жұмсалады. *Бос жүру жас адамға зарар* («Капитан қызы»); *Менің зарарыма хызмет қылып шықпаймысын деді* (сонда).

ХХ ғасырдың басында шыққан көркем әдебиет тілінен ұшырасатын соңғы бір фонетикалық ауытқу — татар тілінің элементі. Бұл құбылысты екі топқа бөліп қарауға болады. Бірінші, қазіргі қазақ тіліндегі *бас*, *тас* сияқты есімдердің *баш*, *таш* болып айтылатыны, яғни **с** фонемасының орнына **ш** дауыссызының қолданылуы; екіншісі — түбірге жалғанатын қосымшалардың басқы дыбысының қазақ тілі заңдылығына сәйкеспей, үндестік заңы сақтала бермейтіндігі байқалады. Осы екі түрлі ауытқу (яғни *бас*, *тас* тәріздес сөздердің кейде *баш*, *таш* болып айтылуы), сондай-ақ *ат-тар*, *сезім-ді* сияқты жеке сөздердің ара-тұра *ат-дар* я *атлар*, *сезім-лі* түрінде қолданылуы «Қыз көрелік» пен «Капитан қызының» аудармасында және «Жас ғұмырымда» едәуір, кейде басқа шығармалардан да кездеседі.

## § 29. ХХ ғасырдың басындағы көркем әдебиет тіліндегі кейбір грамматикалық ауытқулар

ХХ ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінде морфологиялық тұлғалар, негізінен алғанда, бүгінгі әдеби тіліміздегідей. Бірақ қазіргіге көп ұқсай бермейтін де формалар жоқ емес. Олардың бастылары: **-ар** (*ер*), **-тұғын** (*тұғұн*), **-мыш** (*мыс*), **-мақ** (*мек*), **-ша** (*ше*), **а-шақ** (*е-шек*), **-лар** (*лер*) және **бір-лән**. Бұлардың кейбірі оқта-текте қазіргі әдеби тілден де бой

көрсетіп қалады. Мысалы **-мыш** тұлғасы бірен-саран публицистикалық сын мақалаларда ара-тұра әлі де қолданылады.

Етістіктің белгісіз (шексіз деп те айтады *Е. Ж.*) келер шак **-ар** формасы бүгін де әдеби тілде жиі айтылады. Бірақ ХХ ғасырдың басындағы көркем шығармалардың бәрінде **-ар** түрінде ұшыраса бермейді. Мысалы «Қыз көрелік» романында бұл форма бір сөйлемде **-ұр** болып жұмсалған: *Ана залымларның жауызлығы тисе екі дүниеде обалына біз қалұрмыз.* **-Ар** тұлғасының осылай кейде **-ұр** түрінде, ара-тұра тіпті **-ыр** болып та қолданылуы сонау Орхон-Енисей жазбаларынан<sup>1</sup>, көне ұйғыр ескерткіштерінен<sup>2</sup> бері, тым әріден, келе жатқан дәстүр. **-Ар** формантының **-ұр** немесе **-ыр** түрінде қолданылуын ХІІІ ғасырдағы «түркі-араб сөздігінен» де, «Кодекс куманикустан» да көруге болады.<sup>3</sup>

«Капитан қызында» осы **-ар** тұлғасы арқылы жасалған тұйық рай етістік көбінесе барыс жалғауында тұрады. *Ғарыз берерге жүрсіз бе* («Капитан қызы»); *Фадша дерге көңілім бармады* (сонда); **-Ар** тұлғасы арқылы келетін осы тәрізді етістік «Қалың мал» мен «Қамар сұлуда» бірен-саран кездеседі. **-Ар** тұлғасының әдетте келер шак есімше қызметінде қолданылатыны мәлім. Бірақ осы **-ар** келер шак есімшенің екінші түрін жасайтын **-а-й-тын**, **-атын** (етін) тұлғасының орнында да кейде қолданылып отырған. Бұл әсіресе А. Жандыбаевтың шығармалары тілінен азды-көпті байқалады. *Әлгі жаман сөздерді айтқанда қабағын шытып маған қарар еді* («Жас ғұмырым»).

**-Ар** формасының **-а-тын** (**-й-тын**) орнында қолданылу реттері ара-тұра бүгінгі кейбір мақалаларда, өлеңдерде байқалып қалады. Мысалы, *Жұмысты Бейімбет сарылып отырып қарқынды істер еді* («Қазақ әдебиеті»); *Сүйгеніне тигеннің Арманы жоқ дер еді* (С. Сейфуллин).

Осы кездегі көркем әдебиет тілінен ұшырасатын морфологиялық тұлғаның тағы бірі — **-тұғын** формасы. Көне түркі тілдерінде ол **-тұрған** формасында қолданылып, күрделі етістік түрінде жұмсалып келген: *ала тұрған, бере тұрған, қала тұрған* т. б. **-Тұрған** формасы татар тілінде қазір де сақталған. Қазақ тілінде осы **-тұрған** көмекші етістігі **р** фонемасы түсіріліп әуелі **-тұғын** түріне айналған да, келе-келе бұл «дағды-

<sup>1</sup> Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык, II. Фонетика и морфология, часть I. М., 1952, 425-бет.

<sup>2</sup> И. А. Батманов. Язык енисейских памятников древнетюркской письменности, Фрунзе, 1959, 95-бет.

<sup>3</sup> А. Курьшжанов. Следы говоров в языке «Тюрко-арабского словаря» XIII века. Қазақ диалектологиясы (казахская диалектология), Алматы, 1965. 143—146-беттер.

лы есімше» тағы да ықшамдалып, ақыры, одан **-тын** формасы келіп шыққан (*тұрған > тұғын > тын*)<sup>1</sup>.

**-Тұғын** формасы ХХ ғасырдың басындағы көркем әдебиетте қазіргі кездегіге қарағанда біршама көбірек қолданылады, кейде субстантивтеніп те кетеді, яғни есім сөздері ретінде септеліп не тәуелденіп жұмсалады. Бұған мысалды «Қалың малдан», «Жас ғұмырымнан...» (ішінаралап басқа да бірен-саран шығармалардан кездестіруге болады).

*Жатса, тұрса ойлайтұғыны — қалыңнан алған малы... («Қалың мал»); Қазақтың нендей тұрмыста тұратұғынын білетін бір кісі екен («Жас ғұмырым»).*

ХХ ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінде кездесетін морфологиялық көне тұлғалардың бірі — **-мыш** формасы. Бірақ бұл талданып отырған кезеңдегі шығармалардың бәрінде бірдей қолданыла бермейді. **-Мыш** формасының, қалыптасу тарихы, этимологиялық құрамы әлі жете айқындалып болған жоқ. Түркі тіліндегі осы етістік формасының бастапқы нұсқасы **-іміш(i-міш)** емес пе екен деген де жорамал бар<sup>2</sup>.

**-Мыш** тұлғасы «Үлгілі бала кітабы» мен «Қамар сұлуда» және «Капитан қызының» аудармасында ара-тұра қолданылады. **-Мыш** ХХ ғасырдың басындағы, сондай-ақ одан бергі жердегі көркем әдебиетте де, негізінен, бір-ақ етістікпен (*айту* етістігімен) ғана кіріге жұмсалады және ол барлық жерде анықтауыш қызметін атқарып тұрады: **-мыш** формасы *көрсетілміш* (көрсетілген деудің орнына), *қайтармыш* (қайтарған деудің орнына) немесе *қайтарылмыш* (қайтарылған деудің орнына) сияқты болып қолданылады. Оның жіңішке варианты **-міш** тұлғасы ешбір жазба әдебиетте кездеспейді.

*Мұның артынан манағы айтылмыш көгаршын өзеннің жағасына қонып... («Үлгілі бала кітабы»); Бірнеше уақыттар өткен соң айтылмыш бай... (сонда); Ертеде айтылмыш жарлы сақтап жүрген тасын... (сонда); Ентелеп тұрған құдалар айтылмыш күнде сап ете түсті («Қамар сұлу»); Не ой түскенін оқушы айтылмыш сөздерден білсе керек («Капитан қызы»).*

Морфологиялық **-мыш** формасы Абай Құнанбаевтың (Ғақлия) сөздерінің бір жерінде **-мыс** болып қолданылады. Және ол бұл ретте **-мыш** түріндегідей атрибуттық ыңғайда, яғни анықтауыштық қызметте емес, кәдімгідей септеліп те, тәуелденіп те жұмсала беретін есімше ыңғайында жұмсалған. Дәлірек айтсақ, Абай оны қазіргі әдеби тіліміздегі *менің алғаным, оның алғаны* тәрізді есімше ретінде пайдаланған. Ал **-мыш** арқылы келетін есімшелердің бұл сияқты тәуелдену реті ХХ ғасырдың ба-

<sup>1</sup> Н. А. Баскаков. Система спряжения или изменения слов по лицам.— Сб. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков, Морфология, II, 1956, 276, 277-беттер.

<sup>2</sup> А. Н. Кононов. Турецкая глагольная форма на **-мыш**. — Ученые записки, № 20, серия филологических наук, вып. I, ЛГУ, 1939, 42-бет.

сындағы көркем шығармалардың бірде-бірінде кездеспейді. Сондай-ақ *-мыс* тұлғасы да осы дәуірдегі ешқандай жазба ескерткіште байқалмайды. Тек ол бір ғана Абайдың шығармасында, онда да бір-ақ рет үшінші жақ тәуелдік жалғауында тұрып қолданылған. Мысалы: *...бұлар туысынан болады, қалмысы (қалғаны деген мағынада, Е. Ж.) жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады.*

XX ғасырдың бас кезіндегі көркем әдебиет тілінде өзінің қолданылуы жағынан осылай ерекшеленіп тұратын негізгі морфологиялық тұлғалардың бірі — *-мақ*. Бұл — осы кезеңдегі шығармалардың ішінде «Үлгілі бала кітабы», «Қамар сұлу», «Қыз көрелік» романдарында бар. Бұл шығармаларда қазіргі әдеби тіліміздегі *-у* формасында қолданылу көбірек кездеседі.

*Көлдің жағасындағы бір ағашқа қонып жемекке даярланды (Үлгілі бала кітабы); Сол бауырын және ата-ана ел-жұртын көрмекке...поиздға отырып тезірек қайтты (Қыз көрелік).*

Бұл тұстағы көркем әдебиет тілінде *бірлән* мұндай жиі емес. Қазіргі қазақ тілінде қалыптасқан көмектес жалғауы түркі тілдерінің көбінде жоқ. Ол тілдерде көмектес жалғауының орнына осы — *бірлән* шылауы қолданылады және жеке сөз ретінде үнемі бөлек жазылады. Бұл шылау түркі тілдерінде фонетикалық өзгеріске түскен. Татар тілінде *бірлән* түрінде, ал қазіргі өзбек әдеби тілінде *билан* болып айтылады. Осы — *бірлән* формасының қалыптасу тарихы жайында түркі тіл мамандары жалпы мынадай бір ғана пікірге келді: бір (сан есім) + *илән* — *бирлән* > *бірлән* > *білән* > *бен*, *пен* т. б. Мысалы, Л. З. Будагов өзінің сөздігінде біз талдап отырған *бірләннің* түркі тілінде *илә, илн, лән, лә*, шағатай тілінде *ила, илан, била*, ал татар тілінде *бірлә, бірлан, блан* болып жұмсалатынын аңғартады.<sup>1</sup>

Осы кезеңдегі туындылардың ішінен *бірлән* әсіресе «Қыз көрелік» романы мен «Капитан қызының» аудармасында, ара-тұра, «Ақыуал қыяматта» едәуір жұмсалып отырады. Бұларда сондай-ақ *мен* жалғауы *-менен (бенен)* түрінде де байқалып қалады. Алайда мұндай ішінара лап қана ұшырасатын бірді-екілі морфологиялық өзгешеліктерді XIX ғасырдың соңғы ширегі мен осы ғасырдың бас кезінде шыққан жалпы қара сөз үлгілеріне тән ерекшелік ретінде қарауға болмайды, тек өзге тіл элементі ыңғайында ғана бағалаған жөн. Өйткені олардың қай-қайсысында да қазіргі *-мен, -пен* тұлғалары *-менен, -пенен* болып жұмсалып отырады.

*Сонда Ғайникамал бір неше күндер пароход бірлән жүріп... (Қыз көрелік); Біжтыхат лән оқып (сонда); Ғайникамал бірлән мұғалім үшеуін пароходқа отырып (сонда); Мен бас-*

<sup>1</sup> Л. З. Будагов. Сравнительный словарь..., 208, 254-беттер.

*қыш бірлән Марианың бөлмесіне келіп кірдім («Капитан қызы»); Мариа бірлән көрістім (сонда); Үстөл шынылар бірлән толған (сонда); Күш бірлән һәр тарафта ойран салған («Ақыуал қыямат»):*

XX ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінде **-лар** қосымшасымен келетін етістіктер кездеседі. Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелігінде», Жандыбаевтың «Жас ғұмырында», «Капитан қызының» аудармасында **-лар** жалғаулы үшінші жақ етістік біраз бар.

«Қыз көрелік» пен «Жас ғұмырымдағы», «Капитан қызының» аудармасындағы **-лар** көптік жалғауымен келетін етістіктер өздерінің шақтық мағынасы және рай түрі жағынан, сондай-ақ басқа да кейбір формалық жағынан біркелкі болып келмейді. Мысалы, бұл шығармаларда **-лар** көптік жалғауы жедел өткен шақ етістікке ғана емес, сондай-ақ шартты рай етістікпен де кірігіп жұмсалып отырады.

*Бізге жұмыс тапсырады деп үшеуі де Ғайыс байдың үйіне келділер («Қыз көрелік); Мойныма жіп салдылар («Капитан қызы»), Қорықпа деділер (сонда); Һеш бір нәрсе көргендері жоқ һәм көрмеділер («Жас ғұмырым»); Қайсысы ғажыбырақ екен деп қарасалар бірінен-бірі тамаша («Қыз көрелік»). Баттылар қара жерге қозғалмастан («Ақыуал қыямат»).*

XX ғасырдың басындағы көркем шығармалардың кейбірінде **-лар** көптік жалғауы үнемсіз етістік арқылы да жұмсалады. Мысалы: *Һеш бір керекбегін нәрселерді сөйлеп отыралар еді («Жас ғұмырым»); Менің сөйлеген сөзіме мәз болып қарқ-қарқ күлелер еді (сонда).* Үнемсіз етістікке жалғанатын **-лар** көптік жалғауы осы кездегі басқа шығармалардың ешқайсысынан байқалмайды.

Бұл дәуірдегі көркем шығармалардың тілінде кездесетін жоғарыдағы тәрізді морфологиялық құбылыстар әр түрлі болып келеді. Қазақ тіліне біраз техникалық атаулар осы дәуірде ене бастады. Бұл терминдердің орфоэпиялық нормасы бірден тұрақтана қалған жоқ. Олар бір түрлі айтылып, екінші түрде жазылып, көпке дейін бір ізділік ала алмады. Осындай жалғыз-жарым ауытқу морфология саласынан да ара-тұра байқалады. Мысалы, кейбір сөз тудырушы зат есім жұрнақтарының орыс тілінен енген атауларға да жалғанғандары бар. Рас, мұндай құбылыстар бұл кезеңдегі көркем шығармалардың тілінде өте сирек кездеседі. Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романында *машина* сөзі қазақ тілінің байырғы сөздеріне жалғанатын кәсіпшілік мағынаны білдіретін **-шы** жұрнағы арқылы қолданылған. *Ғайшаның киімін тігетін машинашықайдан табылар екен; Киім тігетін машинашы іздеп даярлана бастағаны Ғайшаға батады.*

XX ғасырдың басындағы кейбір көркем шығармаларда осы



күнгі жаздады етістігі жазады не жазды болып қолданылады. Біздің байқауымызша, бұл — шағатай дәстүрінен не Алтын Орда әдеби тілінен қалған көне түркі форма. Бұлай деуіміздің себебі авторлардың көбінде осы өзгешелік байқалмайды; біренсарандап тек «Қапитан қызында», «Үлгілі бала кітабында» кездеседі: *Атқанда о дүниаға кетіп қала жазды* («Қапитан қызы»); *Бишараны толқын соғып суға кетіп қала жазды* («Үлгілі бала кітабы»).

Ал көркем әдебиетте *-а-шақ (а-жақ)* формалы етістік те сирек қолданылады. Мысалы: ол «Жас ғұмырым яки жастықта ғафлэттің», «Топ жарғанның» тілінде сиректеу кездеседі, мысалы; *Ол уақытта жылаудан басқа хеш бір айташақ сөзіміз қалмайды; жігіт қаза табашақ жеткен жаннан*. Ал А. Н. Кононовтың айтуынша, *-а-жақ* аффиксі екі элементтен тұрады: *-а*, мысалы, *-ка, ва* < *кай, вай* формасынан қысқарған да, *-жақ* элементі *-шақ (-чақ* бремя) деген сөз<sup>1</sup>. Тіліміздегі қазіргі *болашақ, алашақ (алажақ* деп те айтады), *баражақ (барашақ), келешек, берешек (бережек, бережак)* дегендердің бәріндегі *-а-шақ (-е-шек), -а-жақ (-е-жек)* бір-ақ форма болу керек.

Осы тұстағы кейбір көркем шығармада оқта-текте ғана ұшырасып қалатын осы тәрізді тағы бір көне форма — *-ша (-ше)* тұлғасы. Бұл тіліміздегі қазіргі *шейін* шылауының мағынасын білдіреді, бірақ ол алдындағы сөзбен әдеттегі септік, тәуелдік т. б. жалғаулар сияқты біріктіріліп жазылады. *-Ше* карлук тілдерінің элементі болу керек. Өзбек әдеби тілінде ол бүгінге шейін қолданылып келеді.

Бұл кезеңдегі кейбір көркем шығармада *-ше* тұлғасы мынадай ретте қолданылған.

*Жүреді қашанғаша өлмей адам («Топ жарған»); Аты өлмес ахрғаша өздері өлсе («Бар оқиға»).* Бұл *күнгеше күрестім не өндірдім («Адасқан өмір»); Бұл күнгеше тамағым аш болған жоқ (сонда); Туғаннан бұл күнгеше тартқаным да... («Кедей»); -Өй, тәйірі-ай, бұл күнгеше не балалық... («Кім жазықты»).*

XX ғасырдың басындағы көркем әдебиет тіліне тән кейбір синтаксистік құбылыстар бүгінгі әдеби тілде байқалмайды. Ол тұстағы көркем шығармаларда көбірек қолданылған бірді-екілі синтаксистік конструкциялар, жалғыз жарым жалғаулықтар мен сөз тіркестері, негізінен, мыналар: *соның үшін, тұрсын үшін, уа, һәмә, ине, ләкин, өнерлері себепті, қайтуға тұрғанда, жібермеске қалды, сараңға қою және т. б.* Бұлардың қай-қайсысы да қазақтың қазіргі жазбаларында, қазіргі ауызекі тілінде кездеспейді. Өйткені *тұрсын үшін, оның үшін, соның үшін* кон-

<sup>1</sup> Проф. А. Н. Кононов. Тюркские этимологии.— История и филология стран востока, 273—275-беттер.

струкциялары — сол тұстағы кітаби тіл үлгілерінде кездесетін өзге тіл элементтері. Бұлар қазіргі түркі тілдерінің ішінде, көбінесе өзбек тілінде, ішінара лап қарақалпақ тағы кейбір тілдерде сақталған<sup>1</sup>. Осыларды енді жеке-жеке алып талдайық.

*Үшін* шылауы сол дәуірдегі проза тілінде бірінші, үшінші жақтардағы жіктеу сілтеу, сондай-ақ есімдіктерімен де, кейбір бұйрық рай етістікпен де тіркесіп жұмсалады. *Оның үшін, менің үшін, тұрсын үшін*. *Үшін* шылауы жіктеу есімдігімен тіркесіп келгенде, мақсат пысықтауышты жай сөйлемде қолданылады. Мысалы, *менің үшін* конструкциясы арқылы жасалған мақсат пысықтауышты жай сөйлем — XX ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінде өте сирек құбылыс. *Үшін* шылауы бұл аралықтағы көркем шығармаларда көбінесе сілтеу есімдіктері мен екінші жақ бұйрық рай етістігі арқылы, яғни солармен кіріккен жеке конструкция ретінде айтылады. Бірақ ол шығармаларда бүгінгідей *сол үшін, ол үшін* ыңғайында емес, ондағы сілтеу есімдіктері ілік жалғауында септеліп тұрып қолданылады. Рас, *ол үшін, сол үшін* конструкциясы кейде бүгінгі жазбалардың өзінде де Көбеевтің т. б. қолдануындағыдай *оның үшін, соның үшін* болып та айтыла береді. Бірақ қазіргі әдебиеттердегі ара-тұра қолданылатын *оның үшін* мен *соның үшіннің* мағынасы, қызметі XX ғасырдың басындағы көркем әдебиеттің тіліндегі мағынасымен, синтаксистік қызметімен бірдей емес.

XX ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінде, мысалы, «Қамар сұлу», «Қалын мал», «Қыз көрелік» романдарында, «Үлгілі бала», «Жас ғұмырым яки жастықта ғафлэт», «Капитан қызы» (аударма) кітаптарында *оның үшін* конструкциясы айтылмайды. Бұларда *үшін* шылауы сол сілтеу есімдігімен ғана қосарланып жұмсалады, яғни бұл шығармаларда ыңғай *соның үшін* конструкциясы кездесіп отырады. Ол қазіргі айтылудағы *сол себепті, сондықтан* жалғаулықтарының мағынасында, қызметінде қолданылады. *Соның үшін* конструкциясының *оның үшін* конструкциясынан бір айырмашылығы — ілгеріде аталған шығармалардың тілінде еш жерде *өйткені* жалғаулығының орнына айтыла бермейді.

*Омарды беруге көндіріп, Нұрымды алуға көндіріп, қай осы үздені бұзған жағыңнан беземіз деп жайғастырған болып қойып еді. Соның үшін Омар үйіне келіп... алаңсыз тәтті ұйқыға кіріскен түні бүгін-ақ («Қамар сұлу»); Мынау Қамар деп, жанын берсе де, нанарлық қиянатшы емес еді. Соның үшін көрген жерден-ақ Ахметтің жүрегі тас төбесіне шығып... (сонда); Сиыры, сүт береді, соның үшін балалары оны жақсы көреді («Үлгілі бала кітабы»); Екі үйде бір ғана жаман неші бар, соның*

<sup>1</sup> Хозирги заман узбек тили, 1957, Н. А. Баскаков. Каракалпакский язык, II, часть, I, 1952; А. Н. Кононов. Грамматика современного турецкого литературного языка, 1956.

*үшін үй де бек суық, болады (сонда); Сен залымсың, **соның үшін** қападасың, біз ақ көңілміз, **соның үшін** біз шатпыз (сонда); **Соның үшін** бір сөз де айталмадым («Капитан кызы»).*

Үшін шылауы «Қалың мал» романының 1913 жылы Қазанда басылған алғашқы нұсқасында сол сілтеу есімдігінің ілік жалғауы арқылы қолданылады, мысалы: *Бұл елдің ұзатқан қыздарының шығарып салған бозбалаларға орамал үлестіретін ғұрпында бар екен. **Соның үшін** ұзататын қыздар ұзатардан бұрын...* («Қалың мал» 1913 ж., 38-бет). *Соның үшін* конструкциясы кейде қазіргі поэзия тілінде де ұшырасады.

*Бұл жасында теңін тауып,  
Сүйсе егер емес айып,  
**Соның үшін** Оксананы  
Айыптамай, құттықтайық (Б. Ысқақов).*

Үшін шылауы мен екінші жақтық бұйрық рай конструкциясы ХХ ғасырдың басындағы көркем шығармалардың бәрінде бірдей кездесе бермейді. Екінші жақ бұйрық рай етістік пен үшін конструкциясы осы дәуірдегі көркем шығармалардың ішінен тек Жандыбаевтың «Жас ғұмырым яки жастықта ғафлет» атты кітапшасында ғана бірді-екілі сөйлемде қолданылады. Мұндай конструкция қазіргі қазақ тілінде сақталмаған.

*Жас уақытта өзіміздің нешік тәрбие қылғанымызды өзімнен үлкен ағаларға жасы кіші інілерге **біліп тұрсын үшін** төмендегі бір азғана ойыма алған сөзімнен жазып, бір кішкене кітап қылып шығардым («Жас ғұмырым»); Жас шақтарын босқа оздырмасқа **тырыссын үшін** төмендегі бес-алты ауыз сөзді жаздым (сонда).*

Міне, біз сөз етіп отырған дәуірдегі көркем әдебиет тілінде жоғарыдағы конструкциялардың (*оның үшін, соның үшін, тұрсын үшін, тырыссын үшін* т. б.) қайсысы болса да қолданылады. Бірақ олардың қолданылу жиілігі де бір келкі, яғни *соның үшін* мен *оның үшін* қосарын (конструкциясын) алсақ та, екінші жақ бұйрық рай етістік пен үшін қосарын алсақ та ара-тұра ғана айтылады. Бұлардың қолданылу ыңғайымен *сол, ол* сілтеу есімдіктері үшін шылауынсыз, өзі жеке күйінде де *оның, соның* болып жұмсала береді.

*Бізде **сенің сықылды** жас уақытта оқытып едік («Жас ғұмырым»); Басқа жас балалар да **менің сықылды** өздерінің айналасындағы нәрседан басқа... (сонда).*

ХХ ғасырдың басында жарық көрген көркем шығармалардың тілінен байқалатын синтаксистік ерекшеліктер жалғаулықтарға байланысты да аңғарылады. Бұл аралықтағы шығармалардың тілінде қазіргі әдеби тілімізде қолданылмайтын біраз

жалғаулықтар бар. Олар, негізінен, мыналар: *уа, һәм, ине, ләкин*. Бұл жалғаулықтар — өзге тіл элементтері. Мысалы, *уа* жалғаулығы — араб тілінің элементі. Оның парсы тіліндегі білдіретін мағынасы — *және тағы*. Парсы тілінде қазақ тіліндегідей *уа* түрінде емес, *ва* болып оқылады. Ал араб тілінде ол *у* түрінде беріледі. Бұл әсіресе сөйлеу тілінде *у* болып айтылады<sup>1</sup>. Қазақ тіліндегі *және* жалғаулығының мағынасын білдіретін *һәм* жалғаулығы да сол парсы тілінен<sup>2</sup>. *Ине* жалғаулығы шағатай тілінде бір түрлі айтылса, түрік тілінде тағы бір түрлі айтылады. Мысалы, шағатай тілінде *яна* түрінде, қазан татарларының тілінде *және* болып қолданылса, түрік тілінде *йенә, азербайжан тілінде кине опяты, еше* түрінде жұмсалады.<sup>3</sup> Қазіргі өзбек тілінде, әсіресе ауызекі тілінде көбірек айтылатын *ләкин* жалғаулығы араб тілінен енген. Л. З. Будагов өзінің атақты сөздігінде оның араб тіліндегі мағынасын былай түсіндіреді: *лакінь но, впрочем*<sup>4</sup>. *Уа, һәм, ине* жалғаулықтарының орнына қазіргі қазақ тілінде *және, мен* жалғаулықтары қолданылады. Ал *уа, һәм, ине, ләкин* жалғаулықтары ХХ ғасырдың бас кезіндегі шығармалардың тілінде бірді-екілі ғана ұшырасады. *Ләкин* жалғаулығының қызметін, мағынасын бүгінгі әдеби тілімізде *бірақ, алайда* жалғаулықтары білдіреді. Бұл арада мына бір жайды да атай кеткен жөн. Жоғарыда келтірілген жалғаулықтардың қолданылуы осы тұстағы көркем шығармалардың тілінде бір дәрежеде емес. Бұлар, мысалы, ХХ ғасырдың бас кезінде жарияланған шығармалардың бәрінен емес, «Қыз көрелік» романы мен «Капитан қызының» аудармасында, «Жас ғұмырымда» ара-тұра ұшырасады. «Қыз көрелікте» *ине* жалғаулығы, ал «Капитан қызының» аудармасында бірді-екілі рет *ләкин* мен *һәм* жалғаулығы ғана жұмсалады.

*Ләкин мен қарсы келген адамды өлтірдім* («Капитан қызы»); *Бізге фарыз тамшы қанымыз қалғанша ұрсу ләкин әйелдерді орналастыру керек дедім* (сонда); *Менің ескі достым һәм құрбым* (сонда); *Бұл адам орта бойлы жігіт ағасы орысша, мұсылманша оқыған һәм қазақтың нендей тұрмыста тұратұғынын білетін бір кісі екен* («Жас ғұмырым»); *Өздерінің айналасындағы нәрседен басқа һеш бір нәрсе көргендері жоқ һәм көрмеділер* (сонда). *Өзінің барған мақсұды біткен соң ине үйіндегі тоқал шешесі Жәкіш кеткеннен кейін екі қабат болып* («Қыз көрелік»); *Ине әлгі мұғалім Ғайыс байды нәсихатлап...* (сонда). Осы мысалдарға қарасақ, ХХ ғасырдың бас кезіндегі

<sup>1</sup> Персидско-русский словарь (составил А. А. Фархадян), Москва 1959, 711-бет; Л. З. Будагов. Сравнительный словарь турецко-татарских наречий. II. 300-бет.

<sup>2</sup> Бұл да сонда II, 314-бет; А. А. Фархадяның аталған шығармасы, 739-бет.

<sup>3</sup> Л. З. Будаговтың аталған шығармасы, II, 343, 369-беттер.

<sup>4</sup> Сонда, 186-бет.

көркем шығармалардың тілінде *ләкин, һәм, уа, ине* жалғаулықтары жай сөйлем құрамында да, құрмалас сөйлемнің элементі ретінде де және сөйлем басында да, сөйлемнің орта позициясында да қолданылып келген. Бұл жалғаулықтар беріректе шыққан шығармаларда, мысалы, С. Көбеевтің «Қалың мал» романында, С. Торайғыровтың «Қамар сұлуында» кездеспейді.

Осы жалғаулықтардың қолданылуына байланысты Абайдың қара сөздерінде тағы бір ерекшелік бар. *Уа және ләкин* жалғаулықтарының кіріктіріліп, бір ғана *бірақ* жалғаулығының орнына қолданылғаны тәрізді, қара сөздердің тілінде *уа және, уа әрнешік* комплекстері де жарыстырыла қатар жұмсалады. Мұндай орайда *уа және* қазіргі тілімізде (әсіресе сөйлеу тілінде) *тағы және* түрінде айтылатын қосардың (комплектің) *нешік* қосарындағы мағынасын білдіреді, *уа әр нешік* — соңғы сыңары татар тілінің элементі. Қазақ тіліндегі *қандай* деген сұрау есімдігімен мағыналас, сонда *уа әр нешік* қосары *тағы қандай* деген ұғымда айтылып тұр. Абайдың қара сөздерінде *уа және, уа әр нешік* қосарлары (комплекстері) мына ыңғайда қолданылады. *Уа және* *назначение қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса, өтірік арыз берушілер азаяр еді; уа және әрбір болыс елде старшина басы бір би сайлағандық... Уа әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, көңіл тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді.*

XX ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінде *һәм* жалғаулығы кейде *әм* түрінде де қолданылған. *Әм* жалғаулығы бүгінгі әдеби тілде, әсіресе поэзия тілінде, ара-тұра публицистика стилінде *һәм* күйінде де жұмсала береді.

*Ескі ситса шапан, бөз көйлек, етіктері де ескі әм жыртық, ішетіні кірпіш шай* («Үлгілі бала кітабы»); *Мен оның барлық мүлкін әм сендерді де ұрыдан, қасқырдан күзетемін* (сонда); *Сөкпеңіз һәм* *наныңыз Сөзімнің жоқ астары* (А. Шәмкенов); *Еңбектегі жеңіс пен жетімсіздік те, коммунизм үшін һәм отаршылдыққа қарсы күрес те — бәрі-бәрі де оны толғандырады* (М. Әуезов).

Осы дәуірдегі шығармалардың тілінен байқалатын кейбір синтаксистік ерекшеліктер қатарына жекелеген сөз тізбегін де жатқызуға болады. *Біздің ғаскерді көріп оның қолықашарға қалды* («Қапитан қызы»); *Ертең жолға жүрерге...* (сонда); *Савелич мені жалғыз жібермеске қалды* (сонда); *Мен ғажабқа қалдым* (сонда); *Мен ғажапқа қалдым* («Шұғаның белгісі»).

Бұл мысалдардағы *қашарға қалды, жүрерге қалды, жібермеске қалды* сөз орамдары қазіргі қазақ әдеби тілінде *қайтайын деп тұрмын, берейін деп тұрғанда, қашайын деді, жүретін болды, жібермеуге бекінді* түрінде айтылып жүр. Жоғарғы үзіндідегі *-ар* қосымшасы мен барыс жалғауы арқылы келген сөз орамдарының жасалуына өзге тіл әсері тиген сияқты. Осы тә-

ріді тосын элементтер қатарына тағы біраз сөз орамдарын жатқызуға болады. Олар мына мысалдардағы сияқты.

*Жұбаныш деген нашар адамның жібі түзу шаруаға қолайлы Жәкіш есімлі қызы бар еді («Қыз көрелік»); Қанша есімлі бәйбішесі елу бір жасында дүниеден қайтты («Қалың мал» романының арабша басылуынан алынды); Жәуке деген кісінің оқу соңында жүрген жиырма бір жаста Ахмет есімді бір жақсы... («Қамар сұлу»); Керек мұсылманша, керек франсузша болсын кіінің оқуменен не істейтұғынын («Жас ғұмырым...); Өзіміз сонша көп болсақда арамызда керек мұсылманша, керек руша білетін адамымыз жоқ еді (сонда). Осы келтірілген сөз қатарлары бұл шығармаларда жалғыз-жарымдап қана ұшырасады. Осындай басқа да бірлі-екілі сөз орамдары «Капитан қызының» аудармасында да бар. Русша мұсылманша бек иахшы **бірінші дережеде** біліп шықты («Қыз көрелік»); Сен маған хызмет итсең мен сені **қатар даражаға жеткізермін** («Капитан қызының» аудармасы); Бақыс зиратты жеті айналдырып, **жұмысын жұмыстап** болған соң... («Қамар сұлу»). Соңғы тіркес Ыбырайдың аударма әңгімелерінде осы түрінде де, сондай-ақ жұмыс істеуге, жұмыс қылсам болып та қолданылады. Мысалы: жұмыс жұмыстауға әдеттенуге керек; құмырсқа екеш құмырсқа да тынбай жұмыс-жұмыстап жүр; жұмыс істеуге қуатың да бардай көрінеді... Бар бола тұрып мен жұмыс қылсам...*

ХХ ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінен сол дәуірге лайық кейбір терминдік ыңғайдағы тіркестер де шінаралап кездеседі. Бірақ мұндай сөз орамдары ол тұстағы шығармаларда ондайлық көп емес. *Бас ауылнай жағына барып сөзд құрып келеміз («Қалың мал»); Онан соң ауылнай школда оқып тамамдаған соң... («Қамар сұлу»); Сол елде указнай молда Бәйтiк деген мұндай иіс-қоңыстың дыбысын сезісімен-ақ.. (сонда); Бір мезгілде Бәйтiк молда ұшып тұра келіп киіз боқшасының ішінен... (сонда); Ауылнай школынан шыққан соң да Әбдірахман малайлықтан құтыла алмады («Шұғаның белгісі»).*

### § 30. ХХ ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінің лексикалық ерекшеліктері

ХХ ғасырдың басында жарияланған көркем әдебиеттердің тілінен байқалатын лексикалық ерекшеліктер бар. Мұндай лексикалық ерекшеліктердің ішінде әсіресе араб, парсы сөздері, көне түркі («Древнетюркские элементы») және орыс тілдерінің элементтері басым жатады. Енді бір сала сөздер: диалектизмдер, қазіргі тілде айтылмайтын терминдік атаулар, ішінаралаған татар, өзбек және басқа да кейбір түркі тілдерінің элементі.

Бұл кезеңдегі көркем шығармалардың тілінде кездесетін

араб сөздері мыналар: *һаккінда, һатта, бәлиға, михнет, қаза, дәріс* т. б.<sup>1</sup>.

*Бәлиға* басқан әйел баланы («Қамар сұлу»); *Жұмыс қыла май мейхнаттанғаннан жұмыс қылып мейхнаттансаң* («Үлгілі бала кітабы»); *Судың шетіне шығып қазадан құтылды* (сонда); *Дәріске келіп кірді* («Жас ғұмырым»); *Хатта он мың сомға бермес едім* («Үлгілі бала кітабы»); *Хазірі сен де дәлғ болып келе жатырсың* («Жас ғұмырым...»). *Бәлиға* сөзі қазіргі кейбір әдебиеттерде кездесіп қалады, мысалы: *15 жасқа шыққанба, бәлиғаға толмаған кезінде...* («Роман» деген әңгіме).

Осы аралықта жазылған көркем әдебиет тілінде парсы сөздері, шағатай тілінің элементі недәуір. Мысалы: *шәһәр, дару, ушбу, даут, жай, фарман*<sup>2</sup> және т. б. Көркем шығармаларда бұлар фонетикалық жағынан көп өзгеріске түспейді, негізінен, осы күйінде қолданылады. Рас, парсы тілінен енген бұл сөздердің кейбірі қазақ тілінің үшінші жақ тәуелдік жалғауы арқылы жұмсалса, енді біреулері сын есім жұрнағын, не кішірейту мағынасын білдіретін қосымшамен қолданылады. Мұндағы *дару* сөзі қазіргі тіліміздегі мағынасында емес, *дәрі* (лекарство) ұғымының орнына айтылады және осылардың ішіндегі фәрменіңіз сөзі әміріңіз деген ұғымды білдіріп тұр; ал *ушбу* есімдігі көптік және ілік жалғауында қолданылған, мысалы: *Омск шәһәрі екі жүз шақырым* («Қамар сұлу»); *Ушбулардың бәрінен біз қашармыз* («Бар оқиға»); *Саған дару іздеп ауруыңнан жазатын* («Үлгілі бала кітабы»); *Менің хакіміме хат жазам деп дәуіт қалам сұрады* («Капитан кызы»); *Крепосты жай* (крепост үйі. Е. Ж.) көрінді (сонда); *Егерде фәрменіңіз болса...* (сонда).

XX ғасырдың басында жазылған көркем шығармалардың тіліндегі лексикалық ерекшеліктердің ендігі бір үлкен тобы — орыс тілінен енген сөздер. Бұлардың кейбірі қазақ тілінің өз заңдылығына сәйкесті фонетикалық жағынан азды-көпті өзгертіліп, ал қалған біразы сол орыс тіліндегі қалпында түбір күйінде қолданылады. Бірді-екілі орыс сөзі тіпті морфологиялық тұрғыдан да өзгеріп, яғни септеліп айтылған, мысалы: *панугай — панугайша* («Жас ғұмырым»), *фанар — панарыңмын* («Қамар сұлу») және т. б. Бұл тәрізді орыс тілі элементтері осы тұстағы шығармалардың қай-қайсысында да азды-көпті ұшырасады, әсіресе С. Торайғыровтың тілінде біраз бар. Басқа авторлар да орыс тілінен алған сөздерін, негізінен, сол қалпында пайдаланады.

<sup>1</sup> Л. З. Будагов. Турецко-русский словарь, М., 1945, 140, 227, 238, 519-беттер. Арабско-русский словарь, М., 1958 ж., 380, 629-беттер.

<sup>2</sup> Л. З. Будаговтың аталған еңбегі, 1—309, 322, 599, 677, 773, 810 11—110, 139; Персидско-русский словарь, М., 1959 ж., 286, 314, 485, 674-беттер.

*Оспан бидің книгасына тіркесті («Қамар сұлу»); Түрлі мешіттің планын (формын) салған (сонда); Нанды турады да бір горшоктың ішіне салып («Үлгілі бала кітабы»); Бір тарелканың түбіне ботқаны жақты да (сонда); Біз сөзден тарағанда («Қалың мал»); Өткен штаттан бері... (сонда); Агуст числасында елден шығып... («Қыз көрелік»); Степной қазақ екенін танып (сонда); Пароход бірлән жүріп (сонда); Болат деп жаңа штат қуанамыз («Ақын»); Атшотдан мұсылмандар қашасыз-ай, Гафіллік ұйқысында жатасыз-ай (сонда); Білерсіз газетадан қарасаңыз Қараудан хабарың боп жарасаңыз («Бар оқиға»); Нәшендікке тілмәш болмай, болысқа песір болмай бала оқытуы да сол аздыру ретімен болса керек («Шұғаған белгісі»);*

Мұндағы *агуст числасында* деген тіркестің соңғы сыңары (числасы) *ай* есім сөзінің орнына қолданылып тұр. Бұл шығармаларда осылай фонетикалық тұрғыдан көп өзгеріске ұшырамай, сол әуелгі қалпында жұмсалған басқа да біраз орыс сөздері бар. ХХ ғасырдың бас кезінде жарияланған шығармаларда кейбір орыс сөздері фонетикалық жағынан қазақ тілінің заңдылығына көбірек бейімделіп кеткен. Мысалы, *самауырн, болыс кереует, қамыт, доға, патнос, құнт, бірканшік*. Бұлардың көбі тілімізде күні бүгінге дейін сақталған. Ал *жреби, рысак* сөздері осы кезеңдегі шығармада *жеребе, ырысак* болып қолданылғанмен, қазіргі ауызекі тілде ол түрі айтылмайды да жазылмайды. Бұл сөздер Көбеевтің шығармаларында мына формада қолданылған. Қолындағы *құнтын* бұлғап қойып... («Қалың мал»); Қасындағы *бірканшігіне* көзін қысты (сонда); Үлкен *жирен мен ырысак* торыны бермес (сонда);

*Пальто, галош, закон, медаль, капиталист, жалуния, стипендия, агроном, идея, атом, пожалуйста, форм, начальник* тәрізді орыс сөздері Торайғыровтың поэмаларында да ұшырасады.

ХХ ғасырдың басындағы көркем шығармалар тілінде кейбір сөздер, фраза түріндегі жекелеген сөз орамдары өздерінің дағдылы қолданылу аясынан шығыңқырап, басқа мағынада жұмсалады. Бұлар, сырт қарағанда, жергілікті жердегі диалектілік ерекшеліктерге де ұқсайды. Бірақ, шын мәнінде, олардың ешқайсысы да диалектизм емес. Екінші жағынан, бірді-екілі сөздердің, фразалардың мұндай тосын ыңғайда қолданылу реттерін ауыс мағына деп те қарауға келмейді. Мысалы, біз әңгімелеп отырған дәуірдегі кейбір прозаларда қазіргі әдеби тіліміздегі *озған, болғанша, тоғызыншы, тоғай, отан* сөздері өзгереқ мағынада қолданылады. *Өткен соң, мейлінше* (барынша), *тоғызға* (тоғыз жасқа) *аяқ басқанда, қыстау, қоштасып* деудің орнына *озғансоң, болғанша, тоғызыншыға, тоғай, амандасып* сөздері жұмсалған.

*Озған* қыста мен оқытып едім («Жас ғұмырым»); *Толық-сыған жас шақтарымыз* һәр кімге мағлұм *озған соң* қайта ай-



налып келмейді (сонда); Бұл молда өзі **болғанша** қатал (сонда); өзі **болғанша** надан (сонда); Маған сегіз жас толып **тоғызыншыға** қарай аяқ басып едім (сонда); **сегізіншіге** қарай аяқ басқанда... (сонда), Осылайша жазғы һәм күзгі хызметтерді бітіріп **тоғайға** көшітік (сонда); Былтырғы **тоғайға** түскен уақыттағы... (сонда); Шу деді атқа мініп **амандасып** («Топ жарған»).

«Жас ғұмырымда» озған есімшесімен қоса сол мағынада ара-тұра өту етістігінің өзі де қолданылған, мысалы: *Ғұмырлар ескен жел сықылды хиш бір белгісіз отуп барадур.*

Жоғарыдағы тәрізді жекелеген сөздің немесе фраза түріндегі сөз орамдарының осындай оқшау мағынада қолданылу фактісі бұл аралықтағы басқа көркем шығармаларда сирек ұшырасады. Осы әлпеттес тағы бір ерекшелік терминдік ыңғайда жұмсалған тіркестерге байланысты аңғарылады. Әдетте *похвальная грамота, плиточный чай, лист бумаги* (пачка бумаги), *тюрьма* сияқты орыс тіліндегі атаулардың қазақ тіліндегі әуелгі баламалары қазіргі кездегіден едәуір өзгешелеу болып келді. Әдеби тіліміздің біртіндеп жетілу процесінде ол баламалар келе-келе екшеліп, сұрыпталып, кейбірі қолданудан мүлдем шығып қалды. Мысалы, қазіргі әдеби тілімізде *бір тас аяқ шай, бір табақ қағаз, қараңғы үй* (түрме мағынасындағы), *от арба, мақтау қағаз* тәріздес сөз орамдары айтылмайды, қолданылмайды. Ал ХХ ғасырдың басында жарияланған кейбір шығармалардың тілінен бұлар ара-тұра ұшырасып отырады.

*Анам бір тас аяқ шай, бір екі табалық ұнын хазірлеп қойды* («Жас ғұмырым...»); *Жазғы тұры емтіхан бергенде мақтау қағаз алып* («Қыз көрелік»); *Бұл үшеуі Омск шәһәрінен от-арбаға отырып...* (сонда); *Мені қараңғы үйге жауып...* («Капитан қызы»); *Қолына жазған бір табақ қағаз ұстап* (сонда); *Бірнеше уақыттар өткен соң айтылмыш бай кісінің дәулеті кеміп, қарыздар болып, басы сотқа байланып, ақырында, қараңғы үйге кіріптар болды* («Үлгілі бала кітабы»).

Талданып отырған шығармалардың тілінен аңғарылатын лексикалық ерекшеліктердің соңғы бір тобына диалектизмдерді, қазіргі татар, өзбек тәріздес түркі тілдерінің бірді-екілі элементтерін, содан соң бір кезде айтылып, бүгінде қолданылудан шығып қалған кейбір атау түріндегі сөздерді жатқызуға болады. Бұл дәуірдегі көркем шығармалар саны жағынан онша көп те емес және олардың біразының көлемі шағын. Осыған байланысты ма, бұл шығармалардың тілінен диалектілік ерекшеліктер кем ұшырасады. Бұған тағы бір себеп бар. Ол тұста көркем әдебиет саласында еңбек еткендер бүгінгідей Қазақстанның түкпір-түкпірінен, барлық облысынан бірдей шыққан жоқ, негізінен, қазіргі Семей облысы мен Қостанай облысынан шықты.

*Әйкеліне* симаған соң («Қалың мал»); Қолындағы *құнтын* бұлғап... (сонда); *Мынадай бір мүскіліміз* болып тұр («Қамар сұлу»); *Хош бол, айнам* («Капитан қызы»); *Мен жорта* қылышымды ұмытып кетіп (сонда); *Оған жарты манат бер* (сонда) т. б.

Соңғы үш сөйлемдегі диалектілік ерекшеліктер Гурьев облысының тұрғындарының тілінде бүгінге дейін айтылады. *Әйкел*, *құнт* т. б. сөздер жергілікті ерекшелік ретінде Қазақстанның батыс облыстарында сақталған.

XX ғасырдың басында жарияланған көркем шығармаларда жалғыз жарым болса да түркі тілінің элементтері қолданылған. Лексика саласындағы мұндай өзгешелікке *бек*, *нешік*, *жүдә*, *түту*, *майдан*, *орам* сөздерін жатқызуға болады. Мұндағы *майдан*, *орам* сөздері қазақ тілінде қазір де айтыла береді. Бірақ сөз болып отырған шығармаларда олар өзгереді ұғымда қолданылады: *майдан* — дала, ал *орам* — көше (улица) деген мағынада жұмсалған. Бұл екі сөз қазіргі кейбір (татар, өзбек) түркі тілдерінде де дәл осы ұғымды білдіреді. *Бек* сөзі кейбір ақын, жазушылардың тілінде ара-тұра әлі де ұшырасып қалады. Белгілі бір стильдік мақсат үшін *жүдә* сөзі де кейде қолданылады.

*Баласы... бек шаршап кешке үйіне келді* («Үлгілі бала кітабы»); *Баласының жоқ болғанына бек қайғыланып* («Қыз көрелік»); *Мен болмасам, ол жүдә өлер еді* («Үлгілі бала кітабы»); *Мен капитан үйінен орамға шықтым* («Капитан қызы»); *Майданда халық көп көрінді* (сонда); *Майдан босап қалды* (сонда); *Ай менен жұлдыздардың жарығы бүтін майданды көрсетіп* (сонда); *...қолыма тұтып қалам* («Ақыуал қыямат»); *Ойында уайымы жоқ байғұс жігіт Боларды ойламайды халім нешік* («Топ жарған»).

*Майдан*, *бек*, *жүдә*, *орам* сөздері бұл дәуірдегі шығармалардың бәрінде бірдей кездесе бермейді. Мысалы, *майдан* сөзі «Капитан қызының» аудармасында қолданылса, *бек* сөзі екі-үш авторда бірдей ұшырасады. *Жұлдыз*, *бәсі* сөздері XX ғасырдағы кейбір шығарма тілінде бірді-екілі рет қолданылады, бірақ олар қазіргі әдеби тілімізде бұрынғы мағынасында айтылмайды, яғни *жұлдыз* сөзі қазіргі әдебиеттерде бұрынғы кездегідей *ай* мағынасында, ал *бағасы* сөзі *бәсі* болып қолданылмайды.

*Август жұлдызының* басында *Омар Қасенді оқуға алып кетті* («Қамар сұлу»); *Уахыт хут жұлдызының* ахыры *еді* («Капитан қызы»); *Оның хатыңды... осы жұлдыздың он бесінде алдым* (сонда); *Тышқақ лағым құрлы бәсі жоқ иттер* («Қалың мал»); *Қырдан келген шаруаны жеп қалған сәудегер ұялмстан-ақ нәрсесіне екі-үш бәсін сұрауды білді* (сонда).

## XX ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілі

Өздерінің фонетикалық құрылымының, сондай-ақ морфология, синтаксис және лексика жүйесінің дамуы жағынан XX ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінің, көркем әдебиет тілінің бір-бірінен соншалықты оқшау тұрған айырмашылығы байқалмайды. Олар, негізінен, бір бағытта дамып отырады. Әрине, бұл екі тілдің (көркем әдебиет тілінің, баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінің) бір-бірінен ешқандай өзгешелігі жоқ деп үзілді-кесілді айтуға болмайды. Мысалы, XX ғасырдың басындағы саяси-әлеуметтік оянуға, ғылыми және мәдени дамуға, әсіресе орыс тілінің әсеріне байланысты енді-енді көріне бастаған әр түрлі жаңа атаулар, терминдік ыңғайдағы соны ұғымдар, сөз мағынасының жаңғырығуы осы дәуірдегі көркем әдебиет тілінен гөрі баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде біршама айқынырақ сезіледі.

Бұл ретте XX ғасырдың басындағы қазақ әдеби тілінің, әсіресе оның лексика жүйесінің қалыптасу процесін сөз еткен де, «Айқап» журналын ерекше атау керек. Өйткені әдеби тілді дамытуда осы кезеңдегі басқа барлық жазба нұсқалардың ішінде (көркем әдебиетті бұған қоспағанда) «Айқап» журналының ролі айрықша болды. Онда неше ғасырлар бойы мешеулік халде өмір сүрген қазақ халқын теңдікке, ғылымға, мәдениетке тарту керектігі жиі сөз етіледі. Онда оқу, ағарту жұмыстарын өрістету, отырықшылыққа көшіп, егіншілікпен айналысу, қала салу, әйелге теңдік әперу туралы да проблемалық мәселелер жиі қойылып отырылды. Онда әдебиет жайы, ұлт тілінің тазалығы жөнінде талай мақалалар жарияланды. Тарих, этнография, археология, география, пәндеріне қатысты ғылымдық болжаулар, ғылымның басқа да салалары жайында материалдар осы «Айқапта» басылды. Орыс тіліндегі саяси-қоғамдық әдебиеттерден, көркем шығармалардан аудармалар да жарияланып тұрды. Қазақтың өзінің төл шығармалары — проза үлгілері, поэзия нұсқалары, сценарийлер де — бәрі де бірте-бірте «Айқаптан» көрінді.

Міне, «Айқап» журналының бетінде жарияланған материалдар осылай сала-сала болып келеді. Ондағы әр алуан тақырып ерекшелігіне, ондағы көтерілген проблемалардың түрлеріне, мазмұнына байланысты толып жатқан тілдік жаңа құбылыстар да көрінді. Жоғарыда аталған неше алуан мақалалардың, көркем шығармалардың, жарияланған әр түрлі ресми хабарлардың, кеңсе-іс қағаздарының мазмұны және жазылу формасы жағынан да осы кезеңдегі (XX ғасырдың басындағы) әдеби тіліміздің дамуына недәуір әсерін тигізді. Мысалы, шын мәніндегі көркем проза стилінің, публицистикалық стильдің, ресми-кеңсе стилінің, өзіндік тіл сипаты осы XX ғасырдың басындағы мер-

зімді баспасөзде, әсіресе «Айқапта», кейбір әдебиеттерде бұрынғыдан да жан-жақты жетіле түсті; Тіпті ғылыми стильдің алғашқы ізі бұл кезде көбінесе «Айқаптан» басталды.

### § 31. XX ғасырдың басындағы мерзімді баспасөз және кейбір әдебиеттер тіліндегі фонетикалық ауытқулар

XX ғасырдың басындағы көркем әдебиет тіліндегі сияқты осы кездегі баспасөз және кейбір әдебиеттердің тілінде де фонетикалық біраз өзгерістер бар. Мысалы, қазіргі әдеби тілімізде әдетте *ақыл, ақылдасу, әскер, айып, өмір, өнер, үн, арыз* түрінде қолданылып жүрген жекелеген сөздер бұл тұстағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде **Ғ** дыбысы арқылы, яғни араб тіліндегі формасында жұмсалады. Әдеби тіл нормаларының бірте-бірте екшеліп, келе-келе әбден тұрақтану барысында сөз басындағы **Ғ** фонемасы түсіріліп, *ғайып* емес *айып* болып, *ғақыл, ғақылдасу* емес, *ақыл, ақылдасу* түрінде қолданылып кетеді. Ал XX ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттерде сөз басындағы **Ғ** дыбысы біраз жерде сақталады. Бұл әдебиеттердің тілінде қазіргі *арыз* сөзі *ғарз* түрінде де, кейде тіпті *ғарза* болып келіп отырады.

*Журнал газитке не жазу, ол неге керек екендігі турасынан мен бір аз сөз жазсам, сіз ғайып етпессіз («Айқап»); Осының ғақылың билушілер «Айқап» арқылы жазып көрсетсе екен (сонда); Біздің ойымызша отырықшы ғұмырға қолайлы жері бар (сонда); Оларда ғылым ғөнер жоқ (сонда); Школ аш, балаңды оқыт, замана ғөнерінен сыбаға ал (сонда); Оқушы жастардың көбі бас қосып ғақылдасатұғын уақытта (сонда); Біздің қазақ халқының бір жерінде гүні шыққан жоқ (сонда);... Жақын еместерінің берген ғарыздары үйіліп босқа жатыр (сонда); Павлодар үезіндегі қазақлардан қала болуға сұранған ғарыздар шумағы менен келіп жатыр (сонда);... Жер министрi нәм министрлер бастығы есіміне ғарза беріп... (сонда);... облыстной саверишаниаға ғарза беруге болады (сонда);.. көп ғаскер жіберді (сонда).*

Қазіргі әдеби тілімізде **Ғ** фонемасы кейбір сөз ортасында да түсіріліп айтылады. XX ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде **Ғ** фонемасы сөздердің ортасында түсірілмей айтылады. **Ғ** фонемасының жалпы сөздің ортасында келуі — етістіктің тұйық рай формасымен ғана байланысты құбылыс. Бұл құбылыс көркем әдебиет тілінде бір ғана етістікте (шығарушы) кездесетін болса, ал баспасөздерде етістікпен қоса есім сөздерге байланысты да айтыла береді.

Мысалы, бұған *оңай* сөзін алуға болады. XX ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттерде бұл сөз осылай *оңай* қалпында да, *оңғай* болып та қолданылады. Ал **Ғ** дыбысы

арқылы келетін тұйық рай етістік үнемі **-шы** жұрнағына аяқталып отырады.

*Біздің қазақ халқында іс басында түрғушыларымыз көбірек ауқатты адамдар болады («Айқап»); Ұрлықтың не екенін көп түсіндіруге уақыт жоқ һәм ол бек оңғай (сонда); Мұны істеу оңғай болмас (сонда).*

Осы тәрізді өзгешелік **-х** фонемасына байланысты да аңғарылады. Мысалы, қазіргі қолданылудағы *әзірлеу, аман* (әманда), *еш* тәрізді жеке сөздердің ілгеріректегі, көбінесе жазба әдебиеттегі формасы *хазірлеу, хәман, хеш, һәр* түрінде болып келді. Кейбір түркі тілдерінде бұл сөздер әлі де осылай, басындағы **х** фонемасы түсірілмей қолданылады. ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттерде де оқта-текте осы формада, яғни *хазірлеу, хәман, хеш, һәр* түрінде жұмсалады.

*Өзіміздің түрік тілі менен һәр түрлі балалармызға оқытуға лайықты мектеп кітаптарын жазып, келешек күніміз үшін зор дәулет хазірлеуге керек («Айқап»); Өзі үшін жылы үй хазірлеу, егін егу.. (сонда); Алайда жер хәман алына берсе... (сонда); әмма көңілдегідей жерді һеш кім әкеліп бермейді (сонда).*

ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінен байқалатын ендігі бір фонетикалық құбылыс — дауыссыз қосар **ст** фонемалары. Бұл қосар дауыссыз осы кезеңдегі көркем әдебиет тілінен де, онан арғы жердегі жазбалардан да ұшырасады. **Ст** қосары олардың қай-қайсысында да *рас, дос* есімдерінде қолданылады. Ал ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттерде бұл екеуінен басқа *дұрыс* сөзінде де жұмсалады. Бұл ретте және әдеттегі *рас, дос* есім сөздері **т** дыбысынан кейін ара-тұра септік жалғауының да бірін қабылдай береді. Яғни қазіргі әдеби тіліміздегі *дұрыс, расынан, расына, досқа* сөздері бұл кезеңдегі баспасөз бен кейбір әдебиеттерде *дұрст, растна, растнан, достқа* түрінде жұмсалған.

*Дұрысты бұлай екені рас («Айқап»); Бірақ ғалым болған менен қазақ жайын білмесе, растына жетіп іс қыла алмас (сонда); Достқа күлкі, бұспанға таба ете көрме деп... (сонда); тексеріп таңдап сайласа, сайлау дұрст өз мағнасында болғаны (сонда); Бізге растынан өтрігі көп көрінеді (сонда);*

Осы қосар дауыссыз **ст** етістік сөзден де аңғарылады. Ол — қазіргі әдеби тіліміздегі *өсу* сөзі. Бұл ара-тұра туынды түбірлі етістік ыңғайында, *өстіру* түрінде қолданылады. Мұндай қосар дауыссызбен келетін *өстіру* етістігі ілгеріректегі шығармалардың ішінен, әсіресе Алтынсариннің еңбегінен, Абайдың қара сөздерінен байқалады, мысалы: *Адам баласын заман өстіреді* (Ғақлия сөздер); *Неше түрлі нәбатәттәрді өстіріп хайуандарды сақтатып* (сонда); *анау ағашты бағу-қағу мен устирген* («Қырғыз хрестоматиясы». ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттерде де *өстіру* етістігі кездесіп қалады.

*Мал өстіратуғун паселкеге лайық бола ма* («Қазақстан» газеті).

Қазіргі жазба әдебиеттердегі *раст, дост* сөздеріндегі **т** дыбысының жойылып кеткені сияқты *өстіру* етістігіндегі **т** фонемасы да қолданылмайды.

Осы күнгі әдеби тіліміздегі *залал* сөзі қарт адамдардың, әсіресе республикамыздың оңтүстік аудандарында тұратын қарттардың, ауыз екі тілінде *зарар* болып айтылады.

**Л** фонемасының орнына **р** дыбысының қолданылу фактісі ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиет тілінде де ара-тұра ұшырасады. Сондай-ақ, **з** фонемасының орнына **т(д)** ның айтылуы да әріден келе жатқан құбылыс. Бұл құбылыс Алтынсариннің шығармаларынан байқалады. Онда кәдімгі *ұстаз*, сөзі *ұстат* түрінде қолданылып отырады.

*Жұртшылық етсек файдасы өзімізге, жұртшылықтан қашсақ зарары өзімізге* («Айқап»); *Бұл ғалымларымыз жақсы ұстаттардан оқып шыққан* (сонда).

## § 32. ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тіліндегі грамматикалық ауытқулар

ХХ ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінен кездесетін, қолданылуы жағынан әдеби тілдегіден өзгешелеу морфологиялық тұлғалардың көпшілігі осы тұстағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінен де байқалады. Мысалы, ілгеріде аталған *-ша (-ше), -а-шақ (-е-шек), -лар* (барды-лар тәрізді етістік формалары), *-мыш, -ар (-ер)* тұлғалары талданып отырған жиырма жыл ішіндегі көркем әдебиет тілінде және баспа сөз бен кейбір әдебиеттер тілінде де қолданылып отырған. Рас, бұлардың кейбірі көркем әдебиет тілінен гөрі баспасөз бен кейбір әдебиеттер тілінде көбірек қолданылса, басқа бір тұлға керісінше болып келеді. Мысалы, *-а-шақ (-е-шек)* арқылы келетін етістік формасы ХХ ғасырдың басындағы көркем шығармалар тілінде бірді-екілі жерде ұшырасса, бұл кезеңдегі баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде ол жиірек қолданылып отырады.

*-Ар(-ер)* тұлғалы етістік ХХ ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінде, баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде көбінесе *керек* модаль сөзімен, ара-тұра *үшін* шылауыменен біріктіріліп, сөйлемнің күрделі бір-ақ мүшесі ретінде де қолданылады.

*-Ша(-ше)* формасы ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде де сол барыс жалғаулы сөздерге, негізінен, есімдерге жалғанып келеді. Мысалы, ол бұл тұстағы баспасөз және кейбір әдебиеттерде көбінесе барыс жалғаулы *күн* сөзіне жалғанады, яғни *күнгеше* түрінде келіп отырады. Ал

**-тұғын, -бірлән,** жазды не жазады тәрізді (*жаздайды, жаздады* көмекші етістігінің орнына қолданылатын) морфологиялық формалар, етістік түрлері ХХ ғасырдың басында көркем әдебиет тіліндегіге қарағанда, баспасөз бен кейбір әдебиеттер тілінде сирек ұшырасады.

Жоғарыда айттық, **-а-шақ(е-шек)** тұлғасы бұған керісінше, көркем әдебиет тілінен гөрі баспасөз бен кейбір басқа түрлі әдебиеттер тілінде көбірек жұмсалған. Бұл, сірә, жанр сипатына байланысты құбылыс. Баспасөз бен кейбір әдебиеттер функционалдық стильдерді (кеңсе тілін, ресми-іс қағаздар тілін, ғылыми еңбектер тілін т. б.) қалыптастырып отыратын негізгі база.

ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттердегі **-мыш, -лар** қосымшаларының қолданылуы да осы тұстағы көркем әдебиет тіліндегідей. Енді осы **-ар(-ер), -ша(-ше), -а-шақ(-е-шек), -лар, -мыш** тұлғаларының әрқайсысына ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінен бірер мысал келтірейік.

*Бұл ғадет қазақтың көп жерлерінде әлі күнгеше қалған емес («Айқап»); Жалғыз-ақ мүфтилік сұраған кеңес әлі күнгеше бір қалыпқа қалмай тұр (сонда); оқу, оқыту турасында бұл күнгеше сөз шыққаны жоқ шығар (сонда); жоғарыда айтылмыш аусыл деген ауру («Малда болатын жұкпалы аурулардың... хақында»); Осы айтылмыш жерлері жаман аурады («Афат яки холера әңгімесі»); Оларды басар үшін хукумет көп ғаскер жіберді («Айқап»); Білген адамдар мемлекеттің һәр жағына бірдей қарарға керек (сонда); Соңғы жылдары алты мың үш жүзден жылма-жыл ақша төлеп келе жатырлар (сонда); Газитте русша сөзлерде ара-тұра жазылып тұрашақ екен (сонда); Бізде жер 5—10 жылға бармай тарылып бітешек; Петрборда жұмғасына бір шығатұғын әдеби сиаси жітмағи ресімлі журнал болашақ (сонда); Тағыда сол ай мына алдағы сентябрдің ішінде туашақ (сонда); Ғабидолла афендінің істері осы майддың 28-нде қаралашақ екен (сонда); Барша шлендерді жиылыс қаралашақ күннен-күн алдын-ала хабарландыру керек болады («Устав тургайского сельско-хозяйственного общества» (аударма).*

Соңғы біраз мысалдарға қарағанда **-а-шақ** форманты қазіргі қолданылудағы **-а-тын** тұлғалы (*бар-а-тын, кел-е-тін* тәрізді) етістіктің мағынасында ғана қолданылып қоймайды. Сонымен қоса ол ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттерде осы күнгі мақсатты келер шақ етістік (*бармақ-шы, бол-мақ-шы* сияқты **-мақ, -шы** тұлғасында келетін сөздердің) мағынасында да жұмсалып отыратынын айқын көруге болады.

ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттердің тілінде осы кезеңдегі көркем әдебиет тіліне қарағанда жиірек қолданылатын морфологиялық тұлғалардың бірі — **-дүр** фор-

манты. Бұл — ауыз әдебиеті үлгілерінде, әсіресе эпостық жырларда, жиі қолданылатын тұлға. Әрине, ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттерде функционалдық стильдердің бір-бірінен жігі әлі де нақтылы ашыла қоймаған. Яғни әрбір жеке сөздің стильдік бейімділігі, стильдік бояуы бұл кезеңде жете ажыратыла бермеді. Міне, осы себепті де ХХ ғасырдың басында көркем әдебиетте болсын, баспасөз және кейбір әдебиеттерде болсын, қай-қайсысында да сөздер стильдік икемділігі тұрғысынан бірсыпыра ретте талғанбай қолданылды.

-*Дүр* тәрізді морфологиялық көне формалардың ХХ ғасырдың бас кезіндегі баспасөз және кейбір әдебиеттерден жиі ұшырасуы осы жағдайлармен байланысты. Мысалы.

*Егерде мал дохтры маңқа ауру екенін білсе ол малды өлтіруге тиісдүр* («Малда болатын...»); *Маңқадан өлген малды үш аршын жерді қазып көму тиісдүр* (сонда); *Не дін жоқ, не тұқым жұрағат жоқ, күйген үйдің орнындай болып қалууы шексіздүр* («Айқап»); *Хазіргі көрініп тұрған оңай жол «Айқап» журналы арқылы кеңесудүр* (сонда); *Мен секілді жылаушылар көндүр* (сонда).

Ілік жалғауындағы *сол* және *ол* сілтеу есімдіктері мен *үшін* шылауы арқылы жасалатын *соның үшін*, *оның үшін* конструкциялары ХХ ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінде ғана емес, осы кезеңдегі баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде де жиірек қолданылады. Баспасөз және кейбір әдебиеттегіге қарағанда, көркем әдебиет тілінде оның аз ұшырасатын себебі жанр сипатына байланысты; яғни көркем әдебиет тілінің табиғатына *соның үшін*, *оның үшін*, *өйткені*, *сол себепті*, *сондықтан* тәрізді жалғаулықтар оншалықты сәйкес келмейді. Бұлар көркем шығармадан гөрі өзге функционалдық стильдерге (кеңсе, ресми-іс қағаздарының стиліне, ғылыми еңбектер стиліне, баспасөз стиліне, саяси әдебиет стиліне) көбірек жарасымды. *Соның үшін* конструкциясының ХХ ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінен гөрі баспасөз және кейбір әдебиеттерде жиі қолданылуы міне осы себепті.

*Мен өзім Закаспийски облыстыда Адай деген елге қараған бір қазақ баласымын. Соның үшін* Адай халқының жайынан азырақ сөз жазамын («Айқап»); *Осы таң қалғандай уақиға бір күнде өз басымызға да келіп қалар; соның үшін* алдын алып, күн бұрын тіл сақтауға ижтихат ету керек (сонда); *Мұсылмандардың кейбір қыздары кінәсіз таза болса да мешітке баруға ылайықты болмайды. Соның үшін* мұсылмандардың некелерін қиюға мешітке келмейтіні... («Айал жайында»); *Обадан кенет көп адамдар ауырады, соның үшін* айтамыз жұқпалы «афат» ауру деп («Афат яки холера әңгімесі»); *Бұрын қаншама бақытсыз, ажарсыз, әдепсіз, ақылсыз еді, енді өте данышпан, дәулетті, соның үшін* ол енді менің Аспандағы Падсалығымда болар деген... («Езги Екатерина»);



XX ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінде ілік жалғауындағы үшінші жақ сілтеу есімдігі мен үшін шылауы арқылы жасалған конструкция ғана, яғни *соның үшін* конструкциясы ғана кездесе, осы кезеңдегі баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде мұның сыртында тағы үшінші жақ жіктеу есімдігі мен үшін шылауының конструкциясы да қолданылады. Бірақ ол *оның үшін* түрінде емес, көбінесе *аның үшін* болып келеді. Бұл кезеңдегі көркем әдебиет тілінде *соның үшін* конструкциясы, негізінен, *сондықтан* жалғаулығының қызметінде жұмсалса, *аның үшін* конструкциясы осы тұстағы баспасөз бен кейбір әдебиеттер тілінде *өйткені* жалғаулығының функциясын атқарады. Ал кей-кейде ол сол атау түріндегі үшінші жақ жіктеу есімдігі мен үшін шылауының, яғни қазіргі әдеби тіліміздегі *ол үшін* конструкциясының, мағынасын білдіреді. *Аның* сөзі жеке тұрып та *осы*, *ол* есімдігінің орнына қолданылады.

*Тек мал дохтырының афтекдан сұрауы бойынша алынады аның үшін* оған бару керек («Малда болатын...»); *хазір бірден қала салмаған мененде һәм бұрынғы тұрмыс пенен тұрғандада жерді түзетуге керек, аның үшін* біздің қазақ халқының тіршілік ететұғын кәсібі мал («Айқап»); *Біздің қазақ жұртын антропология, лингвистика білгіштері «нағыз түрікке ұқсаған келбетіде, тіліде өзгермеген» дейді, аның үшін* «қазақтың мекені әуелде бөлек болды, қазақтың тілін жаңылдырғандай бөтен жұрт араласқан жоқ (сонда); Бұл кәсіблерді жақсылап істей алмайды деп айтуға болмайды, *аның үшін* бұларды жеті атамыздан бері үйреніп... (сонда); Алты миллионнан артық қазақ халқына көз уа құлақ болсын деп, *аның* дүниеде есімі жоғалмасын деп... (сонда).

Осы *соның үшін*, *аның үшін* конструкцияларының әсерінен болу керек, қазіргі кездегі *сол секілді*, *осы себепті* сөз орамдарындағы алдыңғы компонент те ара-тұра ілік жалғауына қойылып, *соның секілді*, *осының себепті* болып қолданылады.

*Соның секілді* хазірде бес-алты миллион қазақ есіміне шығарылған жалғыз бір журнал аз көрінсе де... («Айқап»);... оған һәр түрлі қарсылық етті. *Осының себепті* жұқбалы ауруға қарсы («Малда болатын...»).

Осы дәуірдегі баспасөз және кейбір әдебиеттер тіліндегі жекелеген жалғаулықтардың (*уа, һәм, ине*) қолданылуы да бүгінгі әдеби тілдегіден біраз өзгешелеу. Бірақ олардың бұл кезеңдегі көркем әдебиет тіліндегі қолданылуы мен баспасөздегі, кейбір әдебиеттердегі қолданылуының арасында біраз айырмашылық бар. *Уа, ине* және *һәм* жалғаулықтары XX ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінде жеке-жеке қолданылса, осы кезеңдегі баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде жеке-жеке де, сондай-ақ бұлар біріктіріліп *уа һәм, һәм ине* түрінде де, кейде тіпті *һәм дахы* болып та қолданылады. Сондай-ақ осы тұстағы

баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде *ya fayri* жалғаулығы оқта-текте кездесіп қалады.

Қазіргі қазақ тілінде жоғарғы келтірілген жалғаулықтардың дәл осы формада ешқайсысы жұмсалмайды. Тек *həm* жалғаулығының алдыңғы фонемасы түсіріліп, *эм* түрінде, онда да публицистикалық стильде сақталып отырады: Бірақ осы жалғаулықтардың біразы қазіргі өзбек әдеби тілінде, енді кейбіреулері түрікмен т. б. түркі тілдерінде әлі де бар. Ал *ләкин* (ләкін) жалғаулығының ХХ ғасырдың басындағы көркем әдебиеттегі қолданылуы мен баспасөздегі, кейбір әдебиеттер тіліндегі қолданылуының арасында еш айырмашылық жоқ. Бұл аталған жалғаулықтар мынадай ыңғайда қолданылады.

*Елдің шаруашылығы хақында болған һәр түрлі керек уа пайдалы хабарларды...* («Устав»); *Шаруашылыққа керек болған әбзалдарды қолға түсіріп алуға ине шаруашылықтан келген мал уа басқа мүліктерді сатуға...* (сонда); *Бағалы қағаздарды сатуға уа зақладқа салуға һәм дахы өзінң қызметі үшін...* (сонда); *Оларды арадан шығарып тастау сықылды уа fayri осындай істерді* (сонда); *Егіндіктер, фирмалар, бақшалар құруға һәм ине тұқым үшін...* (сонда); *Алты миллионнан артық қазақ халқына көз уа құлақ болсын деп...* («Айқап»); *Аурудан һәм қандай жерлерде болатұғынын уаһәм қалай тарафқа тарайтуғынын баяндайын* («Афат яки холера әңгімесі»); *Кейбір уақытта хайуанлардың өзі аурады һәм ине оны менен қатар тұяғы... аурады* («Малда болатын...»); *Езілгеннен соң жақын жердегі суға құйылады — осы құйылған жерден су алып ішсе, ауруға тиіс ине ауырған адамның киімін жуса...* («Афат яки холера әңгімесі»); *Қазақ хақында басқа жұрттардың білімірлері жазған кітаптар бар. Ләкин ол кітаптарда онша толық жазылмаған* («Айқап»); *Біз бұдан бұлай көшпелі болу қазған ор деп түсінеміз. Ләкин сөз жалпы қазаққа тегіс айтылған сөз емес* (сонда).

Шағатай әдеби тілінің ізі ме, болмаса өзге бір түркі тілінің әсерінен бе екен, бұл кезеңдегі баспасөз және кейбір әдебиеттердің тілінде өткен шақ есімше мен немесе тұйық рай етістікпен *себепті* сөзі арқылы жасалатын конструкциялар да (*жатуы себеплі, болмаған себеплі*) ара-тұра қолданылып отырады (бұл конструкция талданып отырған кезеңдегі көркем әдебиет тілінде байқалмайды).

*Бейхабар қараңғыда ұйықтап жатуы себеплі біздің қазақта жоғарғы айтқанларының бірі де жоқ* («Айқап»); *Һәр күн дерлік базар болу себеплі шәһәрға жиылып...* (сонда); *Думада өзімізден депутат болмаған себеплі онда не болып жатқаннан да...* (сонда).

*Керек* модальді сөзі қайталап қолдану арқылы ХХ ғасырдың басындағы көркем әдебиет, баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде де (*ия ол, ия мен; не сен, не мен* дегендегі сияқты) кейде талғау мәнді жалғаулықтың мағынасын да білдіреді. Қа-

зіргі қазақ әдеби тілінен бұл құбылыс байқалмайды. Бұған қарағанда *керек* сөзінің ХХ ғасырдың басындағы осы қолданылу ерекшелігі өзге тіл әсерінен келген уақытша құбылыс болу керек.

*Хазіргі депутатлар(керек мүсылман, керек рус болсын) қазақ халқын қанша аяп қорғайын десе де... («Айқап»)... керек еркек, керек әйел болсын шлен болуға жарайды («Устав...»).*

ХХ ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінен ара-тұра сөйлеу тілінің әсері, яғни сөйлемдегі сөздердің кейде сөйлеу тіліндегідей ыңғайда орналасуы, көбірек байқалады. Сөйлеу тілінің осы сипаты ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде де бар.

*Оны жер министрінің мәкхемесі министрлердің советіне кіргізеді, бекіту үшін («Айқап»); Оған шығады неше түрлі ащы шөптер (сонда); Түсінде оны Екатерина өзімен қатар отырғызып, басына таж кигізіп, оған айтыпты: «бұл тажды саған құдайымыз Христос жіберди» деп («Езгі Екатерина»); Осы айтылмыш жерлері жаман ауырады, әсіресе ауырады іші («Афат яки холера әңгімесі»).*

### § 33. ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінің лексикалық ерекшеліктері

ХХ ғасырдың басындағы көркем шығармалар да, баспасөз және кейбір әдебиеттер де қазақтың халық тілі байлығының негізінде жазылды. Қазақ халқының өз сөз байлығымен қоса бұл кезеңдегі баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде өзге тіл элементтері де ара-тұра кездесіп отырады. Осы тұстағы баспасөз және кейбір әдебиеттерден орыс тілінің элементі екі түрлі ыңғайда көрінеді. Біріншіден, аударылмай, орыс тіліндегі күйінде енген сөздер: *министр, положение, манифест, государственный, общество, ырыстандар, тауар, школ, область, фирма, газета, номер, журнал статья, учитель, писр, совет, депутат; закладка, канон, антропология, лингвистика, аптека, член, поселке, совещание, пункт, уезд* т. б. Екіншіден, орыс тілінен алынған термин ыңғайындағы ұғымдар — қазақ тілінде орыс тілінің әсерімен жасалған балама атаулар. Әрине, қазақ тіліне аударылмай, сол орыс тіліндегі күйінде енген сөздердің біразы бүгінгі әдеби тілімізде әлі де сол күйінде сақталса, енді бірсыпырасы келе-келе қазақшаға аударылып, өз мағынасына лайық балама алып кетті. Мысалы, ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттерде қолданылған *положение, государственный, номер, общество, учитель, член, совещание* тәрізді көптеген орыс сөздері қазіргі қолданылуда *ереже, мемлекеттік, сан (бірінші саны* дегендегі сияқты), *қоғам, мұғалім, мүше, мәжіліс* түрінде аударылып беріледі. ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кей-

бір әдебиеттердің тілінен кездесетін осы сияқты орыс сөздерінің кейбіреулеріне бірді-екілі мысал келтірейік.

Сатып алған **тауар**, мал сияқты, қыз бейшара үйінен ұзатылады («Айал жайында»); Қараңғы үйде жатқан **ырыстандарға** барып (сонда); мектеп медресе сал, **школ** аш («Айқап»); Бұл турада хәр **облуст адамлары** сөйлесу, кеңесу тиіс еді (сонда); егіндіктер, **фирмалар**, бақшалар құруға... («Устав»); **Журнал** хәм **газителерге** сөз жазғанда... («Айқап»); Ол **положениенің** қуаты бойынша... (сонда). Манифестің қуатынша **ғасударственни** дума ашуға рұхсат болып (сонда);

XX ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде орыс тілінің әсеріне байланысты көріне бастаған терминдік ыңғайдағы ұғымдар, балама атаулар әр алуан. Мысалы, осы әдебиеттерден ішінара лап кеңсе тілінің, ресми-іс қағаздары стилінің кейбір үлгілері де кездеседі.

Ол **положениенің** қуаты бойынша бүтіл қазақтың жері қазналық болған («Айқап»); Манифестің қуатынша **ғасударственни** дума ашуға рұхсат болып (сонда); Совет хәр бір істе опшественаның басы болады, опшественаның жиылыстары түзілген бітімдерді орнына келтіреді («Устав...»).

Соңғы мысалдағы **бітім** сөзі қазіргі **қаулы** терминінің орнына алынған. Бұл кезгі баспасөзде, кейбір әдебиеттерде қолданылған аударма түріндегі атаулар, термин ыңғайында келген жаңа ұғымдар бірталай. Мысалы, орыс тіліндегі **больница** сөзі — **дертхана**, **грамм** атауы — **бөлім**, **квадрат** өлшемі — **төрт бұрышты** (шаршы), **ветеринарный врач** — **мал дохтры**, **государственная дума** — **дәулет думасы**, **средства общества** — **обществаның ауқат уа дәулеті**, **средняя школа** — **орта школ**, түрме сөзі — **қараңғы үй** түрінде аударылып отыру фактісі байқалады.

Ауырған адамды жақаны жердегі **дертханаға** (больницаға) **апарса** («Афат яки холера әңгімесі»); **Он бөлім** карболууы кислотаны **100 бөлім** суға құйып араластыру тиіс иаки болмаса **I бөлім** алмасты **1000 бөлім** суға (сонда); Қазақтың сары арқа деген жайлары жер мөлшерін айтатуғын «**жағрафия**» кітаптарының айтуы бойынша бір мың алты жүз сексен жеті **дөрт бұрышты** (шаршы) шақырым бір сахара («Айқап»); Тек **мал дохтрның** афтектан сұрауы бойынша алынады («Малда болатын...»); Баршаңызға мағлұм, үшінші июнь каноны бойынша жеті облус қазақ жұрты **дәулет думасына** өкіл сайлау хұқығынан махрұм болғаны («Айқап»); Опшественаның **ауқат уа дәулеті** членски взностан туған ақшадан... болады («Устав...»); **Аулнай школдарымызда** не болмаса мұсылманша мектеп медреселерімізде оқығандардың ішінде өткір зерекдерін кентдегі орыстың **орта школдарында** оқытайық («Айқап»); **Қараңғы үйде жатқан ырыстандарға** барып («Айал жайында»).

Сөз сияқты *озу, амандасу, дару, зор, жұлдыз* сөздері осы күнгідегіден өзгешелеу мағына білдіргендігі аңғарылады. Мысалы, қазірде әдетте *өткен айда, өту, қоштасу, қатты жұт, үлкен үш бөлім* түрінде айтылатын сөздер ХХ ғасырдың басындағы көркем әдебиетте де, баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде де *озған айда, озу, амандасу, зор жұт, зор үш бөлім* болып қолданылады. Бұл құбылыс, сірә, сонау шағатай, Алтын Орда әдеби тілінен, жалпы көне жазба ескерткіштерден келе жатқан болу керек. Осы күнгі *ай, дәрі* сөздері ол кезгі әдебиеттерде кейде *жұлдыз, дару* түрінде жұмсалып отырады.

*Бұрынғы болып озған уақиғаларға көз жібермей* («Айқап»); *Ол дөрт нөмір шығуға дөрт ай ғымры озды* (сонда); *Һәр қайсысы өзінің тұс-тұсына кетіп күн көрмекші болып, жиылып, амандасып тараған* («Айқап»); *Дүниада болған халқлар өздерінің тіршілік уа тұрмысына қарай зор үш бөлімге айрылады* (сонда); *Зор жұтшылық болып тұр* (сонда); *Өткен сентябр жұлдызының 5-нде Бисенбай дүниадан қайтды* (сонда); *Мұны кетіретін дару не?* (сонда.)

Бұл ғасырдың басындағы баспасөз бен кейбір әдебиеттер тілінің лексика құрамының тағы да бір саласын араб, парсы, шағатай және бүгінгі түркі тілдердің элементі деуге болады. Олар, негізінен, мына тәріздес сөздер: *хсусында, үшбу, офат, бек, бегірек, нешік* және осы сияқтылар. Бұл сөздердің ешқайсысы да бүгінгі қазақ әдеби тілінде қолданылмайды. Ал олар ХХ ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде мына ретте қолданылған.

*Ноғай молласы офат болу* себеблі *имам сайлау хсусында...* («Айқап»); *Алдарыңызға журналымыздың үшбу екінші нөмірін де салуға тәңірі жеткерді* (сонда); *Қатта шарбақлар сыбағалы жердің ішінде хсабланып берлеме...* (сонда); *Оқу, оқып шығып хакім болу* (*песір, тілмаш, ушител секілді*) *иаки мұғалім болып бала оқыту. Бұлары бек дұрыс* (сонда); *Сондықтан бұ думаға бір ғана болса да қазақтан өкіл кіру бек хажет* (сонда); *Жоғарыда айтылмыш аусыл деген ауру бек жұқпалы* («Малда болатын...»); *Біздің Адай халқы басқа қазақлардан да бегірек надан* («Айқап»); *Бұның хақында білетін адамдардың пікірлері нешік* («Қазақстан» газеті).

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.

А. С. Аманжолов. Қазақтың әдеби тілі (көпшілікке арналған лексияның стенограммасы), Алматы, 1949.

М. Әуезов. Қазақтың әдеби тілі туралы.— Әдебиет және искусство, 1951, № 4.

М. Балақаев, Е. Жанпейісов. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихынан бірер сөз. Қазақстан мектебі, № 2, 1964.

Вопросы развития литературных языков народов СССР (материалы конференции), Алма-Ата, 1964.

Құдайбергін Жұбанов. Исследования по казахскому языку (казак тілі жөніндегі зерттеулер), Алма-Ата, 1966.

Ә. Қайдаров, Қ. Есенов. Ұлт тілдерінің дамуы.— Қазақстан коммунисті, 1963, № 1.

І. Кеңесбаев. Қазақтың әдеби тілі туралы.— «Әдеби мұра және оны зерттеу», Алматы, 1961.

Ә. Құрышжанов. «Кітаби тіл» материалдарынан.— Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 2-шығуы, Алматы, 1960.

Г. Г. Мусабаяев. Становление и развитие казахского литературного языка и вопросы казахской диалектологии, Алма-Ата, 1952.

А. Н. Самойлович. К истории литературного среднеазиатского турецкого языка, Мир-Али-Шир, к 500 летию со дня рождения, Л., 1928.

А. Ысқақов. Әдеби тіліміздің дамуы.— Қазақ әдебиеті, 16 ноябрь, 1962.

## 1920—30 ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘДЕБИ ТІЛ

### VI Т А Р А У

#### § 34. Қазақстанда социалистік құрылыстың 1920—30 жылдардағы дамуы

Бұл жылдардағы маңызы айрықша, ең елеулі тарихи уақиға — Қазақстанда совет өкіметінің орнауы, яғни 1920 жылы Қазақ АССР-і құрылуы. Осы жағдайға байланысты социалистік құрылыс барлық салада жаппай қолға алынды. Ауылда жаңа экономикалық саясат жүзеге асырылды. Ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісі, бірінші және екінші бесжылдықтардың жоспарын орындау жолындағы күрес өрістетілді. Қарағанды, Қарсақбай, Жезқазған, Түрксиб тәрізді шын мәніндегі алып құрылыстар, ірі кен орындары етек ала бастады. Өнеркәсіптегі, ауыл шаруашылығындағы осы бет бұрысқа байланысты қазақ халқының социалистік жұмысшы табы, жаңа типті шаруа қалыптасты.

Қазақстанда совет өкіметі орнаған алғашқы күндерден бастап-ақ коммунистік партияның басшылығымен мәдени революция жасау ісі, қазақ даласындағы жалпы сауатсыздықты жою, Қазақстанның түкпір-түкпірінде оқу-ағарту жұмысын барынша кең көлемде жүргізу, ұлттық мектеп ашылып, соған сәйкесті енді оқу программалары, оқулықтар, методикалық материалдар, аударма оқулықтар шығару, жұмысшы клубтары, кітапханалар тағы осы сияқты көптеген мәдени ағарту істері ұйымдастырылды.

Техника мен ғылым салалары да бірте-бірте дамуға бет бұрды. Бұл ретте әуе транспортына, темір жол мен су жол қатынасына, фабрика мен заводтар салуға қажетті ұлттық мамандар дайындап шығару міндеті қойылды. Осы кезеңде СССР Ғылым академиясының қазақ филиалы ашылды. Қазақстанда енді әр алуан ғылыми-зерттеу мекемелері, орта және жоғары арнаулы оқу орындары, училищелер көбейтілді. Ғылыми-зерттеу ыңғайында жазылған және аударма түрінде жарияланған әдебиеттер саны күн санап өсті. 1920—30 жылдары қазақ тілінде марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері, саяси, техникалық әдебиеттер жиі басылды.

Бұл кезеңде мерзімді баспасөз де өсті. Күнбе-күн республикалық, облыстық, аудандық газеттер, бірнеше журнал шығады. Қалаларда ұлттық театрлар ашылды. Сахна шеберлері тіпті ауданда да, ауылда да көбейді. Музыка мәдениеті, сурет өнері осы жылдарда профессионалдық дәрежеге көтерілді. 1920—30 жылдар Қазақстанда ұлттық интеллигенцияның қалыптаса бастаған, әйелдер арасында жұмыс жүргізілген кез еді.

Қазақ халқы сала-сала осы жетістіктерге (өнеркәсіптегі, ауыл шаруашылығындағы, ғылым мен техника салаларындағы, әр алуан өнер мен білім салаларындағы, мәдениеттегі жетістіктерге) лениндік коммунистік партияның тікелей көмегінің арқасында ғана қолы жетті.

Совет Одағы коммунистік партияның данышпандық ұлт саясатының нәтижесінде түрі ұлттық, мазмұны социалистік қазақ әдебиеті де осы жылдары барынша қарыштап өсті. XX ғасырдың басында ірі роман көлемінде енді-енді көріне бастаған көркем прозалық шығармалар саны жағынан да, сапасы жөнінен де құлаш жайды. Поэзиялық шығармалар да, әсіресе көлемді поэмалар да, лирикалар да жиі басылды. Көркем әдебиеттің драматургия саласы өз алдына жеке жанр ретінде тұңғыш рет осы 1920—30 жылдары қалыптасты.

Қазақ даласында социализмнің орнауы, социалистік индустрияның қарыштап өсуі, техника мен ғылымдағы алуан түрлі жаңалықтар, мәдениеттегі, өнер-білімдегі қол жеткен жетістіктер, оқу-ағарту жұмысындағы алғашқы табыстар осы кездерде көркем әдебиетте, баспасөзде, сурет өнерінде, музыка саласында жан-жақты көріне бастады. Қазақ халқының тұрмысындағы 1920—30 жылдардағы саяси-әлеуметтік өзгеріс, социалистік құрылыстың жедел қарқынымен дамуы, ғылымның, мәдениетінің, оқу-ағарту ісінің өрістеуі қазақ әдеби тілінің қалыптасып нормалану процесімен тығыз байланысты.

### § 35. 1920—30 жылдардағы жазба әдебиет жайлы қысқаша мәлімет

Қазақ халқының жазба әдебиетінің жан-жақты дами бастаған кезі — осы жиырманшы, отызыншы жылдардың іші. XX ғасырдың басындағы ілгеріде аталған көркем шығармалар бұл дәуірде енді өздерінің саны жағынан да, сапасы және тақырыбы жөнінен де қарыштап тез өсті. Мысалы, Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы мен «Жер қазғандар» повесі, «Бандыны қуған Қамиты», Бейімбет Майлиннің «Раушан коммунист» повесі, «Сары ала тоны» мен «Сот алдындасы», «Күлпаш» атты әңгімелер жинағы, «Ұлбосыны», Мұқтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Қараш-қарашы», «Жуандығы», әйгілі «Көксерегі» де, Ғабит Мүсіреповтың «Тулаған толқында», «Қос



шалқары», Ғ. Мұстафиннің «Ер Шойын» әңгімелері де жиырмасыншы жылда шықты.

Көркем әдебиет келер он жылда, яғни отызыншы жылдарда, бұдан да шапшаң қарқынмен өріс алды. Бұл жылдар ішінде көптеген жаңа авторлар келді. Олар әңгіме не повесть жазумен ғана қанағаттанып қойған жоқ, сондай-ақ роман тәрізді күрделі шығармалар жасауға да кірісті. Майлиннің «Азамат Азаматыч» және «Қырманда» повестері, «Әміржанның әңгімесі», «Берені», Сейфуллиннің «Айшасы», Әуезовтің «Шатқалаң», «Бүркітші», «Іздер», «Білекке білек» тәрізді ұзақ-ұзақ әңгімелері, Жансүгіровтың «Жолдастар» романы, М. Дәулетбаевтың «Қызылжары» мен Мұқановтың «Адасқандар», «Теміртас» және «Жұмбақ жалау» романдары, Мүсіреповтың «Бір адым кейін, екі адым ілгерісі», «Шұғыласы», Слановтың «Арман ағысы» повесі мен «Өмірдің асқар биігінде» атты жинағы, Әбішевтің «Армансыздары» басқа да авторлардың әр түрлі әңгімелер жинағы мен повестері — бәрі де осы тұста шықты.

1920—30 жылдары көркем әдебиеттің поэзия жанры да қауырт дами бастады. Осы тұста «Экспресс», «Көкшетау», «Қызыл ат», «Құралай сұлу», «Дала», «Күй», «Құлагер», «Сұлушаш» поэмалары да, үлкенді-кішілі бірнеше өлеңдер жинағы да басылып шықты. «Қызыл сұңқарлар», «Еңлік-Кебек», «Арқалық» пьесалары да осы жылдары жарияланды.

1920—30 жылдар қазақ тілінде шығып тұрған жазба әдебиеттің екінші бір үлкен саласы — газет пен журналдар. Бұл кезде шығып тұрған газеттер мыналар: «Ауыл», «Ақ жол», «Еңбекші жас», «Еңбек туы», «Еңбекшіл қазақ», «Кедей сөзі» т. б. Рас, осы газеттердің кейбіреуі 2—3 жыл, қайсыбірі үзбей 5—10 жыл бойы шығып тұрды. Әрбір журналдың шығу ұзақтығы да осы тәрізді. Жиырмасыншы, отызыншы жылдары шыққан журналдар саны недәуір: «Жас қайрат», «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі», «Шолпан», «Жаңа әдебиет» және осы сияқтылар.

Қазақ тілінде «Бұйрық жарлық хәм қаулылар жинағы», «Ресейлік ортақшыл (большевик) партиясының программасы мен уставы» тәрізді ресми және көпшілік қолды ғылыми, саяси әдебиеттер де ара-тұра, аударылып басылды.

1920—30 жылдардағы қазақ әдеби тіліндегі стильдер, әдеби тіліміз осы жазба әдебиет арқылы дамып, жазба әдебиеттер тілінің негізінде қалыптаса бастады. Мысалы, публицистикалық стиль үлгісі, баспасөз стилі, ғылыми стиль, кеңсе стилі, ресми-іс қағаздары, түрлі қаулы-қарарлар стилі осы кезеңдегі журнал газеттер бетінен, аударма еңбектерінен айқын көрінеді. Өйткені бұл тұстағы баспасөзде көркем әдебиет нұсқалары да, ғылыми теориялық мақалалар да, марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері де, өнер-білім, техника, мәдениет салаларына байланысты зерттеулер де, ресми текстер де, қаулы-қарарлар да басылып тұрды. Демек, осы кезгі қазақ тіліндегі газеттерден, журналдар-

дан, қазақ тіліндегі (көбінесе аударма ыңғайындағы) кітаптардан әдеби тілдің 1920—30 жылдардағы жалпы даму дәрежесі, функционалдық стильдердің қай-қайсысының да ізі анық көрінеді. Сондықтан 1920—30 жылдардағы қазақ тіліндегі жалпы жазба әдебиетті көркем әдебиет және баспасөз бен кейбір әдебиеттерді, негізінен, үлкен екі салаға бөліп қарауға болады. 1920—30 жылдардағы қазақ әдеби тілінің даму, қалыптасу дәрежесін осы екі саладағы жазба әдебиет негізінде талдау қажет.

### § 36. 1920—30 жылдардағы көркем әдебиет тілі

XX ғасырдың басындағы көркем әдебиетке қарағанда, 1920—30 жылдардағы көркем әдебиет тілінің әдеби тілді дамытудағы, қалыптастырудағы ролі айрықша болды. Бұл кезгі көркем әдебиетте ең алдымен халық тілінің байлығы барынша мол пайдаланылды; яғни бұл кезгі көркем әдебиет халық тілі байлығының барлық қабатын қамти отырды. Осы тұстағы шығармалардың тілінде жалпы түріктік әдеби тіл («общетюркский литературный язык») элементі болсын, татар тілінің элементі болсын — қай-қайсысы да бұрынғыдан сирей түсті. Қазақ тілінде бұл тұста орыс тілінің әсері жан-жақты көріне бастады. Тілдің қоғамдық функциясы артты. Осыған және орыс тілінің игі әсеріне байланысты сөз мағынасы дамыды, сөздерді қолдану мәдениеті өсті. Ғылымдағы, техникадағы, өнер және мәдениет саласындағы осы кезгі өсу, сан алуан жаңалықтар тілімізде түрлі соны атауларды, тың ұғымдарды көптеп тудырды.

Міне, жоғарыда аталған осы құбылыстардың, толып жатқан осы өзгерістердің, яғни жалпы түріктік әдеби тілдің, татар тілінің әлі де қалмаған кейбір ізін, тілдің қоғамдық функциясының артуына байланысты пайда болған өзгерістерді, орыс тілінің жан-жақты әсерін, функционалдық стильдердің әрқайсысының өз алдына дараланып, өз алдына қалыптаса бастағандығын, бұлардың бір-бірінен ара жігін аша түскендігін белгілі дәрежеде 1920—30 жылдардағы көркем әдебиет тілінің фонетикалық құрылымының, грамматика мен лексика жүйесінің даму, үнемі екшеліп, сұрыпталып отыру, бірте-бірте жақсару, қалыптасу барысынан да көруге болады. Әрине, осы күнгі әдеби тіл нормасынан оқшаулау фонетикалық ауытқулар 1920—30 жылдардағы көркем әдебиет тілінде XX ғасырдың басындағыға қарағанда әлдеқайда аз. Мысалы, қазіргі әдеби тіліміздегі *әр, еш, ауа, әскер* сөздерінің кейде *х, һ, ғ* фонемалары арқылы қолданылуына байланысты аңғарылады: *еш — хеш (һеш), әр — хәр, ауа — һауа, әскер — ғаскер* т. б. *Жауап, сауап, мақсат* тәріздес жекелеген сөздердің осылай ара-тұра *жұбап, сұбап, мақсұт* болып қолданылуы да жоғарыдағы сияқты жалғыз-жарымдаған фонетикалық ауытқуларға жатады.

1920—30 жылдар ішінде жазылған шығармалардан байқалатын кейбір фонетикалық өзгешеліктердің мына бір түрі де көңіл бөлерлік. Мысалы, қазіргі әдеби тіліміздегі *үкім, әскер* сөздері талданып отырған кезеңдегі бірді-екілі прозалық шығармада сол әуелгі араб тіліндегідей дыбыстық құрамда *хүкім* болып қолданылған. Сондай-ақ, татар, шағатай, көне түрік тілдерінің ізі болу керек, енді бір жекелеген қара сөз үлгілерінде осы күнгі әдеби тілімізде фонетикалық тұрғыда да, морфологиялық тұлғасы жағынан да әбден орнығып, сіңісті боп кеткен *оп-оңай, аңызғақ, даяшы, білім* (немесе білу) сөздері *аңызғақ, даяғашы, оп-оңғай, білігім* түрінде жұмсалады. Әрине, бұлардың қай-қайсысы да тез арада әдеби тілдік нормаға түсе қалған жоқ. Бұл ретте әсіресе араб тілінен енген *хүкім* сөзінің фонетикалық деформацияға түсуі айрықша назар аудартады. Өйткені ол қазіргі әдеби тілімізде өз алдына дербес мағыналы үш түрлі ұғымды білдіреді; яғни дыбыстық өзгеріске түсуге байланысты үш сөз ретінде үш түрлі мағынада қолданылады.

Осы мәселе ыңғайында бірер сөз енді орыс тілінің әсері туралы. Әдеби тілімізді дамытып, жетілдіре түсуде орыс тілі әсерінің, оның игі ықпалының жан-жақты көріне бастаған шағы да шын мәнінде осы 1920—30 жылдар аралығы. Осы тұста көптеген жаңа атаулар, соны ұғымдар пайда болды, соған байланысты тілімізде бұрыннан бар кейбір жекелеген сөздердің мағынасы кеңейе түсті және олар өздерінің лексикалық мәні жағынан даралануға бет алды. Бұл ретте тіліміздегі өзге тіл элементтері ішінен араб, парсы сөздері дыбыстық сырт формасы жағынан азды-көпті өзгеріп, жеке-жеке терминдік мән алып кетті. Мұндай факт әдеби тіліміздің қалыптасу, шыңдалу процесінде сондайлық жиі де құбылыс емес, шінаралап қана ұшырасады. Бұған дәлел ретінде жоғарыдағы *хүкім* сөзін келтіруге болады. Бұл қазақ тілінде Октябрь революциясына дейінгі жерде осы формада да, сондай-ақ кейде алдыңғы дыбысы түсіріліп *үкім* (үкім ету, үкім айту тәрізді ыңғайда) болып та қолданылып отырылды. Ал жиырмасыншы жылдардан кейін ел өміріндегі элеуметтік саяси құрылысқа байланысты әр алуан жаңа ұғымдар пайда бола бастады. Терминдік жеке атаулар қатарына орыс тіліндегі *власть, правительство* сөздерін жатқызуға болады. Бұлардың енді өзді-өзіне лайық қазақ тіліндегі баламасын тауып, оларды жеке-жеке термин ретінде қалыптастыру қажеттілігі туды. Осы орайда *власть* сөзінің баламасы ретінде *өкімет* сөзі, *ал правительство* атауы *үкімет* делініп алынды. Қолданыла келе олар бірте-бірте орнығып, дыбыстық сырт өзгешеліктерімен әбден қалыптасып кетті. Сөйтіп қазақ әдеби тілінде бір ғана *хүкім* сөзі мынадай үш түрлі термин орнына қолданылады: *үкім* — *приговор* (соттың шешімі), *үкімет*; *үкім* (зат есім), *ет* (етістік) сөздері бірігіп *правительство, өкімет* — *власть* болған.

Қазіргі *даяшы* сөзі 1920—30 жылдардағы бірлі-жарым шығармада *даяғашы* түрінде емес, *даяршы*, *даяршылық* болып қолданылған. Бірақ бұдан *даяғашы* формасындағыдай жүйелілік аңғарылмайды; *даяшы* сөзінің *даяршы*, *даяршылық* формасы жеке жазушылардың сөз қолдану шеберлігімен, олардың өзіндік стиль ерекшелігімен байланысты, яғни *даяшы* сөзінің дыбыстық құрамының бұлай өзгеріп келуі — стильдік ыңғайдағы өзгешелік.

### § 37. 1920—30 жылдардағы көркем әдебиет тіліндегі грамматикалық кейбір ауытқулар

1920—30 жылдардағы көркем әдебиетте морфологиялық тұлғаларды қолдануда да кейбір жекелеген өзгешеліктер байқалады. Бұлар ХХ ғасырдың басында жарияланған әңгімелердегі, повестегі, романдардағы және поэзиялық шығармалардағы морфологиялық ерекшеліктермен ара-тұра ұқсас келіп жатады. Бірақ 1920—30 жылдардағы морфологиялық тұлғалар өздерінің саны жөнінен де, сондай-ақ жұмсалудың аясы ыңғайынан да ХХ ғасырдың басында жазылған шығармалардағыдан молырақ.

Бұл кезеңдегі шығармаларда осы күнгіден өзгешелеу болып келетін морфологиялық тұлғалардың бәрін бірдей бүгінгі әдеби тілімізде дәл сол бұрынғы күйінде, өзгеріссіз сақталған деуге болмайды. Олардың біразы былайғы жерде күнделікті қолданылу барысында ұшталып, әдеби тіл нормасы тұрғысынан тұрақталып жатса, кейбірі жұмсалудан қалып қойды. Міне, жеке морфологиялық тұлғалардың қалыптасуындағы осы құбылысты дәл аңғару үшін, оларды жеке-жеке талдап көрейік.

**-Ар/ер.** Бұл тұлға жалпы ғылыми жұмыстарда (тікелей де жанама) әр кезде азды-көпті сөз болады. **-Ар/ер** тұлғасы өзінің негізгі қызметінің үстіне ара-тұра тіпті стильдік те мән алып кетеді. Оқулықтарда ол көбінесе етістіктің болжалды келер шақ формасы ретінде талданып жүр. Шын мәнінде, мұның көркем әдебиеттегі, прозалық шығармадағы қолданылу аясы бұдан гөрі кейде кеңейе түседі. Әрине, бұған қарап зерттеліп отырған жиырма жылдағы көркем проза тілінде ол өзінің белгісіз келер шақтық мәнінде қолданылмаған екен деген қорытынды жасауға болмайды. **-Ар/ер** өзінің тура мағынасында да, кейде қосымша мағынада да жұмсалады. Мысалы, ол белгілі бір стильдік мақсатпен байланысты 1920—30 жылдардағы көркем әдебиетте оқта-текте есімшенің **-атын**, **-етін** жұрнағының қызметін атқарып тұрады. **-Ар/ер** тұлғасының мұндай функцияда қолданылуы ішінара Октябрь революциясына дейінгі көркем шығармаларда да, тіпті одан арғы жердегі ауыз әдебиеті нұсқаларында да кездеседі. Бірақ бұл жұрнақтың есімшенің **-атын**, **-етін** форманты ретінде қолданылуы соңғы жиырма жыл ішін-

де жазылған әңгіме повестерде, романдарда, өлеңдерде жиірек байқалады. Олардың кейбірін, мына үзінділерден көруге болады.

*Ойламаған жерден Азаматтың ойына ауылы келіп түсті: тап осы мезгілде ауылы Аршалының бойында отырар еді; ауылдың қақ ортасында Әлімбай қажының діңдей-діңдей боп үш ақ үйі тұрар еді («Азамат Азаматыш»); Баяғы кезде... Жамантай мұнымен иек қағып қана амандасар еді («Қырманда»); Бірақ көңіл құсы қанша шарықтайын десе де, шойындай салмақты, түндей қараңғы бір нәрсе. Шойынның жүрегін 4—5 күннен бері басар еді де тұрар еді («Ер Шойын»).*

1920—30 жылдардағы көркем шығармалардың біразында **-ар/ер** форманты етістіктің белгісіз келер шақ қызметінде де, сондай-ақ жаңағы есімшенің **-атын,-етін** жұрнағының орнында да тұрмайды. Сұраулық шылаулар арқылы айтылатын келе ме, келеді ғой тәрізді етістіктер 1920—30 жылдардағы шығармаларда біраз жерде **-ар, -ер** қосымшасымен келер ме, айтар ма, келер ғой болып жұмсалып отырады. Бұлай, **-ар,-ер** тұлғасы қосылып қолданылған етістіктен сөйлеушінің айтылған ойға қатысты күмәні да ондайлық айқын сезіліп тұрмайды. Мұндай ретте оның, яғни **-ар, -ер** формантының, таза стильдік салмағы басымдау жатады. Бұл — автордың әрбір сөзді, тіпті жеке морфологиялық тұлғаларды да белгілі бір стильдік мақсатқа бағындыра жұмсау қабілетімен байланысты құбылыс. Осыған бірнеше мысал келтірейік.

*«... Мәриәмнің жүрегін бұлар сезе алар ма?!» деп ойлайды Азамат («Азамат Азаматыш»);— Медеу-ау, сен осыны ылғи айтасың, соныңды біз жүргізе алармыз ба? (сонда); Шалға сиырды тапсырып қалу қайда, «белсенді антұрған көрмесе жарар еді» деп, бұрышқа барып жатыр ем, ол көрмей қалар ма («Шұғыла»)?*

*— Көресдің, әлі жиылыс ашылғанда. Талай қоясын ақтарам.*

*— Сонымен сен Түлкібаймен теңдесерсің.*

*— Теңдесермін.*

*— Теңдесерсің. Әлі де ол сенен артық.*

*— Қалай артық?.. («Теміртас»).*

*— Қосқа барып неге ұйықтамадыңыз?*

*— Ұйқы ма?.. Ұйқы қанар ғой («Қырманда»).*

*— Солай екен-ау. Сөйлесу керек екен басқармамен,— деді Дүйсен күңк етіп.*

*— Сөйлесемісің? Шын сөйлесермісің?*

*— Шын сөйлеспейтін несі бар... (сонда).*

Осы келтірілген мысалдардағы белгісіз келер шақ етістіктің **-ар/ер** формантын алып тастап, оның тек таза өзін ғана қалдырғаннан, яғни «... сезе ала ма», «жүргізе аламыз ба», «...көрмей қала ма», «— Теңдесемін», «ұйқы қанады ғой» деп айтқаннан да бұл сөйлемдердің мағынасына еш нұқсан келмейді.

**-Ар/ер** қосымшасы 1920—30 жылдардағы көркем әдебиетте сондай-ақ есімшенің **-атын, -етін** формантының қызметін шартты рай тұлғасындағы «бол» етістігімен қатар тұрып та атқара алады. Рас, мұндай функцияда ол бүгінгі тілімізде де ара-тұра қолданылады. Бірақ сөйлемдегі бұл тәрізді шартты рай тұлғалы көмекші компоненттің алдында келетін сөздердің кез-келгені **-ар/ер** тұлғасын қабылдай бермейді; яғни **-ар/ер** форманты етістікке 1920—30 жылдар ішінде жарияланған шығармалардағымен салыстырғанда бүгінгі көркем шығармаларда біршама жалғанатындығы байқалады. Ал 1920—30 жылдардағы авторлар **-ар/ер** тұлғасын қолдануда етістікті үнемі тандай бермейді. Бұл пікірді дәлелдейтін тіл фактілері 1920—30 жылдардағы көркем әдебиетте аз емес. Кейбірі олардың мына әлпеттес болып келеді.

*Басқаны былай қоя тұрғанда Ертайдың құлағына тиер болса, ол «большевик емес екенсің ғой сен антұрған!» деп қабағын түйіп түнжырап болса, Хамзаның масқара болғаны емес пе? («Қырманда»); Жүсіп осыған қарап: «ашулануы қиын әйел болар; егер ашуланар болса, дегенін істеп тынатын әйел екен» деп қорытынды істеп еді (сонда). Жүністің үстінен бір бет қып материал жіберді, ол шығар болса, бірсыпыра кісілер қаралана-нашақ («Азамат Азаматыш»).*

**-Ар/ер** форманты арқылы келетін етістіктердің кейіпкер тіліндегі қолданылуынан да осындай кейбір өзгешелік байқалады. Бұл көбінесе сұраққа жауап ыңғайында айтылатын диалогтардан көрінеді. Мұндай диалогта бір буынды бол етістігі әуелі шартты рай тұлғасында, бұған іле-шала ол болжалды келер шақ формасында қайталанып жұмсалады. Осы сияқты «болсақ болармыз», «айтсақ айтармыз» тәрізді конструкцияларда не шарттылық ұғым, не болжалдық мағына жоқ. Бұл конструкцияның алдыңғы компоненті, яғни шартты рай етістік, негізінен, қосалқы қызмет атқарып тұрады.

Сондай-ақ «сақ боламын», «мен боламын» деген сияқты жауап репликалар да жоғарыдағыдай үлгіде **-ар/ер** тұлғасы арқылы «сақ болармын», «мен болармын» болып қолданылады. Әрине, мұндай ыңғайда жұмсалған **-ар/ер** формалы етістіктен болжалды келер шақтық мағына үнемі байқала бермейді.

Бірінші жақта келетін *болсақ болармыз* конструкциясы 1920—30 жылдардағы көркем шығармалардың тілінде бір жерде үшінші жақ түрінде *болса болар да* болып жұмсалған. Бұл ретте ол сөйлеушінің айтылған ойға қатысты болжалын, топшылауын аңғартатын тәрізді. Бірақ осы модальдық мағына ондағы *да* жалғаулығы арқылы беріліп тұруы да мүмкін. **-Ар/ер** тұлғалы етістіктің осы тәрізді аспектіде қолданылатынына көркем шығармалардан бірер мысал келтірейік.

— *Жаза баспасам, Бүркіт бауыр сен шығарсың.*

— **Болсақ болармыз**, — дедім («Адасқандар»).

— *Балтабек ағайдың жамағаты деп түсінеміз ғой сізді? Ай-бала тағы жымып күлді.*

— *Солай деп ойлаймыз ғой*, — деді Асқар тағы.

— **Болсақ болармыз** («Жұмбақ жалау»).

— *Сен Бүркітбай емесісің?*

— **Болсақ болармыз** (сонда);

— *Жаза баспасам, сен Асқардың әйелі болатын шығарсың?*

— **Болсақ болармыз**, — деді Ботакөз күмілжіп (сонда);

— *Мүсәпір деген кісі осы ауылда бола ма?* — деді Бәртебай.

— **Мен болармын**. — деді Мүсәпір («Армансыздар»).

— *Сақ бола көріңіз Омекеңе.*

— **Сақ болармын**, қарағым («Қырманда»).

1920—30 жылдары басылып шыққан романдардағы, әңгімелер мен повестердегі, өлеңдердегі кейбір морфологиялық тұлғаларды қолданғанда байқалатын осы тәріздес өзгешеліктер әралуан. Өздерінің қолданылу ерекшелігі жөнінен айрықша көңіл аударатын ендігі бір осындай қосымша — жатыс септіктің **-да, -де** форманты. Оның тұйық рай етістіктен соң жалғанып жұмсалуы да 1920—30 жылдардан басталады. Өйткені Октябрь революциясына дейін жазылған көркем шығармалардың тілінде (тіпті 1903 жылғы «Қапитан қызының» аудармасында да) **-да/де** жалғауының тұйық рай етістікке қосылып қолданылу реті байқалмайды. Септіктің мұндай түрінде келген тұйық рай етістік осы шақтағы белгілі бір процестің созылыңқылық күйін, яғни әлі де әрекеттің жүріп жатқандығын білдіреді. Әрине, бұған қарап мұндай әрекет ұзақтығын білдіретін сөз бұрын болмаған екен деп ұқпау керек. Бірақ ол бұрын бұл сияқты жатыс жалғаулы тұйық рай етістікпен емес, *өтіп жатыр, болып жатыр* деген сияқты сөз орамы арқылы білдіріліп отырылды. Рас, тұйық рай етістіктің жатыс жалғауда қолданылу реті осы жиырма жыл ішіндегі шығармалардың өзінде де оншалықты көп емес. Жатыс септік арқылы келетін тұйық рай етістік отызыншы жылдардың аяғын ала, әсіресе қырқыншы жылдардан былай көркем әдебиетте де, түрлі оқулықтар мен ғылыми еңбектерде де, күнделікті газет-журналдарда да жиі қолданыла бастайды; барынша кеңетек алады. Ал 1920—30 жылдардағы көркем шығармалардың бәрінде бола бермейді. Олардың ішінен бес-алты авторда ғана кездеседі. Бұл ретте (өзгелерге қарағанда) Сейфуллиннің «Айшасы» мен «Тар жол, тайғақ кешуінде» көбірек.

*Ойпаң қобыға түп-түзу қылып сала бастаған, созылған қомақты жер төсек, күн санап, сағат санап өсуде* («Жер қазғандар»); *Сол, бұрын темір жол айналып кеткен, көлденең белестің кертілуі де күн санап, сағат санап кеңіп, тереңдеп қашалуда* (сонда); *Жер, дүние жадырап, жазылып, тершіп, мажырап пысынауда* еді. *Ішуге асы мол, киюге киімі бар, төтен қайғы, төтен күйігі жоқ адамзаттың бейлі кеңіп, қаны тасуда* еді (сон-

да); *Айшаның «қалыңына» алмақ 30 қара оған қазірден-ақ әлдеқандай бу болып, оның екі күннен бері басын айналдырыңқырауда еді («Айша»); Қасқыр, арам тұмсығы қанданып, ес-түсін білмей шабуда («Тар жол, тайғақ кешу»); «Енді ешкім тірі қалмайды» деген сөз түрменің бөлмесінен-бөлмесіне күңкілдеп тарауда. Суық сөз қара жыландай асығып сыбдырлауда. Түрменің бөлме-бөлмесінің есік-тесіктерінен сумаңдап жыланша кіріп шығуда (сонда); Бай да, кедей де балаларын, інілерін қалдыруға алас ұруда (сонда); Қатын-бала, кемпір-шал еңіреп жылауда (сонда); Ысқақ әйелі бас үйітіп қазан асуда («Жолдастар»); Жылған қалықтың үлкен-кішісінің бәрі дабырлап, Сатанның қолын кезек-кезек алып амандасуда (сонда); Ақтар ылғи жеңіліп, бері қарай қашуда («Тулаған толқында»); Бекіш науқастың түрінен шошып... не істерін білмей далада жүруде болды («Ел анасы»).*

*-Ыс/іс* қосымшасының бүгінгі әдеби тілдегі қолданылуы мен 1920—30 жылдардағы қолданылуы да әлбетте бірдей емес. Оның қазіргі кездегі жұмсалыу аясымен салыстырғанда ол тұста бір шама жиірек жалғанып отырғандығы аңғарылады. Мысалы, осы күнде әдеби тілімізде әрқашан кездесетін тұйық рай етістік *ұйымдасу (ұйымдастыру)* 1920—30 жылдардағы көркем шығармалардың кейбіреуінде көбінесе *ұйысу (ұйыстыру)* болып қолданылады. Бұл арада енді жеке сөздің терминдік дәрежесі жөнінде тоқтала кеткен жөн. Әңгіме орыс тіліндегі *организация* дейтін атаудың қазақ тіліндегі баламасы туралы. Осы *организация* термині бұл кезеңде ұя делініп жүрді. Ал әдеттегі *организовать* етістігінің *ұйымдастыру* түрінде алынбай, *ұйыстыру* түрінде аударылып берілуі осы мәселеге байланысты. Өйткені *организация* атауының баламасы етіліп алынған бір кездегі ұя сөзі кейін қолданыла келе әдеби тілімізге сіңіп кете алмады. Оның орнына бірте-бірте *ұйым* термині орныға бастады. Бұған байланысты әуелгі *ұйысу* етістігі де шет қақпайланып, ақыры, *организация* атауының «*ұйым*» түрінде аталуымен байланысты ол *ұйымдастыру* болып қабылданып кетті.

Міне, 1920—30 жылдардағы көркем шығармаларда *организовать* етістігінің алдымен *ұйыстыру* делінуі, кейіннен бірақ *ұйымдастыру* түрінде алыну себебі, *организация* сөзінің әуелі ұя формасында, одан кейін өзгеріп, *ұйым* болып қолданылуына байланысты.

Әрине, бұған қарап *-ыс/іс* жұрнағының 1920—30 жылдардағы қолданылу аясын осымен ғана шектеп, яғни *организация* атауының қазақша баламасы ретінде сол кезеңде ұя сөзінің алынуымен ғана байланыстыра, қарауға болмайды. Өйткені *-ыс/іс* жұрнағының талданып отырған кезеңдегі қолданылу жиілігі көркем шығармаларда бұдан басқа да жекелеген сөздерден айқын сезіліп тұрады. Мысалы, қазіргі әдеби тілімізде жиі қолданылатын, әбден кірігіп, талайдан сіңісті болып кеткен *тапсыр-*



ма сөзін алатын болсақ, бұл да сол жиырма жыл ішінде жарияланған шығармалардың кейбіреулерінде ара-тұра *тапсырыс* болып қолданылып отырады. Жоғарыда *ұйыстыру* сөзінің бергі жерде *ұйымдастыру* болып өзгеруін ұя атауының *ұйым* етіліп алынуымен байланысты болар дедік. Ал *тапсырыс* сөзінің *тапсырма* түріне ауысуын да осы тұрғыда түсіндіруге еш ыңғай жоқ. Орыс тіліндегі *организовать* етістігі бұл кезеңде үнемі *ұйыстыру* түрінде келіп отырғанмен, оқта-текте сондай-ақ *ұйымдастыру* формасында да алынған: Бірақ *ұйымдастыру* сөзі ол кезде өте сирек қолданылатын.

Осы 1920—30 жылдардағы көркем әдебиет тілінен байқалатын *-ыс/іс* жұрнағы арқылы келген *ұйыстыру* етістігі мен *тапсырыс* түріндегі туынды есімге жалғыз-жарым мысал бере кетейік.

— *...Білмесек те үкіметке сенейік, «кәллек» болып ұйысайық* («Сот алдында»); *Мына Жақып осы артельді бастап ұйыстырған азаматымыздың бірі еді* («Көк теректің бауырында»); *Партия ұйыстырушысы Құрманғали келіп кірді үйге* («Хат»); *Арба маңындағыларға толып жатқан тапсырыс берген боп Бәкен жүр* («Раушанк...»); *Раушан сол тапсырысты орындайын десе де...* («Раушан коммунист»); *Қаттың бұдан кейінгісі тапсырыс екен* («Азамат Азаматыш»); *Тапсырысты осы жерден алады* (сонда); *Бұл мәжіліске келушілер өзінше ойлап келсе, оны ұйыстырушылар екінші түрлі ойлаушы еді* (сонда); *Борсықбаев Губ исполкомның ұйыстыру бөлімін меңгерген бе?* (сонда); *Әсіресе мұндай мәжілісті Шалматайдың өткен жылғы түскен тоқалы — Мысық қажының қызы — ұйыстыратын* («Жолдастар»); *Жігіттердің жұмысын ұйыстыратын пәдіредшік, кампаниялармен сөйлесіп..* (сонда); *Гыро-мов жұмысшыларды бірте-бірте ұйыстырып, яркомке қарсы қойды* («Қызылжар»); *Милитсиа ұйыстырылды. Қраснай гвардия жасағын ұйыстырып жатырмыз* (сонда).

*-Ыс/іс* қосымшасы 1920—30 жылдардағы көркем шығармаларда бұл екі сөзден басқа да ретте, айталық ол тұйық рай формантының орнында да, қолданылады. Мысалы, қазіргі тілде әдетте *ренжу* түрінде жұмсалатын етістіктің тұйық рай көрсеткіші талданып отырған кезеңдегі көркем шығармаларда ара-тұра алынып тасталып, оның орнына *-ыс/іс* жұрнағы қойылып жұмсалған, мысалы: *терімен сауда қылатын Әбді Ережелтің түсіп қалғанына ренжіс білдірді* («Азамат Азаматыш») т. б. Бірақ тұйық рай формалы етістік орнында келетін осындай, *ренжіс* тәрізді жеке сөздер 1920—30 жылдардан былай қарай біртіндеп саралана бастайды, яғни кейбір сөздерде *-ыс/іс* қосымшасы түсіп қап, өзінің сол бұрынғы тұйық рай қалпына келеді.

*-Ыс/іс* аффиксінің 1920—30 жылдардағы жалпы қолданылу

жиілігі ортақ етіс төңірегінен де байқалады. Мысалы, мына бір үзінділерге назар аударып көрейік.

Өздері бақырын қайнатып, тамақтанған соң сәске түске шейін ұйықтап, әбден **тыңайысты**. Ұйқылары **қанысып** аттары тойған соң жүруге дайындалды («Жолдастар»); Түйе байғұстар да бық еткен жоқ. Қатта үлкен басымен ұрыны ортасына жасырысуға жәрдемші болғандай **үндеспеді** (сонда); Бұларды жаяу Баян қаласына айдап **кетісті** (сонда); Кеңесін тұрғанымызды көрсе де үндемес деп **Илиасқа сеністі** («Тулаған толқында»).

Осы келтірілген мысалдардағы **-ыс/іс** тұлғалы жеке лексемалар (**қанысып, тыңайысты, үндеспеді, кетісті, сеністі**) қазіргі әдеби тілімізде көбінесе **қанды, тыңайды, үндемеді, кетті, сенді** деген тәрізде — жай етістік ретінде ғана қолданылады.

**-Ыс/іс** формантының активтігі, яғни қолданылу жиілігі көркем шығармалардан гөрі осы кезеңдегі (1920—30 жылдардағы) түрлі ғылыми әдебиеттердің, арнайы зерттеулер мен оқулықтардың, газет және журналдардың тілінен айқын сезіледі. Өйткені автордың бұл жұрнақты еркін қолдануына көркем әдебиет стилінің табиғаты үнемі иліге бермейді. Ал ол осы аралықтағы әдеби тілімізде, басқа функционалдық стильдердің қай-қайсысында да кең етек алған.

1920—30 жылдардағы көркем шығармалардағы баса көңіл аударатын осындай қосымшалардың тағы бірі — **-паз (-м-паз)** жұрнағы. Әрине, бұл да барлық авторлардың шығармаларында бола бермейді. Бірақ оның қазіргі әдеби тілдегі қолданылу дәрежесімен салыстырсақ, ол кездегі жұмсалы аясының кеңірек екендігін байқаймыз. **-Паз** қосымшасы арқылы айтылатын жеке сөздер бұл кезеңде, негізінен, төрт-ақ автордың шығармаларында кездеседі. Алайда, олардың лексемалары сан жағынан біркелкі емес. Мысалы, осы жазушылардың ішінде **-паз** аффиксі әсіресе Сәбит Мұқановтың романдарында жиірек.

1920—30 жылдардағы көркем шығармада, сондай-ақ жалпы басқа да әр түрлі әдебиеттерде, баспа тілінде ілгеріде талданған **-ыс, -іс** қосымшасы тәрізді, **-паз** жұрнағы да бүгінгіден әлдеқайда кең көлемде қолданылған. Қазіргі әдеби тілде **-паз** аффиксі жалғанатын сөздер бірді-екілі-ақ. Мысалы: *өнерпаз, сұрампаз* т. б.

**-Ым-паз, -ім-паз** жұрнағы әдетте осы күнгі **-м-шақ, -м-шек** аффиксінің, ал енді бірде **-шыл, -шіл** кейде, тіпті **-қыш, -гіш** қосымшасының мағынасын білдіреді. Осы мәнде тіркелетін түбірдің лексикалық мағынасына қарай **-жан** (*балажан*) немесе **-жанды** (*ет жанды, мал жанды*), **-қор** (*дүниеқор*), **-қой** (*сауыққой*), **-гөй** (*ақылгөй, батагөй*) тәрізді біраз жұрнақтар да ара-тұра қолданылып отырылады. 1920—30 жылдарда **-паз** қосымшасы өзінің қолданылу жиілігі жөнінен осылармен жалпы қатар түсіп жатады. Бұлардың ішінен қолданылу аясы бүгінде тарайып, оқу құралдарында, күнделікті

газет-журналдардың, ғылыми жұмыстардың тілінде, әсіресе көркем шығарма тілінде аз қолданылатыны — осы **-паз** жұрнағы.

Кей авторларда, жекелеген публицистикалық ыңғайдағы мақалаларда **-паз** аффиксі әлі де ұшырасады. Бірақ ол мұндай ретте белгілі бір стильдік мақсатта, көркем контекске экспрессивтік өң беру үшін қолданылады. Ал 1920—30 жылдардағы көркем әдебиетте **-паз** қосымшасы жалғанып келген сөздер қазір сол қалпы, сол аффикс арқылы қолданыла бермейді. Айталық, *кеңесімпаз* емес — *кеңесшіл*, *малтымпаз* не *көрімпаз* емес — *малтығыш*, *көргіш* түрінде келіп отырады. Енді осыларға сол кездегі кей шығармалардан бірер мысал келтірейік.

*Ол әсіресе арақ ішіп алса сөйлемпаз, шешен болып кетеді* («Жолдастар»); *Ол бір сөйлемпаз адам еді* («Тар жол, тайғақ кешу»); *Өзі сөйлемпаз үстінде киімдері жаман, «1905 жылдың революциясына қатысқанмын» дейтін* (сонда); *Тағдыр дегенің қайда жүр? Қорғампаз періштелер қайда?* («Арман ағысы»); — *Ау, қойсаңдаршы, жігіт емессіңдер ме?* — деді **қорғампаз** жігіт, — *осы жолы олжасыз емессіңдер ғой* (сонда); *Қолыңнан түк келмесе де, түнде ұйқың қашып, боз балалардың соңына ерімпаз болады екенсің* («Адасқандар»); ... *бай үйлердің «қызық» көрімпазы қандай* (сонда); *Сырт естуі Мадияр ұлтшыл болғанмен, адамды аямпаз, жұмсақ мінез дейтін еді* («Жұмбақ жалау»); *Жолдыбай кеңесімпаз, жайдары адам екен* (сонда); *Ол малтымпаз емес еді* («Теміртас»); — ... *қала қалқының жігіті осындай ұршық сықылды үйірілімпаз келеді* (сонда); *оның үстіне шаршампаз боп кетіп ем* (сонда); *Сіздің сескенпаз кісі екеніңізді көрдім* (сонда); *Теміртастың ерегіске қызымпаз адам екенін Қозыбақ бір көргеннен аңғарған* (сонда); *Ойыншықтың қандайына болса да жалығымпаз* (сонда); *Өл өте жабысқақ, қадалғыш, сіңімпаз нәрсе* (сонда).

1920—30 жылдардағы көркем шығармаларда өздерінің қолданылуы жөнінен осылай жиі кездесіп отыратын кейбір жекелеген жұрнақтар қатарына **-шы,-ші** қосымшасын да жатқызуға болады. Рас, әдеби тілімізде бұл әлі де бар (*кенші, малыш, оқушы* т. б.). Бірақ оның сөз етіліп отырған жиырма жыл ішіндегі қолданылуы мен қазіргі жұмсалыуының арасында ептеп болса да бір өзгешелік бары байқалады. Қазіргі кезеңде көбіне-көп белгілі бір мамандықты, кәсіптің түрін білдіретін жұрнақ ретінде қолданылады. **-Шы, -ші** аффиксі осы функцияда сол 1920—30 жылдардың өзінде де жазба нұсқалардың жалпы бәрінде, әсіресе ғылыми және публицистикалық стильге байланысты, үнемі қолданылып отырылады. Бірақ **-шы,-ші** аффиксі осы қызметінің, яғни етістіктен не есімнен жаңа бір туынды түбір жасау функциясын сонымен қатар, кейде сөздің сырт формасын өзгертетін қосымша ретінде де жұмсалады. Бұл ретте ол тек тұйық рай етістікке ғана жалғанып, өткен шақ есімшенің қызметін, тіпті есімшенің **-а-тын, -е-тін** жұрнағының функциясын атқарады.

Мысалы, зерттеліп отырған кезеңде біраз авторлар өздерінің шығармаларында *қозғалмаған, қарағандар* деген сияқты есімше орнына ара-тұра *қараушылар, қозғалмаушы* сөздерін қолданады. Әрине, мұндай **-шы, -ші** аффиксті тұйық рай етістік осы жиырма жыл ішіндегі жарияланған көркем шығармалардың бәрінде бола бермейді.

**-Шы, -ші** жұрнағы жаңадан сөз жасауда, әрқилы тың ұғымдарды білдіретін жекелеген терминдер қалыптастыруда әлі де жиі қолданылады. Ал 1920—30 жылдардағы көркем әдебиеттегі мына тәрізді **-шы, -ші** аффиксті тұйық рай етістіктер, мысалы, *қараушылар, қозғалмаушы* әлпеттес лексемалар, қазір көп байқала бермейді.

*Сыздық өзін сөгуші дауысты жолдастар жағынан естімеген соң... («Сөніп жану»); Қақпаны ашушы Медеу болды («Азамат Азаматыш»); Сондай оймен қозғалмаушылардың бірі осы Мәмбет, Сатандар отырған іскамейке еді («Жолдастар»); Байдың сыртында, сырт айналса о жырая қараушылар көбейді («Қызылжар»)* т. б.

1920—30 жылдардағы көркем шығармаларда өзінің қолданылу жиілігі жөнінен кейбір шылаулар да осылай айрықша назар аударады. Бұл ретте әсіресе **-ау, -ақ, -ғой, -қой** шылауларын бөле айту керек. Олар, рас, тілімізде 1920—30 жылдарға дейін де, сондай-ақ одан бергі аралықта да бар құбылыс. Бірақ осы шылаулардың бұрын-соңғы қолданылуын салыстырсақ, зерттеліп отырған жиырма жыл ішінде кейбір шығармада көбірек қолданылғандығы бірден аңғарылады. **-Ау, -ақ, -ғой** шылауларының осы кезеңдегі көркем әдебиетте бұлай жиі жұмсалыуының себебі бұл жылдардың жалпы әрбір жазушы үшін жан-жақты іздену, үйрену кезеңі болғаны мәлім. Автор әдетте өз ремаркасының, сондай-ақ шығармасындағы кейіпкерлер сөзінің көркемдігін, образдылық дәрежесін кемелдендіре түсу мақсатымен тілдегі барша көріктегіш бейнелеу құралдарын мүмкін болғанша шашау шығармай, орнын дәл тауып пайдалануға күш салады. Осы ыңғайда олар жеке сөздерге де, түрлі жалғау-жұрнақтарға да, әрбір морфологиялық форманттар мен фонетикалық кейбір құбылыстарға сәл де боса экспрессивтік өң жамап, эстетикалық әсерлілік бере отыруға тырысады. Міне, осындай ретте жазушы кейде белгілі қалыптан шығыңқырап та кететін сияқты. Ал жоғарыдағы **-ау, -ақ, -ғой, -қой** шылауларының 1920—30 жылдардағы көркем шығармалардағы тым жиілігі оларды қолдануға кей автордың көбірек әуестенуінен туса керек. Өйткені бұл шылаулар тіпті орайы жоқ жерде де, айталық авторлық ремарканың өзінде де, кездесіп отырады. Мысалы:

— *Шырағым-ау, бәріміз қазақтың баласы емеспіз бе? Сондағы сөйлескендерің осы қазақтың қамы шығар ғой,*— деп, Омар

жымыңдады («Сары ала тон»); Тұмарша есікке ығысқанда, Жүсіп оған оқ болып-ақ атылды («Қырманда»); Құлажиектеніп көтерілген тақ терезені бозартып, үй ішіне бұлдыр сәуле енгізген кезде, Хамза төсектен **атып-ақ** тұрды (сонда);

Осы тәріздес жекелеген мысалдарды «Адасқандардан» да, «Арман ағысынан» да тағы да кейбір шығармалардан кездестіруге болады. Бірақ Бейімбет шығармаларындағыдай жиі емес. Майлин прозасында осы **-ау, -ақ, -қой, -ғой** шылауларының қолданылуындағы мұндай жиілігін автордың өзіндік стиль ерекшелігімен, оның суреткерлік шеберлігінің табиғатымен байланыстыра да қарау керек сияқты. Өйткені ол өзінің шығармаларында халық өмірінің барлық қабатын барынша қарапайым тілмен, сол кезеңдегі кейіпкерінің жалпы ой дәрежесіне, оқушыларының дүние танымына, талғамына лайық бейнелеу құралдарымен, не бір айшықты сөз орамдарымен шебер суреттеп беріп отырған. Бейімбет осындай көркемдікке, образдылыққа салттық лексикадағы (бытовая лексикадағы), дағдыдағы қарапайым сөздердің қай-қайсысын да ұтымды пайдалана отырып жетті. Оның өз алдына әбден қалыптасқан суреттеу машығынан, үлкенді-кішілі прозалық шығармаларының кезкелгенінен жалпы халықтық тілдің сөйлеу мәдениетінің барлық қыр-сырын жетік меңгергендігі айқын сезіліп тұрады.

1920—30 жылдардағы көркем шығармалардың тілінен, стілінен бұлардан басқа тағы бір сала — морфологиялық өзгешеліктер кездеседі. Бірақ бұлар ілгеріде жеке-жеке талданған кейбір морфологиялық құбылыстардан басқашалау. Ілгеріде санамалап талданған морфологиялық тұлғалар бірнеше шығармада кездесіп отырады. Ал біздің ендігі сөз еткелі отырған кейбір жалғыз-жарым морфологиялық форманттардың қолданылуындағы ерекшелік, негізінен, бір-ақ жазушының шығармасының көлемінде ғана байқалады. Мысалы, *көріп отыр* тәрізді сөз орамдарындағы көсемшенің **-in** формасының орнына Майлин өзінің романдары мен повестерінде, әңгімелерінде біраз жерде көмектес септігін қолданады. Рас, бұл орайда көмектес септігі тұйық рай етістікке жалғанып келеді. Осы құбылыс Сәкен Сейфуллиннің прозасында өте сирек, бірді-екілі рет қана ұшырасады. Сондай-ақ салыстырма мәнді **-дай, -дей, -й -тін** қосымшасының орнына **-тік** жалғауының жұмсалуды немесе **-у -лі** аффиксі жалғанып келетін бұйрық рай етістігінің (*кету-лі* т. б.) қолданылуы және **-ман** қосымшасымен келетін *ал* етістігінің (*алман, бере алман, жете алман, бара алман* тәрізді) *қалман* болып жұмсалуды 1920—30 жылдары тек Майлиннің ғана шығармаларынан байқалады. Ал әдетте *жатпап алу* түрінде келетін конструкцияның *жатқа алу* болып, қазіргі **-ист** жұрнағының орнына кейде **-шы, -ші** қосымшасының қолданылуы оқта-текте Сейфуллиннің прозалық шығармаларынан ғана кездеседі.

Аузын ашып, көздерін бажырайта қарап қалың жұрт үюмен отыр («Азамат Азамтыш»); Әлде болса үмітін үзбегендей артына қараумен барады (сонда); Сол ұйымның өмір сүріп кеңеюіне аяғын аттаған сайын көмегін тигізумен отырушы еді (сонда); Демесін қайта жақсы көрген пішін керсетумен келеді («Раушан коммунист»); Мана Ертай аттанып кетерде, әйелі Айымкүл есіктің алдына тұрумен қалды («Қырманда»); Манадан бері қалшиюмен отырған. Қуанышбек шал денесіне кенет жан кіргендей қозғалып... («Әмір-жанның әңгімесі»); Әлсен қажыны ұрумен түрмеде өлтірді («Тар жол, тайғақ кешу»); Жүрегі елжіреп, буыны босап, өзін-өзі ұстап тұра алмастық қалыпқа келеді («Талақ»); «Несі бар менде осы жұрттың? Неге қоймайды тәлкегін?..» деген ашулы ой Хамзаны еш нәрседен сақтандырмастық еді («Қырманда»); Досқожа, Әлжаппарлар бастапқы кезде босандық білдірсе де, Жүсіптің қайрауы келіскеннен кейін құлшынып, неден болса да тайынбастық болып отыр (сонда); Азамат пен Шәймерден енді бірін-бірі көрместік араз кісінің түріне кіріп еді («Азамат Азаматыш»); Не айтып жатқаны Бәкенге күңгірт, Бәкеннің құлағы оны есітпестік керек («Раушан коммунист»); Мәриам, қайда Барсаңда құтқармаймын деп қуып кетулі («Азамат Азаматыш»); Пысынап, терлеп көбінің мазасы кетулі-ақ, бірақ сол күйлері өздеріне қызық секілді («Көк теректің бауырында»); Кетіп баратқан Әзімқанның жүрегі ақырын езіліп аунақшып, жанына шоқ басқандай батулы еді. Алтынды төбемнен келтіріп үйсе де; жиылысына бара қалман («Азамат Азаматыш»); Әлімнен келсе, Мәриамді ренжіте қалман (сонда);— Ей, сен мұндай өлеңдерді кітаптардан жатқа алдым деймісің («Айша»);— Қолға түскен баспа кітаптарды оқып, іштерінде жатқа алатын сөздері болса, жатқа аламын (сонда); Паровоздың машинешісі бізге қадалып қарап өтті («Тар жол, тайғақ кешу») Паровоздың машинешілері әдейі асықпайтын тәрізді (сонда).

Міне, осы келтірілген мысалдардағы жекелеген морфологиялық құбылыстардың дені Майлин шығармаларынан. Бұған қарап ол құбылыстардың кейбірін (*у-мен отыр, -у-мен қалды, ... у-мен барады, көрместік, есітпестік, жатқа алу*) локальдық ыңғайда талдауға да болатын сияқты.<sup>1</sup> Ал бара қалман, ренжіте қалман дегендердегі қалман Махамбет поэзиясының тілінде жиі кездесіп отырады. Осы мысалдардағы морфологиялық құбылыстардың қай-қайсысы да ең әуелі сол 1920—30 жылдардағы әдеби тіліміздің көркем әдебиеттегі даму көрінісі ретінде қаралады. Осы ретте, қысқаша түрде болса да мына бір фактіге де тоқтала кетуді жөн көрдік. Тілімізде қалмақы (қалмақы ер),

<sup>1</sup> Локальдық ыңғайдағы грамматикалық ерекшеліктер 1920—30 жылдардағы көркем прозалық шығармалардың тілінде сирек ұшырасады.

*шәйі* (шәйі көрпе), *батсайы* (батсайы шапан), *қалы* (қалы кілем) тәріздес, яғни осылай **-ы/і** қосымшасына аяқталатын біраз сөз бар. Бұл қосымша зат есімнен сын есім жасайды. Жас ғалым Исаев жоғарыдағы әлпеттес белгілі бір санаулы сөздерге ғана жалғанып келіп отыратын **-ы/і** қосымшасының парсының изафетінен қалыптасқандығын, мысалы, тіліміздегі *тарихи, саяси, ғылыми* сияқты лексемалардағы **-и** мен әлгі (**ы**) **і** қосымшасының бір құбылыс екендігін орынды атап көрсетеді<sup>1</sup>. Бірақ бізге күні бүгінге дейін осы **-ы/і** қосымшасы арқылы анықтауыш болып келетін санаулы сөздердің бәрі де заттың неден жасалғандығын, оның шыққан жерін, тегін білдіретіндігін көрсетеді. Ал ол мұның сыртында зерттеліп отырған дәуірдегі бір шығармада кәсіптік мағынада жұмсалатын **-шы** аффиксінің де қызметінде, яғни *колхозшы әйел* деудің орнына *қалқозы әйел* түрінде қолданылған (рас, бұл факті бір ғана жерде кездеседі).

*Қатты қолына ұстап тұр демесең, соған қарағысы келмеген секілденіп, көзі қолтығындағы газетке түсіп тұр. Газет бетінде бір топ қалқозы әйелдердің Сталин жолдасымен бірге отырған сурет басылыпты («Хат»).*

Қазіргі әдеби тіліміздегі *бүлініп* түрінде жұмсалатын көсемше, сондай-ақ баяндауыш құрамында көмекші компонент қызметінде келетін *жаздады* етістігі зерттеліп отырған кезеңдегі кейбір жекелеген шығармаларда дыбыстық жағынан сәл ықшамдалып, *бүліп, жазды* болып қолданылған. Осы күнгі *керек болып* (керек боп) түріндегі күрделі етістік Майлиннің «Қырманда» повесінде *керегіп* формасында кездеседі.

Ал Сейфуллиннің прозалық шығармаларында қазіргі әдеби тіліміздегі *шейін* шылауы ара-тұра қысқартылып, тек **-ше** яғни *бүгінгеше, мектепкеше* боп жұмсалып отырады. Жоғарыдағы төрт түрлі морфологиялық құбылыстардың қай-қайсысы да, әсіресе соңғы **-ше** шылауы «Түркстан уалаятының газетінде», басқа да газет-журналдарда кездесіп отырады. Ол сондай-ақ бүгінгі өзбек әдеби тілінде де дәл осылай **-ше** түрінде айтылады. Мысалы, 1920—30 жылдардағы кейбір көркем шығармаларда әлгі морфологиялық құбылыстар мына тәріздес сөз орамдарында пайдаланылады.

— *Сүндетпісің?— Деді Жәкең томсарып: бір тұңғыыққа кездестік! Бұдан аман шықпасақ, біздің бүлгеніміз* («Азамат Азаматыш»); *Ана бір ұзын мұрт, қолағаш мұрын сарыны көрдің бе, тақияшаңданып, киімінің, түймесін ағытып, желпініп, сол қолымен бүйірін таянып бүліп отыр* (сонда); *Қылының жағасында жатқан қайықты, сатырлап уатылып жылжып бара жатқан мұзды, гүрілдеп жатқан суды көргенде, ұшып кете жазды* («Тулаған толқында»); *Екі басы кезек-кезек шоңқайып*

<sup>1</sup> С. Исаев. «И тұлғалы қатыстық сын есімдер».— Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары, Қоғамдық ғылымдар сериясы, 1965, I.

суға батуға айналды. Сеңнің астына **кете жазды** (сонда).—  
Сені **ертеңгеше** кепілге алатын кісі табыла ма? («Тар жол,  
тайғақ кешу»; Бәйсейіттің кейіп айтқан осы сөзін **кәзіргеше**  
ұмытпаймын (сонда); «Құтпаның» қарта ойынға ақша **керегін**  
жүрмесе...» деген сөзін есіткенде, Бейсенбай от боп өртенгендей  
қызарды («Қырманда»).

Жоғарыда мысалға келтірілген бұлді (бүлгеміз), жазды  
формасындағы етістіктер кейбір эпостық жырлардан да ара-тұ-  
ра ұшырасады.

Аямай тарттың қамшыңды  
Батыр туған, Қоблан нар!  
Өлмесем де кеудемнен  
Шыға **жазды**, шыбын жан  
(«Қобланды батыр»);

Қалың Қыпшақ **бұлді** деп  
Көрмегенді көрді деп,  
Қобланды да жеткен-ді (сонда).

1920—30 жылдардағы прозалық шығармалардың тілінен бай-  
қалатын синтаксистік ерекшеліктер қатарында онда үшін, тұр-  
сын үшін тәрізді конструкцияларға тоқтала кету керек. Бұл  
конструкция Октябрь революциясына дейінгі аралықтағы шы-  
ғармаларда да кездесіп отырады. Оның бұл тұстағы қолданылу  
жиілігі мен зерттеліп отырған соңғы жиырма жыл ішіндегі  
көркем әдебиеттегі жұмсалыу жиілігі бір емес. 1920—30 жылдар-  
дағы көркем әдебиетте ғана емес, жалпы газет-журнал, оқу  
құралдары, зерттеу және көпшілік қолды үлкенді-кішілі кітап-  
тардың қай-қайсысында да мұндай конструкция Октябрь рево-  
люциясына дейінгіге қарағанда сиректеу қолданыла бастайды.  
Қазіргі әдеби тіліміздегі сол үшін (сондықтан), ол үшін, бұл  
үшін, осы үшін, тұру үшін, айтқаны үшін, іс істегені үшін, рен-  
жіткені үшін (ренжіткендіктен), ауру болғандықтан тәрізді кон-  
струкциялар жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы кейбір  
романдарда, жекелеген әңгімелер мен повестерде оның үшін,  
мұның үшін, тұрсын үшін, іс қылған үшін, болған себепті, рен-  
жіткен себепті, көрген болғандықтан, ауру себепті болып қолда-  
нылады. Солардың кейбіріне енді бірер мысал келтіре кетейік.

Бұл Жарболдың аузынан шығатын сөз ғой. Жарбол Алма-  
ғамбетті **осының үшін** жақсы көреді («Азамат Азаматыш»);  
Медеу айтса, шынын айтып берді, **оның үшін** қанша жазықты  
ол? (сонда); Бүгін таяқ маған тиді, мен **мұның үшін** күйінбей-  
мін (сонда); Бай бұларды жазды күні парақот жүргізуге дайын  
**тұрсын үшін**, әдейі қысты күні өз қолына ұстап қалады  
(«Жолдастар»); Ақмола түрмесінде, жалғыз-ақ, **ауру себеп-  
ті**, Нұрғайын мен ушител Горбашопты қалдырмақ («Тар  
жол, тайғақ кешу»); Атбасар собдені **жуастау болған се-  
бепті**, ақтар үш-төрт-ақ кісіні көген түпке алып қалып, өзгесін



қоя берген екен (сонда); *Болшебікке қосылып іс қылған үшін...* сегіз қазақ жігітін атып өлтірді (сонда); *Жеңілетін болған соң қашқалы жатыр екен, астықты соның үшін жиғызғалы жатыр екен* («Сот алдында»); *Ертайдың маңына ұйысқан топты шайқалдырса ғана дегеніне жете алады. Оның үшін Жүсіптің таяныш қылған адамдары саны аз болса да сақадай болсын* («Қырманда»); *Жұрт Тәлімді әйелі ғана деп қарайды. Соның үшін де өсектейді* («Хат»); *Жәкіш Ақметті жасында көрген болғандықтан тани кетті* («Астарлы әдіс»).

Бұл келтірілген мысалдардағы *соның үшін, болған себепті, тұрсын үшін* конструкциялары авторлық ремаркаға, жалпы текске не экспрессия тұрғысынан, эстетикалық өң беру жөнінен де, әлде бір стильдік бояу қосу ыңғайынан да ешбір септігін тигізіп тұрған жоқ. Олар мұнда тек әдеби тілдің даму көрінісі ретінде ғана алынып отыр. Әдеби тілдің 1920—30 жылдардағы дамуының көркем прозадағы көрінісі ретінде есім тіркестерді де қарауға болады. Мысалы, етістік тіркесінде әдетте табыс септігі арқылы қолданылып отыратын есім сөзі кейде барыс жалғауында тұрып та айтыла береді. Мысалы, *Айжанды ұрсу, Айжанға ұрсу*. Ал 1920—30 жылдардағы прозалық шығармаларда бұл тіркес бұдан гөрі өзгешелеу болып келеді. Айталық, жоғарыда аталған етістік тіркестегі есім сөз табыс септігінде тұрудың орнына бірсыпыра жерде шығыс жалғауында, окта-текте көмектес септікте де қолданылады. *Пайдалану* етістігі меңгеретін сөздің шығыс және көмектес жалғауында да жұмсала беретіндігі болады. Соңғысы, яғни *пайдалану* етістігінің көмектес септіктегі есімді меңгеріп тұруы орыс тілінің (*пользуюсь случаем* тәрізді тіркестерінің) әсері.

*Ойлап* етістігі меңгеретін сөздің де формасы айрықша көңіл аударады. Бұның ілгерідегі *пайдалану* етістігі арқылы келетін тіркестен айырмасы сол, мұнда меңгерілетін, яғни бағынышты сөз есім емес, үнемі барыс жалғаулы тұйық рай етістігі болып келеді. Мысалы, *жылынайын деп ойлап* түрінде айтылатын сөз орамы зерттеліп отырған кезеңдегі кейбір шығармаларда *жылынуға ойлап* болып қолданылады. Рас, кей жағдайда әлгі *ойлап* етістігінің орнына басқа да сөздер айтылады. Мысалы, мұндай тіркесте ара-тұра *білмей* етістігі де қолданылады. Әдетте бұл етістіктің де меңгеретін сөзі табыс септікте тұруы шарт. Бірақ ол кейде барыс жалғаулы тұйық рай етістікпен де тіркесе қолданылады. *Ойлап* (білмей), *пайдаланып* етістіктерінің негізінде жасалатын осы конструкциялар әдеби тіл дамуының көркем әдебиеттегі бір көрінісі деп танылады.

Осы 1920—30 жылдардағы шығармаларда ол конструкциялар мына ыңғайда, мынадай сөйлемдік байланыста пайдаланылған:

*Жолаушылар үйге кіріп жылынуға ойлағанда... бөрене-*

де отырған Андрей Кулакопты көрді («Жұмбақ жалау»); Ертең ерте Петербурға жүреміз деген күні, балаларды оқудан тарадардың алдында қайда баратындығы туралы Асқар әңгіме жасауға ойлады (сонда); мен келгенше қайда болуға ойлайсыз (сонда); Асанның солдатқа баруға қарсы ойын білген Ботакөз, моментпен пайдаланып Асанды Алашордаға қарсы үгіттегісі келді («Жұмбақ жалау»); Оп-оңай құтыла қоюға ойлайсыңдар (сонда); — Неғып отырсың? — деді Сарақнай, ушумен пайдаланып Алыпқашқа («Теміртас»); Күлпаш барғалы қайғы үстіне қайғы жамап, ақырында, бүгін Жұмағазының үйде жоғынан пайдаланып келе жатқаны еді («Күлпаш»); Осы Қонақай мен Жоламанды Айдар бауырына тартып қашқындық қалдарымен пайдаланып («Барымта»); Маңындағылардың қызулығынан пайдаланып Толқынай сытылып алдыңғы бөлмеге шықты («Азамат Азаматыш»); Қызулықпен пыратес жасауға да ойлап, артынан тағы өзін-өзі басқан (сонда); Екінші жақтан оны зауыт бастығы қазақтарға тіл білетіндігінен пайдаланып әдейі қойды («Жолдас-тар»); Сол жерде сөзге қыстырылуға ойлаған Аманбай қақырып тастап, Мәмбетті болысқа таныстырды (сонда); Қайта басын байлап, малынша айдап, кедейлігінен қолының мешеулігінен пайдаланып табан ет, маңдай терісін жеп қойған жоқ па (сонда); Сен Қылышқа айт, мені кешсін. Мен төбеле-суге ойлағам жоқ («Қызылжар»).

### § 38. 1920—30 жылдардағы көркем әдебиет тілінің лексикалық ерекшеліктері

1920—30 жылдар — әдеби тіліміздің қаурыт дами бастаған кезі. Бұл аралық — бүгінде әбден қалыптасқан көптеген терминдердің түрлі формада көріне бастаған шағы. Өйткені қазіргі терминдер бірден қалыптаса қалған жоқ. Сол дәуірде орыс тіліндегі атаулардың баламасы ретінде алынған бірсыпыра терминдер былайғы жерде сіңбей, қолданыла келе шығып қалып та жатты. Авторлар орыс тіліндегі терминдердің қай-қайсысының да қазақша баламасын табуға тырысты. Бұл, әрине, функционалдық стильдердің енді-енді қалыптаса бастаған кезеңі үшін белгілі шамада орынды да құбылыс еді. Тіпті тәжірибе тұрғысынан алсақ та едәуір септігі тиді.

Осы кезеңдегі шығармалардағы әр алуан терминдер, орыс тіліндегі ұғымдарды қазақша беру нәтижесінде туған жаңа сөз орамдары, атаулар, аударылмай тіпті сол күйі алынған орыс сөздерінің қолданылуы зерттеліп отырған кезеңдегі әдеби тілдің жалпы даму дәрежесін, ондағы стильдік құбылыстардың да бірте-бірте кемелдене бастағандығын көрсетеді. Әрине, бұл тәрізді терминдерді, орыс тіліндегі кейбір атауларды, жеке ұғымдарды қазақшаға аударып алу процесінде кездесетін соны тіркестер-

ді, жаңа мағыналы лексемаларды автордың немесе оның шығармасының стильдік ерекшелігін, көркемдік бояуын ашып тұрған фактор ретінде қарауға болмайды. Өйткені бұл ерекшеліктер тек осы кезеңдегі шығармаларда кездесе бермейді. Олардың көпшілігі зерттеліп отырған кезеңдегі жалпы баспа тілінде, сондай-ақ оқулықтар мен басқа да түрлі еңбектерде көріне бастайды. Жеке сөздерге байланысты мұндай ерекшеліктерді әдетте әдеби тілдің дамуының көркем әдебиеттегі көрініс ыңғайында талдайтынымыз осы себепті.

Тілімізге сол кезде ене бастаған қазақша жаңа баламалар терминнің негізгі мағынасын мүмкін болғанша дәл беретіндей етіліп алынған. 1920—30 жылдарда әдеби тіліміздің лексикасында көптеген өзгерістер болғандығы тек осы тұстағы кітаптар мен функционалдық (кеңсе, публицистикалық, ғылыми т. б.) стильдерден ғана емес, сондай-ақ осы дәуірдегі көркем шығармалар тілінен айрықша байқалады. Рас, бұл ретте орыс тіліндегі жеке сөз орамдарының, терминдік атаулардың аудармасы кейде жалпылама түсіндіру ыңғайында (описательно) екі не үш-төрт сөзбен де келіп отырады. Бірақ орыс тілінен енген жаңа атаулар мен терминдерді авторлардың көбінесе қазақша аударып беруге тырысуы, түсіндірме түрде (описательно) бірнеше сөзбен аударып отыруы — сол дәуірдегі жалпы оқушы қауымның ұғымына лайық, түсініктілік үшін жасалған тәсіл.

1920—30 жылдардағы шығармалардың тілінен аңғарылатын лексикалық ерекшеліктер жалпы құрамы жөнінен әр түрлі.

### Термин ыңғайында қалыптасқан сөздер

1920—30 жылдардағы жалпы әдеби тілде термин ретінде қалыптаса бастаған бірсыпыра жаңа сөздер кездеседі. Мысалы, орыс тіліндегі *общественный обвинитель* термині қазіргі тілімізде *қоғамдық айыптаушы* делініп жүр. Сондай-ақ осы күні әбден орныққан *қоғам жұмысы* термині де сол орыс тіліндегі *общественная работа* тіркесінің қазақша баламасы ретінде сіңісті. Бірақ орыс тіліндегі бұл екі ұғымның да 1920—30 жылдардағы аудармасы бұдан гөрі өзгешелеу екендігі байқалады. Өйткені зерттеліп отырған жиырма жылдағы кейбір көркем шығармаларда *общественный обвинитель*, *общественная работа* атаулары *әлеумет айыптаушысы*, *әлеумет жұмысы* болып аударылыпты.

Өкіл, Ермұқамбет ұлы, *әлеумет айыптаушысы* болып шығып, тап тартысының маңызын Ащы өзек еліне екінші рет түсіндіріп өтті («Сот алдында»); *Әлеумет жұмысына араласып, қатардағы іскердің бірі болып жүрген әйелдерге шын жолдас деп қарайды* («Азамат Азаматыш»); *кеңсеге барғанын, кеңседен қайтқанын, мекеме бастығының өзін мақтайтынын, әлеумет жұмысына көп араласатындығын... тағы тағыларды айтып...* (сонда);

Міне, бұл мысалдарға қарағанда, *әлеумет* сөзінің *қоғам* де-

ген мағынада қолданылғандығын көреміз. Жекелеген шығармаларда ол тек жұмыс сөзімен емес, *ісі, тарих, күрес* сөздерімен де тіркесе жұмсалады. Бұл ретте *әлеумет* сөзіне кейде **ші-лік-**қосымшасы жалғанып та айтылады. Бірақ оның мұндай формада қолданылуынан мағыналық өзгеріс байқалмайды. Рас, *ісі* лексемасымен тіркесіп жұмсалғанда ол *общественная работа* терминінен гөрі кейбір контексте *общественные дела, социальный вопрос* тәрізді сөз орамдарымен мағыналас келетін сияқты.

Қазақ комитеттерінің көбінің-ақ саяси жолы, **әлеуметтік ісі**, біздің Ақмоланың обылыстық комитеттерінен өзгеше емес («Тар жол, тайғақ кешу»); **Әлеумет істеріне**, саясат істеріне қатынаса бастаған көрінеді (сонда); **Әлеумет тарихына** қарағанда, 1917—18 жылғы саяси күрестің зор майданындай, ұлы дүбірлерде, оқыған адамдардың, саясат, **әлеумет күресіне** қатысқандарының бәрі де, сол заманында шығып тұрған газет, жорналдардың айналасына жиналмақ. Егерде **әлеумет ісіне** қатысқандар маңайындағы газет, журналдың бағытына риза болмаса, өздері бөлек газет, журнал шығарып майданға шықпақ (сонда).

Осы келтірілген үзінділерде әсіресе *әлеумет* (*күресіне*) деген сөз орамы *общественный* терминінің мағынасынан гөрі *социальный* терминінің мағынасына көбірек келіңкірейді. Осы мағына сондай-ақ мына бір сөйлемнен де аңғарылады. Мұнда тіпті *социолог* термині *әлеуметшіл* түрінде берілген.

Онсоң, біз көп сырларын білмейтін, бірақ үлкен **әлеуметшіл** Патракейін деген ерлі-байлы кісілер бар еді («Тар жол, тайғақ кешу»).

Орыс тіліндегі бірсыпыра терминдердің, кейбір интернационалдық атаулардың да түркі тілдеріне жалпы баламасыз-ақ, әуелгі нұсқасында еніп кеткені мәлім. Мысалы, орыс тіліндегі *станция* (*разъезд*), *президиум* тәрізді жекелеген терминдер қазіргі қазақ әдеби тілінде осылай аударылмай, формалық жағынан да олар өзгеріссіз қалыптасты. Ал 1920—30 жылдардағы кейбір шығармаларда бұлардың қазақ тіліндегі баламасын табуға тырысқандық аңғарылады. Мысалы, *станция* (*разъезд*)—*бекет* түрінде, *президиум* термині *басқарма* болып аударылған.

От арба екінші бір тоқтаған **бекетте** жолдастар түсіп жүгіріп өзге вагондардан іздеді (Сейфуллин); Бұлар **басқармаға** таяу отырған... Ақша салқы әңгімесін **басқарма** қайта қозғады (сонда). Соңғы екі сөйлемге қарағанда, 1920—30 жылдардағы кейбір шығармаларда *басқарма* атауының *правление* сөзінің де, сондай-ақ *президиум* термині ретінде жұмсалғандығын көреміз.

Қазақша балама тауып қолдану дағдысы тек осы екі сөзге ғана қатысты емес, басқа да кейбір термин мен жекелеген жаңа атаулар осылай аударылып беріледі. Мысалы, қазіргі әдеби ті-

лімізде революция, революционер, гектар тәрізді ұғымдар да аударылып қолданылған. Бұларға 1920—30 жылдардағы көркем әдебиетте алынған балама сөздер мынадай:

*Гирасимып шақтыда тек азуын жасырған арыстан есебінде жұмыс істейді. Ақырындап жұмысшыларды төңкеріске баулиды (Жансүгіров); Елу шақты төңкерісшіл азаматтың тағдыры осылардың қолында (Сейфуллин); Шолпан төңкеріске шейін ауылдағы мұғалімнен оқып жақсы хат танып қалды (Пәрида); Онда төңкерісшілердің жасырын ұйымы... (Жомартбаев); Бірлі-жарымды жер егіні тәуір болып шығып... (Әуезов); Он жеріміз бір жерге тұрмады ма (Мүсірепов).*

1920—30 жылдардағы көркем шығармалардың тілінен сөз мағынасына, терминдік формаға, тіркес түріндегі атауларға, жалпы стиль мәселесіне байланысты алып қарағанда, мына ерекшеліктер айрықша көңіл аударады. Мысалы, *үзіліс, қонақ үй, нұсқау, газет жаздырып алушы* (газетке жазылушы), *тұтқын, ұйым, дүние жүзілік соғыс, Мұзды мұхит, сайлау ережесі, кеңейтілген мәжіліс, темір жол, тізім, қоймашы, социалистік көмек, көркем өнер үйірмесіне қатысушылар* (әуесқойлар), *еңбек ері, ауыл шаруашылық көрмесі, тергеуші, үзіліс* сияқты терминдердің көпшілігі қазіргі әдеби тілімізге орыс тілі арқылы, яғни ондағы жеке атауларды, жаңа ұғымдарды аудару процесіне байланысты енді. Шын мәнінде осылардың қай-қайсысын алсақ та 1920—30 жылдардағы көркем әңгімелерде, романдарда, повестерде, поэзияда бүгінгіден басқалау. Осы кезде әбден қалыптасып кеткен *қонақ үй* термині ол тұстағы кей шығармада *керуен сарай* делініп, ал *социалистік көмек* тіркесі (бұл терминді қазірде қолданылмайды десе де болады) *социалдық көмек* болып жұмсалған. Демек, жоғарыдағы терминдердің, түрлі атаулардың 1920—30 жылдардағыдан айырмашылығын екі тұрғыда қарауға болады. Біріншіден, орыс тіліндегі белгілі бір терминдердің 1920—30 жылдардағы қазақша баламасы мен бүгінгі әдеби тіліміздегі баламасының арасындағы айырмашылық бірде жеке сөздерге байланысты болып келсе (*қонақ үй — керуен сарай*), енді бірде атаудың сырт формасына, яғни дыбыстық құрамына ғана байланысты болып отырады (*тізім — тізбе*).

Ол кездегі басқа да терминдерді қазірдегі қалыптасқан түрімен салыстырып көрейік: газетке жазылушы (подписчик) — газетке *алушы, тұтқын* (заключенный) — *ұстама, нұсқау (указание) — көрсетінді, Мұзды мұхит — мұз теңіз, мекеме (ұйым) — қауым, үзіліс — тыныс* (перерыв), *сайлау ережелері — сайлау нұсқалары* (положение о выборах), *кеңейтілген мәжіліс — кең алқа мәжіліс* (расширенное заседание), *темір жол — шойын жол, үгіт нәсиқат жұмысы — үгіт түсініс жұмысы, бұйрық — жарнама (жарнама бұйрық), соғыс жағдайына келтіру — әскер тәртібіне (жаугершілік тәртібіне келтіру), вагон тиеу — вагон түсіру — бағән артып, бағән босату* (погрузка и выгрузка ваго-

на), *қоймашы* — *кілтіші* (складчик), *социалистік көмек* — *социалдық көмек*, *көркем өнерпаздар үйірмесіне қатысушылардың* (*әуесқойлардың*) *күшімен* — *әуескерлердің күшімен*, *еңбек ері* — *еңбек батыры*, *ауыл шаруашылық көрмесі* — *ауыл шаруашылық көрінісі*, *ұйым* — *ұя*, *дүние жүзілік соғыс* — *жиһангерлер соғысы*, *тергеуші* — *зерттеуші* (следователь), *үзіліс* — *тыныс*.

Міне, осы жеке сөздер, біріншіден, бүгінгі әдеби тіліміздегі бірсыпыра терминдердің қалыптасу ізін, сұрыпталу жолын аңғартса, екіншіден, оларды әдеби тіліміздің көркем шығармадағы көрінісі ретінде де талдауға болады. Авторлар бұл терминдерді, жеке сөздерді дәл осы формада қолданғанда сол жиырмасыншы, отызыншы жылдардағы функционалдық стильдерде қалыптасқан норманы, сол тұста қолданылуда жалпы жиірек ұшырайтын тіркес түрлерін, белгілі бір формаларды негізге ала отырған. Өйткені бұлардың кейбіреуі ол тұста көркем шығармалардан басқа да жазба нұсқаларда ара-тұра кездесіп отырады. Ал олардың енді бірсыпырасы суреттеп отырған оқиғаны оқушыға дәл жеткізу үшін, ұғымын оңайлата түсу мақсатымен өз тараптарынан аударып алған терминдік баламалар болатын. Демек, жоғарыда санамалап келтірілген терминдердің, жеке ұғымдар мен атаудың 1920—30 жылдары қазақша нұсқасы белгілі бір стильдік мақсат үшін әдейі алынған.

Енді қазіргі әдеби тілімізде әбден орнығып, қалыптасып кеткен жоғарғы терминдердің, жеке атаулардың 1920—30 жылдардағы нұсқаларының сол кезгі кейбір көркем шығармалардағы қолданылуына бірнеше мысал келтірейік. Олар мына тәріздес сөз орамдарында, мына әлпеттес контексте қолданылған.

*Камсамол ұясының қатшысы Әбітай Мақмұдып дейтін тұйық мінезділеу жігіт* (Майлин); — *Осы жігіт, кеше кешке маған партия ұясының қатшысы едім деген жоқ па еді* (Мұқанов); *Бөліске шығаратын адамдардың тізбесін қайта жасады* (Майлин); *Тізбенің ең басына Дүйсен жазылды* (сонда); *Нұрыш совхоздан социалдық көмек ретінде бригада боп келді* (сонда); *Жиналған жұрттың өзі ішінен шыққан әуескерлердің күшімен ғана ойын-сауық бөлімі де өткізілді* (Пәрида); *Дүкеннің түскі тынысы кезінде Қуат дүкен жұмысымен шұғылданды* (Сланов); *Қысы-жазы, күні-түні, есі-дерті — оқу, оқу да оқу. Жазда ғана тынысқа келіп қайтады* (сонда); *Осындайлармен ойынның алғашқы бөлімі біткен соң халық тынысқа тарасты* (Жансүгіров); — *Мынау: еңбек батыры, осы арадағы қосшының, артельдің бастығы деп Шойын мен қонақтарды таныстыру* (Мұстафин); *Жарты кездей ғана шойын жолдың темірі* (сонда); — *...Қалада жүрген, парақотта жүрген, шойын жолда жүргендердің барлығы да мобилизацияға ілінеді* (Жансүгіров); *Қар тасушылар жаһангерлер соғысында тұт-*

қын болған австриалықтар (Сейфуллин); 1914 жылғы болатын **жиангер соғысы** Австрианың патшасының баласы өлуінен тұтанған жоқ па еді (Мұқанов); Майдандағы солдаттар арасына **жиангер соғысын** азамат соғысына айналдыру туралы үгіт жүргізу еді (сонда); **Ауыл шаруашылық көрінісіне** әкелген немістің 80 бұттық бұқасын көргесін... (сонда); Әкесі оны сол кезде салынып жатқан **Омбы шойын жолына** айдады (сонда); Ол Алтайдың ала-қарлы тауларынан тепсініп ағып, қазақ даласының сол жақ сүбесін құлдап, Сібірді жарып, **Мұз теңізге** құяды (Жансүгіров);—...Егер өз сиырым, өз жылқым деп байшылдық жасайтын болсаңдар, тура қырық беске тартамыз!— деген қатты **көрсетінді** берілді (Мүсірепов); Оның үстіне биыл **гәзетке алушы** жиып жүрмін деп біреу келгенде шешесінен үш сом ақша сұрап алып Арыстан да жазылған («Азамат Азаматыш»); Мені **ұстама қылып** алып келді ғой (Жансүгіров); Жексембай болыс ұлықтан политейский сұрап алып шығып, көрінген қазақты **ұстамаға салып...** (сонда); Бірнеше тәтті жолдастары **ұстамаға** кете барды (сонда); Қаладағы байлардың, сәудегерлердің жас-кәрісінің бәрін жарақтандырып **әскер тәртібіне қойды** (Сейфуллин); Отан **жаугершілік тәртібіне** қойылады (сонда); Жамбасыма ақы төлеп, **керуен сарайға** жатам (Жансүгіров); Малының, жанының, егінінің, соқа-саймандарының, **нұсқауларымыз бойынша**, санағын ала бастадық (Сейфуллин); **Сайлау нұсқаларын** өзіміз жасап бердік (сонда); Партияның мұсылман буйросының (мус. бюро) **кең алқа мәжілісіне** салып, буйро атынан, менің қызметке қалуыма ұсыныс қылды (сонда); Қалтасынан бүктеген, жуан әріптермен орысша басқан **бір жарнаманы** алып, тілмаш баласына тастай берді... Ақмола губернаторының жария қылған **жарнама бұйрығы** екен (сонда);— Да, ушебнай камандадағы солдаттар арасындағы **үгіт түсініс** жұмыстары бізге арзан түскен жоқ (М. Дәулетбаев); Сүйдеп ол екеуі, соңынан **кілтші** камерадан шыға жөнелді (сонда); Ол қақпа алдында келатқандарды тосып алып еді. Тұрымтай мен **зерттеуші** Құдайберген екен (Мұқанов); **Зерттеуші** осал жерге түспейді (сонда).

Осы келтірілген мысалдардағы орыс тілінен аударылып алынған терминдік баламалардың, кейбір атаулар мен жеке сөз орамдарының қай-қайсысын алсақ та, бүгінде басқаша қолданылады. Бірақ олардың ішінен мына термин сөздерді тыныс, шойын жол, нұсқа бөле айту керек: Мысалы, тыныс сөзі жоғарыдағы үзінділерде қазіргі әдеби тіліміздегі **үзіліс** сөзінің де (түскі **үзіліс**, **жиналыс кезіндегі үзіліс**, **сабақ арасындағы үзіліс**), сондай-ақ **каникул** терминінің де орнына қолданылып тұр. Ал **нұсқа** сөзі орыс тіліндегі *положение*, яғни қазіргі **ереже** атауы ретінде (сайлау туралы ереже) пайдаланылған. Осы орайда тағы бір баса көңіл аударатын атау — ол қазіргі **темір жол** термині. Өйткені орыс тіліндегі осы *железная до-*

рога термині сонау өткен ғасырдың жетпісінші жылдары шығып тұрған «Түркстан уалаятының газетінде» де дәл осылай, қазіргідей *темір жол* болып аударылып алынған. Оның *шойын жол* түрінде қолданылған кезі — 1920—30 жылдардың іші. Өйткені ол осы кезеңдегі кейбір көркем шығармаларда да, сондай-ақ, газет, журнал беттерінде де, оқулықтар мен зерттеу жұмыстарының тілінде де *железная дорога* атауы көбінесе *шойын жол* болып келіп отырады. Ал оның «Түркстан уалаятының газетіндегі» қолданылуы мынадай: *Орынборғ қаласы минан Сзран қаласы Самар қаласы минан темір жол ашлғандан бері темір жол менан жұрт тоқтамай журуп жатр* (18. III. 1877. № 8). Мұнда қазіргі *нұсқау берді* дегендегі *нұсқау* термині *көрсетінді* түрінде алынған.

Ал осы күнгі кейбір жазбаларда, ауызекі сөйлеуде ара-тұра кездесетін *бақытқа орай, өкінішке орай* тәрізді сөз орамдары енді ғана көрініп келе жатқан жаңа құбылыс емес; олар сол 1920—30 жылдардың өзінде-ақ аңғарыла бастайды. Яғни орыс тіліндегі *к счастью, к сожалению* түрінде келетін қыстырма сөздердің, *в твою пользу* ыңғайындағы сөйлемшелердің қазақ тіліндегі баламасы ең алғаш зерттеліп отырған кезеңде іздестірілгенін көруге болады. Мысалы:

***Бақытқа қарай*** түндегі дүрлігістің бірде-бірін көзімен көргендері жоқ екен (Мүсірепов); ***Ғаббас басын қасыды. Сорына келгенде*** ол бұл әңгімені ойланамын десе де әлі тіпті де ойланған жоқ еді (Әуезов); — ***Осыны үкімет айтып отыр ма? — дейді Ерман:— Үкімет айтса, біздің зиянымызға айтпайды*** (Майлин).

1920—30 жылдардағы ел өміріндегі әр түрлі уақиғаларға, сол тұстағы жалпы кәсіп түрлеріне, мекемелер мен ұйымдарға байланысты да бірнеше жаңа атаулар, жекелеген терминдер көріне бастаған. Бірақ кезінде қажет болған әдеби тілдегі мұндай элементтер кейін қолданыла келе сұрыпталып, екшеле түсті. Міне, осы ретте талданып отырған кезеңдегі кейбір терминдер мен атаулар күнделікті саяси әлеуметтік дамудағы және шаруашылықтың өсіп өркендеуі барысындағы әр алуан өзгерістерге байланысты жұмсалудан біртіндеп шығып қалып жатты. Мысалы, осы жылдардағы кейбір әңгімелерде, романдар мен повестерде, поэзияда ұшырасатын *болыстық комитет, қалалық уездік құрама комитет, иәшейке жиналысы, кәперетіп өкілдері, қарыз серіктігі, қосшы ұясы, поштабай* тағы осылар тәріздес бірсыпыра терминдер бүгінгі әдеби тілімізде қолданылмайды (тарихи шығармаларда ғана болмаса); олардың кейбірі қазір өзгеше айтылады.

Жоғарыда аталған осы терминдер 1920—30 жылдардағы кейбір көркем шығармаларда мынадай сөз орамдарында қолданылады.



18 жастан жоғарғы әйел, еркектен 25 кісі табылып, бұл ауылдан қосшының ұясы ашылды (Мұстафин); Ауылдағы кәперетіп өкілдері, қарыз серіктігінің есепшілері де ұшырайды (Майлин); Сүйтіп отырып йәшейке жиналысында кімнің не сөйлегенін, кімнің-кімге жақ болғанын айтып шықты (сонда); **Болыстық комитеттерді** қалай сайлау керек екенін... айтып, және бұрынғы елді езген, жәбірлеген адамдар **болыстық комитеттерге** сайланбауларын тапсырып, сайлауға шыққан кемесерлерімізге нұсқа жасап бердік (сонда); Мен қалаға келсем, **қалалық үйездік құрама комитет** сайланайын деп жатыр екен (сонда); кеңес құпиялау болған соң бөтен кісілерді кіргізбей, есік алдында **поштабай** тұр еді (сонда). Түн еді. Біреу келіп есікті қақты. Бұ кім десек, қағаз таситын **поштабай** екен (сонда); Омарды **поштабайлыққа** маған беріп кет (Мүсірепов); **Поштабайға** да теңдік тиді, жан терге түсіп айғайлап жүр (сонда); Өзін **поштабай** ретінде жұмсап жіберген ғой (сонда).

## Орыс тіліндегі атаулардың бірнеше сөзбен берілуі

1920—30 жылдардағы көркем әдебиетте орыс тіліндегі атауларды, кейбір ұғымдарды авторлар қазақ оқушысының түсінігіне, олардың жалпы білім дәрежесіне лайықтап аударуды мақсат етеді. Осы ретте орыс тілінде айтылатын біраз атаулар кейбір шығармаларда бірнеше сөзбен, түсіндірме жолмен аударылып отырады. Мысалы, *плакат (лозунг), пишущая машинка, шерстяной костюм, портфель, бригадир, дворник, погрузка и выгрузка вагона, тюрьма, авторучка, форточка, гаупбахт* т. б. Әрине, бұл заттар, бұл атау қазақ халқының тұрмысында бұрын кездеспейді. Сондықтан оларды оқушының көз алдына оңай елестету үшін тілімізде бар кейбір байырғы сөздер негізінде түсіндіреді. Жоғарыдағы атаулар бірнеше сөзбен мына түрде аударылған: *плакат (лозунг)*— *жалын сөзді сурет, пишущая машинка*— *қолбаспа машине, шерстяной костюм*— *қыл пенжәг, форточка*— *жел жаңартар, портфель*— *былғары дорба, бригадир (прораб)*— *жұмыс басқарушы, дворник (уборщица)*— *кеңсе күтушісі, авторучка*— *мәңгілік қалам, гаупбахт*— *көше лабақты, погрузка и выгрузка вагона*— *бағөн артып, бағөн босату, мертвый час*— *өлік сағат, тюрьма*— *қараңғы үй.*

Әрине, мұндай бірнеше сөзбен келетін түсіндірме (описательно) аудармалар 1920—30 жылдардағы көркем шығармалардың бәрінде кездесе бермейді. Жоғарыда аталған бірнеше сөзбен келетін түсіндірме аудармалардың, авторлық контекстегі қолданылуы мына тәрізді болып келеді.

Һәр түрлі *жалын сөзді суреттер* түр (Сейфуллин); *Қолбаспа машинесіне* басқаннан кейін менің тағы да түзеткен сөздерім бар еді (сонда); *Кешке ашқан терезенің жел жаңартары* сол қалпында ашық қалған екен (Мұқанов). Алтын сағатының бауы сұр түсті, *қыл пенжәгінің* омырауынан мөлдірейді (Жансүгіров); *Жер төсектің үстінде дарылдап сөйлеп, жұмыс басқарушы* орыс «Шабдар айғыр» жүр (Сейфуллин), *Бір жұма көше лабақты* қылды да босатты-ау, әйтеуір. *Көше лабақтыдан* босағасын баяғы шалдың үйіне келсем... (Мүсірепов). Оның артынан *былғары дорбаны* қолтықтаған бір қазақ жігіті шығып сөйледі (Майлин); *Кішкене қойын кнжіжесін, мәңгілік қаламын* алды да жазды (Сланов); *Болыстық кеңсенің күтушісі* едім (Мұқанов); *Әскерлер ертеңгі ойынын бітіргесін, түскі тамағын ішті де өлік сағатқа...* (сонда);— *Ана адыраң көз Биәғалар сондайларға қарсы болам деп қараңғы үйде отырған жоқ па? — Биәғаларды қараңғы үйге жабу түгіл, жан бетіне қарай алмаушы еді* (Майлин).

Термин ыңғайындағы, жеке атау түріндегі ілгеріде аталған сөздердің біразы 1920—30 жылдардағы көркем шығармалардан басқа, сол кезеңдегі газет, журналдардан да, басқа да әр алуан жазба нұсқаларда ара-тұра кездесіп отырады. Бұлардың қайсыбірі тіпті Октябрь революциясына дейінгі көркем әдебиетте де, оқта-текте, сондай-ақ эпостық шығармаларда да ұшырасып қалады. Мысалы, жоғарыда сөз болған *қараңғы үй* тіркесі «Түркістан уалаятының газетінде», «Дала уалаятының газетінде», бұлардан бергі аралықта, айталық, XX ғасырдың бас кезінде шығып тұрған кейбір газет, журнал тілінде ара-тұра кездеседі. Бұларды былай қойғанның өзінде, ол «Қобланды батыр» жырында да бір жерде қолданылғандығын көреміз, мысалы:

*Сенен қалған мен сорды...  
Қараңғы үйге салғанда,  
Көңілге қайғы толғанда  
Сұлтаным, сонда келерсің* («Қобланды батыр»).

### Пуризмнің көркем әдебиеттегі көрінісі

1920—30 жылдардағы көркем әдебиетте жоғарыдағы сияқты жаңа атауларды, термин ыңғайында келген сөздерді авторлар қалайда қазақшаға аударып беріп отыруға күш салады. Осының салдарынан жекелеген шығармаларда пуризмнің кейбір элементі бой көрсетті. Пуризм, шынында, 1920—30 жылдардағы мерзімді баспасөзде, әр түрлі (саяси, ғылыми т. б.) әдебиеттерде көбірек. Ал осы кезеңдегі көркем шығармаларда ол ара-тұралап қана кездеседі. Мысалы, аударуға келмейтін *парк, радио, тео-*

*рия* (теоретик) тәрізді кейбір интернационалдық терминдер де, *паровоз*, *поезд*, *председатель* сияқты сөздерді күштеп аударғандықтан, бұлардың қазақ тіліндегі баламасы тым қара дүрсіндеу, тұрпайылау болып шыққан. Мысалы: *теоретик* — *қисыншы*, *паровоз* — *қара айғыр*, *парк* — *бақша*, *поезд* — *от арба*, *радио* — *сымсыз телеграм*, *председатель* — *аға*, *төр аға* болып екі түрлі алынған. Көркем әдебиетте бұлар мына ыңғайда қолданылған:

**Ауылдың кеңес ағасы** Күржікей Мыржақбаев дейтін араққа қанып алып... (Майлин); Астық сарайының алдында тұрған **басқарма ағасы** сонадай жерден даурығып... (сонда); **Ауылдың кеңестің ағасы** болса осындай болсын (Мұқанов); **Болыстық аткомге бірнеше жыл аға болдым** (сонда); **Ауыл кеңес ағасы** Теміржан қалқозды жинап алып... (Мүсірепов); Пікіріңді ұсын деп, **төр аға** Азаматты ықтан қағып... (Майлин). **Жиылысқа мен төрағалық** қылдым (Сейфуллин); Бәріміз бір келмекші едік, Жақаңның балдызы **бақшадан** басым ауырды деп қайтып, содан шыға алмай қалды (Мүсірепов); **Бақшаның іші**, барлық нұрдың қорын осында әкеп төккендей жапжарық (Дәулетбаев); Қалалық **бақшадағы** адам теңізі құмырсқадай өріп... (Майлин); Бірде екпіндеп, бірде құмарлықпен үзіліп, кейде ерекше сезімділікпен ырғалып толқынып **бақша** **музикесі** ойнайды (Әуезов); Бұрын саясатшы ең, осы күні әдебиетші боп кеттің. **Пыролетариат әдебиетінің қисыншылы** болғалы жүрсің (Мұқанов); **Маркс, Ленин қисынымен** құралданып... (Майлин); Ол декреттерді **сымсыз телеграм** (радио) арқылы ғана аламыз (Сейфуллин); Түнде, ел орынға отыра, **от арба** Көкшетау қаласына келді (сонда); **Қара айғыр**, қара машина пысылдап ентігіп, ақырып жіберіп, лықсып жұлқиды (сонда).

Ал 1920—30 жылдардағы *от арба* — *поезд*, *вагон* термині «Түркстан уалаятының газетінде» *темір арба* болып қолданылады. «Дала уалаятының газетінде» *бақша* сөзінің білдіретін мағынасы да көңіл қоярлық; *бақша* сөзі талданып отырған кездегі кейбір шығармаларда орыс тіліндегі *парк* атауының орнына қолданылса, «Түркстан уалаятының газетінде» ол *зоопарк* терминінің мәнін білдіреді.

**Темір арбаның** ішіне отырған адам барғанша суыққа қатпай жылы жерде отырып барады (18. III. 1877, № 8); **Темір арбаға** отырғанда үш түрлі орны болады (сонда).

Соңғы мысалға қарағанда, *темір арба* термині қазіргі жолаушы поезының мағынасында қолданылған сияқты.

Ал *бақша* сөзінің бір кезде *зоопарк* терминінің орнына жұмсалғандығы мына бір сөйлемнен айқын аңғарылады. *Жиырма-сыншы октябрде һәр түрлі жан жануар тұратын бақшада бір асыраулы құлан өліпті* («Дала уалаятының газеті»).

Жоғарыда «Тар жол, тайғақ кешу» романында *радио* терминін автордың *сымсыз телеграм* деп алғандығын айтқан болатынбыз. Ал осы атаудың «Түркстан уалаятының газетінде» берілуі бұдан гөрі басқашалау. Мұнда *сым темір* деген термин кездеседі. Бірақ ол *телеграмма* терминінің баламасы ретінде *телефон* сөзінің орнына алынған. Мысалы: *Түркстан генерал губернаторы... есен аман Питрбург қаласына барыпты деген қабар сым темір менен келді.* («Түркстан уалаятының газеті», 1876, № 3).

### Сөз қолданудағы мағыналық өзгеріс

Жекелеген сөздердің қазіргі қолданылуы мен зерттеліп отырған кезеңдегі қолданылуының арасында мағыналық кейбір өзгеріс бары аңғарылады. Олар, негізінен, мыналар: *мықты, бәлкім, жабайы, амандасу, бас, зор, қиын, оздыру* т. б. бұлардың 1920—30 жылдардағы қолданылу жиілігінің қазіргі қолданылу жиілігінен еш айырмасы жоқ. Бірақ олардың қолданылудағы бүгінгі мағынасы 1920—30 жылдардағыдан гөрі басқашалау болып келеді. Мысалы, жоғарыда аталған сөздер қазіргі әдеби тілімізде көбінесе *мықты жігіт, сөзі мықты, бәлкім олар келмес, жабайы мысық, жабайы алма, амандасу (сәлем беру), бас редактор, бас құда, маңызы зор, қиын жағдай, қиын есеп, ат оздыру* тәріздес сөз орамдарында жұмсалып отырады. Ал осы лексемалар 1920—30 жылдардағы кейбір прозалық шығармаларда *мықты* сөзі *қатты* сын есімінің, *бәлкім* — *сәл* сөзінің, *жабайы* — *жай, қарапайым* сын есімдерінің, *амандасу* — *қоштасу* етістігінің, *қиын* — *өте үстеуінің, оздыру* — *өткізу* етістігінің мағынасында қолданылған. Сондай-ақ, *бас, зор* сөздерінің жұмсалыуынан да осындай ерекшелік байқалып отырады. Бірақ бүгінгі көркем шығармаларда олар бұл мағынада қолданылмайды. Мұны осы сөздердің 1920—30 жылдардағы қолданылуына мынадай бірнеше мысал келтірсек, айқын көруге болады.

*Тым орынды айтылды. Тәлім мықты ұялды* (Майлин). *Нақа күйіп бара жатсам, мені қорғаса қайтеді деп, ішімнен мықты ренжідім* (сонда); *Ақсүйректің дауысын есіткенде Бәкен мықты шошыды* (сонда); *Дәлел айтып қарыспағаны Ертайға мықты ұнады* (сонда); *Әлексейіп кешеден бері мықты қынжылып, бас уатумен жүр* (сонда); *Ердің қасына, таралғыма жалатқан күміс пен шағылысқан айдың сәулесі қоңырланып, манағы ақшыл сирек бұлт бәлкім қоюлана бастады* (Мұқанов); *Қыз белдің жері бәлкім құмдақтау. Сондықтан көдесі шоқталып шығып, түбі сиректеу болады* (сонда); *Әнің жақсы екен... бәлкім көтеріңкіреп салшы* (сонда); — *Соған шыдайсың ғой!— дедім, Бәтестің амандасып қолын қысып тұрып* (сон-

да); Асқар Асан мен де *сүйісіп амандасып* тез оралуға уәде қылып аптомобилмен жүріп кетті (сонда); *Жабайы* адамға сөйлескендей емес, бет-аузын түзеңкіреп, дауысын сәндеңкіреп сөйлесті (сонда); Орташалар түгілі *жабайы байлар* да аман болады (Мұстафин); Әбіш ақысыз, пұлсыз өмірін осы үйдің егісінде жүріп *оздырады* (Майлин); Оның артынан сол үйде *зор қонақ* болғанын айтқамыз (сонда); Мекемелерде қызмет басталған кезде, бәрі бір уақытта, біздің кісілер әр жерге барып, *зор ұйымдарға*, мекемелерге, әлгі шығарған қаулыны тапсырмақ (Сейфуллин). Тағы да соғысқа баруға *жабайы көпшіліктің* ынтасы жоқ екені жұрттың бәріне белгілі (сонда); Күнде жол тосып, бізбен *амандасып* қалуға аңдып жүрген бірен-саран жақындарымыз... (сонда); Бірі *жабайы* киімді дембелше, қаршыға мұрынды, бұжыр қара жігіт (Дәулетбаев); *Жабайы көпшілік* оларды жақтай келмегеніміздің өзінен бір мазмұн тауып, айналамызға үймелей түсті (Мүсірепов); Соңғы мүйнетін көріп, *амандаса алмай* қалғанына өкініп жылайды (сонда); Айшаның майысыңқыраған сымбатты ұзынша бойы ашаң құба жүзді...— оның кешеден бері *қиын қалың* ойда ауыр қайғыда екенін білдіретін еді (Сейфуллин).

Әрине, бұл келтірілген мысалдарға қарап осындағы *мықты*, *бәлкім*, *амандасу*, *жабайы*, *оздыру*, *зор*, *қиын*, *бас* сөздерінің мағынасы бүгінде тарылған екен деп жорамалдауға болмайды. Мысалы: *мықты*, *жабайы* сөздері бүгінгі әдеби тілімізде *қатты*, *жай*, *қарапайым* деген мағынада қолданылмайды. Бірақ *мықты шошудым*, *мықты қынжылдым* деп бүгінде айтпағанмен, өз пәнін *мықты біледі*, *мықты сөйледі* деп әлі де айта береді. Жоғарыдағы *бас*, *зор*, *амандасу*, *жабайы*, *мықты*, *оздыру*, *бәлкім*, *қиын* сөздерінің зерттеліп отырған кезеңде *нағыз*, *үлкен* (жоғарғы), *қоштасу*, *жай*, *қарапайым*, *қатты* (*күшті*), *өткізу*, *сәл*, *өте* сөздерімен мағыналас болып келуін стильдік ерекшелік ретінде де, сондай-ақ локальдық құбылыс ыңғайында да қарауға болмайды. Өйткені олар бір ғана жазушының шығармасында кездесіп қоймайды. Бұл арада, бірақ мына бір мәселе де есте болу керек. Мәселе *амандасу* сөзі жайында. Бұл сөз қоштасу мағынасында тек 1920—30 жылдардағы шығармалардан ғана байқалып қоймайды, ол тіпті одан да әріректегі әдебиет нұсқаларында да дәл осылай *қоштасу* сөзінің мағынасында айтылатынын ілгеріде әңгімелеген болатынбыз. *Амандасу* сөзінің бүгін де кейбір прозалық шығармаларда оқта-текте *қоштасу* сөзінің мағынасында жұмсалатынын көреміз. Ғ. Мүсірепов өзінің «Тарғыл қауын» әңгімесінде ол сөзді әлгідей қоштасу мағынасында пайдаланған.

— *Ал, қарағым, енді түс. Бір жарты сағат күтерсің поезыңды!*— деді шал алдағы станцияда менімен *амандасып жатып*. Әйелің де қуанып қалар...

## Орыс және кейбір түркі тілдерінің элементі, диалектілік ерекшеліктер

1920—30 жылдардағы прозалық шығармалардың тілінде жалғыз-жарымдаған түркі тілдерінің, сондай-ақ араб, парсы тілдерінің де кейбір элементтері оқта-текте ұшырасады. Бұл ретте әсіресе мына сөздерді атауға болады: *кент*, *кәтте* (*қатта* болып та айтылады), *опат*, *қошуақ* (рас, *кент* сөзі публицистикалық стильде қазір де ара-тұра пайдаланылады). *Кент* зат есімі зерттеліп отырған кезеңдегі шығармаларда *-ше* қосымшасы арқылы да қолданылып отырады.

*Пауеске жақындаған сайын ат-сайманның кенттікі екені байқалып...* (Мүсірепов); *Әкелген жіпті тұлыптың мойынындағы жіпке салыстырып қарап еді, бірінің-бірі үзгі болып шықты. Қатта жіптің үзілген тілдеріне дейін біріне-бірі жалғаса кетті* (сонда); *Әр үйдің терезелерінен жылтырап шам сәулесі көрініп, ақ орамалды кент әйелдері терезе жабуға шықты* (Майлин); *Жаңа көршілерді қошуақ алғандай боп Жарбол мен Сүндет балалары алдынан шықты* (сонда); *Бұл ақ қалпақ кентше кінген, орта бойлы әйел болып шықты* (сонда); *Сол маңдағы ауыл, деревнеге, кәтте далаға сия алмаған адамдардың біразы...* (Мұқанов); *...жүрегі жарылып кетіп сорлы опат болды* (сонда); *Малбағардың үйіне барса, ол кісі сырқаттанып, опат болғанына бір айға жақындаған екен* (сонда); — *Осы нәзік қалпымен толықтың ісін істеп кететін, қатте асырып кететін жерім болады* (сонда);

1920—30 жылдары жарияланған шығармаларда орыс сөздері де кейде ұшырасып отырады. Мысалы: *стена*, *веса*, *ұсталабай*, *ысқылат*, *мескөм*, *закон* (Б. Майлин), *вората*, *школ*, *болнес*, *бруке*, *землэк*, *момент*, *предмет*, *коронка*, *правила*, *ушител*, *шілен*, *кролик*, *задача*, *комната*, *әбет*, *перепеске*, *спекулатсия*, *уқажыбаит*, *перуат*, *решение*, *начальниктің помощнигі*, *жариттеу*, *опыт* (С. Мұқанов). Авторлық ремаркада, кейіпкер тілінде осы әлпеттес аударылмай алынған таза орыс сөздері зерттеліп отырған кезеңдегі басқа да шығармалардан кездеседі.

Диалектілік ерекшеліктердің 1920—30 жылдардағы шығармалардағы қолданылуы мен қазіргі кездегі қолданылуын қатар қойып қарауға болмайды. Өйткені оларды қазіргі кездегі көркем әдебиетте қолдануда қойылатын стильдік мақсат бұл жиырма жылдағы шығармалардан үнемі байқала бермейді.

Тілдегі жергілікті ерекшеліктерді қолдану сол жиырмасыншы, отызыншы жылдары жарық көрген шығармалардың бәрінде бір дәрежеде емес. Кейбір авторлар диалектілік ерекшеліктерді ол кездің өзінде де орынды-орынсыз қолдана бермеген.

Дегенмен диалектілік ерекшеліктер сол кездегі бірқатар шығармаларда кездеседі. Мысалы: *оқта-санда*, *күйенте*, *тәу* (*тәу көргенде*), *нос беру*, *нос көрсету*, *әлетінде*, *кұлманы*, *намыт*, *нәті*,

*сына, нәреттеу, ыпын, магарки, жамғысы, күсет, аумыты, үрі, келет* (Б. Майлин).

Осы тәріздес диалектілік ерекшеліктерді зерттеліп отырған кезеңдегі ресми документтерден, кеңсе, ғылыми шығармалардан ара-тұралап кездестіруге болады.

### § 39. 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілі

1920—30 жылдары газет пен журналдар, ғылыми, публицистикалық әдебиеттер және ресми іс қағаздары, басқа түрлі әдебиеттер сан жөнінен де, сапасы тұрғысынан да жан-жақты өсті. ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиетпен салыстырғанда, бұл жылдарда қазақ әдеби тілі недәуір нормаланған, тұрақтылық сипаты бұрынғыдан әлдеқайда айқындала түскен болатын. Осы сапалық өзгеріс 1920—30 жылдардағы көркем әдебиет тілінен ғана емес, баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінен, олардың фонетика құрылымының, грамматика және лексика жүйесінің дамуынан да сезіледі.

Ғылым мен техникаға, өнер-білімге, мәдениет саласындағы жаңалықтарға байланысты 1920—30 жылдары көрінген тың атаулар, соны ұғымдар, терминдер — осы кезеңдегі көркем әдебиет тілінен гөрі, әсіресе баспасөз және кейбір әдебиеттердің тілінде молырақ. Функционалдық стильдердің де әрқайсысының тілдік сипаты көркем шығармалардағыдан гөрі баспасөз бен кейбір әдебиеттер тілінде жан-жақты көрінді. ХХ ғасырдың басында әдеби тілді дамытудағы жетекші роль, негізінен, көркем әдебиетте болды. Ал 1920—30 жылдары қазақ әдеби тілінің дамуына, қалыптасуына көркем әдебиет пен баспасөз, кейбір әдебиеттер тең дәрежеде әсер етті. Осы кезеңдегі қазақ әдеби тілі үшін бұл екі саланың — көркем әдебиеттің, баспасөз және кейбір әдебиеттің — ролін бірдей деуге болады; осы екі факторды, негізінен, бір тұрғыда түсіну керек. Оның себебі осы жылдардағы көркем әдебиет тілінің ілгеріде талданған фонетикалық құрылымының, грамматикалық және лексика жүйесінің дамуы мен баспасөздің, кейбір әдебиет тілінің фонетикалық құрылымының, грамматикалық және лексика жүйесінің дамуын өз ара салыстырсақ, айқын көрінеді. Ал фонетикалық ауытқулар 1920—30 жылдардағы мерзімді баспасөзде де, осы кезеңдегі басқа әдебиеттердің тілінде де ұшырасады. Мысалы: *амал, өмір, білім* тәрізді кейбір сөздер *ғамал, ғұмыр, білік* болып қолданылады. 1920—30 жылдардағы баспасөздегі, басқа әдебиеттердің тіліндегі жалғыз-жарымдаған фонетикалық ауытқулар, яғни бүгінгі әдеби тілдегіден өзгешелеу болып келетін кейбір фонетикалық тосындық осылар-ақ. Бұған қарағанда, 1920—30

жылдарда әдеби тіліміздің фонетикалық құрылымының бір жүйеге, белгілі бір нормаға, негізінен, түсе алмағандығын аңғартады.

#### § 40. 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тіліндегі грамматикалық ауытқулар

1920—30 жылдарда қазақ әдеби тіліне тек интернационалдық терминдер, жаңадан атау сөздер еніп қана қойған жоқ. Бұлармен қоса **-ист**, **-изм** тәрізді жеке сөз тудырушы жұрнақтар жиірек қолданыла бастады. Бірақ **-ист**, **-изм** жұрнақтарының қазақ әдеби тіліне еш өзгеріссіз, сол әуелгі қалпында сіңген тұрақтанған кезін қырқыншы жылдардың іші деуге болады. Өйткені 1920—30 жылдарда бұл жұрнақтар қазақ тілінің өз жұрнақтарымен берілді. Мысалы, *социалистік шаруашылық* деген сөз орамының алғашқы сыңары бірсыпыра ретте *социалдық*, кейде *социалшылық*, тағы бірде *социалшыл*, ара-тұра *социалшы*, оқта-текте тіпті *социалды* болып қолданылады. Демек, *капитализм дәуірі* деген атау — *капитал дәуірі*, ал *капиталистер* — *капиталшылар*, *капиталист байлар* — *капиталшы байлар* болып алынған. **-Ист** жұрнағының 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттерде қазақ тілінің өз жұрнақтары арқылы берілгендігіне бірер мысал келтірейік:

*Жасау құралдарын жасаушыларға алып беріп сатсиалшылық негізін салды* («Жаңа мектеп»); Бұрынғы *капиталшы ресей үкіметінің* бұл Түркістанда қолданған саясаты осы ұлттар арасына жік салып... («Ауыл»); *Капиталшы* тұрмыстың негізін жоюға шамасы келеді («Жас қайрат»); *Капитализмнің* ақырғы дәуірінде *капиталшыл* мемлекеттердің барлығының... (сонда); **Сатсиалдық** негізіне құрылған кеңесті іреспублике құрды («Жаңа әдебиет»); **Капитал дәуірі** туып, тап тартысы ашылғалы... (сонда); *Капиталистік жүйеге қарағанда сатсиалдық жүйенің* артық екендігі... («Әйел теңдігі»); *Келесі жылы сатсиалдық сектірдің* малы... (сонда); **Капиталшы байлар** мемлекеттерінде жер жүзі кәмуностік әйелдер күні... (сонда); **кәпиталдық тектер** мен тап дегенді ада-жүде жою... (сонда); **Капиталшылар** шаруашылық дағдарысының ауыр салмағын еңбекші көпшілікке салып отыр (сонда); **Сатсиалдық** әдісті үдетіңдер («Жаңа мектеп»); *Сендер Ленин жолымен сатсиалшылық тұрмыс жасайтын ұсталардың бастыларынансыңдар* (сонда); **Капиталшыларға** неғұрлым ел надан болса, соғұрлым тіске жұмсақ (сонда).

*Советская россия, советская республика, тяжелая промышленность, дорогие товарищи, спорный вопрос* деген ұғымдар қазақ әдеби тілінде қазір *советтік россия, совет республикасы, ауыр өнеркәсіп, талас мәселе, қымбатты жолдастар* түрінде қа-



лыптасып кетті. Бірақ алғашқы біраз уақытта бұлар да қазіргіден басқашарақ болып қолданылды. Мысалы, осы атаулар 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттерде *советтік россия* түрінде емес — *советті россия, совет республикасы (советтік республика)* емес — *кеңесті республика, ауыр өнеркәсіп* емес — *ауыр өнерлі кәсіп, талас мәселе* емес — *таласты мәселе, қымбатты жолдастар* емес — *қымбат жолдастар* түрінде жұмсалады. Бұл айтылғаннан қазіргі тіліміздегі **-тық, -тік** қосымшасының орнына **-ты, -ті**, ал жұрнақсыз да айтылып жүрген осы күнгі кей сөзге **-лі, -ты** жұрнағы қолданылғандығын көреміз. Осы жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде *жер жүзілік* деген сөз қатарының қолданылуы да қазіргіден өзгешелеу. Мысалы, ол бұл кезеңде бірді-екілі жерде *жер жүзілік* емес, *жер жүзіндік* болып жұмсалған.

**Советті Русианың** белгілі шешені жолдас Қрасин Иавропаның хукүмет бастықтарымен ауызша сөйлесуге ұшып кетті («Еңбекшіл қазақ»); **Саветті Русианың** жайы («Еңбек туы»); **Сатсиалдық негізіне құрылған кеңесті іреспублика** құрды («Жаңа әдебиет»); Оның ішінде **ауыр өнерлі кәсіп** өнімі 11,8 милиарт сомға жетіп... («Әйел теңдігі»); **Барлық партия ұйымдарына! Қымбат жолдастар!** Обком һәм аукомдарға! **Қымбат жолдастар!** («Ақ жол»); **Таласты мәселелер** әбден титығына жетіп шешілгенше... («Ресейлік ортақшыл (бөлшевик) партиясының программасы мен уставы»); **Полсападағы затшылдық пен мұратшылдық туралы таласты мәселені шештік** («Жаңа мектеп»).

Қазіргі әдеби тілде **-шы** жұрнағының орнына 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде кей-кейде **-кер**, ал енді бірде **-шыл** қосымшалары қолданылған. **-Шыл** жұрнағы, сондай-ақ оқта-текте қазіргі **-лық** қосымшасының да қызметін атқарып тұрады. Осы тәрізді морфологиялық өзгешелік қазіргі қолданылуда *халық шаруашылығы, шаруа* сөздерінен де ара-тұра аңғарылады. Мысалы, осы күнгі *халық шаруашылығы* сөзі 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттерде **-шылық** жұрнағынсыз *халық шаруасы* түрінде қолданылса, *шаруа* сөзі, бұған керісінше, бірді-екілі жерде **-шыл** қосымшасы арқылы, яғни *шаруашыл (шаруашылдар)* болып жұмсалады.

**Кәсіпшілдер ұйымы** мен уәкілдер арқылы байланыс жасалып отырады («Еңбекші жас»); **Қара шаруа еңбекшіл елдің саяси әм мәдени ағарту жұмысын күшейту үшін...** (сонда); **Жер кәсібімен пайдаланушы еңбекшілдер жиылысы...** («Ауыл»); **Фабрике зауттары жабылғандықтан іссіз еңбекшілдер саны күн санап көбейді** («Жас қайрат»); **Анау қыр астында малмен араласып жайылып жүрген еңбекшіл жастардың арасында ағарту...** («Жас қайрат»); **Үш жұмыскер пакултетін ашу дұрыс** («Жаңа мектеп»); **Жұмыскерлер клубында губерnelік**

*4-ші сиез ашылды* («Ауыл»); *Егін шаруасына қатынасқан шаруашылар* көліктің күшіне мұқтаж болмақшы («Жас қайрат»); *Халық шаруасы аса күйзеліп қалғанын...* («Еңбекшіл қазақ»); *Ауыл шаруасы не күйде* (сонда); *Мал шаруасын оңдаудың шарасын...* («Ауыл»); *Падшашыл хұкүметтің тұсында...* («Шолпан»).

Қазақ тілінде *-и*-мен келетін *мәдени, тарихи, саяси* тәрізді қатыстық сын есімдер бар. Тілімізде *-ы* қосымшасы аркылы жасалған қатыстық сын есімдер де жоқ емес. Бірақ осы *-ы* формалы қатыстық сын есімдер қазақ тілінде тым санаулы (*қалмақы ер, қалы кілем, қазақы адам* т. б.): *саяси, мәдени* сын есімдеріндегі *-и* да, *қалмақы* дегендегі *-ы* да парсы тілінен, әріден келе жатқан көне құбылыс. Қазіргі әдеби тілімізде әбден қалыптасып кеткен *тарихи, саяси* қатыстық сын есімдер 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде *қалмақы ер, қалы кілем, шыны май* тәрізді *саяси міндет, тариқы маңызы* түрінде (оқта-текте тіпті *тариқтық маңызы* болып та) қолданылған. Бұл құбылыс, ілгеріде айтылды. Сондай-ақ 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде де мына формада кездеседі.

*Қазақ университетін ашу мәселесі қазақ жұртының тариқтық дамуы мен сабақтас* («Жаңа мектеп»); *Ең негізгі саяси міндет* — *екінші бес жылдықта тапсыз сатсиалды* қоғам құру («Әйел тендігі»); *Кеңестер елінің жұмысшылар табы... жер жүзіндік тарыйқы маңызы* бар ұлы табыстарға жетті (сонда).

1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде *-ба, -бе, -ма, -ме* тәрізді жалғыз-жарым морфологиялық тұлғалардың қолданылуы да қазіргіден өзгешелеу болып келеді. Осы күнгі *өндіріс, тізім* тәрізді жеке сөздер бұл кезеңде *тізбе, өндіріме* түрінде, яғни *өндіріс орны* деудің орнына *өндіріме орны* болып айтылған. 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттерде *жетінші жасқа* (аяқ басу), *керексіну* болып та кейде қолданылады. Бүгінде бұл сөздер, *жетіге аяқ басу, керек ету, керек қылу* сияқты ыңғайда тіркесіп келеді.

*Олардың шаруашылық тұрмыстарын оңдау. Әсіресе өндіріме орындағы істеп жүрген жастардың іскерліктерін...* («Еңбекші жас»); *Жетінші жасқа аяқ басқан дәуірінде толып жатқан жұмыс бітіргендігін көріп отырмыз* («Жаңа мектеп»); *Кітаптарымыздың тізбесін* орындардағы жолдастардың алдына салып отырмыз (сонда); *Қазақ халқының арасындағы екпінді жұмыстардың тізбесін* бұдан екі ай бұрын түзіп... («Ауыл»); *Үлкендеріміздің қалам қайратын керексінеміз* («Жас қайрат»).

Етістіктің қазіргі *-а-тын, -е-тін, -ай-тын, -ей-тін, -ған, -ген* формаларының орнына 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде оқта-текте *-шы* жұрнағы қолданылған. Бұл жылдардағы көркем шығармалар тілінде де

**-а-шақ (-е-шек), -ыс, -іс, -паз, -ша, -ше** тәрізді морфологиялық тұлғалардың да қолданылуы бүгінгі әдеби тілдегіден көп өзгеше.

Қолдарында өзгеріске қарсылық **етуші**, 17 нші жылдан бері қарай шет жерде қашып жүрушілер («Бұйрық-жарлық хәм қаулылар жинағы») ... оның бір бөлімінде қызмет **қылушы**, партияның барлық қаулыларына бой сұнушы хәм мүшелік жарнасын төлеуші кісі... («Ресейлік...»); сол қауымды қолымен **тұрғызушы** өзі болады («Жас қайрат»); Партияға **алынашақ** кісінің... («Ресейлік...»); Себебі **ашылашақ** университетіміздің түрі де... («Жаңа мектеп»); Оны тез арада **құрташақбыз** («Еңбек туы»); Қолдары босап біраз демдерін **алашақ** (сонда); Еңбекшілер төңкерісін қорғау жолында нық **күзетешек** («Ауыл»); Бұлар... мектеп қасынан **ұйыстырылып...** (Жаңа мектеп»); Өздерінің топтарының арасында **ұйыстыру** хәм басшылық қылу жұмысын оларға жеңілдету керек («Ауыл»); Сайаси **ұйыстыру** жағынан жол басшылықты күшейту («Жас қайрат»); Ұсақ малды жақсы көріп **силампаз** келетіндік мінезі де болады («Жаңа мектеп»); Бұл кезде балаларда тәртіпке **қайшы келімпаздық...** күштірек болады (сонда); **Бұл күнгеше** ешбір жаулығын аяп қалған жоқ («Еңбекшіл қазақ»); Оқу реті кешкі сағат 6-дан **8-геше** болмақ («Ауыл»).

1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттердің тілінен және көркем әдебиет тілінен ұшырасатын синтаксистік өзгешеліктерді өз ара ұқсас келеді деуге болады. Бұл кезеңдегі баспасөз және кейбір әдебиеттердің тілінде қазіргі әдеби тілдегіден өзгешелеу болып келетін жекелеген синтаксистік құбылыстар мына бір конструкциялардың қолданылуынан аңғарылады: **соның үшін, оның үшін, жүзеге шығару, болмаған себепті, жетіспеушілігі себепті, надандығынан пайдаланып, жер кәсібімен пайдаланып** тағысын тағылар. Синтаксистік (морфологиялық та) ыңғайдағы бұл тәрізді тосын құбылыстар ХХ ғасырдың басындағы жазба әдебиеттерде 1920—30 жылдардағыға қарағанда көбірек.

1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде **соның үшін** конструкциясы қазіргі тіліміздегі тек **сондықтан** жалғаулығының орнына қолданылады. Ал **оның үшін** конструкциясы **сондықтан** жалғаулығының орнына да, сонымен қоса ара-тұра **ол үшін** деген мағынада да жұмсалады. **Үшін** шылауы бұл кезеңдегі баспасөз бен түрлі әдебиеттер тілінде оқта-текте ілік жалғаулы бұл есімдігімен де қосарланып, яғни **мұның үшін** болып та қолданылады. **Сонымен** деудің орнына осы кезгі әдебиеттерде **соның үшін, оның үшін** конструкцияларының ыңғайымен **соныңмен** делініп те айтылады.

**-ған** формалы етістікпен не **-шы-лық** қосымшалы тұйық рай етістік пен **себепті** сөзі арқылы келетін конструкция да осы

1920—30 жылдардағы жазба әдебиеттерде (олардың ішінде әсіресе көркем әдебиетте) ХХ ғасырдың басындағы жазба әдебиеттегімен салыстырғанда әлдеқайда сирек ұшырасады.

*Ташкенде отырып ауылдағы жастарды тәрбиелеуге болмайды. **Соның үшін** бұл істі кезектегі екінді істің бірі деп санап («Жас қайрат»); Қай ұлт болсын байлар табы ұстаған саясатын нәпсісімен өлшейді. **Соның үшін** байлар табы еш уақытта... нашар ұлттарды теңдікке жеткізе алмайды («Ауыл»); Халық шаруалығын түзеу де партия жұмысы. **Соның үшін** бұл жұмысты алдымен жүріп таза атқару партия мүшесінің міндеті («Ақ жол»); Бұрышын өткірлеңкіреу іретін **соның үшін** бәрін де білсең керек («Жаңа мектеп»); Міне **соның үшін** де әйелдер арасындағы жұмысқа партия басшылығын.. («Әйел теңдігі»); Халыққа керегін мемлекет тарапынан тәртіпке салып үлестіріп тұру бұл реттегі кеңес хукуметінің көздеген мақсаты. **Оның үшін** жалпы халықты потребител қауымдарына кіргізіп... («Ресейлік...»); **Оның үшін** өткен 1922-ші жылы хукумет астық қарзының қағаздарын шығарды («Еңбекшіл қазақ»); Кедейлер үстемдігіне ең бірінші жастар ұран шақыруымыз керек. **Мұның үшін** не қылып, келешекте не істеуіміз керек («Жас қайрат»); **Соның мен** декабр басында 19 жетім балалар үйінде 2267 бала болды («Ауыл»); **Мұның мен** іс тамам бола қойған жоқ (сонда); **Соның мен** «рууқ» затсыз тұра алмайды («Жаңа мектеп»); **Заман қиындаған себепті** жаңа шаруашылық саясаты туды («Жас қайрат»); Күні бойы суықта жеңіл киіммен жүрген **себепті** кенеттен салқын тиіп... («Ауыл»). «Еңбекші қазақ» та бір **басылған себепті** басылмайды («Жаңа мектеп»); **Іске асырып жүруге еркіндігі болмағандығы себепті** ұстаған жолдары... («Еңбекшіл қазақ»); Һәр түрлі жұмыстарға **жетіспеушілігі себепті** бұларды... («Ақ жол»).*

Қазіргі әдеби тіліміздегі *іске асыру, іске асырылсын, жүзеге асты, іс жүзінде орындау, надандығын (жер кәсібін) пайдаланып* тәрізді сөз орамдары 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде кейде *амалға асыру, жүзеге шығару, жүзеге шықты, амалға жүргізілсін, іс жүзіне шығару, тұрмыс жүзінде, надандығынан пайдаланып, жер кәсібін пайдаланып*, болып қолданылады. Ал ХХ ғасырдың басындағы жазба әдебиеттерде (әсіресе баспасөз және кейбір әдебиеттерде) жалғаулықтың *уа хәм, хәм ине* тәрізді күрделенген формалары жиі қолданылса, 1920—30 жылдардағы жазба әдебиеттерде олар — сирек кездесетін құбылыс. 1920—30 жылдардағы көркем әдебиет тілінде тіпті байқалмайды. Бұл кезеңдегі баспасөз және кейбір әдебиеттің өзінде де бірді-екілі-ақ жерде *әм және* түрінде кездеседі.

*Бұл міндеттерді жүзеге асыру жөнінде... («Жаңа мектеп»); Мұндай жұмыстарды мектеп тез жүзеге шығарып көп жұмыс*

*істеуге болады (сонда); Соларды бұл күнге шейін іске жаратып жүзеге шығарайын* деген комиссия көрінбейді («Ақ жол»); *Ұлт мәселесін жүзеге шығару* туралы... («Ауыл»); *Ұлт бостандығын жүзеге шығару жолы...* («Шолпан»); *Партияның тұтқан бағдарын жүзеге шығару үшін...* («Жас қайрат»); *Түркістанда жастар ұйымы 20-ншы жылдан бастап жүзеге шықты* (сонда); *Тұрмыс жүзіндегі хал жайларына қарап...* (сонда); *Бұл қаулыны қалай іс жүзіне шығару реттерін...* («Ақ жол»); *Ел арасындағы әйелдердің надандығынан пайдаланып отырғандарға...* («Ауыл»); *Жер кәсібімен пайдаланушы еңбекшілер жиылысы...* (сонда); *Халық камисарлар кеңесінің 23-нші жыл 2-нші ағұста шығарған қарары Түркістан республикасында қолданып, амалға жүргізілсін* («Бұйрық-жарлықтар»...); *Бұрынғы өткен сиездердің тоқтамдарының амалға аспаған жерлерін орындау...* («Жас қайрат»).

#### § 41. 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиет тілінің лексикалық ерекшеліктері

Техникадағы, өнер салаларындағы, ғылым мен мәдениеттегі жаң-жақты дамуға байланысты қазақ әдеби тілінде көріне бастаған әр түрлі жаңа атаулар, терминдік ұғымдар, жаңа мағыналы сөздер ХХ ғасырдың бас кезіндегі жазба әдебиеттерден гөрі 1920—30 жылдардағы жазба әдебиет үлгілерінде көбірек байқалады. Әр түрлі жаңа атаулар, терминдер, сөз мағынасындағы сонылықтар бұл кезеңдегі баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде мол кездеседі.

#### Термин сөздер, аударма атаулар

*Новая экономическая политика* термині қазіргі қазақ әдеби тілінде *жаңа экономикалық саясат* делініп алынды. Шындығында, орыс тіліндегі осы жаңа ұғым қазақ тілінде алғашқы кезде әр түрлі аударылып, әр түрлі баламамен түсіндіріліп келді. Мысалы, ол (*новая экономическая политика* термині) 1920—30 жылдарда *жаңа шаруа саясаты, үнем саясаты, жаңа шаруашылық саясат, жаңа сақтық саясат* түрінде әр жерде, әр кезде әр түрлі аударылған.

*Жаңа шаруа сайасаты* шығып... («Шолпан»); *Үнем сайасатының кезектегі мәселесі...* («Ауыл»); *Жаңа шаруашылық сайасатын шығарудағы мақсұтымыз* (сонда); 21-нші жылы «непо» *жаңа сақтық сайасаты* деген шықты («Жас қайрат»); *Жаңа шаруа сайасаты* арқасында ғана... (сонда).

Мұндай аударма баламалар 1920—30 жылдардағы баспасөз бен түрлі әдебиеттер тілінде көп кездеседі. Мысалы, қазіргі әдеби тілімізде *қаулы, қарар, ғалым, білімпаз, жоғарғы орындар (вышестоящая инстанция), жазылушы* (газет, журналға жазылушы), *жетекшілігі* (гегемондығы), *есеп* (отчет), *жазу машинкасы, елшілік үйі, құрметті қарауыл, атқару комитеті, ағымдағы істер, ана мен бала өмірін қорғау институты, қоғам жұмысы, өндіріс (өндіру) құралдары, нұсқау, үндеу (обращение), шабуыл* (наступление), *сыбағалы салмақ, ноқат, терминдер* (термин сөздер), *саяси қайраткерлер, көркем әдебиет, арнайы декірет, кандидаттық стаж, шикізат, төтенше съезд, секретариат, шпион, қатарына, түрме, ұйым, орталық, көрме, қаралы митинг, дипломат* (оратор), *кеңесші дауыс, гектар, ыстық пояс, қызыл әскер* тәрізді атаулар, терминдер бар.

Осы сан-сала ұғымдардың 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тіліндегі берілуі қазіргіден өзгешелеу болып келеді. 1920—30 жылдардағы жазба әдебиет үлгілерінде қолданылған кейбір атаулар, терминдік ыңғайдағы кейбір сөздер әдеби тілде қазір кездеспейді. Жоғарыда келтірілген терминдер, жеке сөздер орыс тіліндегі атауларды, жаңа ұғымдарды қазақ тіліне аудару, қазақша балама тауып қолдану процесінде қалыптасты.

Ал бұл сөздер 1920—30 жылдардағы баспасөзде, кейбір әдебиеттер тілінде мына түрде қолданылады: *тоқтам* (қазіргі қаулы, қарар); *ғалымпаздар* (білімпаздар), *жоғарғы өркендер* (жоғарғы орындар), *алушы* (подписчик), *партияның басалқылығы* (партияның жетекшілік ролі), *есеп-хисабы* (отчет), *қол баспа машинесі, уәкілдік үйі, қадірлі сақшы, орындау комитеті* (атқару комитеті), *аналық-балалықты сақтау, уақытындағы істер, әлеумет жұмысы* (қоғам жұмысы), *жасау құралдары* (средства производства), *көзеулер* (указание), *үндеунама* (обращение), *ұмтылыс* (наступление), *бәсеке салмақ, түйдек программа, ұлы тыныс, пән сөздері* (терминдер), *сайаси іскерлер, ұшпа қағаз* (летучка), *сырлы әдебиет* (көркем әдебиет), *әдейі декірет, кандидаттық дәуір, жасама заттар, тығыз сыез, қатшылық* (секретариат), *жансыздар* (шпиондар), *рет* (лениншіл жастар ретінде), *қараңғы үй, партия ұясы, кіндік көрініс* (көрме, митинг), *шешен* (дипломат), *сөзшең* (оратор), *ісшілер* (ремесленники), *кеңес беруші дауыс* (кеңесші дауыс), *жер* (гектар), *ыссы белдеу, қызыл азамат* (қызыл әскер), *харіф тізуші* (наборщик), *қосымша салу* (пристройка), *қашақ* (қашқын) т. б.

Бұлардың көбі қазақ әдеби тілінде әлі де қолданылады. Бірақ, дәл осы келтірілгендей формада емес. Қолданыла келе сөздердің қай-қайсысы да мазмұн жөнінен, сырт формасы жағынан бірте-бірте екшеліп, бүгінгі әдеби тілдегідей түрде қалыптасты. Жоғарыда санамалап келтірілген жеке атаулардың, терминдердің 1920—30 жылдардағы жазба әдебиеттегі мағынасы, сөйлем-

дегі сөздермен мағыналық байланысы, тұтас контекст бойынша алып қарағанда, айқынырақ көрінеді. Мысалы:

*Пленум жаңадан тоқтам ұран шығарған жоқ. Бұрынғы өткен сиездердің тоқтамдарының амалға аспаған жерлерін орындау... («Жас қайрат»); Бұл мәселені шешу жолында мәдениетті халықтардың ғалымпаздары көп ойлап... (сонда); Жастар ұйымының жоғарғы өркендерінің басшылығымен (сонда); Алушы жиа алмағандар, квитансианы қайтарса екен («Ауыл»); Партияның басалқылығын түсінбеушілдіктермен күресу («Жас қайрат»); Бір жылдық жұмысы хақындағы есеп-хисабы тыңдалады («Ауыл»); Кеңселерде қазақ тілін қолдану ісінде ең керекті нәрсе қол баспа машинесі еді (сонда); Уәкілдік үйінің қасында түрік әскерлерінен қадірлі сақшылар тұрған (сонда); Орындау комитетінен уәкілдер болды («Еңбекшіл қазақ»); Канференсиада қаралатын мәселелер мыналар болды; аналық-балалықты сақтау; уақытындағы істер (сонда). Қандай әлеумет жұмыстарын атқарады (сонда); Жасау құралдары,.. байлардың қолында болатын («Жаңа мектеп»); Орталықтағы партия, кеңес мекемелерінен анық көзеулер беріледі (сонда); Қазақша қазақ хариғ тізушілер курсы ашып отыр («Еңбекшіл қазақ»); Үй салу, үйге қосымша салу тәртіптері бойынша... («Бұйрық жарлықтар...»); Шелебі түрмесінен қашқан қашақ болып шығады («Ауыл»); Бірқатарын қараңғы үйге жауып... (сонда);*

1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде революция, революционный, империалистік, империалистер, общественная наука, беспартийный тәрізді терминдер де түрліше қолданылады. Бұлар, мысалы, жиангерлер, жиһангездер, жиһангерлер соғысы, дүние жиһангерлер соғысы, жиһангершіл мақсат, төңкеріс, төңкерісшіл, өзгеріс, өзгерісшілдер, өзгерісшіл дана, өзгерісшіл тану, жұртшылық ғылым, жұртшылық ғылым партиясыз, партиадан тыс тәрізді болып келеді. Демек, қазіргі әдеби тілдегі империалист, дүние жүзілік соғыс, империалистік мақсат терминдері ол кезеңде жиангер, жиһангез, жиһангерлер (не дүние жиһангерлер) соғысы, жиһангершіл мақсат түрінде алынса, ал осы күнгі революция, революциялық тану, революционер, қоғамдық ғылым, партияда жоқтар деген атаулар өзгеріс, төңкеріс, өзгерісшіл, төңкерісшіл, өзгерісшіл тану, өзгерісшіл дана, жұртшылық ғылым, жұртшылық ғылым, партиясыз, партиадан тыс делініп қолданылған.

Осы фактілерге және ілгеріде келтірілген көптеген мысалдарға қарағанда, 1920—30 жылдары *-шы, -шыл, -шы-лық* жұрнақтары мағыналық жағынан да, функциясы жөнінен де бір-бірінен үнемі дәл ажыратыла бермеген. Міне, сондықтан да, *-шы* мен *-шыл* қосымшалары бұл кезеңде бірінің орнына бірі, аралас жұмсалып отырады. Осы өзгешелік *жұртшылық ғылым,*

жұртшылдық ғылым, еңбекші қазақ, еңбекшіл қазақ тәрізді 1920—30 жылдардағы көптеген сөз қолданыстардан айқын көрінеді.

Жоғарыдағы революция, империалист, революциялық тану, империалистік мақсат, партияда жоқтар, қоғамдық ғылымдар терминдерінің 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде, түрліше формада беріліп отырғандығын мына бір мысалдардан байқауға болады.

**Октябрь төңкерісінің он жылдығына** («Жаңа мектеп»); **Төңкерісшіл жұмысшылардың ту тіккен ордасы** («Еңбекшіл қазақ»); **20 мың өзгерісшілдерді** Токио қаласындағы жер сілкінісі өлтірсе керек («Ауыл»); **Октябрь өзгерісінің 6 жылдық тойында** (сонда); **Бұл таптың дүние тануы өзгерісшіл тану** («Жаңа мектеп»); **Ленин — өзгерісшіл дана** (сонда); **Жапон жиһангерлері** жеңгеніне мастанып... («Ақ жол»); **кейбір жиһангерлер** мұз теңізін жағалап («Жаңа мектеп»); **соңғы жиһангерлер** соғысынан кейін («Ауыл»); **Өткен дүние жиһангерлер** соғысында («Еңбекшіл қазақ»); **Жиһангершіл мақсат** тұтынан... **жиһангерлік мақсат** тұтып... («Жас қайрат»); **жұртшылдық ғылымдарын** дін ғылымдарына аударып («Жаңа мектеп»); **Арасындағы дау жұртшылық ғылымдарына** әсер береді (сонда); **Партиясыз шаруалар** жиылысы болды («Ауыл»); **Партиядан тыс әйелдердің** конференциясы («Еңбекшіл қазақ»):

1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде қазіргі теңдік, теңдестіру, құрметті председатель терминдері де осы кездегіден өзгеше формада қолданылады, яғни оларға қазіргіден мүлдем басқа баламалар берілген.

**Барлық адамға тегістік**, жалпы бірдей тіршілік береміз («Жас қайрат»); **Шаруашылықтағы иесіздікті, теңгермені** жойып... («Әйел теңдігі»); **Сиез бір ауыздан Ленин жолдасты ардақты бастық қылып** сайлады («Ақ жол»).

1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде жоғарыдағы тәрізді лексикалық өзгешеліктер өте көп. Қазіргі әдеби тілдегі, мысалы, мақала, қабырға газет, жұмыссыздар, көрікті жерлер (достопримечательность), халық ағарту, кружок (саяси сабақ), рекомендация беру, мектеп интернат, жатақхана, халықаралық жағдай, ауыл шаруашылығы академиясы, халық шаруашылығын, класс (мектептегі), ясли тәрізді жеке атаулар мен термин ыңғайындағы кейбір сөздер бұл кезеңде ара-тұра мынадай формада беріліп отырады: **сөз** («Кедей сөзі»); **қабырғалық газета** («Еңбекші жас», «Кедей сөзі»); **іссіз еңбекшілдер** («Жас қайрат»); **ажайп қаналар** (сонда); **орда** («Еңбекшіл қазақ» т. б.), **халық ағартқыш** («Ақ жол»), **ағарту әңгімелері** («Еңбекші жас»); **кепілдер, кепіл болу** («Ресейлік...»), **жатақты мектеп** («Жаңа мектеп»), **халқ ара күй** («Ауыл»), **ел шаруасы академиясы** (сонда), **ел шаруашылығы**



(«Жаңа мектеп»); *1-ші жыл, жоғарғы бөлім* (сонда), *бесік үйі, балалар бесігі* («Әйел теңдігі»), («Жаңа мектеп»). Бұл сөздердің қазіргі айтылуын 1920—30 жылдардағы қолданылуындағы өзгешелігін салыстырып былай көрсетуге болады: *мақала* — *сөз, қабырға газет* — *қабырғалық газета*, *жұмыссыздар* — *іссіз еңбекшілдер, музейлер* — *ажайп қаналар, халық ағарту* — *халық ағартқыш, кружок (саяси сабақ)* — *ағарту әңгімелері, рекомендация беру* — *кепіл, кепіл болушы, мектеп-интернат* — *жатақты мектеп, жатақхана* — *оқушылар жататын жұрт, халықаралық жағдай* — *халық ара күй, ауыл шаруашылық академиясы* — *ел шаруасы академиясы, ауыл шаруашылығы* — *ел шаруашылығы, класс* (мектептегі) — *1-ші жыл, бөлім, ясли* — *бесік үйі, балалар бесігі*.

1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінің лексикасындағы ең үлкен сала — қазақ тілінің сөз байлығында кездесетін жоғарыдағы тәрізді жаңа атаулар, орыс тілінің әсеріне және ғылым мен техникадағы дамуға байланысты пайда болған аударма терминдер, жаңа мағыналы сөздер. Ресми іс қағаздарының стиліне, ғылыми стилге, публицистикалық, баспасөз стиліне тән лексикалық сипат, түрлі стильдердің өзді-өзіне тән ерекшелік 1920—30 жылдардағы әр түрлі жазба әдебиеттерден айқын көрінеді.

Бұл кезеңдегі ғылыми стильдің, ресми-іс қағаздары стилінің, баспасөз стилінің қалыптасу дәрежесін көрсететін лексикалық ерекшеліктер қатарына аударма ыңғайында алынған сөз орамдарын да жатқызуға болады: *Бір беткей ауыл шаруашылық салығы* («Бұйрық жарлық...»); *Бір беткей архив қазнасына жіберілсін* (сонда); *Мал шаруашылығы мәселесін тағайынды шешу* («Әйел теңдігі»); *Бұл істі кезектегі екпінді істің бірі санап* («Жас қайрат»); *Болстық һәм үйездік атқару комитеттерінің хатшылары* қазақ тілін, жазуын білетіндерден болуға міндетті («Ауыл»); *Қосшы ұйымының иашейкелерімен* байланыс тұтып... («Жас қайрат»); *Бірінші басқыш еңбек мектебінде* оқып жүрген балалар *сауық кешін жасады* («Ауыл»); *бірінші басқыштық тәжірибе мектебі* («Еңбекшіл қазақ»); *Еңбекшілдер жүздігін таратуға бұйрық таратқан* («Ауыл»); *кеңесшіл Грузияда* («Ақ жол»); *Қазағыстан кеңесті республикесінде* («Жаңа мектеп»); *кеңесшіл хукуметіне..* («Шолпан»); *район жасағы* (районная партийная организация деген мағынада — «Ресейлік...»); *Әр жасақтың да жоғарғы басқаратын ордасы* (органы деген мағынада, сонда); *бес кісілік бюро* (сонда); *үш кісілік комиссия* («Ақ жол»); *Камунистік көзгелдегімен* тәрбиелеймін деген мақсатпен болу керек («Жас қайрат»); *пар айыру, залок жырту* («Еңбекшіл қазақ»).

## Баспасөз бетіндегі пуризм

Әр түрлі ғылым саласындағы, өнердегі, техникадағы, жалпы мәдениеттегі жаңалықтарға, оқу-ағарту кітаптары, оқулықтар жазылуға байланысты көріне бастаған жаңа атаулар, жаңа ұғымдар 1920—30 жылдардағы көркем әдебиеттегіге қарағанда, осы кезеңдегі мерзімді баспасөзде, түрлі әдебиеттерде көбірек қолданылады. Осыған орай орыс тіліндегі, бірсыпыра ретте тіпті интернационалдық ыңғайдағы терминдерді қазақ тіліне аударуға әуестенушілік жиірек байқалды. Баспасөзде, кейбір әдебиеттерде 1920—30 жылдары пуризм элементі (көркем әдебиеттегіден) молдау кездеседі.

1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде *топ* деген сөз термин ретінде біраз жерде қолданылады. Бірақ әр түрлі мағынада қолданылады. Ол кейбір сөз орамында қазіргі *съезд* терминінің мағынасын білдіріп тұрады. Ал басқа бір контексте ол сөздің жанында жақша ішінде *конференция* термині қоса беріледі. Бұған қарағанда *топ* сөзі 1920—30 жылдардағы баспасөз бен кейбір әдебиеттер тілінде ара-тұра *конференция*, *мәжіліс* деген ұғымда да, оқта-текте *съезд* терминінің орнында да жұмсалып отырғандығын көреміз.

*Мысалы, біздің партианың 12-нші тобында ұлт мәселесі дұрыс қаралып, шешіліп өтті («Жас қайрат»); Ұлт мәселесі хақындағы 12-нші партия тобының хәм 14-кеңестің қарарларын жүзеге асыру туралы қаулы («Ауыл»); 21-нші жылы ортақшыл партианың 10-ншы тобында «непо» жаңа саясаты деген шықты («Жас қайрат»); Коммунист партиясының XII нші тобында ауыр кәсіп туралы шығарылған қаулы («Ауыл»); Көп жасасын ортақшылдар тобы («Ақ жол»); Бүтін русидағы жастар ұйымының губернарлық қауымы жанындағы қазақ бөлімінің жалпы қазақ жастарының тобы шақырылғанша қолданатын жобасы хәм қаулысы («Кедей сөзі»).*

Бұл мысалдарда *топ* сөзінің қазіргі *съезд* терминінің қазақша баламасы ретінде қолданылғандығы айқын көрініп тұр. Ал мына бір сөйлемдерде ол жоғарыда айтқан *конференция*, *мәжіліс* сөздерінің орнында қолданылған.

*Ісшілдер октәбрдің басында Мәскеуде бірінші топ конференция шақырып ұйымның негізгі мақсұты не болуға тиіс деген мәселені шешті («Еңбекшіл қазақ»); Ұйымының рұхсаты мен төңірек жиналыс хәм топ жасау («Ақ жол»); 1-нші декабрде башқұрт республикеснің 4-нші-кеңестер тобы шақырылмақшы («Ауыл»); кеңестер тобын Лениннің өлімі хақында хабарландыру (сонда); Қазақстан республикесінің қожасы болған 4-нші кеңестер тобы ғинуардың 10-ы күні кеш жұмысын бітірді (сонда); Сайасы әм мәдени ағарту жұмысын күшейту үшін 13-нші партия тобының тапсырып кеткен міндеттерін... («Еңбекші жас»).*

Екінші сөйлемдегі *төңірек жиналыс* тіркесі де орыс тілінің әсерінен жасалған соны құбылыс. Бұл тіркес *зональное совещание* не *кустовое совещание* деген мағынада қолданылған.

1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінде *топ* сөзі *съезд* терминімен бір сөйлемде ара-тұра қатар қолданылып келді. Мұндай ретте *топ* сөзі не *конференция*, не *съезд* терминінің мағынасын білдіре алмайды. Мысалы, ол бұл кезеңдегі баспасөз бен түрлі әдебиеттер тілінде бір жерде *көрініс* деген сөзбен тіркесіп *көрініс топ* түрінде жұмсалған. Бірақ бұл арадағы оның мағынасы *съезд*, *конференция* терминдерінен гөрі қазіргі *қабылдау (прием)*, *митинг*, *прес-конференция* деген сөздердің ұғымына жақын. Қазіргі әдеби тілде *топ* сөзі *съезд* мағынасында да, *конференция* мағынасында да, *митинг* я *қабылдау*, *прес-конференция* мағынасында да жұмсалмайды. Ал оның *көрініс* сөзімен тіркесіп қолданылғандағы мағынасын мына сөйлемдерден аңғаруға болады:

*Қазақ қырғыз еңбекшілерінің бірінші жалпы съезінің хурметіне тамаша көрініс топ жасады... Шешендер үш сағаттай сөйледі. Топ өте көңілді болып тарқады («Ақ жол»).*

Осы күнгі қолданылудағы *ұшқыштар* (летчики), *матрос*, *паровоз*, *самолет* тәрізді атаулар бұл кезеңдегі баспасөз бен кейбір әдебиеттерде кей-кейде *әуешілдер*, *қызыл кеме әскері*, *от арба*, *қара айғыр*, *әуе кемесі* болып алынды. *Философия ғылымы* — *философия теориясы*, *Дарвин ілімі* — *дарвин теориясы* деп аталатын сөз орамдары да ол жылдары қазіргіден ара-тұра өзгеше түрде айтылып, өзгеше түрде қолданылды. Атап айтқанда, *дарвин қисыны*, *пилософия қисыны* түрінде алынды. Ал *философия* терминінің өзі 1920—30 жылдардағы баспасөзде, кейбір әдебиеттерде *оқта-текте даналық* деп те аударылды. Осыған байланысты *вопросы философии*, *философы* деген сөздер *даналық мәселелері*, *даналар* болып алынды.

*Лондонда болған әуе шілдердің канференсиасында.. («Еңбекшіл қазақ»); Мүгедек болған қызыл әскерге, қызыл кеме әскеріне бос орынның 10 пәсенті (сонда); От арбамен, парохотбен хәм афмотобилмен қатнасқан (сонда); Су кемелері, от арбада 5 минут тоқтап кідірген («Ауыл»); Темір жол бойының дипло, паравоздарын, бірнеше багонды тізбектеп тартып жүретін қара айғырды көресің («Жас қайрат»); Батыстағы мемлекеттер әуе кемесін көбейтуге аянбай кірісіп жатыр («Ауыл»); Дарвин қисынымен танысқысы келген адам... («Жаңа мектеп»); Пилософия қисынын орнатқан данасы Ленин (сонда); «Рууқ» бар, «дін» даналық (философия) адамгершілік... тағы осындай құбылыстар бар... Бұл мәселелер даналық мәселелері. Бұл сұраулар даналарды екіге (затшылдық мұратшылдыққа) бөлген сұраулар (сонда).*

1920—30 жылдардағы баспасөз, кейбір әдебиеттер тілінде *материалистер*, *идеалистер*, *капитал*, *капиталистер*, *материали-*

лизм, материалистік тану, идеализм терминдерінің әрқайсысына қазақша балама беріледі, мысалы, олар мыналар: *затшылдар, затшылдық, мұратшылдық, дәулет, дәулетшілдер*. Идеализм термині кейде *мұратшыл даналық* деп те аударылып алынады. *Председатель, председательствовал, президиум* терминдері қазақ әдеби тілінде қазір, негізінен, осы күйінде өзгеріссіз қолданылады. Ал 1920—30 жылдардағы жазба әдебиетте бұл терминдер бірсыпыра жерде *төр ағасы, төбе басы, төбе басылық* еткен, *сиез басқарушылыққа* (съездің президиумына) болып аударылып қолданылады.

*Затшылдық пен мұратшылдық* туралы таласты мәселені шештік («Жаңа мектеп»); *Капиталдың* (дәулеттің) артуы күшейген сықылды («Жас қайрат»); *Жұмыскерлердің байлар дәулетшілдер* тарапынан көп деккі көріп... (сонда); *Байларға дәулетшілерге* бүтін дүние еңбекшілерінің бас қосып, бірлесе алатынын көрсетті (сонда); *Бұл ретте жасайтын жұмысының үлкені байлар табының даналығын, мұратшыл* (идеализм) *міндеу* («Жаңа мектеп»); *Бұл таптың дүние тануы затшылдық тану* (сонда); *Русия кеңес одағының атқару комитетінің төр ағасы* жолдас Калинин («Ауыл»); *Уездік камисианың төбе басы* қояды («Ақ жол»); *Мәжіліске Төбе басылық* еткен... (сонда); *Сиез басқарушылыққа* мына адамдар белгіленді («Ауыл»).

1920—30 жылдардағы мерзімді баспасөзде *радио, полиграф, экспортная комиссия, гипотенуза, реалист, стипендия, методист, институт, коммунист, бюллетень* тәрізді интернационалдық терминдер де қазақ тіліне күштеп, жөнсіз аударылған. Мысалы, олардың бұл кездегі мерзімді баспасөздегі баламасы мына тәрізді.

*Сымсыз телеграф* хабарларын тоқтатты («Ақ жол»); *Жазба сөз* («полиграфический») жұмысы (сонда); *Сыншы кемесисі* губрнаны аралап қайтып келеді («Еңбекшіл қазақ»); *Жантайма қабырғасы* (гипотенуза) оңтүстікке қарасын («Жаңа мектеп»); *Аурулық қағаздар* мен ақы төлегенде... («Әйел теңдігі»); *Бізге жақындау тұрғаны осы нағызшыл Гоголь* («Жаңа әдебиет»); *Мемлекет тарапынан оқу ақшасын алып тұрады* («Еңбекшіл қазақ»); *Ол пакультет ашылса, онан әдісшілер* шығып отырмақ («Жаңа мектеп»); *Милитсия бастығының да ортақшылдардан* болуы мүмкін (Ауыл»); *Ортақшылдық* ұранын шақырып... *Бейнеткер таптың үстемдігін жүргізетін төңкерісшіл ортақшыл* жастар болмақ («Жас қайрат»); *Орданың жанында оқушылар жататын жұрты бар* («Еңбекшіл қазақ»).

Бұл келтірілген мысалдарға қарағанда, *радио — сымсыз телеграф, полиграф — жазба сөз* («Жазба-баспа өнері»), *Экспортная комиссия — сыншы комиссия, гипотенуза — жантайма қабырға, реалист — нағызшыл, стипендия — оқу ақшасы, мето-*

*дист — әдісшіл, институт — орда, коммунист — ортақшыл, бюллетень — аурулық қағаз.*

### Сөз мағынасының өзгеруі, өзге тілдердің кейбір элементі

1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінен байқалатын, ендігі бір лексикалық өзгешелік *жұлдыз, жабайы, зорайту* сөздерінің қолданылуынан байқалады. Бұлар — қазақ әдеби тілінде бүгінде үзбей қолданылып келе жатқан сөздер. Бірақ олар 1920—30 жылдардағы жазба әдебиеттерде қазіргіден басқашарақ мағынада, яғни осы күнгі ай, жай (қарапайым), *күшейту* (үлкейту) деген мағынада жұмсалып отырады.

*Оқтәбр жұлдызының басынан...* («Еңбекші жас»); *Бірінші май жұлдызынан қалдырмай нұсқау шығару хұқығы халық комиссариатына тапсырылсын* («Бұйрық жарлық...»); *Жабайы байқаған нәрселерін жаза білу* («Жаңа мектеп»); *Дұрыс тәрбие алуын зорайтуға күш салу керек* («Жаңа мектеп»);

Қазіргі қазақ тілінде *рет, қайтара, есе* сөзімен қоса *мәрте* (*үш мәрте*) сөзінің де ара-тұра қолданылып отыратыны мәлім. Осы сөз дәл осы мағынасында 1920—30 жылдардағы әдебиеттерде *мәртебе* түрінде де кейде жұмсалады. Сондай-ақ *түрі ұлттық мазмұны социалистік, шет тілдер* деген сөз орамдары да бұл кезеңде кейде осы күнгіден басқаша формада беріледі. Орыс тіліндегі *к несчастью, коснусь* тәрізді сөздер де бұл тұста қазіргіден басқаша түрде аударылған.

*Дүниеде бірінші мертебе бу мәшинесін табады* («Жас қайрат»); *Шапшаңдығы үш мәртебе артық* (сонда); *мұнда түрі ұлттікі болғанмен тамыры сатсиалдық болу керек* («Жаңа мектеп»); *Жат тілді үйренгенде...* («Жаңа мектеп»); *Мұның бақытсыздығына қарсы дауыс көп бола тұрып...* («Еңбекші жас»); *Жоғарғымен байланыстыра мен оқу құралдарына да қағылып өтпекшімін* («Жаңа мектеп»).

1920—30 жылдардағы көркем әдебиет тіліндегі тәрізді баспасөзде де, кейбір басқа түрлі әдебиеттерде де жекелеген татар сөздері, кейде бірді-екілі өзге де тіл элементтері ұшырасады. Мысалы: *бек, тұту, саламаттық, сақтау бегрекде, низам* және басқа.

\* \* \*

XX ғасырдың басындағы және 1920—30 жылдардағы жалпы жазба әдебиет тілінен байқалған фонетикалық ауытқулар, лексикалық, грамматикалық өзгешеліктер туралы мынадай кейбір қорытынды жасауға болады.

1. *Ғөнер, ғүні (үні), һауа, жазғушы, жүргуші, ғарыз (ғарза) ғаян (аян), дост, раст, дұрст, һүкімет, ғамал, білігі (білімі), хазірлеу, хафта* (апта), *иазам, баш, һеш, хәркім* сөздерінің қолданылуындағы тәрізді фонетикалық ауытқулар XX ғасырдың басындағы әдеби тілде недәуір. Ал фонетикалық осы ауытқулар

1920—30 жылдардағы жалпы жазба әдебиет тілінде бірте-бірте сирей түскен; сөйтіп бұл кезеңде қазақ әдеби тілін өзінің фонетикалық құрылымы жағынан алғанда, бір жүйеге, бір нормаға, негізінен, түскен деуге болады.

2. Қазақ тілінің байырғы өз жұрнақтарының (әсіресе **-шы** **-шыл**, **-паз**, **-ма(-ме)**, **-па(-пе)**, **-лық(-лік)**, **-дық(-тық)**, **-ды(-ді)**, **-ыс(-іс)**) қосымшаларының қызмет аясы өте кең болды, яғни сөз тудыру функциясы ХХ ғасырдың бас кезіндегіден әлдеқайда күшті болды. **-Ыс**, **-іс**, **-паз** тағы кейбір жұрнақтардың қолданылу аясы 1920—30 жылдардағыға қарағанда, қазір бір шама ықшамдала түскен деуге болады. Қазіргі *шейін*, *дейін* шылауларының орнына жұмсалып келетін (*осы күнгеше*, *үйгеше* дегендегі тәрізді) **-ша**, **-ше** формасы, **-а-шақ** (**-е-шек**) қосымшасы ХХ ғасырдың басындағы (одан арғы жердегі де) қазақ тіліндегі жазбаларда недәуір. Ал 1920-ншы, әсіресе отызыншы жылдардағы жазба әдебиеттерде негізінен сирек қолданылған. Демек бұл кездегі әдеби тілдің кейбір морфологиялық құбылыстар жағынан да бір ізге түскендігін көреміз.

*Соның үшін, оның (аның) үшін, келмеген себепті, көп жиналған себепті* конструкцияларының, сондай-ақ жалғаулықтың *уа хәм, хәм ине, хәм тағы* тәрізді күрделенген формаларының қолданылуы да жалпы осы тәрізді. Бұлар ХХ ғасырдың басындағыға қарағанда, 1920—30 жылдардағы жазба әдебиеттерде аздау кездеседі. Бұған керісінше, *жүзеге шығару, амалға жүргізілсін, іс жүзіне шығару, жоғынан пайдаланып* тәрізді сөз орамдары 1920—30 жылдардағы әдебиеттерде, ХХ ғасырдың басындағымен салыстырғанда, өте жиі пайдаланылды.

3. ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдеби тілінің лексикасы ХІХ ғасырдағы әдеби тілдің лексикасынан әлдеқайда жан-жақты, нормалық тұрғыдан да біршама жетілген. Ал 1920—30 жылдардағы қазақ әдеби тілінің, осы кезеңдегі жалпы жазба әдебиеттер тілінің лексикасы мүлдем жаңа сапаға ие болды. Орыс тілінің әсері арқылы жан-жақты дамыды.

4. Қазақ әдеби тіліндегі функционалдық стильдер (ғылыми стиль, публицистикалық стиль, ресми-іс қағаздарының стилі, жазба көркем әдебиет стилі) — әрқайсысы жеке-жеке шын мәнінде осы 1920—30 жылдары дараланып шықты; әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерімен бір-бірінен ара жігін осы кезеңде ашып, осы жылдары айқындала бастады.

5. Қазақ әдеби тілі лексикасының қаулап дамыған кезі — 1920-ншы, әсіресе отызыншы жылдар іші. Ғылымның, техниканың, өнер мен мәдениет салаларының қазақ жеріндегі жан-жақты дамуына байланысты жаңадан әр түрлі терминдердің, балама сөздердің, соны атаулардың пайда бола бастаған, сөздің семантикасының да мейлінше кеңі түскен кезі — осы жылдар тұсы.

1920—30 жылдардағы қазақ әдеби тілінде татар тілінің *бек, тұту, бегірек* тәрізді жекелеген сөздері кездеседі.

## 1940 ЖЫЛДАН KEЙІНГІ ӘДЕБИ ТІЛ

### VII Т А Р А У

Қазақ әдеби тілінің кемеліне келіп марқайған кезі — Октябрьден кейінгі дәуір. Бұл тұста қазақ елінің әлеуметтік-саяси құрылысына, экономикасына енген елеулі өзгерістер әдеби тілдің де дамуына орасан зор жағдай туғызды, қазақ тілі шын мәнінде ана тілі правосына ие болып, еркін дами түсуге, жетілуге бет бұрды.

Халықтың оқып білім алуының, мәдениетін көтеруінің, социалистік құрылыс үшін күресінің ең қолайлы құралы ана тілі емін-еркін дамыды. Бұл жолда ол бірден жетілген әдеби тіл дәрежесіне көтеріле қалған жоқ. Тіл дамуына қолайлы жағдай жасалған кезде оның, біріншіден, өзінің ішкі мүмкіншіліктерін біртіндеп жарыққа шығарып, екіншіден, бізбен қарым-қатынас жасап отырған бауырлас халықтар тілдерімен, әсіресе ұлы орыс халқының тілімен, байланысын күшейтіп жетіле бастады.

Қазіргі әдеби тіліміз 1920 жылдары-ақ осы үлкен екі даму арнасына түскенмен, оның даму қарқыны да әдепкіде оншалықты болған жоқ. Оның үстіне ғасырлар бойы жасалған тілдің баяу өзгерілетін заңдылығын ескерсек, тілдің тез арада кемелдене қоймауы түсінікті де. Сонда да бұл процесті жеделдету үшін істелген шаралардың мәні зор болды. Партия мен үкімет қазақ әдеби тілінің дамуына үздіксіз жөн сілтеп, қамқоршылық етті, республика жұртшылығы, партия-совет қызметкерлері, ғалымдар, журналистер, мұғалімдер, мәдениет қайраткерлері, тіл мәдениетін көтеруге, әдеби тілдің байлығын заман талаптарына сай дамытуға ат салысты. Ол кезде Қазақстан жұртшылығының алдына жаңа алфавит, орфография, терминология сөздіктерін жасау, грамматика оқулықтарын жазу, әдебиет тілінің стилін жөндеу, аударма принциптерін дұрыстау тәрізді қыруар міндеттер қойылды. Осы міндеттердің біртіндеп орындалуы, сөз жоқ, әдеби тілдің дамуына, қалыптасуына, тіл мәдениетін арттыруға септігін тигізді.

Қазақ әдеби тілі өзінің өзгеріске ұшырау, даму жолында Октябрьден кейін екі кезеңді бастан кешірді: бірі — 1920—1930

жылдар арасындағы әдеби тіл; екіншісі — 1940—1960 жылдар арасындағы әдеби тіл. Совет дәуіріндегі әдеби тілдің бірінші кезеңі — жұртшылықтың ана тіліне ықыласы ауып, оны дамыту, байыту, тіл мәдениетін арттырып, әдебиеттік қасиетін күшейту жолында іздену, тартысу дәуірі туды. Олар толып жатқан пайдалы нәтижелер бергенмен, тілдік стильдер толық сараланып, әдеби тіл нормалары жан-жақты қалыптаса алмады. Коммунист партиясының басшылығымен, ұлы орыс халқының көмегі арқасында бауырлас, социалистік ұлттар семьясының құрамында қазақ халқы өзінің мемлекетін құрып, экономикасын дамыта түсумен қатар ана тілін өткір құрал ретінде пайдалана отырып, өнер-білімнің, мәдениеттің, ғылымның, техниканың табыстарына қолы жетті. Бесжылдықтар дәуірінде ірі-ірі құрылыстар, өнеркәсіп орындары салынды, мәдениет ошақтары құрылды, оқу-ағарту, баспасөз жұмыстары күшейді.

Осы кезде қазақ тілі социализм үшін күрестің құралы, коммунизм үшін алға басудың, мәдени дамудың мықты рычагіне айналды. Оның сол қызметіне лайықты сөздік қоры артты, грамматикалық құрылысы жақсарды.

#### § 42. Қазақ жазуын жақсарту шаралары

Жаңа өмірдің жаңа талаптары қазақ тілінің саяси-қоғамдық қызметін ұлғайтты. Әдепкіде мемлекеттік іс қағаздарын қазақша жүргізу, қазақ тілінде газет-журналдар, кітаптар шығару, сауат ашу, бастауыш, орта мектептер сабақтарын қазақ тілінде жүргізу оңай болған жоқ. Бұрын ондай жаппай мәдени бетбұрыс, қалыптасқан тілдік дәстүр болмаған соң, сараланған стильдер тармақтары қалыптаспаған болатын. Ол стильдерге тән сөздер, морфологиялық тұлғалар, синтаксистік құрылыстар екшеліп шыға қоймаған кез болатын. Оның үстіне жаңа өмірде жаңа ұғымдар туып жатты. Олардың баламасы болатын сөздер, әсіресе терминдер, бірден қалыптаса қоймады.

Осылардың бәрі Қазақстан жұртшылығының алдына әдеби тілді дамыта түсу міндетін қойды. Бұл міндеттерді көңілдегідей етіп орындау үшін, алдымен қазақ жазуын ретке келтіру міндеті қойылды. Жазу — мәдени мұра. Ол ең алдымен тіл мәдениетінің бүгінгісі мен ертеңгісін қамтамасыз етуге тиіс. Халықтың жазу мәдениетінің жоғары болуы — өскелең өмірінің нысанасы. Қазақ халқының қазіргі жазуы — бұл халықтың мәдениетті, өнер-білімді, алдыңғы қатардағы прогресс иесі екендігінің айғағы. Оның да өз тарихы бар.

Октябрьге дейінгі қазақ еліндегі аздаған сауатты кісілердің, санаулы баспа орындарының пайдаланған жазуы арабша болып келгені белгілі. Октябрьден бұрын араб алфавитін пайдалану жөнінде ресми шешім де, оны қазақ тілінің ерекшеліктеріне



бейімдеу туралы қағидалар да болмады. Көп жылдарға дейін араб жазуы барлық түрік халықтарына бірдей болды. Тек «Дала уалаятының», «Айқап» тәрізді газет-журнал беттерінде арабша жазу жүйесін оңайлату туралы тиіп-қашты пікірлер болып келді де, 1914 жылы Қазанда И. Бейсенов деген кісінің «Қазақша дұрыс жазу қағидалары» деген кітапшасы шықты. Онда қазақ орфографиясы мен тыныс белгілері ережелерін аздап жүйеге келтіріп, оларды не бәрі 49 қағидаға сыйдырып баяндаған. Көптеген кемшіліктері болғанмен, дамып келе жатқан әдеби тілді нормаландыруға, сауаттылықты арттыруға кезінде оның «жазу қағидаларының» көмегі тигені рас. Бірақ онымен қазақ жазуының жүйесіне елеулі өзгеріс енген жоқ. Октябрьден кейін де араб алфавитіне «дәйекші» енгізу, кейбір әріптердің дыбыстық қызметін саралау әрекеттері істелді. Одан да пәлендей нәтиже шықпады. Оның себебі — араб алфавиті құрамының қазақ тілінің дыбыс жүйесімен үйлеспеуінде. Мысалы, қазақ тілі дыбыстар құрамында тоғыз дауысты болса, араб жазуында дауыстыларды таңбалайтын үш-ақ әріп болды, сонымен қатар ол алфавитте дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын біз үшін сегіз артық әріп болды. Бәрінен де қиыны — бір әріптің әр түрлі ыңғайда түрліше таңбалануы. Мысалы, *б* сөздің басында бір түрлі, ортасында бір түрлі, аяғында үшінші түрлі болып таңбаланатын. Оның үстіне арабша жазудың «жалпы түріктерге» ортақ оқуы мен қазақ тілінің дыбыстық заңдарына үйлесімді етіп оқу арасында көп алшақтық болды да, орфографиялық және орфоэфиялық нормалар сақталмады, жаңа сөздердің жазылуы мүлде шатасып кетті.

Осылардың бәрі халықтың сауаттылығын күшейту, әдеби тілдің жүйелілік қасиетін, байлығын арттыру шараларын қиындатты. Сондықтан 1924 жылы араб алфавитіне реформа жасалды да, оны қазақ тілінің ерекшеліктерімен үйлесімді ету мақсаты көзделді. Ол шаралардың біраз тиімді жақтары болғанмен, жалпы алғанда, араб жазуы қазақ халқының ескелең өмірін, мәдени тілектерін қанағаттандыра алмады. Ақырында, ресми түрде 1929 жылы латын әріптеріне негізделген жаңа алфавитке көштік. Біраз жылғы тәжірибеде оның, араб жазуына қарағанда көптеген ұтымды жақтары болумен қатар, әдеби тілдің дамуына үйлеспейтін кемшіліктері де байқалды. Әсіресе оның құрамында *ф, х, ч, ц, щ, в, ь* таңбалары болмағандықтан, термин сөздердің тұрқын бұзып, түрлендіріп жазу көбейді. Сондықтан қазақ халқының жазуын бұрынғыдан да жақсарту міндеті қойылды. 1940 жылы қазақ совет жұртшылығының тілегі бойынша орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке көшу туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі V сессиясының указы қабылданды. Өмірлік үлкен мәні бар жазу мәселесінің осылай түбегейлі шешілуі қазақ халқының мәдени өмірінің, тіл дамуының орасан зор табысы болып есептеледі. Жаңа алфавит құрамы да,

сол негізде қабылданған орфография ережелері де, негізінде, қазақ тілінің ерекшеліктеріне сай, әдеби тілдің ілгері даму процесіне үйлесімді болып шықты. Онда орыс алфавитіндегі 32 әріп түгел алынды да, оған қазақ тілі дыбыстарының ерекшеліктерін қамтитын 9 әріп (*ә, ө, і, ұ, ү, қ, ғ, ң, һ*) қосылды.

Орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке көшуіміз қазақ әдеби тілінің жүйелі түрде қалыптасуына, байлығын арттыра түсіп, икемді құрал ретінде жұмсауға жол ашқан жаңа кезең болды. Жаңа алфавитке көшкеннен кейін жұрттың сауаттылығы артып, халықтың әдеби тілге бет бұруы бұрынғыдан да күшейе түсті. Оның үстіне, орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке көшуіміз қазақ халқын орыс халқының мәдениетіне жақындата түсті.

Көп жылғы тәжірибеде жаңа алфавиттің осындай сыннан өткен тиімді жақтары болумен қатар, оны әлі де жетілдіру керек екені айқындалды. Бұрын қосымша 9 әріптің алфавитте орналасу тәртібі өзгеше болатын: алдымен орыс алфавитіндегі 32 әріп қатары сақталып, қосымша әріптер олардың соңына тіркесе салынған еді. Осыдан біраз ыңғайсыздық туып, 1957 жылы, көптеген айтыс-тартыстан кейін, Қазақ ССР Жоғарғы Совет Президиумының указы бойынша алфавиттегі әріптердің орналасу тәртібіне және орфографиялық ережелер жинағына кейбір өзгерістер енгізілді. Жазу мәдениетін жетілдіру үшін істелген бұл шараның да мәні зор болды. Әсіресе дауысты дыбыс әріптерін ықшамдап дұрыс жазатын болдық. Әдетте *оқы, кемі, телі* сияқты етістікке *-у* қосымшасын жалғағанда, түбірдің соңындағы дауыстылар *ұ, ү* ге айналып, әлгі сөздер *оқуу, кемуу, телуу* болып жазылды. Кейін түбірдің соңындағы дауыстыны түсіріп бірақ *-у* жазуды ұйғарып едік, сонымыз өте дұрыс болып шықты. Сол ізбен *жый, қый, қалқый, үрпий, кіртій* тәрізді сөздерде екі әріптің (*ый, ій*) орнына бірақ *-и* жазатын болдық. Соған байланысты орфографиялық ережелер жинағында *и* әрпінің қызметін едәуір кеңейтіп, қосар әріптердің жұмсалудың ықшамдаған болатынбыз.

### § 43. Әдеби тілдің тазалығы, дәлдігі үшін күрестің нәтижелері

Жаңа сапалы әдеби тілді дамыта түсу үшін алдымен әдеби тілге тән емес ескі-құсқыдан арылу керек. Сол мақсатпен Қазақстан жұртшылығы тіл тазалығы үшін күресті. 1920 жылдардан бастап, ана тілін дамыту басты мәселелердің бірі боп есептелді.

Расында, тіл тазалығы үшін күрес — тіл мәдениетін арттыру үшін күрестің, әдеби тілдің дәлдігі үшін күрестің бір бөлігі. Сондықтан әдеби тілдің тарихында мұндай шараның алатын орны ерекше. Оның да өзіне лайықты тарихы бар: 1888—1902 жылдары шыққан «Дала уалаяты газетінде», кейін Б. Алтынсариннің,

А. Құнанбаевтың творчестволарында, «Айқап» журналының беттерінде «қазақ тілінің тазалығы» үшін деген мәселе өте маңызды мәселелердің бірі болып көтерілді. XVIII ғасырдың екінші жартысы мен Октябрь революциясына дейінгі қазақ жазбаларының тілі ескі өзбек әдеби тілі («чағатай тілі») үлгісінде болды. Олардың тілі көбінесе шым-шытырық, шұбар ала болатын. Кейін, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап жаңа әдеби тілді қалыптастыруға шұғыл бет бұрылды. Сол кезде, С. Көбеевтің сөзімен айтқанда, «Айқап» журналы қазақ тілін татар, парсы, араб тілдерінен тазартып, қазақтың сап күмістей таза, өзіндік тілін қалыптастыру, қазақ тілінде «жаңа әдіс» мектептерін ашу жөнінде елеулі мәселелер көтереді<sup>1</sup>. 1913 жылы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Айқап» журналында жарияланған мақаласының бірінде былай делінген: «Біз енді Самарқан, Түркстан, Бұқар, Ташкент жағынан келген бас қатырғыш дін жайттарынан арылып, енді Европа мәдениетіне суарылған жаңа өнегелі тілді жасайық. Ол өнерлі тілдің үлгісін бізге Абай берді. Абайдан үйренейік. Онан соң сынаптай таза, күмістей кіршіксіз қазақтың ауыз әдебиетінен, бұрынғы сөз тапқыр шешен сөздерінен үйренейік».

Тіл тазалығы үшін күрес дегеннің мәнісі, әйтеуір, тілдегі кірме сөздерден арылту емес, әдеби тіл үшін керексіз (қоқырсық жаргон т. б.) сөздерден арылу, шет тіл сөздерін орынсыз қолданбау. Бұл мәселенің терең сыры В. И. Лениннің «Орыс тілінің тазалығы жөнінде» деген мақаласында ашылады. Онда В. И. Ленин былай дейді:

«Орыс тілін біз бүлдіріп жүрміз. Шетелдік сөздерді орынсыз қолданып жүрміз. Оларды теріс қолданып жүрміз. Кемістіктер немесе кемшіліктер немесе олқылықтар деуге бола тұрса да «дефектілер» деудің не қажеті бар?

... Шетелдік сөздерді орынсыз қолдануға қарсы соғыс жариялайтын уақытымыз жеткен жоқ па?»<sup>2</sup>.

Керегі аз, тіпті керегі жоқ жерде де өзге тілдің сөздерін пайдалану, өзге тілдің грамматикалық құрылысын сақтап, ана тілінде сөйлеу ойды түсініксіз етеді. В. И. Ленин өз еңбектерінде шетел тілдерінен орыс тіліне енген сөздерді орынды жерінде ғана қолданады.

Совет дәуірінде пайда болған революциялық өзгерістермен қатар, халықтың сана-сезімі оянды, тілдік талғамы күшейді. Сондықтан тілдегі біраз сөздер әдеби тілдің ілгері даму бағытымен үйлеспей, ескіріп, біртіндеп қолданудан қалып қойып жатты. Бұрынғы әлеуметтік-саяси құрылыстың күйреуімен қатар ел басқару жұмыстары мүлде өзгергендіктен, оларға қатысты бұрынғы мекеме, атак, лауазым, дәреже аттары да келмеске кет-

<sup>1</sup> Спандияр Көбеев. Орындалған арман, 1954, 107-бет.

<sup>2</sup> В. И. Ленин. Шығармалары, 30-том, 292-бет.

кендей болды: бірқатары тіпті жұмсалмайды, бірқатары тек архаизм, көнерген сөздер қатарында оқта-текте қолданылады. Мәселен, *хан, сұлтан, би, болыс, төре, әкім, қажы, ишан, халфе; хазірет, алпауыт, губернатыр, карадабой, шенеуник, ыстаршын*, сөздері бұрынғыдай қолданылмайды. Сондай-ақ, ескі салт-сана, әдет-ғұрыпты, діни атауларды, қару-жарак, саймандарды, кісілердің бұрынғы әлеуметтік дәрежелерін білдіретін атаулар да ескіре бастады: *жесір дауы, қалың мал, тоқал алу, құрбандық, садақа, зекет, пітір, пидия; таспих, шарифат, періште, дию, тұмар, жарамазан, жаназа; жер ағаш, сабан, мойынтұрық, садақ, кіреуке; құл, күң, жалшы, бай, мырза, манан* т. б. Сол кезде «кітапшылаған», молдасурет ақындар қолданған, жазба әдебиетке кіре бастаған, үстем тап қолданған жаргон сөздер болатын. Меккеден, Бухарадан, Стамбулдан, Қазаннан шыққан ишан, имам, схоластик медреселер тәрбиесінен шыққан халфе, хазрет, молдалар жаргоны болатын. Олар Абай тұсында дінисламның ықпалына тартып және «Түркі деген тілді пантуркистік саясатының құралы етуге әрекет жасады»<sup>1</sup>. Сондай жаргондық сипаты бар сөздер де әдеби тілден шығарылып отырылды.

Мұндай сөздер мен сөз тізбектері «Абай жолы» сияқты тарихи романдарда және басқа да әдебиетте сол ескірген тұрмыстың қандай болғанын суреттеуде кездеседі, бірақ қазіргі әдеби тіліміздің негізгі сөздік қорынан орын алмайды. Бұрындары сауаттылар біреуге жазылатын хатын «*Ұшбу дұғайы сәлемді жолдаймын, қадірдеп қадір білгуші, жаннан әзіз көрушу...*» деп немесе «*Сізгә ғуззатлу уа хурмәтлу ғазиз мукәррәм ініміз Омарға*» деп бастаса, неке қиярда «*Ғуа-ғуа, гуадурмыз, гуалыққа жұрадурмыз, татчың ақ қасында... ақ гуалігін бирадурмыз*» дейтін. Енді ондайлар бізге күлкі болып естіледі. Немесе «Кітаби тілде» жазған мистік ақындардың:

*Адамнан науа қалмас ғарып болмай,*

*Фуқара сұхбатына қарып болмай.*

*Ғадаты я істіһза яки тахкар,*

*Сөз сөйлемес біреуні жарах қылмай*

(Ақмолла)

тәрізді өлең жолдарындағы жаргондар күнгірт заманның көмескі сәулесі сияқты болып көрінеді. Оның орнына ойы айқын, сөзі жарқын, өлең жолдарын, проза үлгілерін Сәкен Сейфуллиннің, Сәбит Мұқановтың, Бейімбет Майлиннің, Мұхтар Әуезовтің, Ілияс Жансүгіровтің тағы басқа ақын-жазушылардың шығармаларынан оқитын болдық.

«Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол — ақынның білімсіз бейшарасы» деп сынаған Абай, сол сияқты Ыбырай, олардың

<sup>1</sup> М. Әуезов. Қазақтың әдеби тілі.— Әдебиет және искусство, № 4, 1951, 61-бет.

өнегелі үлгісін ұран етіп көтерген Сералин, Торайғыров, Дөнентаев сияқты журналист, ақын-жазушылардың қазақ тілінің мәдениетін арттыру жайындағы күрестері қаншалықты нәтижелі болғанмен, тіл тазалығы үшін күрестің лениндік қағидаларына сүйенген совет жұртшылығы шеттен енген сөздерді орынсыз қолдануға, қазақша баламасы бар сөздерді өзгеше айтуға тиым салды.

Октябрьден бұрын қазақ тіліне еніп әбден сіңісіп кеткен *кітап, сағат, жан, өмір, күнә* сияқты араб-парсы сөздері әдеби тілде сақталды да, жаргондық тұрпаттағы сөздері әдеби тілден шығып қалып жатты.

Араб-парсы сөздері о баста әдебиет арқылы, зиялылар, ислам дінін уағыздаушы жожа-молдалар арқылы таралды да, кейін қазақ даласында әдебиеттік дәстүр болмаған соң, қарапайым қазақтар сөйлеу тілінде оларды ана тілінің дыбыстық ерекшеліктерімен үйлестіре бұзып айтатын болған. Солары бертінде әдеби тілдің нормалары болып қалыптасып кетті. Мысалы: *хисап — есеп, мағлұм — мәлім, ғұмыр — өмір, гуна — күнә*.

Орыс тілінен ертеде қазақ тіліне енген сөздердің де көпшілігі сондай өзгеріске ұшыраған болатын. Бірақ әдеби тілдің кейінгі даму барысында араб-парсы тілдерінен сөз қабылдау процесі тоқталды да, орыс тілінен сөз қабылдау процесі ұлғая түсті. Мұны әдеби тілдің әсіресе 1930 жылдардан кейінгі кезеңіне тән деуге болады. 1920—1930 жылдар ішінде орыс тілі арқылы қазақ тіліне енген жаңа ұғымдар көп болғанмен, ол кезде орын тепкен пуристік, ұлтшылдық көзқарастардың салдарынан қазақ тілінде баламасы жоқ терминдерді қазақша атауға әуестенушілер көп болды.

#### Б ұ р ы н

*төңкеріс  
кіндік  
бейбауырмалдық  
ортақшыл  
кеңес  
аламан  
алпауыт  
пәлсапа  
пішіндеме  
ісшілер*

#### Қ а з і р

*революция  
орталық  
интернационал  
коммунист  
совет  
партизан  
помещик  
философия  
геометрия  
жұмысшылар*

Мұндай сөздердің кейбірін сол кездерде шыққан газет-журналдардан алынған мына цитаталардан көруге болады:

*Қазақ халқының өнер-білімін, шаруашылығын ілгерілету, қазақ әскерін турғызу туралы кіндік үкімет тарапынан ішкі ордалыққа осы өткен айдың ішінде миллиондаған сом ақша жіберді («Дұрыстық жолы», 1919, 20-февраль). Россияда ісші-*

**лердің** қозғалысы 1905-ші жылғы **төңкерістен** кейін басталды («Еңбекшіл қазақ», 1923, 25-май). Біз **төңкерісшілдер** бұл іске былайғы жайбарақат істерше тыныш қарай алмаймыз («Қызыл қазақстан», 1922, № 11.).

1930 жылдарда шыққан газет-журнал, кітаптарды оқығанда, орысша қалпында айтылуға тиісті терминдердің көбі, әлгідей, «қазақшаланғанын» көресіз. Сонымен қатар олардың бетінде *революция, партия, совет, закон, комитет, губерния* сияқты сөздер сол орысша қалпында да жазылып жүрді. Мысалы:

*Осы күнгі революция болғаннан бері қарай адымдаған қазақ әдебиетінің жемісті жерлерін алып, ескі... әдебиетпен салыстырсақ, арасында көп айырмашылық бар* («Еңбекшіл қазақ», 1923, 2-август).

*Олардың ішінде губерниялық атқару комитетінің төрағасы мен губерниялық партия комитетінің хатшысы бар* («Еңбекшіл қазақ» 1923, 30-июнь). *Кіндіктен (Мәскеу) жермен пайдалану туралы жалпыға бірдей жаңа закон шықты* («Қызыл қазақстан», 1922).

Сөйтіп 1930 жылдарға дейін термин сөздерді қабылдауда ресми орган, айқын принциптер болмады. Сондықтан оларды қолдануда ала-құлалық күшті болды. Оның үстіне орыс тілі арқылы енген советизмдерді аудармай орысша қабылдағанда, оларды қазақ тілінің фонетика-морфологиялық ерекшеліктеріне бағындырып, өзгертіп алу бағыты күшті болды. Ондайды уағыздаушы кертартпа, ұлтшыл-алашордашылар араб-парсы сөздері қазақ тіліне өзгеріске ұшыраған қалпында сіңісті ғой, сол сияқты орыс тілінен енетін сөздерді де өзгертіп, қазақ тілінің дыбыс заңдарына бағындыру керек деп, ақырында, 1929 жылы жаңа латын алфавитіне көшумен байланысты емле ережелерін талқылаған конференцияда (Қызылордада болған) оны ресми түрде қабылдап, іске асырмақ болды. Соның салдарынан орыс тілінен енген термин сөздерді талай саққа жүгіртіп, әркім оларды өздерінше айтып, әр түрлі жазатын болды. Мысалы, бір *коммунист* деген сөздің жазылуының бірнеше варианты болды: *көменас, кәмунис, комунис, қамынес* тағысын тағылар. 1935 жылы қазақ орфографиясын қайта қарау жөнінде жазған мақаласында проф. Қ. Жұбанов термин сөздердің тұрқы мұншалықты өзгертіліп, бүлініп жазылуына қарсы шықты («Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер», 1966, 260, 269-беттер). Ондай талап, соны пікірлер сол кездегі баспасөзде, жиналыстарда көп айтылатын болды.

Сөйтіп, әдеби тілдің тазалығы үшін күрес тек басы артық, орынсыз қолданылған, жаргон сөздерден арылуға қарсы болумен қатар, термин сөздерді теріс аударуға, орысша тұрқын бұзып, талай саққа жүгіртіп қолдануға қарсы болды. Бұған партия-совет қызметкерлері, журналистер, ғылым қызметкерлері белсене қатысты, сол бағытта партиялық қамқорлық, партиялық басшылық, нұсқауларға негізделген ресми шаралар қол-

данылды. Солардың нәтижесінде қазақ тілінің мәдениеті, әдеби тілдің дұрыс принципте ілгері даму мүмкіншілігі туды.

#### § 44. Әдеби тілдің лексикасы мен фразеологиясының молаюы

Октябрьден кейінгі әдеби тіл ескірген сөздерден арылумен, орыс тілінен молынан сөз қабылдаумен қатар қазақ тілінің орасан мол байлығын сарқа пайдалану жолына түсті. Бұл жағынан Октябрьдің алдында, XIX ғасырдың екінші жартысында, басталған жақсы дәстүрдің жібі үзілмей, қазақ тілінің ішкі мүмкіншіліктерін толығынан, кең түрде пайдалануға жақсы жағдай жасалып, әдеби тіліміз байи түсті. Сол жолда іздену күшейді. Жазушылар, журналистер әдеби тілдің талғам-талқысына түсе берсін деген мақсатпен жергілікті тіл ерекшеліктерін де газет-журналдарға, көркем әдебиеттерге көп енгізе беретін болды. Бір-екі мысал келтірейік:

1. «*Дұрыстық жолы*» жаңа тұрмыстың қазақ үшін пайдалы екендігі туралы әр уақыт өзінің дұрыстығын айтып, халықты адастырмай түсіндіріп **тұрашақ**. «*Дұрыстық жолы*» қазақ ішінде өнер-білімнің таралуына, шаруашылықтың жаңа негізге құралып, ілгерілеуіне жәрдем **етешек** (Аталған газеттің 1919 жылғы 20 февральдағы бірінші нөмері). Осындағы **тұрашақ** сөзін **тұрмақ** дегеннің, **етешек** сөзін **етпек**, **етпекші** сөздерінің орнына қолданылған.

Олар бүгінгі әдебиеттерде жұмсалмайды. Сол сияқты, С. Сейфуллин өз шығармаларында **жөндемді**, **әшетділер**, **күнестеу**, **шомау** сөздерін қолданған: **Түрменің ішкі тәртібі бұрынғыдан едәуір жөндемді болды... атаманның жас батырларының жөндемділері** болмаса **әшетділері** келгенде, **су алуға барғанда**, **газет алғызбайды** (С. Сейфуллин). **Ауылдағы жұрттың бәрінің назары, ойы Танабайдың ағаш үйінде мошап жатқан отрядта болды** (С. Сейфуллин).

Б. Майлин шығармаларында **көркем** (көрек), **ыпыны кету** (мазасы кету), **сурме** (көзілдірік), **нос беру** (сес көрсету), **мәті** (негізі) тәрізді диалектизмдер қолданылған.

Жергілікті диалектінің бірқатарын әдеби тіл қабылдады да, бірқатарын қабылдамай, олардың орнына жалпы халықтық сипаты бар сөздер орнығып кетті. Мысалы, **ауқат** сөзін оңтүстікте **тамақ** мағынасында қолданса, әдеби тілде ол **ауқатты кісі** (дәулетті кісі) деген құрамда ғана жұмсалатын болды. Оңтүстік қазақтары айтатын **дақыл**, **собық**, **атыз**, **көшет** тәрізді сөздер әдеби тілге енді. Бұрындары әдебиетте көп кездеспейтін **ерен**, **нөпір**, **түбегейлі**, **нәрлі**, **шытырман** сияқты көптеген сөздерді ақын-жазушылардың, журналистердің шығармаларынан кездестіріп жүрміз.

Әсіресе жаңа ұғымға лайық жаңа сөздер (неологизмдер) жасауға қазақ тілінің өз байлығын пайдалану, қазақ әдеби тілінің тарихында ерекше орын алады. Осы күнгі *ұйым, жиналыс, құрылыс, құрам, табыс, құлақтандыру, оқулық, орынбасар, өнеркәсіп, баспасөз, дауысқа қою, қол шапалақтау, жауапқа тарту* сияқты сөздер мен сөз тіркестері Октябрьден бұрынғы әдебиеттерде жоқ, ал осы сөздердің жаңа екенін кейінгі жастар да сезбейді. Оның себебі бұл сөздер тілде бар бұрынғы түбірге қазақ тілінің қосымшаларын жалғау, екі сөзді біріктіріп, тіркестіріп айту арқылы жасалған. Сондықтан олардың тігісі жатық болып, жасандылығы білінбей кетті. Сондай жаңа сөз тудыруға бірқатар қосымшалардың септігі тиді де, олардың да тілдегі бұрынғы қызыметтері күшейді, мысалы:

**-ма, -ме:** шығарма, көрме, бөлме, балама, бастама, тапсырма, баяндама.

**-лық, -лік:** бостандық, басшылық, ұйымшылдық, әкімшілік, қырағылық, оқулық.

**-ыс, -іс:** құрылыс, жаратылыс, тартыс, үзіліс, кіріс, шығыс, қорғаныс, көрініс, байланыс, қарым-қатынас.

**у, -ым -ім:** суландыру, басқару, атқару, шолу; өнім, түсім, шешім.

Мұндай жаңа сөз тудыруға түрткі болған — орысшаны қазақша атау қажеттілігі. Олардың бірқатары тез үйлесімін тауып, тілге жатық болып кете қоймайды. Мысалы, орыс тіліндегі қатыстық сындарды қазақша айту қиын болғандықтан, оларды түрліше атадық: *социалды, социал, социалистік; дифференциальный, дифференциал, дифференциалдық, дифференциалдық* (теңгерме) т. б. Кейін бұлардың соңғылары нормаға айналды. Бірқатар қатыстық сын есімдерді қосымша жалғап қазақшылауға көнбейтіндіктен, оларды изафеттік тіркестің екінші түрі бойынша айтып кеттік; мысалы: *водное хозяйство — су шаруашылығы, колхозное строительство — колхоз құрылысы, сахарная свекла — қант қызылшасы.*

Орыс тіліндегі терминдік мәні бар қатыстық сындардың лексика-грамматикалық табиғаты басқа есімдердей емес, олар қазақ тілінің қатыстық сындарымен үйлесе бермейді. Орыс тілінде олар зат есімдермен мағыналық, тұлғалық байланысы бойынша қиысатын болса, қазақ тілінде мағыналық байланыста қабыса тіркеседі. Оның үстіне қазақ тілі үшін ол тіркестер құрамы жаңа. Осындай алшақтық оларды қандай тұлғада, қалай қабылдау керек деген талас тудырды да, бұл жайында әркім әр түрлі пікір айтты. 1934 жылы мәдениет қызметкерлері съезінде термин сөздерді қабылдау принциптері бекітілді. Соның 1-пунктінде халықаралық мәні бар терминдер өзгертілмей орысша күйінде жазылсын делінген. Олардың қатарында *абсолютный, конкретный* сөздері бар. Ал 7-пунктінде *-ский, -ный*-ге біткен терминдерді *популяр кітап, буржуаз идеология, экстенсив*



*шаруашылық, дигеренсиал теңгерме* түрінде алу керек делінген. Солай бола жүріп, кейін ондайлар тағы өзгеріске ұшырады. Кейбір түркі тілдерінде, мысалы Алтай, Якут тілдерінде, осы күнге дейін орыс тілінің *-ский, -ческий, -ний* тұлғаларын сақтап жазады, өзбек, азербайжан тілдерінде оларды басқаша құбылтады. Соның бәрі терминдер құрамындағы сол грамматикалық тұлғалардың эквивалентін табудың қиындығын көрсетеді.

Қазақ тілі лексикасының құрамынан біріккен сөздер елеулі орын алады. Октябрьден кейін солардың қатарына *өнеркәсіп, шетел, шекара, бесжылдық, қолбасшы, баспасөз, еңбекақы, жарыссөз, кәсіподақ, шикізат, арасалмақ* тәрізді көптеген сөздер қосылды.

Совет дәуірінде пайда болған жаңа сөздердің біразы орыс сөздерін дәлме-дәл аудару (калька жасау) жолымен қабылданды; мысалы: *жұмысшы, отырықшы, екпінді, табыс, сембілік, үйірме, үшбұрышты, шешім* — калька жолымен жасалған жаңа сөздер. Олар ертеде орыс сөздерінің үлгісі бойынша «пішілген» болса, бұл күнде ол «аналық» сөздерден оқшауланып, төл сөз сияқтанып кетті. Сондықтан *қолжазба* (рукопись), *ұшқыш* (летчик), *міндеттеме* (обязательство), *қондырма* (надстройка), *еңбеккүн* (трудодень), *табиғат тану, жаратылыс тану* (естествоведение), *дауысқа қою* (ставить на голосование) сияқты орыс сөздерінің үлгісімен құрастырылғанын әркім біле бермейді. Әдеби тілмен біте қайнап, халыққа көп тараған жаңа тіркестердің көпшілігі калька жолымен жасалды: *жеңіл өндіріс* (легкая промышленность), *әдебиет бірлестігі* (литературное объединение), *жедел көмек* (скорая помощь), *жылжымалы кітапхана* (передвижная библиотека), *орталық комитет* (центральный комитет), *қабырға газеті* (стенная газета), *партия басшылығы* (партийная руководство).

Әдетте неологизмдер әдеби тілге еркін еніп жалпы халықтық сипатқа ие болғанда, бұрынғы қасиетін жояды да, тілдің лексикалық қорына енеді. Октябрьден кейін қазақ тілінде пайда болған неологизмдердің басым көпшілігі сондай дәрежеге жетті. Тек *белсенді, атқамінер, шолақетек* тәрізділер ұнамсыз мағыналарда айтыла жүріп қалып қойды немесе *буржуй, қосшы, батырақ, ұя* (ячейка) тәрізділер ескіріп, архаизмге айналды.

Жан-жақты өсу, даму биігіне көтерілген сөз байлығы совет тұсында молаюмен қатар, бұрынғы сөздерінің де жұмсалып аясы кеңейді, бірқатары қосымша мағыналарға ие болды. Мысалы, *өндіру* сөзі бұрын *өсімдікті өндіру, қарызды өндіру* тәрізді құрамда жұмсалса, бұл күнде *товар өндіру, ет өндіру, сүт өндіру, жұмыртқа өндіру* тәрізді де құрамда жұмсалады. *Ағарту* бұрын тура мағынасында айтылса, бұл күнде *халық ағарту, оқу-ағарту* тәрізділер құрамында жұмсалып, аясы кеңейді.

Қазақ тіліндегі *тап* сөзі орысша *класс* дегеннің, *күрес* — *борьба* дегеннің орнына жұмсалып, екеуі *тап күресі* деген құ-

рамда да айтылады. Олардың мұндағы мағыналары бұрынғыдай, *тобыр*, *топ* емес, күш сынасу үшін белдесіп күресу емес, саяси мәні бар, қоғамдық қатынасты білдіретін терминдер. Сондай-ақ бұрынғы *құн*, *жарыс*, *науқан*, *барлау*, «*тарту*» (жауапқа тарту, жұмысқа тарту), *тоқсан* (бірінші тоқсан), *аға* (аға лейтенант) тәрізді жүздеген сөздердің ол бастағы мағыналары кеңейіп, жаңа ұғымға ие болса, *парыз* (партиялық парыз), *құн* (машинаның құны), *талқы* (жиналыс талқысына салу) сияқты біраз сөздердің бұрынғы мағыналары қалып қойып, жаңа мағынада жұмсалатын болды. *Парыз* бұрын діни ұғымды білдірсе (қырық парыз), *құн* біреуді өлтіргені үшін төлейтін салық, *талқы* ағашты ию үшін пайдаланатын сайман болса, енді олардың бұл мағыналары ұмытылып барады. Кейбір сөздер екі түрлі дыбыстық құрамда жұмсала жүріп мағыналары екі айрылып, екі сөз сияқтанып кетті, мысалы: *ілім—ғылым*, *өкіл—уәкіл*, *өкімет—үкімет*, *оқиға — уақиға*, *мағлұмат — мәлімет*, *ауа — әуе*.

Сөйтіп, жаңа дәуірде пайда болған төл сөздердің бәрі де қазақ тілінің бұрынғы сөздік қорынан алынып, керекті жерінде тілде бар қосымшалар, грамматикалық басқа да тәсілдер арқылы жаңа сөз жасаудың амалына айналды. Тілде бар сөздердің біразы ұмытылып қалып бара жатқан болса, совет дәуірінде кейбір сөздер қайтадан жанданып кетті. Солардың қатарында жаңадан пайда болған лексика-фразеологиялық тіркестер де бар: *мәдениет ошағы*, *еңбек қайраткері*, *өндіріс күші*, *партия басшылығы*, *жиналыс шақыру*, *дауысқа құю*, *мәселені ашық қалдыру*, *жауапқа тарту*, *сөгіс жариялау*, *еңбек қызыл туын беру*, *ордендермен наградтау*, *партияға алу*, *сыйлық беру* т. б.

Қазақ тілі сөз байлықтарының шұрайлысы — қанатты сөздер мен мақал-мәтелдер. Бұларға қазақ тілі бұрын да кенде емес-ті. Олардың қатарына басқа да тұрақты тіркестердің қосылып жатуы — әдеби тілдің даму барысындағы заңды құбылыс. *Достың сыры досына паш* (Торайғыров), *Жақынды араз, татуды жат қылатын — өсек* (М. Әуезов), *жер теңдігі болмай, ел теңдігін орнату қиын* (Б. Майлин); *Адамның ішкі сезімінің айнасы — көз* (С. Мұқанов) дегендей жазушылар шығармаларында, *Ештен кеш жақсы*, *Еңбек етпеген ішіп-жемейді*, *Жеті рет өлше, бір рет кес* тәрізді аударма әдебиеттерде кездесетін тұрақты тіркестер де қазақ тілінің байлығын арттыра түсті.

#### § 45. Әдеби тілдің орыс тілінен енген сөздермен кемелденуі

Қазақ әдеби тілінің жаңа сапаға көтеріліп, орасан зор байлыққа жетуінің бір арнасы — орыс тілінің әсері. Қазақ халқының алдыңғы қатардағы мәдениетті социалистік ел болуына, өнер-білімінің дамуына орыс халқының көмегі қаншалықты

татымды, мол болса, орыс тілінің қазақ тілін әр алуан өмірлік сөздермен толықтыру әсері соншалықты нәрлі, құнды.

Орыс тілі — мол қазына. Ол қазынадан керекті сөздерді қабылдап әдеби тілдің бойына сіңіру — қазақ халқының тіл мәдениетін жоғарғы сатыға көтерудің кепілі. Қазақ тілінде орыс тілінен енген сөздердің молдығы — ол екі халықтың мәдени қарым-қатынасының беріктігінің айғағы.

Қазақ тілі қабылдаған орыс сөздерінің санын айту қиын. Нормативті сөздіктерде, көпшілікке арналған публицистикалық әдебиеттерде жиі қолданылатын ондай сөздердің саны екі мыңнан асады. Ал оған химия, биология, экономика, философия, математика, лингвистика сияқты ғылымдарға қатысты, белгілі мамандыққа, техникаға қатысты сөздерді қоссақ, олардың саны ұшан-теңіз екенін көреміз. Қазақ ССР Ғылым академиясы тіл білімі институты соңғы жылдары 12 терминологиялық сөздік шығарды. Оларда 70 мыңдай сөз бар. Соның ішінде ботаника мен топырақ тану ғылымдарының терминдері 6 мың, медицина терминдері 10 мың, тау-кен істерінің терминдері 8 мың шама-сында.

Осыншама байлықтың қазақ тілі қорына келіп қосылуы кездейсоқ нәрсе емес: Көптеген жылдар бойы орыс тілін өз ана тіліміздей көріп, үйрену, білу негізінде өнер-білімді, ғылымды, техниканы орыс, қазақ тілдерінде жазылған әдебиеттер бойынша игердік, оларда кездесетін арнаулы ұғымдар жазу, сөйлеу тәжірибелерімізбен ұштасты. Осындай тілдік қарым-қатынаста қазақ тілі әсіресе терминдік зәрулігін өтеген болса, ондай терминдерге құштарлық қазақ халқының, оның интеллигенттерінің, ғылымның, техниканың, мәдениеттің өскендігін көрсетеді.

Қарапайым өмірлік сөздер заттың өзімен бірге бір тілден екінші тілге енетін болса (мысалы: *айна, кітап, доға, самауыр*), арнаулы терминдер ғылымның, мәдениеттің, техниканың дамуымен қатар дамиды. Ол ұғымдардың бір тілден екінші тілге енуі үшін, екінші тілдің де соларды қабылдау қажеттілігінен туған мүмкіншіліктері болуға тиіс. Ондай қажеттік тез арада, мүмкіншілік бірден жасала қоймайды. Біртіндеп халықтың тілдік санасының өсіп жетілу процесінде жасалады. Соған орай орыс тілінен термин сөздерді қабылдау жұмысы бірер жылдар ішінде емес, ондаған жылдар бойында үздіксіз жүріп отырады.

Қазақ республикасы құрылғаннан кейін-ақ терминологияның қажетті мәселелеріне жұртшылық назар аударды. Ол кезде терминдерді реттеу, жүйелеу жұмыстарымен шұғылданған Қазақ АССР-нің оқу істерін басқаратын халық комиссариаты жанынан «Академиялық орталық» құралды. Кейін оның жұмыстарын 1925—1935 жылдары наркомпрос жанындағы «метотбюро», «Мемлекеттік термин комиссиясы» атқарды да, 1936 жылы соның негізінде Қазақ ССР Министрлер Советі жанынан Мемлекеттік терминология комиссиясы құрылды. Бұл жұмысты ұйым-

дастырудың осылай ұзақ тарихы болғанмен, термин сөздерді молынан, дұрыс принциптерге негіздеп ұйымдасқан түрде қабылдау 1930 жылдардан кейін басталды. Осы кезде мектептерді оқу құралдарымен қамтамасыз ету, баспасөз жұмысын күшейту, марксизм классиктері мен орыс әдебиетінің жақсы үлгілерін, күнделікті саяси-әлеуметтік, ғылыми-техникалық мақала, кітаптарды, ресми қаулы-қарарларды қазақ тіліне дәлме-дәл аудару бұрынғыдан гөрі айбынды міндет болып есептелді. Сол тұста ең алдымен қазақ тілінің терминологиясын жөнге салып, бұл жөнінде бұрынғы ала-құлалықты жойып, әдеби тілдің келешегіне көз жіберу керек болды.

Осы талап-тілектерді іске асыру үшін мемлекеттік терминология комиссиясына ірі міндеттер жүктелді. Терминком терминдерді қабылдау принциптерін айқындау, түрлі-түрлі ғылымдар саласынан терминологиялық сөздіктер құрастыру, арнаулы бюллетеньдер шығару, қабылданған терминдерді жұртшылыққа жариялап отыру тәрізді көптеген жұмыстар істеді. Терминкомды ұйымдастырып, оның жұмыстарын жолға қоюға көп еңбек сіңірген профессор К. Жұбановтың сол бюллетеньдерде термин сөздердің табиғаты, терминдерді қабылдау принциптері жайлы бірнеше мақаласы жарияланды. 1934 жылы Алматыда мәдениет қайраткерлерінің съезі шақырылып, терминдерді қабылдаудың негізгі принциптері бекітілді. Съезд қарсаңында 10 мыңдай термин жиналып, олар ресми түрде қабылданды. Сөйтіп, терминдерді қабылдау принциптері белгілі материалдарға, тәжірибеге сүйеніп жасалды.

Терминдерді қабылдау тұсында, әсіресе 1920—1930 жылдары, көп терминдерді қалай да қазақша, қазақ тілінен балама тауып атау керек деген көзқарастар болды. Олай етуге қазақ тілінің бұрынғы сөз байлығы жеткілікті бола бере ме? *Писатель — жазушы, труд — еңбек, политика — саясат* боп аударылса, *шахта, радио, театр, трактор, мотор, актер, депутат, логика, диалектика, хлор, кафедра, элеватор, оптика, грамматика, физика* сөздерінің баламасы жоқ, аудару мүмкін емес. Бізде бір кезде *танк* сөзін — *жылан бауыр машина, шахтаны — жер астынан көмір шығаратын орын* деп аударғандар болды. Бір сөзді көп сөзбен аудару тілді байытпайды, халықтар тілінің қарым-қатынасын күшейту негізінде ілгері дамытуға тосқауыл болады. Мұндағы негізгі қағида — халықаралық мәні бар *революция, совет, теория, медицина* сияқты терминдерді орысша күйінде, қазақ тілінде баламасы бар *производство, труд, деньги, корень* сияқтыларды қазақшылап *өндіріс, еңбек, ақша, түбір* деп қабылдау принципін ұстау.

Терминком 1940 жылдан кейін терминдерді қабылдау принциптерін айқындап, терминологиялық жұмыстағы бұрынғы жақсы дәстүрлерді дамыта түсіп, бар кемшіліктерді, қателіктерді жөндеп, әлсін-әлсін жаңа терминдерді бекітіп, көпшілікке

жариялап отырды. Осы тұста Партия тарихы институтының қызметкерлері, әсіресе С. Байшов, Қ. Шарипов жолдастар, терминология мәселелерін шешуге көп еңбек сіңірді. Бұл жұмысқа басқа да ғылыми зерттеу институттарының қызметкерлері, журналистер, әдебиетшілер белсене қатынасып отырды.

Сөйтіп, қазақ тілінің терминологиясы өздігінен емес, қазақ совет жұртшылығының қатысымен, партия мен үкіметтің қамқорлығы арқасында, ғылыми принциптерге негізделіп, тиісті орындардың ұйғаруы бойынша дамып отырды. Сондай сөздерді қазақ тілі фонетика, грамматика жағынан толық игеріп, өзінің лексикалық қорына қосты. Бұл күнде *социализм, совет, завод, цех, машина, станок, инженер, совхоз, бригада, агроном, комбайн, театр, музыка, концерт, кино, радио, типография* сияқты сөздер өмірлік, үйреншікті, ешқандай бөтендігі жоқ сөздерге айналды. Осындай, орыс тілінен енген термин сөздердің жалпы халықтық қасиетке ие болғандары бар да, *субъект, ассимиляция, католиз, инсулин, кофеин, нитрат* (азот қышқылы тұздарының жалпы аты), *осмос* (түрлі концентрациялы ертіндінің қосылуы), *аллювий* (ағын сумен келген заттар) тәрізді біреу біліп, біреу білмейтін, көбінесе белгілі саладағы мамандар арасында қолданылатындары бар. Алдыңғылар көбінесе көпшілікке арналған публицистикалық әдебиеттерде және сөйлеу тілінде, соңғылары арнаулы ғылыми әдебиеттерде ғана жұмсалады. Қайсысы болса да, олардың қазақ әдеби тіліне ешқандай жаттығы жоқ, қайта, олар әдеби тілді икемді, түсінікті, мәдениетті етуге, терең мәнді күрделі ойды дәл айтуға көп септігін тигізеді. Мысалы:

*7 ноябрьде Кремльдің Съездер сарайында Ұлы Октябрь социалистік революциясының 49 жылдығына байланысты мейрам құрметіне СССР үкіметі ұйымдастырған қабылдау Қызыл алаңдағы әскери парадпен және демонстрациямен басталған салтанаттардың жалғасы болды («Социалистік қазақстан»).* Осындағы курсивпен терілген сөздер — қазақ тіліне орыс тілінен енген сөздер. Бір сөйлемнің ішінде орыс сөздерінің аралас қолданылып, байырғы қазақ сөздерімен аралас келуі — жаңа замандағы әдеби тілге сіңісті боп кеткен. Бұл күнде ондайға ешкім тосырқап қарамайды. Сондықтан оларды әдеби тіліміздің басқа сөздермен әбден жымдасқан бөлшегі, әдеби тілдің алтын қоры деп бағалаймыз.

Соларды орынды, қазақ тілінің грамматикалық құрылысымен үйлесімді етіп қолдануда азын-аулақ оғаштық та кездеседі. Мысалы:

*Совет халқы Коммунистік партиясының басшылығымен Лениннің өсиеттерін шабытты жігермен жүзеге асыра отырып, коммунизмге жету жолында сеніммен алға басып келеді* (Газеттен) деген сөйлемдегі *Коммунистік партиясы* деген тіркес дұрыс құрылмаған, *коммунист партиясы* деген орынды болатын. Орыс тіліндегі сын есім тудыратын тұлғаларды (*-ческий, -ский,*

**-ный**) өзгертіп, қазақтың **-тық, -тік** қосымшасын балама етудің осындай үйлесімсіз жерлері бар.

Термин сөздер (термин еместері де) белгілі кезеңде өмірлік қажеттіктен пайда болып, бір тілден екінші тілге ауысып отырады. Мысалы, *солдат, гвардия, дзот, тыл, катюша* сөздері қазақ тіліне отан соғысы жылдары енді, *космос, спутник, космонавт, баллестикалық ракета* сияқтылар аспан әлемін игеру дәуірі басталғаннан кейін енді. Орыс тілінен қазақ тіліне енген сөздердің құрамы да әр алуан: *философия, философ, механика, механик, механизм, электр, электрон, электросварщик, фармацевт, фармакология, бригада, бригадир*.

Орыс тілінен енген термин сөздер барлық әдебиетте, сөйлеу тілінде, ғылымда, өнерде қазіргі қазақтардың байырғы сөздері қатарында жұмсалады. Олар орыс тіліндегі негізгі, туынды түбір қалпында алынады да, грамматиканың қарамағына түскенде, қазақ тілінің тиісті қосымшалары жалғанады; мысалы: *атом, атомдық, ядро, атомның жарылуы; трактор, тракторшы, тракторшылардың жарысы, трактормен жер жырту, трактордың ремонтты; социалистік, социализм, социалистік жарыс, социалистер партиясы, социализмнің принциптері*.

Кейбір сөздер орыс тіліндегі жыныстық дәлдігін сақтау үшін тиісті морфологиялық тұлғаларында жұмсалады; мысалы: *артист—артистка, студент—студентка, машинист—машинистка, актер—актриса*. Мұндайлар қазақ тіліндегі *мұғалім — мұғаліма, құнан — құнажын, дөнен—дөнежін* тәрізді жыныстық айрым ұғымды білдіргенмен, орыс тілінің род категориясын да қазақ тіліне енгізудің дәлелі бола алмайды.

Совет дәуірінде орыс әдеби тілінде де бұрын болмаған жаңа сөздер пайда болды. Солардың бір тобы — қысқарған сөздер. Олардың көбі орыс тілінің сөздік қорына, сол арқылы қазақ тіліне енді. Қазақ тіліне енген қысқарған сөздердің құрамы екі түрлі: 1. Сөздер тізбектерінің бас әріптерінен біріккен сөздер, мысалы: *СССР, КПСС, РСФСР*; 2. Тіркескен сөздердің бас бұыннан қысқарып біріккен түрі; мысалы: *колхоз, совхоз, комсомол, партком, обком*.

Октябрьден кейін *СССР, ВКП(б), ВЛКСМ, ГЭС* тәрізді көптеген сөздерді қазақша қалай айту керек, қалай жазу керек деген мәселе қойылды. Көп жылдар бойы баспасөзде оларды талай саққа жүгіртіп жазып келді. Әдепкі жылдары қысқарған сөздердің әріптерін ажыратып оқып, оларды қазақ тіліне аударып, соларды орыс тілінің үлгісімен қазақша қысқартып жазу көбейді. 1934 жылғы ресми документтерде де соны уағыздайды. Сол нұсқау бойынша *ССРО, БЛКЖО, МЭС, СОТА* деген сияқты көп айтылып, үйреншікті болған кейбір атаулар болмаса, қысқартылған сөздердің көбі түсініксіз, бас қатырғыш жұмбаққа айналды. Мысалы, *АШЗҚБӨҚ, ЛАБОАШФА* немесе *ЖҮНБАС, ХАЛШАРСОВ, ӘХДФ, ЖБМ* дегендер шықты. Осыларды қалай

оқимыз? Бұл жұмбақтардың шешуі былай екен: *АШЗКБӨК* — Ауыл шаруашылық зиянкестермен күрес басқармасының өлке-лік комитеті. *ЛАБОАШҒА* — Ленин атындағы Бүкіл одақтық ауыл шаруашылық Ғылым академиясы; *ЖҮНБАС* (Главшерсть) — Жүн басқармасы. *ХАЛШАРСОВ* — Халық шаруашылық советі. *ӘХДФ* — Әйелдердің халықаралық федерациясы; *ЖБМ* — Жоғарғы білім министрлігі.

Көп жылға дейін осы сияқты *БЖҚ*—*ТЖҚ*-лар газет-журнал кітап беттерінде қаптады, бірақ түсініксіз қысқартулар сөз құрамына сіңбей-ақ қойды.

Орыс тілінің өзінде кезкелген күрделі атаулар қысқарыла бермейді; біріншіден, жазуға үнемділік болуы үшін өте жиі қолданылатын, көпке ортақ санаулы атаулар ғана қысқарған күйінде жұмсалады, екіншіден, дербес, майда кәсіпорындары мен мекеме қызметкерлері арасында ғана бірқатар сөздер тізбегі үнемделіп қысқарған күйінде жұмсалады.

*КПСС*, *ВЛКСМ*, *НЭП*, *ГЭС* сияқты қысқартулар — бір есептен, жалқы есімдер сияқты, белгілі ұғымды білдіретін шартты атаулар. Олар сол атау күйінде кең қолданылатындықтан, әбден түсінікті, үйреншікті болып кеткен. Кейіннен *СОКП*, *БЛКЖО*, *СОТА*, *ЖЭС* деп атаудың қолайлылығы — күрделі атаулардың қазақшасының ізімен құралғандығы. Ал оқушылар үшін, көпшілігінде, *СОТА*, *ЖЭС*, *МЭС* сөздерінен гөрі, *ТАСС*, *НЭП*, *ГЭС* қысқартулары анағұрлым қолайлы әрі түсінікті.

Сондықтан біраз баспасөз қызметкерлері, әсіресе Қазақстан Орталық партия комитетінің жанындағы Партия тарихы институтының қызметкерлері және бір топ тіл мамандары қысқарған сөздерді орысша күйінде алу мәселесін 1950 жылдары Мемлекеттік терминология комиссиясының алдына қойған болатын. Көп айтыс-тартыстан кейін бұл мәселе дұрыс шешімін тапты.

Осы күнгі тәжірибемізде қысқарған сөздерді орыс тілінен қабылдаған жеке-жеке атау ретінде сол нұсқасын сақтап жазып жүрміз. Сол дұрыс. Ал *Госплан*, *Гостехника*, *Совнархоз* сияқты қысқартулар да сол күйінде және *Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы*, *Мемлекеттік техника комитеті*, *Халық шаруашылығы советі* түрінде қазақ тіліне толығымен аударылып беріледі. Бұл да орынды.

Қысқарған сөздер орыс әдеби тілінде қалай айтылса, қазақша да солай айтылады:

1. Дауыссыз дыбыстардан құралған аббревиатуралар әрбір әріптің атымен айтылады: *РТС* (эр-тэ-эс), *ВКП(б)* (вэ-ка-пэ-бэ), *СССР* (эс-эс-эс-эр), *КПСС* (ка-пэ-эс-эс). Мұндай сөздерге қосымша осылай айтылу әуеніне қарай жалғанады. Мысалы: *РТС-тің*, *СССР-дің*, *МТС-тен*.

2. Ортасында дауысты дыбысы бар аббревиатуралар әріп аттарымен емес, жай сөз сияқты дыбыстары бойынша оқылады. Мысалы: *ВАК*, *ГАЗ*, *ГУМ*, *ЦУМ*, *ЗИЛ*, *НЭП*, *ВУЗ*.

Сөйтіп қазақ тілінің сөз байлығын арттыру жайында орыс тілінің игілікті әсері ерекше болды. Орыс тілінен енген сөздер қазақ әдеби тілінің сапасын арттырып, оны ілгері дамыта түсуде ерекше роль атқарады. Бұл — тіл мен тілдің қарым-қатынас жасау негізінде пайда болған заңды құбылыс. Ол екі тілдің байланысы бұдан былай да күшейе бермек.

Қазақ тіліне енген орыс сөздері мен қазақ тілінің байырғы сөздері қыл өтпейтіндей жымдасып кетті. Орыс тілінен енген сөздердің нормаға айналуы — әдебиеттік қасиетке ие болғанының белгісі. Сөйлеу тілінде, соның әсерімен кейде көркем әдебиетте де тілдік нормаға жатпайтын орыс сөздерін орынсыз қолдану кездеседі. Мысалы, қазақ тілінде *дәптер, еден, асхана, бу, орындық, кітап, мұнай* деген сөздер тұрғанда, Ғ. Мұстафиннің «Қарағандысында» *тетрадь, пол, столовая, пар, стул, книга, нефть* сөздері қолданылған жерлері бар. Немесе, керісінше, аударуға келмейтін орыс сөздерін кейбір жазушылар, көп сөзбен болса да, өзінше өзгертіп қазақша айтуға тырысады. Мысалы: *циркуляр — бұйрық хат, портсигар — темекі сауыт, гимнаст — ойыншы, сыр — ірімшік, кресло — орындық, статуя — сурет*. Бұлай, қазақтың байырғы, әдеби тілінде бар сөздерінің орнына орыс сөздерін қолдану да, орысша айтылуға тиісті сөздерді теріс, олақ аудару да әдеби тілдің нормасынан жөнсіз ауытқулар. Мұндайлар онша көп болмағанмен, тіл мәдениетінің сапасын төмендетуге олардың тигізетін кесірі көп. Сондықтан орыс тілінен әдеби тілге еніп сіңісіп кеткен, бұдан былайда еруге тиісті сөздерді қошеметті байлық деп танумен қатар, орынсыз, теріс, бұзып қолданылған орыс-қазақ сөздерінен сақтануымыз керек.

Біздің әдеби тіліміз қанша тұрақталып, қанша нормаланып, бірқалыпқа түссе де, оның құрамында, әсіресе лексика саласында, бірде олай, бірде бұлай жазылып, тұрақталмай, бір нормаға түспей жүрген немесе дұрыс аударылмай жүрген сөздер аз емес. Басқа тілдерден сөз алғанда, аударып не аудармай алу, оның баламасын іздестіру немесе қолдан сөз жасап алу төңірегінде талас-тартыс әлі бар.

Әдетте әдеби тіліміздің даму процесін байқап қарасақ, екі түрлі бағдар байқалады. Бір жағынан, сөздік қорымыз қоғам өмірімен, ғылыммен, әдебиетпен, экономикамен тікелей байланысты болатындықтан, ол үздіксіз байып, дамып, сол даму, баю барысында халық тілінің ішкі мүмкіндіктерінен пайдаланып, тіл мен тілдің қарым-қатысы күшейіп, өзгеріске ұшырап отырады. Екінші жағынан, мемлекеттік, саяси-қоғамдық, бұқаралық іс атқару жұмыстары орныққан сайын, баспасөз, әдебиет, ғылым мен мәдениет дамыған сайын тілдегі қыруар байлықтардың тиімділері, тілге жатық, үйлесімділері, адамның ой-пікірін дәл айтуға жарамдылары сұрыпталып, жалпы халыққа бірдей ортақ қалыпқа түсіп нормаға айналады.



Бізде қазақ тілін байыту мәселесі көбірек ауызға алынады да, тілдің нормалық, жүйелік қасиетін арттыру мәселесі онша еленбейді, оған пәлендей мән берілмейді. Ал тілдің әдеби тіл аталуының, сол дәрежеге жетуінің басты шарттарының бірі — оның сұрыпталған нормасының болуында. Бұл айтқандарымыздың тіліміздің терминологиясына тікелей қатысы бар. Шынында, терминдердің қолданылуында бірізділік, бірқалыптылық болмаса, біздің әдеби тіліміздің нормасына, жүйелілігіне нұқсан келеді.

#### § 46. Әдеби тілдің грамматикалық құрылысының жақсаруы

Тіліміздің лексикалық құрамының осылай шынығуы, жалпы алғанда, қазақ тілінің грамматикалық құрылысын икемді етуге әсерін тигізді, сөйлем құрамы да, оның құрылысы да едәуір жетілді, толықтырылды. Оның үстіне орыс тілінің синтаксисі мен стилінің және морфологиясының оған тікелей еткен әсерін қоссақ, бұл тарауда да біраз өзгеріс барлығын көреміз. Ол өзгерістер сөз таптарынан да, сөз тізбектерінен де, жай және құрмалас сөйлем құрылысынан да анық байқалады. Өзгерістер дыбыстар құрамында, сөздердің буын құрылысында, қосымшалардың түбір сөзге жалғануындағы дыбыс алмасуларында бар екенін де елеулі болсақ, тілдің өнбойында өзгеріске ұшырамайтын не қалды деген сұрақ туады. Дұрысында, тілдегінің бәрі сіресіп қатып қалмайды, олар да өсу, даму, жетілу процесінде болады. Бірақ ол өзгерістер лексикада көп, грамматикалық құрылыс пен фонетикада одан гөрі баяу болады дегенмен, олардың өзгеріске ұшырау дәрежесі әр кезеңде әр түрлі болуы мүмкін. Қазақ тілінің грамматикалық құрылысында соңғы 40—30 жыл ішінде пайда болған жаңалықтардың, оның алдындағы дәуірлермен салыстырғанда, елеулі болуы да заңды. Олар ауыз толтырып айтарлықтай болғанмен, қазақ тілінің, әсіресе оның грамматикалық құрылысының, бұрынғы тұрқын бұзған жоқ. Өйткені тілдегі өзгерістер барды жоқ қылып, жоқты бар ету негізінде емес, талай замандар бойы жасалған тіл байлықтарын жетілдіру және молайту, жақсарту негізінде пайда болады. Оларға әр тілдің өзінің ішкі заңы, тіл мен тілдің қарым-қатынасы тірек болады.

Осы тұрғыдан қазақ тілінің грамматикалық құрылысына Октябрьден кейін енген өзгеріс, жаңалық қандай дегенде, алдымен синтаксистік құрылыстың жақсаруы, жетіліп марқаюы көзге түседі.

Бұл жағынан қазақ тілінің морфологиялық құрылысы да онша кенде емес. Бастылары мыналар:

1. Қазақ тілінің сөздік қоры молаюмен қатар, сөздердің грамматикалық топтарының құрамы ұлғайды. Мысалы, зат есімдер құрамы — *радио, философия, бригада, өндіріс, табыс, шекара* сияқты сөздермен, сын есімдер құрамы *социалистік,*

коммунистік, колхозды (шаруа), екпінді (еңбек), халықаралық, бесжылдық (жоспар) тәрізді сөздермен толықты.

2. Сөзден сөз тудыратын байырғы қосымшалардың қызметі артты, жұмсалуды аясы кеңейді, мысалы: **-лық, -шы, -ыс, -с** жұрнақтары *социалистік, бостандық, жазушы, комбайншы, отырықшы, футболшы, жаратылыс, құрылыс* тәрізді көптеген сөздердің жасалуына себін тигізді.

3. Түрліше айтылатын қосымшалардың тиімділері әдеби тілдің нормасына айналып, кейбіреулері жарыса қолданылғанда ерекше стильдік қызмет атқаратын болды; мысалы: *аласыз — аласыңыз* (диалект), *аласым — алажағым* (диалект), *бересім — бережағым* (диалект); *келетін — келетұғын, айтатын — айтатұғын; айтамын — айтпан, барамын — барман; барайық — баралы.*

4. Термин сөздермен бірге қазақ тіліне орыс тілінің біраз қосымшалары енді. Мысалы: **-ка** (артистка, студентка, комсомолка, машинистка); **-изм** (социализм, коммунизм); **-ист** (марксист, коммунист, журналист); фамилияның соңына жалғанатын **-ов, -ова, -ин, -ина** қосымшалары; мысалы: *Омаров, Сарсенова, Бутин, Жанғозина.*

5. Септік, көптік жалғауларының жұмсалуды мен мағыналары сараланды; мысалы, *айтуға керек — айту керек, бала бірлан — баламен, молдадан оқу — молдаға (мектепте) оқу.*

6. Қазақ тілі ескі әдебиетте қолданылған, қазақ тіліне тән емес грамматикалық тұлғалардан арылды; мысалы, *келділер* (келді), *жазмыш* (жазушы), *біледір* (біледі).

Қазақ тілінің синтаксисінде қандай өзгерістер болды? Мұнда да недәуір, әрине, морфологиядағыдан көп өзгерістер бар екенін әркімдер-ақ айтып жүр. Олардың бірқатары синтаксистік құрылыстың, бұрыннан бар нормалары ширау, жетілу нәтижелерін көрсетсе, көпшілігі орыс тілі синтаксисі мен стилінің аударма практикасында пайда болғанын көрсетеді.

Бұл күнде сөйлемдер құрылысы мен сөздердің синтаксистік байланысы, сөйлем мүшелері мен құрмалас сөйлем компоненттерінің орналасу тәртібі ширақтанып, белгілі жүйеге түсіп қалыптасқан күйінде жұмсалады. Октябрь алдындағы әдебиеттерде (тіпті Абай, Ыбырайлардың қара сөзінде де) синтаксистік нормадан ауытқулар, нормаға түспей әрі-сері жүрген синтаксистік тіркестер жиі ұшырайтын. Оларға қарағанда, қазақ тілінің қазіргі синтаксистік жүйесі әлдеқайда икемділік, сымбаттылық қасиетке ие болды, стильдік талғамға лайық оның синонимдік тағы басқа варианттары сараланды, сөздердің тіркесу қабілеті, сөйлемдердің ойды білдіру қызметтері артты. Осылардың бәрі — әдеби тілдің даму барысында орын тепкен, тілдің өзіне тән ішкі мүмкіншіліктері негізінде кемелденген жетістіктер.

Қазақ тілі синтаксисіндегі елеулі өзгерістерді сөз еткенде, орыс тілінің оған тигізген игілікті әсерін мақтан етпей өте алмаймыз. Дұрысында, олай етуде ешқандай сәндік те, құрғақ

саясат та жоқ, көптеген дәлел, материалдарға сүйенген шындық бар. Егер қазақ тілі игерген сол шындықты қуанышты жетістіктер қатарында түсіне білсек, тани алсақ, тіл мен тілдің қоян қолтық байланыс нәтижелерінің қандай болатынын бұл арада да көңілге бір түйін етуге болатын жайды ескерте кету керек сияқты: орыс тілінің синтаксисі мен стилінің қазақ тіліне еткен әсерінің дәрежесі әдебиет жанрларының барлық тарауында бірдей емес. Мысалы, қазақ жазушыларының көркем шығармаларында ол әсерлер айқын түрде көзге онша көп түсе бермейді де, оған қарағанда, аударма шығармалардан, әсіресе газет-журнал тілдерінен, ондай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Солардың бәрі әдеби тілге жататындықтан, әрине, олардың қайсы-нан болса да келтірген мысалдарымыздың қазақтың бұл күндегі әдеби тіліне ешқандай жаттығы жоқ, олар — нормаға айналған, не айналып келе жатқан құбылысты көрсететін фактілер. Мысалы, газет тілінде *тікелей басшылық* (непосредственное руководство), *маңызды роль атқару* (сыграть важную роль), *шешуші роль атқару* (выполнять исключительную роль), *бензинмен жабдықтау* (снабдить бензином), *жоғары бағалау* (высоко оценивать), *кеңінен пайдалану* (широко использовать), *жұмысты жандандыру* (оживить работу), *еңбек өнімділігін арттыру* (повышать производительность труда), *спортпен әуестену* (увлекаться спортом), *әдеби мұра* (литературное наследие) сияқты тіркестер бұрын болмағандықтан, әдепкіде құлаққа жат, тіпті өрескел болып та естілді. Бұл күнде олардың ешқандай жаттығы жоқ, үйреншікті тіркес болып отыр. Бұларға қарағанда *баянды бейбітшілік* (прочный мир), *талғам тәрбиелеу* (воспитание вкуса), *аспан ағайындары* (небесные братья), *батырларды мінездеу* (характеризовать героев) онша жатық, үйлесімді емес сияқты. Өйткені соңғылар — көпшілік қолды емес, оның үстіне жаңа тіркестер. Көпшілікке көп тарамаған, қазақ тілінің грамматикалық құрылысында бұрын болмаған тіркестердің мағыналары орысшаға қайта аудармаса, түсініксіз болып та тұрады. Бұндай сөздерді түрлі әдебиеттен кездестіруіміз — өнерлі әдеби тілдің кемелденуінің, тілде бар сөздердің тіркесу қабілетінің артқандығының белгісі.

Бұрын да, осы күнгідей, *Аэроплан аспанда* (Асқар), *Жеңістің неше алуаны бізде* (Сәбит) тәрізді есімдерге жатыс жалғауы жалғанған баяндауышы бар сөйлемдер кездесе беретін. Ал *Шаруашылығымыз жылдан-жылға өсуде, халқымыздың тұрмысы жақсаруда* сияқты динамикалық процесті білдіретін сөйлемдер қазақ тіліне тіпті бертінде енді. Бұлар өмірде бар құбылыстың бір калыпта емес, үздіксіз ілгері даму процесінде екенін анық білдіретін *растет, развивается* сияқты орыс тілінің баяндауыш қызметіндегі етістіктердің шақтық, видтік мәнін дәлмә-дәл аударудан туды. Бұл күнде ондай сөйлемдер тек га-

зет-журнал тілінің стильдік өзгешелігі ғана болмай, көркем әдебиетте де кездесе беретін болды; сөйтіп ондайлар жалпы әдебиет тілінің нормасына айналды, оған бірнеше мысал келтірейік:

*Біздің елімізде ғылым мен әдебиет социалистік құрылысқа, қалың бұқараның мүддесіне қызмет етуде (Мүсірепов). Қайрекең сақалын рақаттана талдай, бейжай бір сәтті басынан кешіруде (Сланов). Артельдің егіс участоктері арамшөптен бір рет түгел тазартылып, колхозшылар егіннің арамшөбін екінші рет отауды жедел жүргізуде («С. Қ.»).*

*Ағаш көркі — жапырақ, адам көркі — шүберек сияқты есім құрамды сөйлемдер қазақ тілінде бұрын да бар болатын. Бірақ олай құралған сөйлемдер жай салттық қалпында қалып қойған жоқ, сол негізде, бірақ орыс тілінің әсерімен әдеби-ғылыми айқындаудың ерекше бір амалы ретінде тілдің стильдік нормаларының көп түрінің біріне айналды.*

*Бауыржан — коммунист партиясының рухында тәрбиеленген совет адамы, білімді интеллигент (Бек). Егінді баптап күту — мол өнім алудың кепілі («С. Қ.»). Соғыс — капитализмнің айрылмас серігі. Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы (Ленин). Жаңалықты танудың өзі — жаңарғанның белгісі (Мұстафин).*

Осылардай жаңа сөйлем типіне жататындар — ұран, үндеу мәнді сөйлемдер: 1. *Отан үшін!* (Ә. Әбішев.) 2. *Ал, жолдастар!* («С. Қ.») 3. *Жойылсын жауыздар!* 4. *Жасасын Ұлы Отанымыз!* 5. *Отанымыз жылдан-жылға гүлдене берсін!* 6. *Ленин туын берік ұстаңдар, жолдастар!* — деген сөйлемдердің құрылысы да, интонациялық, эмоциялық тұрқы да, жалпы алғанда, мағыналық ерекшелігі де айқын жаңа сөйлемдер. Олардың бірқатарларының (5,6) синтаксистік құрылысы қазақ тілінің жалпы стильдік ерекшелігінен тыс болмағанмен, мағынасы жаңа. Ал одан басқаларының құрылысы да, мағыналары да жаңа. 3,4 сөйлемдерде ерекше болып көзге түсетін нәрсе — баяндауыштың сөйлемнің басында келуі. Олай болуы, біріншіден, орыс тілінің әсері болса, екіншіден, баяндауыштың күшті әуенмен айтылып, сөйлемдегі басқа сөздерден гөрі басым мағынада жұмсалғандығы.

Сөйтіп, сөйлем мүшесінің бірі — баяндауыштың қалыпты орнының кейде өзгерілуі — сөйлем құрылысының сыртқы бейнесінің екінші түрге айналғандағысы емес, сол арқылы оның ерекше стильдік қызмет атқарып, жаңа мағынаға сай қолданылғандығы.

Қазақ тілі сөйлем құрылысындағы тағы бір елеулі өзгерістер — төл сөздермен байланысты айтылатын автор сөзінің орын тәртібі.

Төл сөздің диалогты түрінің де, цитатты түрінің де тілімізде кенінен пайдалануы қазақ әдебиетінің XX ғасырда құлаш

жайып өркендеу тарихымен байланысты. Одан бұрынғы әдебиетте, алдымен ауыз әдебиетінде, төл сөз мүлде кездеспейді емес, кездеседі, бірақ оның қолдану аясы тар болумен қатар, бір жайды баяндау үстінде келтірілетін төл сөздің автор сөзіне қатыстылығы жағынан икемділігі аз болатын, автордың сөзі төл сөзден бұрын не оның екі жағында, кейде тек соңында келетін. Ол сол орын тәртібін соңғы жылдарға дейін өзгерткен жоқ деуге болады. 1930—1940 жылдар ішінде шыққан әдебиеттерде төл сөздерге комментарий ретінде айтылатын автор сөздері орыс тілінің стильдік әсерімен бұрынғы орнын өзгерте, түрлене бастады. Бұл жайындағы жаңалықтың бастамасын ол кездегі газет тілінен көретін болсақ, көркем әдебиетке оны еркін ендірудің бастамасын Сәбит Мұқановтың «Жұмбақ жалау» романынан көреміз. Ол романда әдепкіде өрескілеу көрінген сол жаңалықтар бұл күнде тек газет тілінің не С. Мұқановтың шығармасының стильдік өзгешелігі болып қалған жоқ, жалпы әдеби тілде көп қолданылатын нормаға айналып келеді. Бірнеше мысал келтірейік:

— Бұл кім? — деді біреу қара көлеңке үйдің ішінен.— Мен Асқар!— деді Ержанды даусынан таныған Асқар, «Жобалап келуім келу-ақ екен!» деп ойлап.

— Кім болса, ол болсын,— деді,— Жас жігітке қыз жайдан-жай еріп жүруші ме еді? — деп ішінен күдіктенген Ержан:

— Айжан түндік аш та, Асқардың Серігін үйге алып кір (С. Мұқанов).

— Партия мен үкіметіміздің өнімді мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қаулысы,— деді Жуалы аудандық партия комитетінің секретары,— колхозшылар арасында саяси өрлеу туғызды... («С. К.»)— Міне жігіт,— деп Миронов Сатайдың арқасына қақты,— ақылды да, саясатшы да, батыр да халықтан шығады, ә? (Әбішев).— Е, айтпақшы, мынау әлгі колхоздың бригадирі ғой. Бұл неғып жүр? — деді ол бұрынғысынан да таңдана түсіп,— бұнысы несі, бұл? — деп, Бекболғанға қарай берді (Әуезов).— 300 сом түгіл 3000 алса да судьяның мойнын бұрап берем,— деді Байтөбет Амантайға,— бірақ сен өзің берік бол (Мұқанов).— Иә, иә, Бек!— деді, Баршагүл өз күдігін ашқанша асығып,— мал аман ба? Ақерке бар ма?.. (Сланов).

Төл сөзбен автор сөзінің аралас-құралас келуі, әрине, орыс тілінің қазақ тілі сөйлем құрылысына еткен әсерінің сыртқы тұлғалық қана көрінісі болып қоймайды, солай ету арқылы айтылған ой анық, екі айрылған төл сөздің интонациялық ырғағы әсерлі болады.

Ондайды сөйлем ортасында айтылатын қыстырма сөздерден де байқаймыз. Қыстырма сөздердің, бір есептен қаратпа сөздердің де, қазақ тіліндегі ертедегі қалыпты орны, негізінде, сөйлемнің бас позициясы болатын. Бұл күнде олардың сөйлемнің ор-

тасында да келетіні — орыс тілінің игілікті әсері. Оларға бірнеше мысал келтірейік:

а) *Бізге жүктелген міндеттер, қорыта келгенде, осылар болып отыр. Амантайдың анасы, обалы не керек, өсек айтпайтын кісі. Отан соғысы, біздің бақытымызға, жеңіспен аяқталды.*

б) *Тамақтанып алуымызға рұқсат етесіз бе, жолдас аға лейтенант? (Бек.) — Құп, жолдас генерал, жалған позиция қазайық, — деп жауап қайырдым (сонда).*

Қосалқы айқындауыштың жапсарлас түрлері (Қобланды батыр, Абай аға, Қасым марқұм т. б.) қазақ тілінде де ертеден бар. Ал оның оңашаланған түрі ертеде өте аз кездесетін, тіпті соңғы жылдары пайда болды. Бұл қазақ тілінде ғана емес, түрік тілдерінің бәрінде де солай болу керек. Н. К. Дмитриевтің башқұрт тіліндегі оңашаланған сөздер туралы мына айтқаны қазақ тілінің де сырын дұрыс ашады: «Едва ли будет ошибкой утверждать, что обособление, как определенный синтаксический прием, относится к новейшему периоду в развитии башкирского литературного языка... Это несомненно воздействие на башкирский язык со стороны русского»<sup>1</sup>. Оңашаланған қосалқы айқындауыштардың мынадай түрлері қазақ тілінен мықтап орын алды.

1. Жіктеу есімдіктерінен болған мүшені айқындайтын оңашаланған қосалқы анықтауыштар:

— *Біздер, Құттыашық ауданының диқаншы, малышы, жалпы жұрты, есіз тауда жатқан қазынаны биыл меңгерген болып, зор қимылды бастағалы отырмыз (Сланов). Сіздердің, алдыңғы қатардағы колхозшылардың, тамаша табыстарыңыз бізге де үлкен қуаныш.*

Бұлар есімдіктердің абстракт мағынасын дәлдеп, оның **кім, кімдер, не, қандай** екенін айқындайды.

2. Қаратпа сөздерді айқындайтын оңашаланған қосалқы айқындауыштар:

— *Иван, сен көпті көрген тарлансың ғой, бір ақыл сұрағалы отырмын, — деді (Мұстафин).*

— *Жолдастар, жауынгерлер мен командирлер! (Бек.)*

— *Комсомолецтер, коммунист партиясының жас жеткіншектері, Ленин туын берік ұстаңдар! Мұнда да оқшауланған сөздер анықталатын қаратпа сөздердің **кімдер** екенін айқындайды да, солардың өзі де қаратпа сөз ретінде жұмсалады.*

3. Зат есімдерден болған мүшелерді айқындайтын оңашаланған қосалқы айқындауыштар. Олар анықталатын сөздерімен көбінесе **яғни, немесе** деген жалғаулықтар арқылы байланыста болып, зат есімнің жалпы сипатын білдіреді. *Қарағанды.*

<sup>1</sup> Н. К. Дмитриев. Грамматика башкирского языка, М.-Л., 1948, 233-бет.

яғни еліміздегі қара алтынның қайнар бұлағы, үздіксіз алда келеді. Пушкин — орыс халқының ұлы ақыны, өзінен кейінгі жастарға өте құнды шығармалар қалдырды.

4. Енді бірқатар оңашаланған қосалқы айқындауыштар жалпы мағынада жұмсалған сөздерді саралап, дәлдеп айқындайды: *Коммунист партиясының туы астында біздер ұлы мақсатқа қарай, елімізде коммунизмнің толық жеңуіне қарай, мықты сеніммен алға басамыз («С. К.»). Біздің жолдастарымыз үске, 4-этажға, орналасты (Мұқанов).*

5. Енді бірқатар ондай қосалқы айқындауыштар жалпының дарасы, бүтіннің бөлшегі ретінде айтылады: *Жасақ екі жүздей фашисті қырып, жолдарды миналап, көптеген автомашиналар бірнеше складтарды, оның ішінде бензин қоймасын, өртеп кетіпті (Бек).— Фашист басқыншыларына қарсы соғыс күндері Ленинград халқы, тіпті кемпір мен шал да, жас өспірім балалар да, совет армиясына көп көмек көрсетті. Еліміздің көп байлықтары — мыс, қорғасын, жез, темір, қалайы т. б. Отанымыздың күш қуатын арттыруға жұмсалады.*

Бұлардан басқа да мезгілдік, мекендік т. б. мағыналы қосалқы айқындауыштар (оңашаланған анықтауыштар) да орыс тіліндегідей жиі ұшырайды. Сөйлем құрылысына енген өзгерістерді құрмалас сөйлемнің де синтаксисінен кездестіруге болады: *Асқардың үрейленгендігі сондай, егер біреу жолдың езуінде «Паһ!» десе, жаны шығып кеткендей көрінеді (Мұқанов). Бұл сөз Қабышқа ауыр тигені сонша, ер батқан аттай кіржің-кіржің етті (Мұстафин). Байжан Рахметпен сөйлесе түсер ме еді, қайтер еді, егер екі қабырғадан кіретін есік сықырлай қалмаса (Мұқанов). Бөгет жасар ма еді, қайтер еді, егер ол жоппар жасаудың жабдығын канал құрылысына кіріскенше даярлап қоймаса (Мұқанов). «Тоқта» деп шуласқандарды Естай тыңдар ма еді, жоқ па еді, егер оның алдынан Байжан кіріп келмесе (Мұқанов).* Бұл мысалдарда сабактас сөйлемдердің бағыныңқылары басынқыларынан соң тұр. Ол, әрине, қазақ тіліне тән ескілікті құрылыс емес, орыс тілінің де ықпалы емес, жазушылардың сөйлемді жаңаша құруы. Бұл айтқандарға жайылма сөйлем құрамының күрделеніп айтылатын, пассив тұлғалы субъектіні білдіретін, сөздің бұрынғы тұлғасы өзгеріп активтену фактілерін т. б. қоссақ, қазақ әдеби тілінің ілгері даму процесінде бірқатар өзгерістерді, жетілгендікті байқаймыз. Оны терең зерттеп, өз алдына бөлек монографиялық еңбек жазу — алдағы уақыттағы ең ардақты міндеттердің бірі.

Сөйтіп, қазіргі қазақ әдеби тілі өзінің барлық ішкі мүмкіншілігін жарыққа шығару жолымен, ұлы орыс халқы тілінің игілікті жемісті әсерімен, кең тынысты әдебиетпен бірге дамып, жетіліп келеді. Октябрьден кейін қазақ әдеби тілінің байлығы артып, әлеуметтік қызметі кеңімен қатар, оның жүйелілік қасиеті де артып, стильдік тармақтары түрленіп сараланды.

## § 47. Әдеби тілдің стильдік тармақтарының саралануы

Әдеби тілдің сапасы қандай екенін айқындау үшін алдымен оның қоғамдық қызметіне қараймыз. Барлық тілдің қоғамдық қызметі бірдей емес. Ұлт тілінің жұмсалу аясының кең не тар болуы — сол тілде сөйлейтін халықтың саяси-экономикалық жағдайымен байланысты.

Қазақ халқының социализм орнату жолындағы жаңа өмірінің барлық саласында қазақ тілі қарым-қатынас жасаудың, күрестің, үздіксіз ілгері дамудың өткір құралы болды. Сондай қызметке ие болған қазақ тілінің жұмсалу аясы жылдан-жылға ұлғая түсті. Көркем әдебиеттің барлық жанрлары, мерзімді баспасөз, ғылыми-техникалық әдебиеттер қазақ тілінде дамыды, кеңсе жұмыстары, оқу-ағарту, радио, театр, телевидение, үгіт-насихат... жұмыстары қазақ тілінде жүргізіліп келеді. Солар арқылы қазақ тілінің байлықтары жаңа өмірдің «қазанында қайнап пісіп», стильдік қызметтері айқындала, шыңдала түсті.

Сөйтіп, қазақ тілінің қоғамдық қызметінің артуы оның стильдік жүйелерінің саралануына мүмкіндік туғызды. Әдетте тілдің стиль жүйесі оның қарым-қатынас құралы болу қызметімен үйлесе дамиды. Мысалы, қазақ әдеби тілінің XVIII—XIX ғасырлардағы жағдайына көз жіберсек, онда *шағатай* әдеби тілі негізінде іс қағаздар (ханзада әкімдер жарлығы, қатынас қағаздары) стилі, діни әдебиеттер стилі, халық тіліне негізделген өлең-жырлар стилі болғанын білеміз. Ол кездерде «Дала уалаяты», «Түркістан уалаяты» тәрізді азын-аулақ газет-журнал шыққанмен, қалыптасқан публицистикалық стиль тап қазіргідей болмады.

Қазіргі әдеби тілдің стильдік өні де, стильдік тармақтары да басқа. Рас, кейбір стильдердің қалыптасуына XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиеттік дәстүр негіз болды. Қай стильді атасақ та, жоқтан бар болды деуге сыймас. Сонда да қазақ әдеби тілінің сапасы артып, стильдік тармақтарының дербестілігі октябрьден кейін айқындалды да, 1930 жылдардан кейін біржола қалыптасты. Олар мыналар:

1) Ресми іс-қағаздар тілінің стилі; 2) публицистикалық (газет-журнал тілінің) стилі; 3) көркем әдебиет тілінің стилі; 4) ғылыми-техникалық әдебиет тілінің стилі.

Бұл стильдердің қалыптасуына қазақ тілінің ішкі мүмкіншіліктері негіз болды да, оларға орыс әдеби тілінің үлгілері игілікті әсерін тигізді. Сөйтіп, орыс тілінің ықпалы қазақ әдеби тілінің стильдік жүйелерінің тез арада қалыптасуына да үлкен көмек болды.

Әдеби тілдің стильдері тіл байлықтарын талғап, саралап пайдалану мақсатымен түрлі-түрлі ыңғайда жұмсалады. Тіл байлықтарына стильдік талғам жүргізу процесі біртіндеп тіл мәдениетінің дәрежесін арттыру барысында қалыптасады. Он-



дай тілдік тарамдар түрлі мөлшерде лексика, семантика, морфология, синтаксис, фонетика салаларынан екшеліп шығады. Соның нәтижесінде әдеби тілдің байлығы, жалпы алғанда, көпке ортақ, нормаға түскен байлық болғанмен, олардың біразы бір стильге тән, сол стильде қолдануға бейім тұрса, бірқатары басқа стильге тән, сол стиль аясында қолдануға бейім тұрады. Мысалы, *табыс, жет, ет, өндіру, тау, толқын, жүрек* сөздері жалпы әдеби тілдің лексикалық қорына енгенмен, *табысқа жету, ет өндіру* сияқтылар газет-журнал стиліне тән. Ал *тау қалғып, тулаған толқын, асау жүрек* тәрізділер тек көркем әдебиет стиліне тән; мысалы:

Қараңғы түнде тау қалғып,  
Ұйқыға кетер балбырап.  
Даланы жым-жырт дел-сал қып,  
Түн басады салбырап.  
(Абай.)

Осындағы сөздердің бәрі жалпы әдеби тілге ортақ, бірақ олардың тіркескен топтары, сөйлемнің құрылысы көркем әдебиеттің поэзия стиліне жарасымды, соған тән. Немесе *қылмыс, жауап, бас бостандық* сөздерін қатыстырып *қылмыстыларды жауапқа тарту, бас бостандығынан айыру* деп құраған тіркестер заң қызметкерлерінің арасында жиі қолданылады. Сондықтан олар ресми-іс қағаздар стиліне жатады. Осындағы *қылмыс, бас бостандығы, жауапқа тарту* заң қызметкері үшін ерекшелігі бар арнаулы сөздер, ал, публицистикалық әдебиеттерде олар жай, көпшілік қолды қарапайым сөз ретінде де жұмсалуды мүмкін.

Сөйтіп, қазақ тілінің жалпы әдеби тілге ортақ сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысынан әрбір стиль өзіне тән амал-тәсілдерді талғайды да, соларды жұмсайтындар өз ісінің, өз мамандығының құралы етеді. Ақырында, солары тілдік дәстүрге айналады. Еш уақытта, ешкім пәлендей стиль болсын деп ұйғармайды. Тілдің стильдік тармақтары әдеби тілдің даму барысында қажеттіліктен, қоғамдық қызметтері ерекше болғандықтан барып қалыптасады да, дами береді. Сол тұрғыдан қазақ әдеби тілінің стильдік тармақтарының қалыптасу, даму тарихына көз жіберейік:

1. **Ресми-іс қағаздар тілінің стилі.** Бұл стиль ел билеу, мемлекет жұмыстарын жүргізумен байланысты. Қазақ елін Алтын Орда хандығы, бертінде қазақ хандары билеп-төстеген кездерде әр түрлі жарлық, шарт, қатынас қағаздар болды. Бірақ олардың тілі, құрылысы қазақ тілінің ерекшеліктеріне негізделмей, Орта Азия халықтарына ортақ әдеби тілге негізделген болатын.

Демократиялық принципке сүйеніп мемлекеттік басқару жұмыстарын жергілікті халық тілінде жүргізу бостандығы совет

тұсында берілді. Елді советтендіру, қалың бұқараны совет жұмыстарына тарту, партия-совет орындарының жұмыстарын қазақ тілінде жүргізу үшін халықты сауатты ету міндеті қойылды. 1919 жылдың 26-декабрінде В. И. Лениннің қолымен халық комиссарлар Советі еңбекші бұқараны сауатсыздығын жою туралы шаралар белгіледі. Осы қаулыда және одан кейінгі жылдары шыққан қаулы-қарар, нұсқауларда бұрынғы бұратана, езілген ұлттар үшін олардың өз ана тілінде мектептер ашу, кеңсе жұмыстарын өз ана тілінде жүргізу, газет журнал, кітаптарды өз ана тілінде шығару шараларына ерекше көңіл бөлінді.

Сол шаралардың іске асу нәтижесінде аз жылдың ішінде мекемелерді қазақыландыру (қазақ кадрларымен қамтамасыз ету, іс қағаздарды қазақ тілінде жүргізу), халықтың сауаттылығын арттырып, кедей шаруаларды мемлекет, қоғам жұмыстарына қатыстыруға тиісті жағдайлар жасалды. Содан кейін ресми-іс қағаздар стилі жедел дами бастады: әр түрлі қатынас қағаздар, қаулы-қарарлар, нұсқаулар, указдар, актілер, мінездеме, рапорт, шарт, бұйрық, есеп, тіл қат, протокол, өкім сияқтылардың әрқайсысының өздеріне тән құрылысы, терминологиясы тағы басқа стильдік ерекшеліктері жасалды. Солардың ішінде партия-совет органдарының қаулы-қарарлар, нұсқаулар, бұйрықтар, указдар стилі мен заңға қатысты документтердің стилі жүйеге түсіп әбден қалыптасқан, осы күнгі ресми-іс қағаздар стилінің басым жақтары деуге болады. Оларды жұртшылық газет-журнал беттерінен, ресми бюллетендерден, съезд, конференция тағы басқа заң орындарының материалдарынан оқиды, радиодан тыңдайды.

Мына үзінділер солардың кейбіреуіне мысал бола алады.

*Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді. Қазақ Советтік Социалистік Республикасының алтыншы сайланған Жоғарғы Советінің сегізінші сессиясы 1966 жылғы 26 июльде Алматы қаласында шақырылсын.*

*Жазушы Максим Дмитриевич Зверев жолдас әдебиеттегі жемісті қызметі үшін және жетпіс жасқа толуымен байланысты Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен нағдалталсын. Ұшырғыш ракеталарды сынау жұмыстарының ойдағыдай аяқталғанына байланысты ТАСС мынаны мәлімдеуге өкілдік алды. Қазақстан компартиясының Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советі село еңбеккерлері КПСС XXIII съезінің ауыл шаруашылығы өндірісін одан әрі өркендету жөнінде белгілеген программасын жүзеге асыру жолында алдағы уақытта да қажырлы күрес жүргізіп, Ұлы Октябрь социалистік революциясының 50 жылдығын лайықты табыстармен қарсы алады деп кәміл сенім білдіреді.*

**2. Публицистикалық стиль.** Бұған газет-журнал тілінің, әдеби сын мақалалар тілінің, әлеуметтік памфлет, очерктер тілінің

стильдері енеді. Осылар қазіргі қазақ әдебиетінен елеулі орын алады. Соған қарап қазіргі әдеби тіл жүйесінде публицистикалық стиль өзіне тән дербестік, ерекшеліктерімен қалыптасып, ілгері дамып келеді. Бұл — қазақ халқының баспасөз мәдениетінің тілдік, қоғамдық санасының өскендігінің айғағы.

Публицистикалық стильдің жұмсалыу аумағының қандай екенін аңғару үшін республикада қазақ тілінде шығатын газет, журналдың санына көз жіберейік: егер 1880 жылдары шамалы ғана тиражбен «Дала уалаяты», «Туркстан уалаяты» атты екі газет шыққан болса, «Дұрыстық жолы» (1919, Орда), «Қазақ тілі», (1919, Семей), «Жаңа өмір» (1920, Ташкент), «Тіршілік» (1918, Ақмола), «Ұшқын» (1919, Орынбор), «Кедей сөзі» (1920, Омбы), «Еңбекші қазақ» (1920, Қызылорда) тәрізді газеттер саны он беске жетеді. Қазір республика бойынша 80 газет шығады: оның 6-уы республикалық, 1-өлкелік, 10-ы облыстық, 63-і аудандық. Қазақ тілінде шығатын журналдың саны оннан астам.

Бұларда жарияланып келген мақала, очерк, сын, ресми материалдар... социализм, коммунизм орнату жолына түскен қазақ халқының күнделікті өміріне, келешегіне арналды. Сөйтіп, қазіргі публицистикалық стильдің негізі қазақ тілінде шыққан алғашқы газеттерден басталып, «Айқап» журналы шығып тұрған жылдары (1911—1916) салынды. XX ғасырдың басында бұл стильдің дамуына елеулі үлес қосқан, прогресті көксеген демократияшыл-ағартушы ақын-жазушылар, журналистер болды. Солардың ішінде әсіресе Мұхамеджан Серәлинді, Сұлтанмахмұт Торайғыровты, Сәбит Дөнентаевтарды атауға болады.

Октябрьдің алдында қараңғылық, мәдениетсіздікке бостандық, әйел теңдігі тәрізді қоғам өмірінің келешегі үшін күреске шақырған публицистиканың совет тұсындағы тақырыбы алуан түрлі болды. Бұларда көтерілген мәселелер қазақ халқының мәдени, рухани, саяси, экономикалық өмірін тегіс қамтиды.

Публицистикалық стильде көркем әдебиет, ғылыми-техникалық әдебиет, ресми-іс қағаздар тілдеріне тән стильдік элементтер кездесе береді, бірақ оның өзіндік ерекшеліктері сөз қолданудан да, сөйлем құрылысынан да анық байқалады. Мысалы, *Орта мектептің жұмысын одан әрі жақсарту, Бұл сияқты жайға жол бермеу, Жаңадан салынған аурухана іске қосылды* тәрізді жасанды аудармалар газет-журнал стилінен арылмайды. Публицистикалық стиль бұл жағынан емес, халыққа түсінікті, айқын, дәлдігі, қарапайымдылығы жағынан оқушыларын қызықтырады.

Қазақ әдеби тілі стильдерінің қалыптасуына, әсіресе публицистикалық стильдің қалыптасуына, орыс әдеби тілінің ықпалы күшті болды. Күнделікті газет-журналдарда басылатын материалдардың біразы орыс тілінен аударылған материалдарда түпнұсқаға тән ерекшеліктер де сақталады; мысалы:

Еліміздің еңбекшілері партиямыздың және Совет үкіметінің саясатын бір ауыздан қолдап отыр. Партия мен халықтың бірлігі еліміздің алдында тұрған барлық күрделі және жауапты міндеттердің абыроймен орындалатындығының ең сенімді кепілі.

Еліміздің халықаралық жағдайы берік деп айтуға да бізде барлық негіздер бар. Совет Одағының бейбіт саясаты, социалистік достық одақтың бірлігі мен қуатын сақтауға үнемі қамқорлық жасалуы, халықтардың азаттық қозғалысының ұдайы қосталуы бүкіл дүние жүзінде еліміздің беделін анағұрлым арттырды. Совет Одағы бүгін таңда, әрқашандағы сияқты, халықтардың бейбітшілік пен әлеуметтік прогресс жолындағы күресінің алдыңғы шебінде болып келеді (ТАСС).

Осы айтылғандар қазіргі әдеби тілдің публицистикалық стиліне тән сөйлемдерден құралған, сондықтан оқушыларға түсінікті. Дегенмен олардың құрамындағы кейбір сөздер қазақша сөйлеп, қазақша жазып жүрген кісілердің ұғымымен үйлесе бермейді. Мысалы, *бір ауыздан қолдап, ең сенімді кепілі, әрқашандағы сияқты* дегендер онша жатық емес. Сонда да аударманың дәлдігі үшін ондайға да жол беру тек публицистикалық стильге сыйымды. Өйткені мұндай сөздер сөйлем құрылысын көркем әдебиеттегідей құбылтып, түрлендіріп отырмайды, оларды қолдануда үйреншікті қалып сақталады. Сондықтан көп жерде тілдік жасандылықтар да газет-журнал тілінің стильдік ерекшеліктері болып кете барады.

Бұл жақтарынан публицистикалық стиль ресми-іс қағаздар стиліне жақын. Сонымен қатар газет-журналдарда басылатын материалдардың ерекшеліктеріне сәйкес олардың стилі де түрленіп, бірқатары көркем әдебиет стиліне, ғылыми әдебиеттер тілінің стиліне жуық тұрады. Оны мына мысалдардан байқауға болады.

*Республикамыздың еңбекшілері СССР Жоғарғы Советі Сессиясының материалдарымен үлкен ықыласпен танысуда және оларды бір ауыздан мақұлдауда («Социалистік Қазақстан»); Есақаң биікке қарайды. Өйткені оның олар биігі әлі алда («Қазақ әдебиеті»); Оқушыларға шамадан тыс көп тапсырма беруді жою туралы мәселе сылбыр шешілуде («Лениншіл жас»).*

*Иә, ер биігі Шығанақ. Ол шыққан шың бар. Шығанақ Эльбрустің төбесінде, Алатаудың асқарында, Оқ жетпестің қиясында тұр. Әзірге жеке тұр. Ол биік «Берсиев биігі» деп аталады. Ол биікті шалар жол да бар. Ол — Шығанақ жолы. Шығанақ коммунистше еңбек етіп, нағыз коммунистше өмір сүріп отырып жеткен ол биікке. Сен жетер биік те осы, достым. Сен табар жол да осы. Оған нағыз коммунистше еңбек ете білсең ғана шығасың («Жұлдыз»).*

**3. Көркем әдебиет тілінің стилі.** Бұл ұғым әдетте екі түрлі ыңғайда жұмсалады: әдебиет теориясында, әдебиетшілердің айтуында стиль кең мағынада, «жазушының барлық туындыларын

түгел қамтиды». Оларда «Стиль ұғымына жазушының, сөйлем құрылысы, мәнері, шығармаларының композициясы, оқиға дамыту әдістері, тақырып таңдаулары, жанрлық ерешеліктері, тағы басқа компоненттер кіреді. Ең орталық мәселе — идеялық мазмұн»<sup>1</sup>. Лингвистикалық әдебиеттерде стиль дегенді телегей-теңіз ұғымды қамтитын термин деп бұлай түсінбейді, әдеби тілдің атқаратын қызметтерінің жігін саралайтын тілдік тәсілдер жүйесі деп түсінеді. Көркем әдебиет стилін сөз еткенде, алдымен оның көркемдік сапасына, халыққа эстетикалық тәрбие беру қызметіне қараймыз. Көркем әдебиет — «сөз арқылы әдемі түрде суреттелетін өнер».

Бұл өнердің ерекшеліктерін, көркем әдебиет тілінің стилі жөніндегі мағлұматты әдебиет теориясы, стиль, стилистикаға арналған оқулықтан алуға болады. Қазіргі мақсат — көркем әдебиет тілі стилінің қалыптасу тарихы.

Бұл тарихтың ұзақ не қысқа болуы көркем әдебиет тарихымен байланысты. Әдетте соңғының тарихын XVIII ғасырдан, жазба әдебиет тарихын XIX ғасырдың екінші жартысынан бастаймыз. Сол дәуірлердегі әдеби тіл стилінде поэзия басым болды да, проза онша дами алмады. Шынында, көркем әдебиеттің поэзиялық стиль желісі фольклорден, Бұқар, Дулат, Шортанбай, Марабай, Махамбет тәрізді ақындар мен көркем әдебиет тілін дамытуда ерекше роль атқарған Абай, Ыбырайдың шығармаларынан бері қарай тартылады. Проза стилінің октябрь алдындағы тарихы санаулы ғана кітаптармен шектеледі.

Мысалға, Тайыр Жомартбаевтың «Қыз көрелік» (1912), Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» (1913), Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» (1914) романдарын, Көлбай Тоғасовтың «Надандық құрбаны» пьесасын атауға болады. Бұлардан басқа проза жанрына жататын азын-аулақ әңгімелер бар.

Көркем әдебиет тілі стилінің қарыштап өсіп, халыққа ерекше қызмет ету үшін табанынан тік тұрған кезі — совет дәуірі. «Октябрьдің жемісі болған, қазақ совет әдебиетінің өсуінде, бұрынғы поэзия жанры ғана емес, қалың романдары бар үлкен проза туды» (М. Әуезов). Прозаның әңгіме, фельетон, повесть, роман тәрізді жанрлары кемелденді. Қилы-қилы драматургиялық шығармалар жасалды, поэзияның поэма, лирикалық өлең, жыр, мысал, сықақ-сатиралық өлендер сияқты ірілі-уақты түрлері марқайды. Қазіргі көркем әдебиеттің С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, Т. Жароков сынды даңқты ақын-жазушыларының қатарына сап түзеген екі жүздей жазушылар одағының мүшелері бар. Әрбір аталған қалам қайраткерінің әдеби тіл стиліне қосқан үлесі, өзінше жазу, стильдік тәсілдері, әдеби тілге алып

<sup>1</sup> Қ. Жұмалиев. Стиль — өнер ерекшелігі, Алматы, 1966 ж., 13-бет.

келген байлығы бар. Сонымен қатар олардың бәріне ортақ тіл жұмсау дағдысы бар:

1. Қазіргі қазақ совет әдебиеті ертедегі ауыз әдебиетінің өнегелі ақын-жыршылардың, шешендердің, әсіресе қазақ өміріндегі ұлы тұлғалар Абай мен Ыбырайдың әдебиетке ендірген тіл байлықтарын, стильдік үлгілерін, шеберлік тәсілдерінен қол үзбей, олардың тиімділерін керегіне жаратты. Ұлы өзгеріске үн қосқан ақын-жазушылар баяғы қысталаң өмірдің құралы болған көне тілдің мүмкіншіліктері аясында қалып қоймай, оларды сарқа пайдаланып, керексіздерін шығарып тастап отырумен қатар, жаңа сөз, жаңа мағына, жаңа үн, ырғақ, жаңа стильдік тәсілдер енгізді. Мысалы: *Күн бата күмістей жалтырап, көктің жиегінен арқан бойы ай көтерілді. Жел құлаққа ұрған танадай тынды. Шытқыл аяз дененің әр жерін бір шымшып өтіп, мазаны ала түсті. Ағаш ағаштың қойнауынан анадайдан жапырайып, мұнартып, көкшіл түтіні көлбей ұшып жатқан азғана үйлерді көресің. Сығырайған терезеден шам жарығы жылтылдайды. Сонау үйлердің қайсысына болса да осы кезде кіріп барсаң, майлы дастарқанды қоршап, төрт тағандай айырысып, маңдайлары тершіп шайға бас қойғандарды көрер едің* (Майлин).

*Забойдың сонау түкпірінде құрыш кесек Бораш отыр. Қолындағы екі жүзді болат қайла жарқ-жүрқ етіп шаммен шағылысады. Бөкен қабақтың астындағы бүркіт көз қайда қадалса, иненің жасуындай да аумастан, қайласы сонда барып қадалады. Мықыр саусақтары қайланың сабын бойлап, перне басқан домбырашының қолындай билеуде. Денесінде күйе бар, тер жоқ, өртеңге аунаған жылқыша, құрғақ күйені қимылының лебімен ұшырып тұр* (Мұстафин).

Жазушы М. Әуезовтің сөзімен айтқанда, «Бүгінгі жазушының ойлануы мен сезінуін және сол екеуін әдебиеттік сөздік арқылы, сөйлемдер арқылы қалыптауы мүлдем жаңарып кетті. Шеберленген, мәдениеттенген қазақ тілімен жазып отырған өлеңдерінде, қара сөздерінде, пьесаларында қазақ жазушысы барлық сезім мен ойларын жаңаша, өзгеше сапада қалыптауға тырысады». Сондай өзгеше сапалары — әдебиет тілінің стилі, кестелі образдары, жаңа теңеу, эпитет, метафора, әсірелеу эстетикалық мәні бар жаңа суреттер т. б.

Олардың жақсы үлгілерін совет жазушылары ауыз әдебиетінен, Абай, Ыбырайлар сияқты, орыс әдебиетінен үйренді. Ондай көркем әдебиет тілі стилін дамытуда халық мұраларына, алдыңғы қатардағы озат орыс әдебиетінің үлгілеріне иек арту дәстүрі Октябрьден бұрын басталды. Бұған «Қалың мал» романының авторы С. Көбеевтің оны қалай жазғаны туралы айтқан мына сөздері де дәлел бола алады: «Біздің солтүстік аймақта маған тіл үйретер, үлгі-өнеге алар жалғыз-ақ қазақтың ауыз әдебиеті және Ыбырайдың өлеңдері, балаларға арнап, оқу құралына жазған новеллалары еді (Абайдың жинағы менің

қолыма кейінірек түсті). Сондықтан да романның тілінде, стилінде ауыз әдебиетінің әсері тигендік барлығы қазіргі оқушыға айқын байқалып отыратын болу керек.

«...Маған тек орыс тіліндегі романдарды оқып, соларды үлгі ете отырып жазуға тура келді»<sup>1</sup>.

Абай, Ыбырайлар бастаған әдеби дәстүрдің Октябрьден кейін де жібі үзілмей, ұлы қарқынды, кең құлашты қазақ совет әдебиетімен ұласып жатады. «Бұлақты таудан арна ақса, Теңіз болар аяғы» (Жамбыл) дегендей, ірі ойшыл, прогресшіл акын-жазушылардың қалам қайратынан туған жаңа бағыт ұлғая-ұлғая келіп, небір күрделі, қомақты ойды көрікті де әсерлі етіп дәл айтуға жарамды көркем тіл стилі жасалды. Совет тұсында қазақ жазушылары жаңа түр, жаңа тіркес жасауды орыстың Пушкин, Горький, Маяковский тәрізді акын-жазушыларынан үйренді. Олар қазақ тілінде жазып отырып, «бірталай ойын, сезімін, сөздік теңеулерін қазақ сөзімен құрағанмен, орыс әдебиетінің тілі үлгісінде ойлап, қорытып құрайтыны болады. ...Қазақтың бүгінгі көрнекті ақындары, прозаиктері, драматургтері жазып жүрген еңбектерінде, жаңағы айтылғандай, орысша ойлану, теңеулері әдемі қорытылып алған үлгілері үнемі ұшырап отырады. Бүгінгі қазақ совет жазушысының біреуінде осы ерекшелік молырақ, біреуінде кемірек болса да, дәл осы алуандас жаңаша іздену, жаңаша әдебиеттік тіл үлгісін көріктеуден сырт тұрған, құралақан жүрген бірде-бірі жоқ»<sup>2</sup>.

Социалистік реализм принциптеріне сүйеніп адам образын тартысқа құрған қалың оқиғалармен шендестіргенде, көркем әдебиетке тән көріктеу тәсілдерін жасағанда, жазушы тілдің жалпыға ортақ сөз байлықтарын, дыбыс жүйесін, грамматикалық тұлғаларын, синтаксистік құрылысын пайдаланады. Оларға ерекше өң беріп, белгілі мақсатқа лайықталған көркемдік құрал ретінде қабылдайды. Бұл жағынан проза мен поэзияның мақсаты бір болғанмен, стилі бірдей емес. Мысалы, прозаның сөйлем құрылысы әдетте жалпы әдеби тілдің заңына, ережелеріне үйлесімді болса, поэзия тілінің синтаксистік құрылысында инверсия басым болады. Мысалы:

1. *...Күләш бәйбішенің кіржиген қабағы, сазарған түрі қараған адамды шошындырарлық еді. Ісініп, түтігіп Сержан бай жүр. Дос боп жүрген адамдарының бірі жоламай, бәрі де сырт берген сықылды. Ең ақырғысы Әбен молда да — әлгіде дәрет ала шыққанда, есік алдында тұрған Сержанға бір қайрылып қарай білмеді. Жалғыздық деген осы... Сержан күрсінді. Бала күннен ішінде өскен ақ орда тап осы минутта Сержанға жат тартып, соның маңынан дене түршіктіретін бір салқындықты сезген секілденеді (Майлин).*

<sup>1</sup> Спандияр Көбеев. Орындалған арман, 1954, 108-бет.

<sup>2</sup> М. Әуезов. Қазақтың әдеби тілі туралы.— «Әд. және искусство», 1951, № 4, 64-бет.

2. Уа, халқым, ақын ұл ғып мені тапқан,  
Тағы да артсаң жүкті талай батпан,  
Жолында сен беттеген коммунизм,  
Жүгінді жерге қойып, өлмей жатпан.

(Мұқанов.)

Көркем әдебиеттің әрбір жанрына тән осындай стильдік ерекшеліктерінің дамуы көркем әдебиеттің совет жұртшылығы алдындағы қызметінің ерекше екенімен байланысты.

**4. Ғылми-техникалық әдебиет тілінің стилі.** Бұл стильдің пайда болуы ғылым мен техниканың дамуымен байланысты. Қазақ тілінде ғылыми реферат, мақала, кітап жазудың бастапқы үлгілерін октябрьден бұрынғы әдебиеттерден кездестіруге болады. Бірақ олардың дәрежесі сондай төмен, тілі ала-құла болатын. Ғылми-техникалық әдебиеттер совет дәуірінде 1920—1930 жылдардан кейін көзге түсе бастады. Әдепкіде қоғамдық ғылым мен медицинаға қатысты әдебиеттер пайда болды да, кейін математика, жаратылыс тану, физика, химия, геология сияқты ғылымдар жайында жазылған әдебиеттер көбейді. Ғылми стильдің орныға бастаған кезінде жеке пәннің, белгілі ғылымның мамандары орныққан үйреншікті стиль қалыптаспағандықтан қазақша мақала жазуға қиналатын болса, бұл күнде ондай қиындықты жеңді. Әр ғылымның, түрлі мамандықтың уәкілдері қазақша айтылу дәстүріне сай өз мамандығына қатысты қандай бір қиын мәселелерді әдеби тілде еркін айтып бере алатын болды. Өйткені қазақ әдеби тілінде ғылыми стиль өзінің орнын тапты.

Ғылми стильдің ерекшелігі мынау: онда қолданылатын тіл байлықтары, сөйлем құрылысы, негізінде, жалпыға ортақ болғанмен, қолданылған сөздерінің бірқатарында белгілі мамандыққа қатысты терминдер, сөздер мен сөйлемдері логикалық байланыстағы сірескен, дәлділік тілегіне үйлесімді болады. Олардың сөздері келтірінді мағынада емес, тіке өз мағынасында жұмсалады, сөйлемдері көбінесе хабарлы, күрделі ойды білдіретін жайылма, салалас, сабақтас түрінде боп келеді, мысалы:

*Фосфор — органикалық қосылыстар инсектицидтер ретінде басқа да бағалы қасиеттерге бай. Олар зиянкестерге лезде әсер етеді. «ДДТ», гексахлоран және поликамфен сияқты улы химикаттардың әсерінен тез жойыла қоймайтын өсімдіктің зиянкес жәндіктерін қырып жібереді. Мақта егістігіндегі кенемен күрес зиянкестің жапырақтардың төменгі жақ бетінде ұя салып, орналасуымен байланысты қиындыққа тірелетін. Жапырақтардың төменгі жақ бетіне улы химикаттарды бүрку өте қиын болатын, сондықтан да мұндай зиянкестермен күрес жақсы нәтижелер бермей келді («Социалистік Қазақстан»).*

*Штаудт проективтік геометрияны арифметикаландыруды көздеген болатын. Осы мақсатпен ол гармонизм мен проективтік*



координаталар теориясын әрі қарай дамыта отырып, нүктелер тобына қолдануға болатын және арифметика заңдарына сай келетін геометриялық операцияларды іздестіреді («Проективтік геометрия»).

Қозғалысты білмек болып ой жүгірткенде қайшылықтардың тууынан пайда болатын қиыншылықтарды мойындау және бұл қиыншылықтарды жеңе білмей дағдару грек диалектикасының тар өрістілігімен байланысты болды («Диалектиканың заңдары»).

Солардың бәрі белгілі тәжірибе арқылы, дағды арқылы үйреншікті қалыпқа түседі. Міне, сондай ғылыми стиль қазіргі әдебиет тілімізде жасалып, дамып келеді. Егер көркем әдебиет тілінің стилі қазақ әдебиетінің тіл жұмсау дағдысына негізделген болса, ғылыми-техникалық әдебиет тілі стилінің қалыптасуына түгелдей орыс тілі ғылыми-техникалық әдебиеттер тілінің үлгілері негіз болды.

#### § 48. Қазіргі әдеби тілдің нормалану процесі

Әдеби тілдің кемелденгенінің бір нысаны — оның қалыпты нормаларының болуы. Тілді нормалау — тіл мәдениетін арттырудың шарасы. Әдеби тілге ондай талап қойылу себебі неден? Халықпен бірге жасайтын әрбір тілдің ғасырлық өмірінде талай өзгерістер болып жатады. Олардың бәрін жіпке тізіп жату да қиын. «Әрбір халық өзге ешбір халықта жоқ, болуға тиіс те емес, белгілі мөлшердегі сөздерге, терминдерге, тіпті сөз орамдарына иелік етеді» (Б. Г. Белинский). Өздері иелік ететін сондай тіл байлықтарын халық көп жылдық тілдік дәстүр бойынша тілдің ойға байланысты заңдылықтары дәрежесінде жұмсайды.

Тілдің қайсысын алсақ та, олардың жекелеген бөлшек элементтерінің жұмсалу заңдылығы бар. Ондайлар тілдің ішкі даму заңы бойынша жүйелілік қасиетке ие болады да, дами береді. Мысалы, қазіргі қазақ тілінің дыбыс құрылысында «үндестік заң» деген бар. Онда белгілі жүйе, заңды бұлтарыстар да бар. Соларды тіл мамандары зерттеп, айқындауы мүмкін де, ал олардың жұмсалу заңы, ережелері басқаша болсын деп өкім, заң шығара алмайды. Тілдің қай саласын алсақ та солай. Қысқасы, тілдің біздің еркімізден тысқары объективті заңдарын бұзуға, өзгертуге болмайды.

Тілдің өзіндік объективті заңдары бойынша қалыптасып дамып келе жатқан әдеби тілдің жолында талай кедір-бұдыр кездесуі мүмкін. Солардың әдеби тілге тән, оның даму арнасына түсуге тиістілері де, әдеби тілден тыс жататындары болады. «Тілді нормалау» дегенде, тілде бар сондай ауытқу, ала-құлалықты тез жоя салу емес, — оларды әдеби тілдің даму процесіне, тілдің заңдылықтарына үйлесімді етіп, барды таңдап, талғап қолдана жүру арқылы тиімділерін жалпы халықтық қасиетке

ие ету мақсаты көзделеді. Сондайлар фонетикада да, орфоэфияда да, лексика-грамматикада да бар. Бар болатын себебі — бұрыннан келе жатқан әдебиеттік берік дәстүр болмағандықтан, тілдегіні құбылтып жұмсайтындар көп, жер-жерде профессионализм, диалектизм көп, қазақ тіліне көршілес елдер тілінің еткен әсері, тағысын тағылар бар. Солардың да әдеби тілге қатыстылары бар да, әдеби тілге енбей, шығып қалуға тиістілері бар. Мысалы, қазақ тілінде бір мағынаны білдіретін бір сөз бірнеше вариантта айтылады: *хазыр, кәзір, қазір; кіреует, қарауат, кровать, кереует; бірдеңке, бірдеме, бірдеңе;* *хисап, қисап, қысап, есеп.* Осылардың *қазір, кереует, бірдеңе, есеп (есеп-қисап)* деген варианттары әдеби нормаға айналды да, басқалары сөйлеу тілінде айтылады, бірақ әдеби емес.

1930 жылдарға шейін орыс сөздерін *совет — кеңес, помещик — алпауыт, империализм — жиһангерлік, философия — палсафа, билет — белет, билент, самауыр — самаурын, самовар,* тәрізді етіп түрлендіріп жұмсау, түрліше айту жиі ұшырайтын. Бұл күнде әлгілердің *совет, помещик, империализм, философия, билет, самауыр* дегендері нормаға айналды да, басқалары әдебиетте қолданса да, әдеби норма болып есептелмейді.

Осылардай кейбір грамматикалық тұлғалар да, синтаксистік құрылыс та әдеби тілдің нормалану барысында жұмсалудан қалып қойды, не өзгеріліп барып тұрақтады. Мысалы, XVIII—XIX ғасыр әдебиеттерінде баяндауыштық тұлға қызметінде *дұр* (дір, үр) қосымшасы жиі жұмсалатын: *боладұр, өседұр, кішідұр, олдұр, гуадұр, болұр, айтұр* т. б.

Әдебиеттен мысалдар:

Соның үшін бір-бірін әуел баста  
Көріп білу лайықтұр һәрбір жасқа.

(М. Қалтаев.)

Біледұр, жүрек сезедұр,  
Мұтакәллимін, мантикин  
Бекер-босқа ездұр. (Абай.)

Бұлар (дұр, дір, үр) кейбір мақал-мәтелде (*Жамандыққа жамандық әр кісінің ісідұр, жамандыққа жақсылық ер кісінің ісідұр*, 1920—1930 жылдардағы, ескі өмірді суреттейтін қазіргі кейбір көркем әдебиет жолдарында кездесуі мүмкін. Бірақ қазір олар әдеби норма болудан қалды. Сондай-ақ есімшенің *-а-тын, -е-тін* тұлғасы ертеде — *тұғын (<тұрған)* түрінде көп жұмсалды, кейбір сөйлемдердің құрылысы керісінше болып та жазылды. Мысалы: *Әрбір байқаған кісі білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил көп өтетұғынын, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыратұғынын*, (2, 161); *Жұрттың бәрі біледі: өлетұғынын, және өлім үнемі қартайтып келмейтұғынын, бір алғанды қайта жібермейтұғынын*

(2, 189); *Көзің күнде көреді: намаз оқушы, ораза тұтушылардың не халатта екендігін* (2, 201).

Осы жолдардың авторы Абай өз тұсындағы әдебиет тілінің стилін, грамматикалық тұлғасын (-*тұғын*) сақтаған болар дегенмен, олары қазіргі әдеби тілдің нормасы болмайды. Қазіргі норма басқа: баяндауыш сөйлемнің соңында тұрады, есімшелі толықтауыштар *өлетінін, ауыратынын, келмейтінін, жібермейтінін* деп жазылады.

Ертеректегі «Қызыл Қазақстан» журналында жазылған мына сөйлемді осы күнгі журналистер құптар ма еді? *«Кеңес мекемелерін мұндай былықбайлардан арылтып, кеңсешілдікпен күресудің маңызы өте көбейіп отыр»*. Мұндағы *кеңес* сөзі қазір *совет, былықбайлардан* — әдеби емес, қарапайым *кеңсешілдік* қазір — *бюрократизм, маңызы ...көбейіп отыр* дегеннің дұрысы — *маңызы артып отыр* (тұрақты тіркес). Қазіргі сауатты журналист жоғарғы сөйлемдегі осы қателерді тез сезер еді де, ол сөйлемді былай құрар ма еді: *Совет мекемелерін мұндай былықтан арылтып, бюрократизмге қарсы күресудің маңызы арта түсті*.

Ертеде жалғаулық, әрі көмектес жалғау тұлғасын (мен) түрліше айтып, әр түрлі вариантта жазатын: *бірлан, білән, менен* (бенен, пенен), *мен* (пен, бен). Солардың ізі Абай сынды ақын жазушылардың ешуақытта өлмейтін өлең жолдарында сақталғаны болмаса, қазіргі әдеби тілде олардың *мен (менен)* түрі ғана жұмсалады, сол нормаға айналды.

Сөйтіп, әдеби норма әдеби тілдің даму процесінде қалыптасады. Егер XVIII ғасырдағы әдеби тіл мен XIX ғасырдағы әдеби тіл арасында елеулі айырмашылық бар десек, Абай тұсындағы әдеби тіл мен қазіргі әдеби тіл арасындағы өзгерістер одан да көп екені даусыз. Солар тек көптеген жаңа сөздердің еніп, бірқатар сөздердің шығып қалуында, сөз мағыналарының өзгеруінде, грамматикалық құрылыстың жетіліп жақсаруында ғана емес, сонымен қатар тіл негіздерінің біршама орнықты, тұрақты болуында, олардың сымбаттылық қасиеттерінің арта түсуінде.

Әдеби тіл өзінің ілгері даму барысында әдебиетте, ел аузында бардың керектілерін бойына сіңіріп, керексізінен арылып жатуы — оңай процесс емес және ұзақ жылдар бойы жүріп жататын процесс. Оны тездету шаралары да жүргізіледі: алфавит, орфография, терминологияны ресми түрде ретке келтіріп, жөнге салу, мектептер үшін қазақ тілі жайында оқулықтар, оқу құралдарын жазу, әр алуан сөздіктер шығару, баспа орындарында бірізділікті қадағалау — соның бәрі әдеби тілді нормалауға көмегін тигізеді. Әдеби тілге үйір кісілер сөзінде, жазуында сондай нормаларды сақтауға тырысады.

Кейде орта, жоғары дәрежелі білімі бар деген кісілердің де аузынан мынандай сөздерді естиміз: *Орта мектепті пітірдім; Пішен шабысына дүз жігірма кісі жіпердік. Шәйге секер салып перді; ...мұған керек құралдарды құлданулы*.

Тілдік норма әдеби тілге тән. Мәдениетті кісілер әдеби тілде сөйлеп, әдеби тілдің байлықтарын, нормаларын сақтап жазуға тиіс. Солай еткенде ғана әдеби тілдің нормалану процесін тездетуге ат салысқан боламыз.

Әдеби тілді нормалау деген сөз — жаңалықтан қашып, ескілікке бауыр басу емес, тілдің қазіргісі мен келешегі үшін оның тиімді, әрі жуысымды, өмірлік құбылыстарын қадағалап қамту, дамыту деген сөз. Тілді жасаушы да, иемденуші де — халық. Тілдік нормалар халықтың тілді пайдалану мүддесіне лайықталған, жалпы халықтық қасиеті бар, оның ілгері даму бағытына сәйкес болуға тиіс.

Талғампаздар алдымен көркем сөз шеберлері — дарынды ақын-жазушылар. М. Горький: «Тілді халық жасайды,— дейді.— Тілді әдеби және халық тілі деп бөлудің мәнісі, былайша айтқанда, «шикі» тіл және шеберлер талғамынан өткен тіл дегенге тіреледі. Мұны алғаш жақсы түсінуші Пушкин болды. Ол халықтың сөйлеу материалдарын қалай пайдалана білу керек екенін, оны қалайша талғау елегінен өткізу керектігін де ең алғаш көрсете білді» дейді. Дәл осыны қазақтың атақты ақыны Абай туралы да айтуға болады. Ол қазақ халқының тіл байлығын сұрыптап, орамын тауып, көріктеп жұмсауға келгенде, алдына кісі салмайды. «Асау жүрек аяғын шалыс басқан», «Жанымның жарық жұлдызы», «Ынталылы жүрек сезген сөз», «Жүректің кең дариясы» тәрізді Абай қаламынан туған сөздер қосағы бұрын болған емес. Болмағанды болдыруға бұрынғы норма бұзылады. Оның орнына ұтымды, әсерлі, тиімді норма пайда болады. Мысалы, ХІХ ғасырдағы кітаби тілдің нормасы бойынша жазылатын *ғұмыр*, *ғинабат*, *ғимарат*, *мағлум*, *гуна хұқұмет* тәрізді сөздер қазіргі әдеби тілде *өмір*, *инабат*, *ишарат*, *мәлім*, *күнә*, *өкімет*, *үкімет* түрінде айтылып, солай жазылып нормаға айналды.

Тілдік норма өмірбақи бұлжымай қатып қалатын құбылыс емес, әдеби тілдің әр түрлі кезеңінде, стильдік қызмет орайына қарай бір кезеңде де түрліше болуы да мүмкін; мысалы: *өкімет*, *үкімет*, *өкіл*, *уәкіл*, *мағлұмат*, *мәлімет*, *есеп*, *есеп-қисап*, *айтпаймын*, *айтпан*, *баралық*, *бармайық*, мұндай белгілі мақсатқа лайық нормадан ауытқулар тілдің байлығын, икемділік қасиетін арттырады. Мысалы, *паспорт*, *фабрика*, *залал*, *зерек*, *қолдану* дегендерді қарапайым, сауаты шамалы кісілерше — *пашпорт*, *пабіріке*, *зарар*, *зирек*, *құлдану* деп айту, солай жазу кездеседі. Ондайды халық тілінде бар ғой деген сылтаумен, талғамай жұмсау өрескел қате деп есептелуге тиіс.

Әдеби тілдің кітаби, сөйлеу түріне тән нормалар әдепкіде әр алуан әдебиеттерде пайда болады да, сол арқылы сөйлеу тіліне ауысады. Кітаби — әдеби тіл саяси, мәдени, ғылыми... қарым-қатынастарды қамтамасыз ету үшін кең түрде жұмсалатындықтан, әдетте жалпы халықтық әдеби нормалар сол жазба әдебиет тілі негізінде қалыптасады. Сөйлеу тілінде әдеби тіл нормаларынан

жөнсіз ауытқулар жиі кездесуі мүмкін, айтып дағдыланып кеткен кісілер оған мән бермеуі мүмкін. Ал кітаби тілде ондай жөнсіз ауытқулардың көп болуы — кешірілмейтін кіна. Ол — жазушының, баспаның тіл мәдениетінің төмендігін көрсетеді.

Тілдік нормалардан ауытқу екі түрлі болады: белгілі мақсатқа лайықтанған себепті болатынын жөнi мен ауытқу дейміз; белгілі мақсатқа лайықталмаған, себепсіз түрін жөнсіз ауытқу дейміз. Мысалы, *мүше* сөзі о баста дене бөліктері мағынасында болып, кейін дене мүшесімен қатар, *партия мүшесі, сөйлем мүшесі* деген тіркестер құрамында айтылып нормаға айналды. Бұнда сөздің бұрынғы жұмсалы аясын кеңейтіп, жаңа тіркес, жаңа мағына тудыру үшін ауытқыған. Сол сөзді терминологиялық сөздікте мынадай да тіркесте айтыпты: *Бар — көмір комбайнының тілгіш мүшесі*. Мұнда *мүше* сөзі *бөлшегі* дегеннің орнына қате қолданылған. Сондықтан алдыңғы жөнiмен ауытқу болса, соңғы — жөнсіз ауытқу. Немесе қазақ тілінің грамматикаларында сұраулы сөйлемнің бір түрі деп... *сұрадың ба?, — ...келесің бе?; ...түсіндің бе?* дегендер, сонымен қатар қазақ тілінде *сұраймысың? — келемісің?, түсінемісің?* (дегендер) де бар. Осылардың алдыңғылары — әдеби норма да, соңғылары әдеби норма емес, сөйлеу тіл стиліне тән норма. Сондықтан соңғыларды жазушы көркем әдебиетте диалогты сөйлемдерде қолданса, орынды болады. Керісінше, қазақ әдеби тілінің нормасы ретінде өткен шақтық, үшінші жақтық мағынада *-ды, -ді* қосымшасы жұмсалуға тиісті болса, С. Көбеевтің мына сөйлемінде оның орнына ауыз тілінде бар *-лы, -лі* қолдануы орынсыз: *Үшінші күні түн ортасы ауа берген кезде үйге үш кісі кірулі боп алынған*. Осындағы *-лі, -лы* қосымшасы кейбір әдебиеттерде II жақтық қалау рай тұлғасының да орнына жұмсалады:

*Мекен іздеп, жігіттер, кел-кетелі,  
Ортасында Көктөбе белгі етелі,  
Азаматтар, жалықпай тыңдасаңыз,  
Қозы Көрпеш Баянды сөз етелі.*

(«Қозы Көрпештің» Жанақ варианты.)

Қазіргі әдебиетте персонажды сөйлеткенде қолданылса орынды, нормадан жөнiмен ауытқу болуы мүмкін. Осылардай жарыса қолданылатын екі тұлғаның екі түрлі стильдік өң ала-тындары бар:

**-маймын**

**-ман**

*Мен айтпаймын* өлеңді ер-  
мек үшін,  
*Жоқ-барды, ертегіні термек*  
үшін.

(Абай.)

*Ескі бише отырман* бос ма-  
қалдап  
*Ескі ақынша мал үшін түр-*  
*ман* зарлап!

(Абай.)

Алдыңғыда *айтпаймын* жай хабар болса, соңғыда *отырман, тұрман* бір істен үзілді-кесілді, қайсарлықпен бас тартқандықты білдіреді. Етістіктің келер шақтық *-йық* тұлғасының орнына *-лық* лық қолдануда да стильдік мән бар:

Кел, балалар, *оқылық!*  
Оқығанды көңілге  
Біқыласпен *тоқылық.*

(Алтынсарин.)

Қайда екен Балағазы, не қылды екен?!  
Соны *айталық* бұл күйлер тұрсын мұнда.  
(Иса.)

Бақытты отан жырын *шырқатайық,*  
Айбынды Октябрдің ұлдарымыз.  
(Иса.)

Бұл екі мысалдағы *-лық, -лік* әдебиетте оқта-текте кездеседі де, бір іске шақыру, үндеу мағынасында айтылады. Осы *-лы, -лі,* қосымшалары да, (*бар*) *сана, (есіт) кіл* сөздеріндегі *-сана, -кіл* қосымшалары сияқты, ескірген тұлға. Мұндайлар тарихи геройдың сөзінде жұмсала салуы орынды, бірақ қазіргі әдеби тіл үшін оларды қолдану дұрыс болмайды. Сондықтан *оқыық-тың* орнына *оқылық* деп айту жөнімен ауытқу болады да, *оқылы* деп айту жөнсіз ауытқу болады:

Жіктік жалғауының II жағының жекеше тұлғасы да екі түрлі вариантта айтылады: *-сын || -сін, -сың || -сің:*

*Неге колхоз болмайсын?  
Неге ортаға салмайсын?  
Берекеге қол сұғып,  
Неге ауыл қонбайсын!*  
(Майлин.)

*Бұл жерге монтер керек  
білемісің?  
Сәрсенбай, сам знает ойлан  
ерте!  
(Иса.)*

Кейбір жерде *-сын, -сін* қосымшаларының орнына сөйлеу тілінде *-сың, -сің* тұлғасы қолданыла беретін. Жарыса айтылып келген осы екі тұлғаның соңғысы әдебиетте жақты сөйлем құрудың ерекше стильдік амалы болып барады.

*Не ексең, соны орасың. Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аларсың* (мақал). *Кіп-кішкентай, қап-қараңғы шахтаға беліңе арқан байлап түсесің де кетесің* (газеттен). *Биік толқынның қыр арқасына шыққанда, артта келе жатқандарды бір көріп қаларсың* (Мүсірепов).

Осылай болатындықтан жарыса қолданылатын бұл екі тұлғаның екеуі де әдеби. Ал *барасыз, келесіз* дегендерді — *барасы-*

ңыз, келесіңіз деп айту, аласым, бересім дегендерді — алажағым, бережағым деп айту, баратын, келетін деген сияқтыларды — баратұғын, келетұғын не барулы, келулі деп айту, жиырманшы деудің орнына — жиырмасыншы деу, мектепте оқыдым демей, мектептен оқыдым деу, әрине, нормадан жөнсіз ауытқулар. Бұлар тілде бар, бірақ әдеби емес. Мұндайға тағы бірер мысал келтірейік:

*Бәріңіз бір-бір бедеу мініпсіңіз,  
Ойын-күлкі саулетпен жүріпсіңіз,  
Жібек сұлу дегеннің аулы жақын,  
Бар еді, балам, қандай жұмысыңыз?*  
(«Қыз Жібек»).

Мұндайды диалогта, халық әдебиетінде қолдануға болар, ал автор сөзінде, қазіргі әдебиетте қолдану әдеби нормадан ауытқу болып көрінеді.

Дегенмен, ондай нормадан жөнсіз ауытқуларды да қазіргі әдебиеттен көп кездестіреміз. Оның екі себебі бар: біріншісі — тілдегінің бәрін алтын деп тану болса, екіншісі — кейбір ақын-жазушылар, журналистер әдеби тілдің нормасы болатынын, оны сақтау керек екенін елемейді. Тағы бір мысал:— *Ой, пима шешуді ұмытып барамын екен ғой... Сен өзің жар сағына білмейсің екен ғой* (Ж. Тілеков, «Қайнар»). Мұндағы ұнамсыздық — баяндауышқа жалғанған жіктік қосымшаның екен көмекшісіне жалғанбай, одан бұрынғы етістікке жалғануында<sup>1</sup>. Дұрысы: *Ұмытып барады екенмін ғой... білмейді екенсін ғой*. Бұл — норма.

Әдеби норма сөздің дыбыс құрылысында да, айтылуында да, мағынасында да, тұлғасында да болады. Сөз тіркестері мен сөйлемдердің де құралуында, жеке стильге тән жұмсалыуында жалпыға ортақ қалып болады. Соларды сақтау үшін халық тілінде бар байлықты, тілге енді-енді еніп келе жатқан жаңалықтарды қаға берісте қалдырмау керек.

## § 49. Шешендік өнерінің дамуы

Шешеннің сөзі мерген,  
Шебердің көзі мерген.  
(Мақал.)

Қазақ мақалында шешендікті шеберлікпен осылай салғастырып бағалайды. Мұнда шешеннің сөзінің нысанаға дәл тиетіні

<sup>1</sup> Сұраулы сөйлемде керісінше бола береді: *Кеше айтпадым ба екен? Кеше неге айтпадым екен?*

жағынан терең мағынасы бар? Халық түсінігінде шешеннің сөзі қынаптан суырылған қылыштай өткір, соқырға таяқ ұстатқандай анық, ойға қуат, көңілге медет болатындай терең мағыналы, әрі көркем болуға тиіс. Тіл өнерінің салтанатты думаны сондай шешендік алаңында қызады да, оның от ауызды сөз шеберлері сол думанда көзге түседі. Соларды қазақ халқы шешен деген атаққа ие еткенде, өз өміріндегі ең қымбатты, әрі өткір құралы — тілдің терең сырына, мол байлығына қанық, оны сілкілескенде сілтей білетін, аса дарынды кісілер деп құрметтейді.

«Жүзден біреу шешен, мыңнан біреу көсем» дегеннен шешендікте үлкен талғам болатыны аңғарылады. Сондай ерекше шешендік қабілеті бар кісілер елді аузына қаратып, өзгелер оларды ұйып тыңдайтын. Сондықтан олар әрі «от ағасы», «би ағасы», «ауыл ақсақалы», «ұру басы» сияқты атаққа ие болатын. Елге сондай беделді шешендер ел билеу ісінің тұтқасы болса, батыр ел қорғау ісінің тұтқасы болатын-ды. Сондықтан «Шешен сөз бастар, батыр қол бастар» деген мақалдың айтылуы да тегін емес.

Әрине, шешеннің шешені бар. Қазақтың бір мақалында «Тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызып қас шешендер сөз айтар» десе, енді бірінде «Үйде шешен дауға жоқ, үйде батыр жауда жоқ» делінеді. Соңғылар — шешендік өнерін өмірмен ұштастыра алмағандар.

Ертеде қазақтың шешендік өнері, бұл күндегідей публицистикалық стильдің емес, сөйлеу тілі стиліне қатысы болды да, жұмсалуды аясы тар, тақырыбы көбінесе дау-жанжал, ұрулардың өз ара талас-тартысы, билік, әкімшілік, көңіл айту тәрізділер болды. Сондықтан «Үйде шешен, дауға жоқ...» болу — кісінің шешендік қабілетінің төмендігі деп саналады. Абайдың *Ескі бише отырман бос мақалдап, Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап* — дегені бос мақалдаудың, мал үшін зарлаудың шешендік өнеріне қатысы жоқтығын аңғартады. М. Әуезов «Абай жолында» бас қатырма сөздерге әуес шешенсымақтарды былай сынайды:

Бұрынғы қазақтың би мен бегі, алымпаз ақыны жырласа немесе кейінгі заманда мұсылманшылық, діншілдік үгітін көп таратқыш қожа-молда жоқтау жазса, татымал болған арзан шындықтар қаптаушы еді. Онда бос мылжыңдап, сөз қосарлап *Тұяғы бүтін тұлпар жоқ, қанаты бүтін сұңқар жоқ* деп бір кетеді. Немесе көбінесе соңғы замандарда *Құдайдың досы пайғамбар да кеткен* деп сөз бастайды. *Мұхаммед досты шаһариар кеткен дейді, Кербала да, Қасен-Құсайын да өлген, Ақ пайғамбар достысы Қамза да қаза болған* деп бос мақалдап кетеді.

Шешендік өнерін қазір де жоғары бағалаймыз. Қазіргі жаңа өмірімізде оның мәні арта түсіп отыр. Егер ертедегі шешендікті ел басқару ісіне араласа алатын билердің, әкімдердің, ақсақалдардың ғана өнері деп түсінсек, енді шешендікті



ондай жеке кісілердің ғана басына таңылатын қасиет демеі, көпке ортақ қасиет деп танымыз. Өйткені партиялық идеяларды, шындықты уағыздаймыз, партия-совет орындарында, қоғам ұйымдарында, колхоз, совхозда, қысқасы, біздің барлық өмірімізде халықпен күн сайын, сағат сайын қарым-қатынас жасап, коммунизм орнатуда әрдайым қоян-қолтық іс жүргіземіз. Сол үшін партия-совет қызметкерлері де, қоғам қайраткерлері де, оқытушылар мен студенттер де, үгітшілер мен лекторлар да, әдебиетшілер мен журналистер де, артистер мен дикторлар да шешендік өнеріне үйір болуды тілейді.

Қазақ мәтелінде «Сөйлей-сөйлей шешен боларсың» деген бар. Мұны сөзшендіктің аясында болу деп түсінбеу керек. Егер көп сөйлеген кісі шешен бола берсе, мылжындар және тілі мен жағына сүйеніп аузымен орақ оратын жалқаулар бұл жағынан алдына кісі салмаған болар еді. Шешендік — дарындылық. Ол — тілі ғана емес, ойы да жүйрік кісілерге, тілдік сезімі күшті адамдарға тән қасиет. Ондай қабілеті бар адам, басқа өнерді үйреніп білетіндей, тіл өнерін де оқып, үйреніп, ізденіп жүріп игереді.

Шешендік өнерін, бұрынғыларша<sup>1</sup> схоластикалық ережелерге бағындырып үйретуге болмайды. Тіл өнеріне, сөйлем мәдениетіне қойылатын талаптар шешендік өнеріне де қойылады. Шешендік — тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы. Оның да бірнеше түрі бар.

Біздің әрқайсымыздың өз қабілетімізге, білім, мәдени дәрежеміздің ерекшеліктеріне сәйкес өзіміздің сөйлеу стиліміз болады. Бір есептен, әркімнің өзіне тән, өзіне ғана жарасты стилі болуы мүмкін. Мысалы, Сәбит Мұқанов асқан шешенмін деп өзі де айта алмас. Сонда да ол кісі мінбеге шыққанда, тыңдаушыларын тамсандырмай қоймайды. Мазмұнды сөздеріне күлкі араластырып, сүйкімді, қоңырқай сәл қырылдақ даусымен сөйлеп кеткенде, жұрттың бәрі аузына қарайды. Ол өз сөзінде халық тіліндегі қарапайымдылықты, ауызекі тілдегі ойнақылықты көбірек пайдаланады. Бұл мәнер — басқа ешкімде жоқ, Сәбеге ғана тән шешендік. Ғабит болса, олай емес. Сөйлемдерін жатық құрап, әсерлі, бейнелі сөздерін сәнмен, мәнерлеп созып айтып сөйлейді. Кімнің де болмасын, осындай өзіне тән сөйлеу

<sup>1</sup> Шешендік өнерін ертеде риторика деп атап, оған ғалымдар ерекше мән берген. Солардың ішінде атақты Аристотель мен Цицерондар ерекше көзге түседі. Олар шешендіктің мән-жайын уағыздаумен қатар, оның құрылысын да айқындауға тырысады. Мысалы, Аристотельдің 335 жылғы (біздің дәуірімізге дейінгі) «Риторикасында» шешендік сөздің құрылысына жан-жақты талдау жасалады. Ресейде XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың басында бұл өнердің теориясына үлкен мән беріледі. Оның Ломоносов, Спиранский тағы басқа теоретиктері болды. Осы тұста (1748 жылы) Ломоносовтың «Краткое руководство к красноречью» деген кітабы жарық көреді. 1849 жылы Н. Кошанскийдің «Общая риторика» деген кітабы шықты. Онда мектеп оқушыларын шешендікке үйретудің схоластикалық ережелері ұсынылған.

мәнерінде айқындық, дәлдік, тартымдылық мазмұн мен ұйқасып жатса, оны шешен деп кім айтпас.

Сонда да жалпылықтан жалқыланған, жинақталған, ерекше сөйлеу стильдері болуы мүмкін ғой. Мысалы, кейбіреулердің сөзі мазмұнды, терең ойлы, әсерлі, образды, әуезді болып келеді. Ондай сөзді өзгелер ықыласпен тыңдап, ерекше әсер алып отырады. Бұл қасиеттердің бәрі бірдей бір кісінің, некен-саяқ болмаса, таланттының айғағы бола бермейді. Сондықтан біреулердің шешендік қасиеті ойының тереңдігі, айқындылығы, дәлелділігі, нанымдылығы тұрғыларынан ерекше болып ұғынылса, кейбіреулердің сөздері эмоциялық әсерінің күштілігімен, бейнелі, нақыштарының молдығымен көзге түседі. Осындай екі түрлі шешендіктің жақсы үлгілерін жеке кісілердің басынан іздеуге болады. Біздің арамызда әсіресе бұлардың бірінші түріне жатқызуға болатын шешендер жиі кездеседі. Олардың сөздерін съездерде, конференцияларда, сессияларда, жиналыстарда, партия оқуы үйлерінде, аудиторияларда, театрда тыңдап, радиодан есітуге болады.

Бұл арада В. И. Лениннің шешендік қабілетінің ерекше екенін айту орынды. В. И. Лениннің сөзі терең ғылыми, мазмұнды, әсерлі, айқын ойлы болып келеді. Әр алуан мәселелер жайлы аудиторияға, партия съезіне қатысушыларға, заводтың жұмысшыларына, комсомолецтерге, шаруаларға, мәдени-ағарту қызметкерлеріне тағы басқаларға арнап сөйлеген сөздерін жұрт бар ықыласымен ұйып тыңдайтын. В. И. Лениннің ондай орасан мол мұрасынан жұрт алдында сөйлеудің өнегелі үлгілерін де, оларға жүргізген дайындық жұмыстарының қандай болғанын да көруге болады. В. И. Лениннің сөйлеу өнеріне тамсанып тандай қаққан кісінің бірі Қлара Цеткин былай дейді:

«Ленин сөз алады. Оның баяндамасы — оның сендіру өнерінің шебер үлгісі. Ешқандай риторикалы боямалық сезілмейді. Ол өзінің тек айқын ойынан, мызғымас берік логикалық дәлелінен және үнемі беттеген бағытынан таймайды. Ол сөзін кесек-кесегімен түйдектеп жұмсап, одан аяқталған бір бүтін тұтастық орнатады. Ленин таңырқатқысы, еліктіргісі келмейді. Ол тек сендіргісі келеді. Ол сендіреді, сонысымен өзгелерді еліктіреді. Кісіні есенгірететіндей әсем, көпірме сөздермен емес, жарқын ойын дәлме-дәл айту арқылы шындықты жайып салады»<sup>1</sup>.

В. И. Лениннің анық, айқын ойының құдіретті күші жарқын әсерлілік, бейнелілік және қарапайымдылық сезімімен ұласып жатады. В. И. Лениннің насихатшы-үгітші ретінде жұрт алдында сөйлеген жалынды сөздерін Н. Қ. Крупская былай сипаттайды:

«Ол сөзді батыл қолданудан қорықпады, мәселені әдейі қыздыра түсетін; ол насихатшының сөзі жайбарақат сылдыр қағып

<sup>1</sup> Қлара Цеткин. Воспоминания о В. И. Ленине, т. 2, 1957, 470-бет.

ағатын арық суындай тып-тыныш, жігерсіз болмау керек дейтін. Оның өзінің сөзі барынша өткір, кейде дәкірлеу де болатын, бірақ көңіліңе қона қалатын, жігерлендіретін, еліктіретін.

Ленин насихатшы ретінде мәселені тұтқиылдан дәп қоятын және аудиторияны өзінің ынта-жігерімен еліктіріп отыратын»<sup>1</sup>.

В. И. Лениннің қисынды сөздері оның шешендік қасиетінің ерекше екенін көрсетеді. Бұл өнердің ең басты ерекшелігі — логикалық ойын дәлме-дәл, тап-тұйнақтай етіп беруінде. Тіл мәдениетінің шыңы — шешендік өнері, оның биігіне қол созатын кісі алдымен В. И. Лениннен үйренуі керек.

Шешендік өнері алдымен сөйлесушілікке тән. Жұрт алдында қағазға қарамай сөйлейтін кісілер сол өнеріне сүйеніп айтатын ойын да, оны айту тәсілдерін де табан астында «суырып салып» сөйлейді. Солай сөйлеуге аса шебер кісі деп тағы кімдерді атауға болады дегенде орыс авторлары А. В. Луначарскийді, С. М. Кировті, М. И. Калининді атайды. Әсіресе Луначарский мен Киров мінбеге шыққанда, жанып тұрған жалынды оттай олардың шешендік сөздерін жұрт аузын ашып, ұйып тыңдайды екен.

Луначарскийдің сөзі көбінесе эмоциялы көркем болады екен де, тақырыбының қызығына берілген сайын, оның сөйлеу шабыты өрши шапқан арғымақтай арта түсіп, образды айқын сөздерінің айтылу ырғағы ширатыла береді екен.

Жұрт алдында сөйлеу өнерін үйренемін деген кісі М. И. Калининнен де сабақ алуына болады. Ол кісінің сөзі жүйелі, нағымды, әрі уытты болады екен. М. И. Калининнің өзі жалынды сөзге жаны құмар болғандықтан, өзгелердің күмілжіп ынжық сөйлеуін ұнатпай аудиторияға шыққанда, жігерленбей сөйле-сең, өзінің де, өзгенің де ұйқысы келеді дейтін.

Қазақтан шыққан шешендер де аз емес. Біздің заманымызда ондай атаққа ие болатын кім бар еді дегенде, еске Ораз Исаев, Құдайберген Жұбанов, Мұхтар Әуезовтер түседі. Осылардай қадірмен кісілердің өздеріне тән шешендік өзгешеліктерін олардың мамандықтарымен байланыстыра қарау керек. Мысалы, Исаевты партия-совет қайраткері ретінде мемлекеттік шешен, проф. Жұбановты ғалым-шешен, жазушы Әуезовті көркем сөз шешені деп қарауға тиіспіз. Олардың сондай шешендік өнерлеріне дәлел болатындай мысалдарды жазып қалдырған мұраларынан да табуға болады. Атақты Белинский шешендікті риторикашылардан емес, шешендерден үйрену керек дейді:

«Кімде-кім мемлекеттік шешен болғысы келсе, ол мемлекет қайраткерлерінің сөздерін үйренсін, тыңдасын, мүмкін болғанынша солардың арасында болсын, кімде-кім шешен-адвокат болуға тырысса, сот орындарынан шықпау керек, ол адвокаттар

<sup>1</sup> Н. Крупская. Ленин как пропагандист и агитатор.— Н. К. Крупская о Ленине, 1960, 137-бет.

арасында болуды көздеу керек: егер ол да, бұл да сол мамандық орайы жиі-жиі өз күшін байқай берсе, бәрінен де сол жақсы»... Осылай кісінің қоғамда атқаратын қызметінің жайына бейімделген өткір тілділіктің де сапасы ерекше болмақ. «Адам нені жан-тәнімен сезсе, ұғынса, соны ол жетер жеріне жеткізіп айта алады. Өзі жақсы білмейтін жайды уағыздағанда ғана кісі сөз таппай қалады.

Адамды ойы жетектей алса, ол анық сөйлейді, егер адам ойын жетектей алса, одан да анық сөйлейді»<sup>1</sup>.

Көркем әдебиетте шешендік сөздің үлгілерін авторлық баяндаудан, көбінесе, геройларды сөйлету кестелерінен көп кездестіреміз. Б. Майлиннен бір мысал:

*...Жәуке сөйлемекші болғанда, топ ішін тартып тына қалып, самсаған көз бір Жәукенің бетіне қадалды.*

*Жәукенің даусы қалтыранып шықты. Жәукені ыза кернеді. Көз жанары жасқа толып, иегі еріксіз кемсеңдей бастады:*

*— ... Уа, кедей! Неге ұйлығысың? Сал айғайды! Сілкінсін «Қара ит өлгеннің» басы! Мен, енді, жыламаймын. Мен қуанып тасып, не айтарымды білмей тұрмын!...*

*Жәукенің жүзі кенет күлім қақты. Берен келіп кестелі ормалмен Жәукенің көзіндегі жасты сүртті. Жәуке Беренді құшағына алды:*

*— Көрдiңдер ме, мынау — менің қызым! Комсомолға кірді деп осы қызды сендер «бұзылған» деуден тайынбайсыңдар! Бекер! Жәукеден «бұзылған» қыз тумайды! Жәукенің қызы үлгілі қыз болады! Жәукенің қызы комсомолды бастайды!.. Жәукенің өзі де комсомол. Сонау тұрған Балдай да комсомол...*

*Жәукенің сөзінің аяғын жаңғырыққан шапалақ үні көміп кетті. Ұйлыққан жұрт кенет серпіліп, даурыққан дауыс даланы басына көтергендей болды. Топ бірден той түсіне кіріп сала берді...*

Шешендік сөздің өтімдігі, өткірлігі оның тек сырты сұлу, әдемілігінде емес, алдымен идеялық сапасының жоғары, мазмұнды, шындықты жайып салып айқын, көрікті тілмен айтуында. Ал жарамсақтанған пасық қара ниет жандардың сөзі олай болуы шүбәлы. Мысалы, Октябрь революциясының алдында ұлтшыл алашордашылар қазақ халқының «қамқоршысысымақтанып» қазақ елінің «жоғын жоқтап, мұнын мұндаған» болып таңдайларын тақылдатқанда алдына кісі салмайтын. Бірақ олардың шешендігі екі жүзділік, арам ниет, алдамшы ойларды айтуға, халыққа зиянды идеяларды уағыздауға негізделеді. Соларын бүкпелеп «халықшыл», ел-жұртқа «жақсылықтан басқаны тілемейтін», халықтың адал ұлы сияктанып сөйлегенде, безілдеген безгелдек те, шырылдаған бозторғай да олардың шаңына ілесе

<sup>1</sup> В. Г. Белинский. Полн. собр. сочинения, т. VIII, 508-бет.

алмайтын. Сондайдың кейбір мысалдарын көркем әдебиет персонаждар тілінен байқауға болады.

*«...Жамағат! Бұл жиылысты үлкен үмітпен, зор ниетпен жасап отырмыз... Ел болайық, жұрт болайық деп бұл сөзді жасап отырмыз. Съезге келіп отырған «Алаштың» ынабатты адамдары — сіздер. Ұлттың «шамшырағы» тәрізді қазіреттер араларыңызда, ел ағасы ақсақалдар араларыңызда, жігіт ағасы азаматтар араларыңызда. Бәріңіз де «Алаштың» алдыңғы қатардағы адамдарысыздар. Бауырлар! Мұндай уақытта таластартыс дегенді қоялық. Алақұлалықты жоялық... Міні, сондықтан бай демей, кедей демей жалпы елге, түндікке жүз сомнан салу керек. Алашты сүйген адам алаш баласына алалыққа бармайды»... («Тар жол, тайғақ кешу»).*

Шын шешендік — шындықта. Шындықты, саяси мазмұны айқын ойы, идеясы ұстамды ойды келістіріп айтқанда ғана ол тыңдаушының жүрегін жадыратады. Осыны айтқанда, 1925 жылдардағы Тұрар Рысқұлов, Ғани Мұратбаев, Әлішер Бейсеновтердің коммунист партиясының, совет өкіметінің социализм, коммунизм орнату мақсаттары жайлы, күнделікті іс-әрекеттері жайлы, ішкі-сыртқы саясаттары жайлы сөйлемдерін тыңдау сондай қызғылықты болатын, олар жұртты бірден аузына қарататын. Мен Шымкенттегі педтехникумда оқып жүргенде, солардың сөзін бірнеше рет тыңдадым. Жалынды сөздің жанға қуат болатынын сонда білдім. Әсіресе жаңа өспірім жастардан отты жігерімен, лениншіл идеяларымен комсомолецтер жетекшілері қатарына қосылған даңқты Ғани Мұратбаевтың жиналыстарда, митингілерде сөйлеген сөздері кісінің айызын қандыратын. Ол өзінің күшті сенімін терең сезіммен, толқынды жүрегімен толғанта, терең мазмұнмен сөйлегенде, бұлбұлдың әуенін, «Сарыарқа» күйін, революция маршын ұйып тыңдағандай болатынсын.

Совет тұсында шешендік өнері лениндік принципте шындықты дәлме-дәл жайдары да уытты сөздермен, кестелі сөйлемдермен айтуға негізделіп дамып келеді. Совет халқының жаңа тұрмыс құру жолындағы іс-әрекетінің бәрінде сондай шешендік өнерінің тікелей қатысты болмайтын жері жоқ. Әр түрлі жиналыстарда, жоғары дәрежелі оқу орындарының кафедраларында, театрлардың сахналарында, радио-телевидениелерде, сот залында, өндіріс орындарында — барлық жерде — шешендік сөзді қолдануда шек жоқ.

---

## КЕРЕКТІ ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Аманжолов С. А., Абдрахманов А. О. научной терминологии и переводной литературе в казахском языке.— «Труды ин-та языка и литературы АН КазССР», 1959, том I.

Ауэзов М. О. Вопросы казахского литературного языка.— «Дружба народов», 1951, № 6.

Әуезов М. О. Қазақтың әдеби тілі туралы.— «Әдебиет және искусство», 1951, № 4.

Балақаев М. Б. Әдеби тілдің дамуы туралы бірер сөз.— «Қазақ тілі мен әдебиеті», 1958, № 1.

Балақаев М. Б., Жанпейісов Е., Томанов М. Қазақ әдеби тілінің мәселелері, Алматы, 1961.

Баскаков Н. А., Балақаев М. Б. и др. О современном состоянии и путях дальнейшего развития литературных тюркских языков.— «Вопросы раз. лит. языков», Алма-Ата, 1947.

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жайындағы зерттеулер, Алма-Ата, 1966.

Кенесбаев І., Омарбеков С. Ұлт әдеби тілдерінің Совет дәуірі тұсындағы даму заңдылықтары.— «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары», қоғамдық ғылым сериясы, 1963, 1-шығуы.

Кенесбаев С. К. Развитие современного казахского литературного языка. М., 1960. (Доклад на XXV международном конгрессе востоковедов).

Кенесбаев С. К. Развитие казахского литературного языка в Советское время. В кн.: «М. О. Ауэзову» (Сб. статей к его шестидесятилетию), Алма-Ата, 1959.

Кенесбаев С. К. Қ вопросу о влиянии русского языка на казахский.— «Вестник АН КазССР», 1953, № 6.

Кордабаев Т. Р. Некоторые вопросы развития казахского языка за 40 лет.— Уч. записка Каз. Гос. Женск. пед. ин-та, 1960, вып. 3.

Қайдаров Ә., Есенов К. Ұлт тілдерінің даму заңдылығы. «Қазақстан коммунисті», 1963, № 1.

Мұсабаев Ф. Ф. Современной казахский язык (Лексика), Алма-Ата, 1956.

Нұрханов С. О расширении сочетаемости слов в современном казахском языке в плане изучения проблемы влияния русского языка на языки народов СССР.— Изв. АН КазССР, сер. филологии и искусствоведения, 1962, вып. 2.

Нұрханов С. Относительно некоторых синтаксических новообразования в современном казахском языке.— Вестник АН КазССР, 1963, № 2.

Нұрханов С. Қазіргі қазақ тіліндегі кейбір жаңа сөз тіркестері жайында.— Қазақстан мектебі, 1963, № 3.

Сауранбаев Н. Т. Қазақ тілінің Совет дәуірінде дамуы және оның келелі мәселелері. «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары», лингвистикалық серия, 1948, 5-шығуы, «Халық мұғалімі», 1947, № 11.

Сарыбаев Ш. Развитие лексики казахского языка в советскую эпоху.— В кн. «М. О. Ауэзову» (Сб. статей к его шестидесятилетию), Алма-Ата, 1959.

Сыздыкова Р. Развитие национальных языков в период построения коммунизма (на материале казахского языка), Алма-Ата, 1962.

Хасенова А. Қ. Қазақ тілі лексикасының баюы мен дамуына орыс тілінің әсері туралы.— Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары, филология және искусство тану сериясы, 1954, 1—2-шығуы.

---

## М А З М Ұ Н Ы

	Б е т і
Алғысөз . . . . .	3
Кіріспе . . . . .	5
1. Әдеби тілдің сипаттамасы . . . . .	5
2. Қазақ әдеби тілінің тарихы туралы . . . . .	7

### I т а р а у

#### XVIII—XIX ғасырлардағы әдеби тіл

§ 1.	XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының саяси-экономикалық және әлеуметтік жай-күйі . . . . .	13
§ 2.	XVIII ғасырдағы қазақ тілін сипаттайтын нұсқалар . . . . .	14
§ 3.	XVIII ғасырдағы қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамы . . . . .	18
	1. Қазақ тілінің төл сөздері . . . . .	19
	2. Араб-парсы сөздері . . . . .	22
	3. Архаизмдер . . . . .	24
§ 4.	Фразеологиялық тіркестер . . . . .	25
§ 5.	Сөз тудыру тәсілдері мен грамматикалық ерекшеліктері . . . . .	25
§ 6.	XVIII ғ. II жартысындағы эпитолярлық документтердің тілі . . . . .	28

### II т а р а у

#### XIX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдеби тілі

§ 7.	XIX ғ. I жартысындағы Қазақстанның саяси-әлеуметтік және экономикалық сипаты . . . . .	36
§ 8.	XIX ғасырдың I жартысындағы (60—70-жылдарға дейін) қазақ әдеби тілін танытатын нұсқалар . . . . .	38
§ 9.	XIX ғ. I жартысындағы әдеби тілдің лексикасы . . . . .	39
	1. Архаизмдер . . . . .	43
	2. Араб-парсы элементтері . . . . .	47
	3. Орыс тілі элементтері . . . . .	48
	4. Диалектизмдер . . . . .	49
§ 10.	XIX ғ. I жартысындағы әдеби тілдегі фразеологиялық тіркестер . . . . .	50
§ 11.	Грамматикалық ерекшеліктер . . . . .	51
§ 12.	Сөз тудыру тәсілдері . . . . .	54



## XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдеби тілі

### III тарау

§ 13. XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ елі және тіл мәдениеті . . . . .	58
§ 14. Әдеби тілдің лексикалық құрамы . . . . .	61
1. Қоғамның әлеуметтік құрылысы мен әкімшілік-сот системасына қатысты лексика . . . . .	61
2. Экономикалық жағдай мен сауда-саттыққа қатысты лексика . . . . .	65
3. Оқу-ағарту мен білім-ғылымға қатысты лексика . . . . .	67
4. XIX ғ. II жартысындағы қазақ әдеби тіліндегі орыс тілі элементтері . . . . .	68
5. Араб-парсы элементтері . . . . .	70
6. Диалектизмдер . . . . .	71
7. Жаңа фразалық тіркестер . . . . .	72
§ 15. XIX ғ. II жартысындағы қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылысы . . . . .	73
§ 16. Сөз тудыру тәсілдері . . . . .	76
§ 17. Қоғамдық-публицистикалық стильдің пайда болуы . . . . .	77
§ 18. Қоғамдық-публицистикалық стильдің лексикасы . . . . .	79
§ 19. Қоғамдық-публицистикалық стильдегі грамматикалық нормалар . . . . .	81
§ 20. Кітаби тіл . . . . .	82

### Абай мен Ыбырай негізін қалаған жаңа жазба әдеби тіл

### IV тарау

§ 21. Жаңа жазба әдеби тіл туралы ұғым . . . . .	86
§ 22. Жаңа жазба әдеби тілдің лексикалық құрамы . . . . .	88
1. Қазақ тілінің төл сөздері . . . . .	88
2. Абстракт есімдер . . . . .	89
3. Орыс тілі элементтері . . . . .	91
4. Араб-парсы элементтері . . . . .	94
§ 23. Жаңа жазба әдеби тілдегі фразеологиялық тіркестер . . . . .	96
§ 24. Жаңа жазба әдеби тілдің грамматикалық құрылысы . . . . .	98

### XX ғасырдың басындағы әдеби тіл

### V тарау

§ 25. XX ғасырдың басындағы қазақ халқының саяси-әлеуметтік, экономикалық жағдайы, мәдени өсуі . . . . .	104
§ 26. XX ғасырдың басындағы жазба әдебиет жайлы қысқаша мәлімет . . . . .	106
§ 27. XX ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілі . . . . .	108
§ 28. XX ғасырдың басындағы көркем шығарма тілінде қазіргі әдеби нормадан тыс тұрған кейбір фонетикалық ауытқулар . . . . .	108
§ 29. XX ғасырдың басындағы көркем әдебиет тіліндегі кейбір грамматикалық ауытқулар . . . . .	113
§ 30. XX ғасырдың басындағы көркем әдебиет тілінің лексикалық ерекшеліктері . . . . .	123
§ 31. XX ғасырдың басындағы мерзімді баспасөз және кейбір әдебиеттер тіліндегі фонетикалық ауытқулар . . . . .	129
§ 32. XX ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тіліндегі грамматикалық ауытқулар . . . . .	131
§ 33. XX ғасырдың басындағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілінің лексикалық ерекшеліктері . . . . .	136

## 1920—30 жылдардағы әдеби тіл

### VI тарау

§ 34. Қазақстанда социалистік құрылыстың 1920—30 жылдардағы дамуы	140
§ 35. 1920—30 жылдардағы жазба әдебиет жайлы қысқаша мәлімет	141
§ 36. 1920—30 жылдардағы көркем әдебиет тілі	143
§ 37. 1920—30 жылдардағы көркем әдебиет тіліндегі грамматикалық кейбір ауытқулар	145
§ 38. 1920—30 жылдардағы көркем әдебиет тілінің лексикалық ерекшеліктері	159
Термин ыңғайында қалыптасқан сөздер	160
Орыс тіліндегі атаулардың бірнеше сөзбен берілуі	166
Пуризмнің көркем әдебиеттегі көрінісі	167
Сөз қолданудағы мағыналық өзгеріс	169
§ 39. 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тілі	172
§ 40. 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиеттер тіліндегі грамматикалық ауытқулар	173
§ 41. 1920—30 жылдардағы баспасөз және кейбір әдебиет тілінің лексикалық ерекшеліктері	178
1. Термин сөздер, аударма атаулар	178
2. Баспасөз бетіндегі пуризм	183
3. Сөз мағынасының өзгеруі, өзге тілдердің кейбір элементі	186

## 1940 жылдан кейінгі әдеби тіл

### VII тарау

§ 42. Қазақ жазуын жақсарту шаралары	189
§ 43. Әдеби тілдің тазалығы, дәлдігі үшін күрестің нәтижелері	191
§ 44. Әдеби тілдің лексикасы мен фразеологиясының молаюы	198
§ 45. Әдеби тілдің орыс тілінен енген сөздермен кемелденуі	199
§ 46. Әдеби тілдің грамматикалық құрылысының жақсаруы	206
§ 47. Әдеби тілдің стильдік тармақтарының саралануы	213
§ 48. Қазіргі әдеби тілдің нормалану процесі	222
§ 49. Шешендік өнерінің дамуы	228

Маулен Балакаев, Рабига Сыздыкова, Ербол Жанпейсов

**ИСТОРИЯ КАЗАХСКОГО ЛИТЕРАТУРНОГО ЯЗЫКА**

(на казахском языке)

Редакторы *М. Жамантаева, Қ. Курмангалиева.*  
Техн. редактор *Р. Слюсарева.* Корректор *Т. Махмутова.*

Сдано в набор 5/IX 1967 г. Подписано к печати 21/XI 1968 г.

Формат 60×90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Объем 15 п. л. Уч.-изд. л. 15,64.

УГ10317. Тираж 6200 экз. Цена 62 коп.

Издательство «Мектеп», г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 99а.

Заказ № 701. Типография № 2 Главполиграфпрома Госкомитета Совета  
Министров КазССР по печати, г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 63.







